

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

ІО-том

МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР,
ӘҢГІМЕЛЕР, ОЧЕРКТЕР, АУДАРМАЛАР

1932–1936

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Ә 82

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакциялық кеңес:

Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:

Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанапиянов Б., Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Конаев Д., Кошанов А., Құрманғали К., Мағауин М., Мұртаза Ш.,
Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. —
Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

10-том: Мақалалар, зерттеулер, әңгімелер, очерктер, аудармалар. 1932—1936. — 456 б.

ISBN 978-601-294-152-4

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 10-томына 1932—1936 жылдар аралығында жазылған әңгімелері, очерктері, мақалалары, зерттеулері, аудармалары, “Манас” эпосына қатысты монографиясы еніп отыр. Бұлардың қатарында сол жылдардағы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің мәселелеріне арналған “Абай ақындығының айналасы”, “Қалмақаннан не тілер едік?”, “Социалды Қазақстанның” басқармасына ашық хат”, “Қазақстанның көркемөнері”, “Абай – казахский классик”, “Ақ аю” туралы”, “Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы”, “Ценные памятники киргизского и казахского фольклора”, “Казахский эпос – на службу социалистической культуре”, “Тас түлек”, “Іздер”, “Шатқалаң”, “Баймұқамбетұлы жолдас”, “Товарищ Жанай” очерктері мен “Қорқыныш”, “Қасқыр” атты аудармалары және ғылыми түсініктемелер қамтылған.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-152-4 (10-том) © М.О. Әуезов атындағы Әдебиет
ISBN 978-601-294-142-5 және өнер институты, 2014

**Мақалалар,
очерктер**



АБАЙ АҚЫНДЫҒЫНЫҢ АЙНАЛАСЫ

Бұл мақалада біз Абай ақындығы туралы ертелі-кеш айтылып жүрген әртүрлі сөздерге, әр алуан жайлардың көбіне соқпаймыз. Біз, көп тексеріліп зерттелмеген, сонылау бір саланы ғана сөз қылмақпыз. Ол Абай ақындығының, Абай шығармаларының айналасы. Ақын өзі көріп, сезіп өзі ойлап қорытқан өмір материалынан басқа әдебиет дүниесінен де көп бұйым алады. Абайдан қалған мұраның ішінде көп оқушыға даусыз боп айқын сезілетін сыртқы әдебиеттер белгілері бар. Ол Шығыс әдебиеттері мен Батыс әдебиетінен қосылған белгілер. Екінші, бұдан бөлек, ақынның өз тұлғасы сияқты боп қалыптанған барлық әдебиет мұраларынан: бұтақша таралып өсіп, жырыла шыққан тумалар бар — әдебиет тумалары.

Қазіргі қарастыратынымыз осы екі жай. Көлденең тұрып көз жіберсең, Бұл ақынның шығармалық еңбегі ұзын аққан ағын су сияқты. Я Сыр, я Ертіс десек, соның ұзын арнасы бірде қазақ жайлаған жағаны, бірде Шығыс елдері, не еуропалықтар қоныс қылған сағаны сызып өтеді. Кейде тастақ, керіш арна мен көк шағыр мөлдір сулы Ертіс басындай боп, кейде құмды сары топырақты еспе арнамен жылжып, Сырдың аяғындай құла түсті боп ағады. Жолшыбай өзіне кеп құятын әртүрлі тың арналардың неше алуан суларын сіміре барып, әр жерде өзінен де кейде көлшік, кейде өзен тармақ шығарып кете барады. Осы айтылған жағырапиялық теңеу ақыннан қалған мұраның тарихи орын мәнін алсақ, көңілге қонымды, үйлесімді теңеу сияқты көрінеді. Барлық Абай шығармалары Шығыс пен Батыстың мәдени тарихи жапсарын, ой-саналық шекараларын жүлгелей жүрген қазақ даласының бір ағыны сияқты. Тағы бір теңеу, Абай бала күнінде екі шешенің қолында қатар тәрбиеленгендіктен жеңгелері “Телғара” деп атандырған екен. Шынында, бұның ақындық өмірі де өзіндік, қазақтық қалпынан басқа жаңағыдай екі жағадан қатар нәр алу арқылы бір әдеби “Телғаралықпен” ерекшеленіп туған сияқтанады¹. Әрине, бұған қарап Абайдың

өз пішіні — қазақ тұлғасы жоқ демейміз. Жаға — жаға да, арна — арна. Ұлы арнасы мен жол арнасының түп-түбімен шығып жатқан қайнар көздер — ақынның негізгі қазақтық тұлғасын құрайды.

Екі анаға тел болуда екеуінен нәр алу болғанмен соны өзінше қорытып, өзінше сіңіріп пайдаланып отырып, бала денесі өседі... Жоғарыдағы теңеулерге бұл қосымшаны тіркей отыру шарт.

Осымен Абай шығармаларының ішінен “мен мұңдалап” атой беріп тұрған Шығыс-Батыс ақындарына көз салайық. Әуелі Шығыстан бастаймыз.

Түн дүниесіндей тынысы ауыр схоластик медресесінде (Ахмет Риза имамның медресесінде) болашақ ақынның оқу тәрбиесі басталады. Айналасы — басқа сәлде, үстіне ұзын шапан киіп, көзді сүрмелеп, мұртты таңқита қиып, бес уақыт намаз, ораза, тарауық, иптар арасында таспиық-шаһилил мен кер кеткен түндерін көріп, қайыр-ниязға құзғындай таласатын: кәрі қалпе, қараңғы шәкірт, соқыр қазірет болады.

Сол күнде бұл ортаға ой-сезім, қиялдарының ешқайсысы бойсұна алмаған, қыр баласы, жас талапкер дұғалық жаттаудың ара арасында өз бетімен тімтіне бастайды. Бала қиялын мыналар ортасынан, мыналар дүниесінен бөлегірек бір тұлғалар өзіне қарай бой ұрғызады. Жаксы жайлау, өзгеше бір қоныстың шеті тартады. Навои, Шәмси, Сәйхали аттарын атап кеп: “Мәдет бер, я шығари пұриат” деп қыстығып “мәдет” тілейді. Аналарға “айғай ақыны”, тартушы, деуші ақын деп езінше ат қояды. Сенеді. Үлгі ұстаз қылмағы да солар. Араб, парсы түрік әдебиетінің талайын шарлап тастаған бала ақын жаңағыларға еліктеп ғаруз уәзімі, мәд уәзімімен бәйт, жыр жазады.

Иузи раушан, көзі гәуһар
Ләһилдек бет үшін әһмәр... —

жыры сол күнгі іздену нәтижесі. Тілінде араб, парсы көп. Өзі танысқан Навои, Хұсайын Байғара, Бабур, Мұхаммет, Салиқ сияқты Шағатай ақындарының ізін қуалай бастау. Алғаш талпынудың бұраң жолы өз тілінен, ана тілінен қашандатып әкетеді. Сұлуды Шығыс поэзиясының салтымен мәдихтау². Бұл тілде ғана емес, өлеңнің ұйқасын да, ырғағын да билейді.

Жаңағы өлең қалыпты “рубағи” төрттік³. Алғашқы үш жол бір ұйқасып, төртінші жол келесі төрттіктің төртінші жолымен ұйқасатын өлең үлгісі. Қазақта жоқ, араб, парсы үлгісі. Жыр ішіне кіретін “иузи”, “көзи” деген сияқты бірен-саран түрік сөзі болса, оның айтылуы да басқаша. Араб, парсы поэзиясының әсері түрік топырағына көшкенде Бұл тілді көндіруді дағды қылған.

Осы халыққа сынсыз бой иген жас ақын Абай да “көзі”, “жүзі” деудің орнына “иузи”, “көзи” деп майсаңдайды⁴. Бұл өлеңнің бәйт ретімен⁵ (“бәйт” деп өлеңнің екі жолын, екі мисырағын айтады) жіктесек, ғаруз уәзімінің⁶ паригалатун париглат “схемасында”: — мұғағылиын, мұғағылиын, мұғағылиын мұқпалаған болады. Бізше 16 буынды бәйт.

“Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,
Болуға асты-үстілі көнсең өзін”, —

деген қазақы әзілмен айтып тұрса да, анығында жаңағы еліктеу белгісі боп шығады. Сырты он бір буынды, қазақы төрт жолды асқақ ұйқас болғанымен де, Бұл өлең де ғаруз өлеңмен жазылған: Уәзімі: “мұғағалин, пағулән”.

Бұл кезде Абайдың шағатай поэзиясына таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді. Онда тақырып, тіл, ырғақ, кейде ұйқас және теңеу, салыстыру суреттерінің (көзлі гәуһар сияқты) бәрі де өз теркіні кім екенін танытып тұр.

Шығыс жағасынан Абай ағынына құятын бір саласы — тұңғыш саласы осындай. Тегінде кітапшалаған, сиыр жорға жыр қазақ поэзиясына жалғыз Абай тұсында кірген жоқ, Ыбырай, Албан Асан, Мәшһүр, Ақан сері сияқты Арқа — Жетісу ақындары және әсіресе Сыр — Түркістан ақындарынан Шортанбай бастаған Шәді, тағы басқа көп ақынның шығармаларында бұл әсер көп. Соның көбінде араб, парсының өз сөздері көрінуден басқа қазақтың “дейдісін” — “дейди”, “көрдісін” — “көрди” сияқты қып созғылау көп болған. Барлығының өкше ізі сол жаңағы шағатай арқылы дін хиссалары немесе “Шаһнама”, “Жүсіп — Зылиқа”, “Ләйлі — Мәжнүңдей” дастандар арқылы кірген ғаруз уәзіміне барады. Қазақ әдебиетінің көлеміндегі ғаруз әсерін тексеру және соның бір жағын Абайға да тірей тексеру әдебиетшілердің алдындағы бір соны проблема.

Абайға келгенде жаңағы айтылған өлеңдер өзінің Шығыстық тұлғасын өзгертпейді. Абай аузында бұның қазақ ақыны екенін білдірмей, танытпай тұратын нәрселер болады. Қорытылмай, сұрыпталмай өз тәні бола алмай тұрған еліктеу — таза еліктеу.

Медресе түнінен саңылау іздеп, алғаш Бұлқынғанда жас ақын Шығыс поэзиясына осылайша шылбыр созады да, жаңағыдай жағаға бір соғады.

Басы осы. Содан әрі балалық күннің еліктеу үлгісін тастағанмен, өмірінің ақырына шейін Абай осы жағадан қол үзбейді. Абай ақындығының ішінде Шығыс арқауы ұзыннан-ұзақ тартылған желідей болып созыла келіп, ең ақыры 1902 жылы жазылған “Алланың өзі де рас, сөзі де распен” аяқтайды. 1902 жылы Абай өлеңін сарқып кеп толғантқан жылы. Сондағы көрген түбі жаңағы өлең. Бұл мұсылман дүниесінің ортасынан шығып, өзінше бастап, өзінше таныған ақынның бір алуан “Көкейкестісі”. Шығыс поэзиясы, ислам діні деген сарынның Абай шерткен құлақ күйі соңғы аккордын осылайша қайырады. Біз ұзын желінің екі шетін алдық. Арадағы тұрғы-тұрғыларын атап өтейік. 1887 жылы “Масғұт” пен “Ескендір” әңгімелері жырланады.

Тегі, Абай әңгіме-жыр жазбаған, оны бұның шәкірті есепті болған ақындар ғана қолға алады. Абай өзі:

Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап.
Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін,
Тындар едің бір сөзін мыңға балап,—

деумен әңгімелі жырды өзіне өзі рұқсат етпейді. Бірақ, сонымен қатар жаңағы екі жыр бар. Және “Мың бір түннен” “Өзімді” өлең қып шығады. Бұнысы мұсылман дүниесінде жайылған сөздердің қазақ оқушысына ғибрат боларлық, үлгі мәжіліс боларлық мысали өсиет айтам дегеннен шыққан. Арун Рәшид халифа заманы⁷ мен “Шаһнама” уақиғаларын алу — құр “қызық әңгіме айта салайыннан” тумаған.

Содан әрі 89-жылы “Қор болды жаным”, 93-жылы “Көзімнің қарасы” жазылады. Бұл өлеңдердің тұсында алғашқы ғаруз уәзінімен жазылған шағатайша бәйттердің жотасы қайта көрінеді. Бірақ енді ақын Шығыстағы “Тассауып” (сопышылдық) поэзиясының ұрығын, ішкі-тысқы үлгісін,

негізгі сарынын терең түсіне бастаған. Сондықтан бұдан былай олар үлгісін қорытып, өз ырқына көндіріңкіреп баурай алып қолданады. Өлеңі қазақ ақынының өзі-ақ айтарлық сөздер тәрізденеді.

Бірақ азырақ бойлай қарасақ, махаббатты:

Хор болды жаным...
Тағдырдан келген зұлым...
Бүгілді белім...
...Тағдыр етсе алла,
Не көрмейді пәндә, —

деген сияқты сөзбен жырлау Шығыстың “Тассауып” ақындарының үлгісі — “Ләйлі—Мәжнүн” махаббатының үлгісі боп көрінеді.

“Көзімнің қарасындағы”:

Сенсің — жан ләззәті,
Сенсің — тән шәрбәті,
Сұлуды сүймәкшілік —
Пайғамбар сүндеті, —

деген сияқты сарын да шығыстан келіп тұрған леп. Тақырып махаббат болғанмен не қазақ, не Еуропа үлгісіндегі махаббат жыры емес. Сүйіспеншілікті тағдыр жазған, ол адам жанын жуып, шәйіп тазартады. Денең қорлық көреді, зар шегеді. Сол арқылы жаның тазарады.

Тазарған жанмен құдайыңды, иенді танысың деген сопы ақындардың махаббат пәлсапасы бұл арада екі ұдайсыз, шіркеусіз ашық көрініп тұр. Соған орай тілдегі — “зұлым”, “бек бітті”, “ләззәт”, “шәрбәт” сияқтылар қиыстырылған.

Бұлардағы ұйқас пен ырғақ та өзге қазақы өлеңдей емес. Осы өлеңге арнап ақынның бәйт күйінде күй шығарып, қырлап өзгеше сөзбен айту да еске аларлық нәрсе. Мұны әсіресе “Желсіз түнде жарық Ай”, “Қызарып, сұрланып” немесе “Айттым сәлем, Қаламқаспен” салыстыра қарағанда ерекше боп көрінеді. Шығыс жағасының осылардан басқа бір таласы Абайдың діншілдік өлеңдерінен көрінеді. 1894 жылы жазылған:

А, Құдай бере көр,
Тілеген тілекті, —

деген сияқты, немесе:

Алланың рахметін,
Яр тұтып әр неге
Өррәһман ол атын
Үйреткен жұмлеге, —

деген өлеңдері баласы Әбіш ауырып жатқанда айтылған сыйыну, дұға, жалбарыну сөздері боп шығады. Бұлардың тұсында Абай — мұсылман. Мұсылман құдайына табынған “ғаси бәнде” өлеңі, дәрмен кеткен қарт көңілдің намаз артынан күңіреніп айтып отырған мінәжаты, сынық, кішік көңілдің қоңыр үнді дұғасы сияқты сезіледі. Бұл Абай басына келген соқпа күн емес. Көңілдің сынып, жабығып отыратын әлдеқалайы да емес. Өмірінің қысталаң шағында айтылған шыны. Дәл бұл жері ақын шығармаларында жарыққа шықпай, айтылмай, ашылмай да кете баруы мүмкін еді. Бірақ басына келген кезі мен халі ішкі пердесін осы арада аша кеткен. Сонда ақын, мен діндармын, мен иланушымын деп отыр.

Бірақ, осының бәрімен қатар Абай фанатик те емес, мұсылманның көп молда, көп кітабы даттаған фанатик, схоластик дінді ұстанбайды. Шығыс жағасынан алған нәрдің бәрін Абай өз ақылымен, сыншы, ойшыл ақылымен, бірақ, әрине санашылдық жолымен өзінше қорытып алады. Бұған кірген бұйымдардың басы исләм діні, онан соң Шығыс поэзиясы және мұсылман ғылымының ілгері-соңғы ғұлама философтарының сөздері болады. Мысалы, 1895 жылы “Ылай суға май бітпес қой өткенге” деген өлең жазады. Мұнысы жаңа алланың өзі де рас, сөзі де рас... деген қорытынды өлеңі — ақынның діни философия ретімен сөйлеген сөздері сияқты. Сонда басы ашық:

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ

.....

Құран рас, Алланың сөзі дүр ол, —

немесе

Тәуиліне жетерлік ғылымың шақ, —

деп

Алланың, пайғамбардың жолындамыз

Ынтамызды бұзбастық иманымыз... —

деп қатардағы көп діндар, көп мұсылманның бірі екенін даусыз, айқын көрсете отырып, солармен қатар:

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй “хақ жолы” деп әділетті, —

дейді де:

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл, —

деу арқылы надан молдалардың үгітінен жырақтап шығып алып:

Руза, намаз, зекет, хаж — талассыз іс,
Жаксы болсаң, жаксы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей соңғы төртті
Қылғанменен татымды бермес жеміс, —

дейді. Мұнысы өзі тұтқан исләм дінінің негізін сыншы ақылмен, санашылдық пәлсапасымен, мораль (мінезділік) пәлсапасымен сұрыптап аламын деген рационалшы ойшылдың ісі. Абай діншілдігінің түп қазығы, негізгі сыпаты осы. Осындай “молда айтты”, “кітап айтты” дегенде қалта қарап тұрып қалмай, әр жағынан түбіне үңіле қарайтын тімтінгіш ой:

Өзгені ақыл ойға қондырады,
Біле алмай бір тәңіріні болдырады.
Талып ұйықтап, көзінді ашысымен
Талпынып тағы да ойлап зор қылады, —

дейді. Бұл арада қараңғы сопылар көзінде Абай күпірлік жағасына да жақындап қалады. Шеттігіне іліне барып, қайта оңалғанда айтатыны:

Кеңілге шек — шүбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын, —

дейді.

Мұнда Шығыс ойшылының бірталай күнәкәр қылатын күдіктері көрініп тұр. “Бес парыз”, “Иман, тағдыр” деп ой сананың бәрін тұмшалап тастайтын исләмнің тігіс-тігісі ыдырай бастап, бір талай сауыты жыртыла бастайды.

Абай имам Ғазалидей сыншы мұсылман ұя бұзар діндарға ұсай бастайды⁸. Діні әрі-беріден соң Ғайса дініне де жақындап, өзінше ақыл діні бола бастайды⁹.

Осы жайлары қара сөздерінде де айқын көрініп отырады. Міне, Шығыс жағасына, Абайдың барлық тұлға мазмұнына орнаған поэзиялық, ой-саналық іргелері осындай. Аз нәрсе емес, үстіңгі бір жамылышы ғана, бір қабат жұқа қабыршақ қана емес. Көңіліне орнаған терең тамырлы бұйымдар. Абайда Батыстан кірген белгіден көрі Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ, Батысқа келгенде ол арқасын Шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа нық тіреп алып келеді.

Сонымен өз тұсында, XIX ғасырдың екінші жарымында, Шығыс ілімінде майданға шыға бастаған жаңашыл, рационалшылдар дін реформашылдарының шеніне араласады. Абай татардан шыққан Хайым Насири¹⁰ алдындағы Шиһабиди Мәржаниді қостайды¹¹. Бұл екеуі мен Смағұл Ғаспиринскийдің алдында¹² мұсылман ғаламынан шыққан рационалшылдар 60-жылдарда өз елдерінен қашып шығып, Парижге орнаған Жәләлиддин Ауғани, Мұхаммет Ғабдуһи еді. Соңғысы Мысыр арабтарының жаңашылы болатын. Кезі келіп өріс ала алса, әлеуметтік жұмысқа ру мен ауыл шегінен шығып, мемлекеттік масштабта араласса, Абайдың шындап тоғысатын кісілері осылар мен Хайым Насирилер болар еді. Ол Абай — қазақ қоғамының буржуаздық жолмен өсуіне атсалысқан Абай болар еді. Осыған жетпесе де ескіден аяқ кезде сытылып шыға бастады, сол жаңағыға қарай бой ұра бастаған Абайды біз ақынның Еуропаға қараған жүзінен байқаймыз, көре аламыз.

Осы айтылғандай, рационалшылдық пен салт-сана, ой-өнер жүзіндегі жартылаған жаңашылдыққа бейім болмаса Абайдан Еуропа жағасының белгілерін көре алмас едік.

Жәләлиддин Ауғани мен Мұхаммет Ғабдуһи Еуропа капиталының ортақ шабуылына қарсы панисламдық ұранды бастай жүріп, өздері Париждегі масондар ложысына мүше болған.

Абай Будды жайын оқи келе¹³:

— Шіркін, Буддының сөзі қалай терең еді, жас шағымда кез болмады-ау, — дейді. Миссионер Сергей поппен мәжілісі жарасып, кең әңгімелеседі. Сүйте отыра, Дарвинде кісіні құлатып ап кетерлік күш бар екен, бұған дін қазығынды мықтап алмай, соқтығу қатер екен дейді. Осыларының барлығына қарағанда баласы Әбдірахман өлгенде айтқан:

Жаңа төлдің басы ол,
Мен ескінің арты едім, —

деген сөз әншейін өзінің жасы ұлғайып қалған кәрілігіне ғана сілтей салған сөз болады.

Шынында, Абай феодал ішіндегі либерал топтың өкілі Пушкиннің либерал ақсүйектер өкілі болғаны сияқты бұл да өз қауымының өзінше бөлек біткен ерекшеліктерін ала келген, феодалдан буржуаздық дамуға қарай бой ұра бастаған таптың басы сияқты болады. Мұны Шығыс жағасын кездіріп, сүздіре келіп, Еуропа жағасына тағы қонақтатып жүрген де осы ерекшелік, осы жағдайы.

Батыс жағасына келгенде Абай көбінесе өз іргесін бермеуге тырысады. Бұл жақтан мұның алдына тартылғаны жаңалықтың барлығын талғап-талғап қана ала алады. Дүниеге оның көзін ашқан Михаэлис, Грос, Долгополовтар халықшылдық, патша үкіметіне қарсылық сияқты өз бағыт, талаптарының ешқайсысын Абай дарыта алмайды. Заманындағы патшалық үкіметіне қарсы арналған саяси-әлеуметтік, мемлекеттік пікірлер, көзқарастар Абайдан ныспы білінбейді. Бұқарашыл, төңкерісшіл ақын-жазушылар Чернышевскийдей саяси, салт-саналық басшылардың да ешбір пікірін алмайды. Көз салып құнттамайды.

Пушкин, Лермонтовтар, Крыловтар сарынына қарай бой ұра береді. Онда да ешқайсысының атағына жығылмайды. Мәдениетті жұртшылық түгел қостаған, даттаған Пушкинге Абай өз басын кем санамай тең санағандай болып, “олай айтпай, бұлай айтса нетер еді” деген кісіше, аз ғана бойкүйездікпен бұрылады. Татьяна Онегинге өз сөзін, өз түсінік, теңеулерін қосып:

Қаймақ еді көңілімде
Бізге қаспақ болды жем, —

деп, немесе

Өз қораңның қақпасын сен,
Қатты жаптың не айтайын, —

деп қана қоймайды. Бірталай қошқар мүйіз салады. Татьяна хатынан аз сөз, Онегиннің екі кездесудегі ауызша айтқан сөздерінен біраз жерлерін алғаны болмаса, көбінше Онегин, Татьяна хаттары Абайдың Пушкин желісімен өзі шығарған

сөздері болады. Бұл екі жастың әңгімесін Пушкиндегі мазмұн, тақырып, идеядан басқаша, өзгеше қып қорытады.

Ең әуелі хаттар дегеннің өзі де Пушкинге жасаған зорлық. Пушкинде көп хаттар жоқ. Абай алдымен түрін өзгертіп эпистоляр роман (екі кісінің кезек жазысқан хаттарынан құрылатын роман) қылып шығарады. Онегин Пушкиннің әжуа қып мінеп, шенеп суреттеген адамы. Өз тұсындағы аксүйек қауымның бір тобына мұны айна қып, құнсыз, нәрсіз айна қып көрсетеді... Тарихи орны сол жағынан бағалы, маңызды боп, мәңгі кейіп боп қалған. Абай бұл жерлерімен, орыс тарихымен есептеспейді. Ол Еуропа жағасына келгенде өз ауылына осыдан сарқыт ала қайтам деп, керегіне жаратам деп келген. Сондай есебі мен бағытының барлығына опасыз Онегин дәл келмейді. Оның ғибрат аларлық, үлгілі жігіт болуы шарт. Сол себепті әңгіме бітер жерде Пушкин күлкі ғып тастап кеткен Онегинді Абай қолтығынан сүйеп тұрғызып алып, қолына мылтық ұстатып, аузына:

...Сенен басқа еш жерден,
Таба алмадым орнымды.
Атам-анам қара жер
Сен аша бер қойнынды, —

деген сөз салып, өзін-өзіне атқызады. Жігіт болсаң осылай сүй деп, өз ортасының жасына тағылым айтпақ болады. Мұнысы Еуропадан ұстаздық іздей қоңсы қона келу емес, Дарвинге келген келісі сияқты ірге бермей, бөксесін қашық сала ұстасқаны сияқты.

Крыловты да мақал, мәтел, нақыл, мысал сөздерін аударғандай: “Бұларың көп кісі айтқан сөз, ендеше сол көп ішінде мен де ортақ” деген кісіше тағы да өз бетіндегі нығыздығын, тұтастығын жоймай кеп алады. Өзі айтып жүрген қазақы өсиет өлеңдеріне мағына қосымша ғана қып ұсынады.

Абай Батыстың өнер, мәдениет көрмесіне қазақ сахарасынан, шығыстан шығып, сапар шегіп келіп, әдейі не барын, нендей сырлы екендігін танып қайтайын деген кісі сияқты. Бірақ шын өнер, шын мәдениетті көру мұн, көрген соң дәмін татып, нәрін алған соң жым-жылас, түк жұқтырмай кету мүмкін емес. Басында кердең басып, тайталас түспек боп келген беті біраздан соң өзгере береді. Рас, Еуропамен таныса келе:

“Шығысым батыс, батысым шығыс боп кетті” деген сөз Абайдың ішкі дүниесінің барлығы бірдей қопарыла өзгеріп кетті дегенді білдірмейді. Еуропаның ғылым, өнер, мәдениеті мұны барған сайын қызықтыра тартып, соңына шындап телмірткенін білдіреді. Бірақ Абай іші бұрынғыша дін қазығына арқасын нық тіреп алып келген іш екені жоғарыда айтылған. Сол қалпы негізінде өзгермейді. Бірақ барған сайын икемделіп, сыпталып, сырт буындығынан арыла береді. Рационалшы, жаңашыл Абай пішіні айқындалып, ашыла береді. Өз ішін бермеймін деп жүрсе де ақын көп жанасу арқылы бірқатар жаңғырып, түлей бастайды. Ой білімінде ақындық өнеріне тереңдеп есе бастаған сайын Еуропадан үлгі таңдап, нәр алады. Онысы Еуропа көрмесінің ішінде бұған ерекше көрінген кейбір жаңалыққа қатты қызығуынан басталады. Жаңалық ішінен жаңалық талғап, бұрын өзі көрмеген үлкен тұлға, “өзгеше туыс” іздеп, өз кеудесіндегі сынменен қыдырып келе жатқанда, Абай Пушкин қасынан солғын қарап өтеді. Бірақ солай жеңіл жанап, ат үстінен, жоғарыдағыша, үстірт шолып өткенмен сол Пушкин маңынан ізденгенін табады. Өз сынынша, “Махаббаты ашуға уланған” Лермонтовқа кеп үйіріледі. Мұны таңдана, талмаурай сүйеді.

Ел ішіндегі қаккы-соқкы, алыс-жұлыстан кекесінмен ашу алып шығып, ызамен сазарып, уайыммен уланып келгенде Лермонтовтың құлақ күйі бұның өз күйі, өз сарынындай болып, дөп келе кетеді. Сонан соң Лермонтовтан әрі аударады, әрі үлгі алып күйіне күй қосады. Лермонтов сөзін өз сөзіндей нашаланып, мейірленіп, емірене жыр қылады да, өзінікімен оныкінің шекарасын жойып, “мал басын” араластыра қосып, “еншілес боп” кеткендей болады.

Кей өлеңдерді мынау Лермонтовтікі дегендей қып үлкен ұқыптылық, дәлшілдікпен тырыса аударады. “Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз”, “Тұтқындағы батыр”, “Жалау”, “Қараңғы түнде жалғыз”, “Қараңғы түнде тау қалғып” (Гете — Лермонтовтан) “Сал демеймін сөзімен ықыласынды” сияқты өлеңдер — Лермонтовтың кім екенін танытам деп бұлжытпауға тырысып, басын ала жазған өлеңдері. Бұдан кейінгі “Терек сыйы” сияқты кейбір өлеңде, “Қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы” деген өлеңде Абай Лермонтов текстінен кейде кем, кейде артық соғып отырады. Бірақ дәлдікті ұқыптамайды. Ойында Пушкинге істеген тайталасты бұған да істемек болады.

Лермонтовтың қара сөзбен роман қып жазған “Вадимін” бұл поэма ғып өлеңмен аударма бастайды. “Демонды” өз түсінігіндегі әзәзіл қып жырлайды. Осы сияқты Лермонтов оригиналына істеген еркіншілік, зорлық мінездер бір емес, талай жерде көрінеді.

Міне, осылайша көп араласып, көп жанасу арқылы Абайдың ақындық қиял ойлары, шығармалық түр, тақырыбы, негізгі сарындары енді көп жерде сол Лермонтов жырымен туысып, бірге жасасқандай болады.

Абайдың Еуропа ақындарынан жасаған аудармалары, жоғарыда көрсеткендей, екі алуан болғанмен де, оның бәрін түбі аударма деп бір бөліп, бір төбе қып шығарып қойып, енді екінші бір негізгі ерекшелікке көшеміз. Онымыз ақынның Еуропа жағасынан алған нәр, жаңалықты қалай қорытып, қалай пайдаланғаны жайындағы сөз.

Абай Шығыс жағасына араласу арқылы, жоғарыда тексерілген махаббат жайындағы, көңіл күйі жайындағы, дін-құлық жайындағы жырларды шығарса, Батыс жағасының өз кемесіне соққан ағымдарын қорытқанда да сол жаңағыдай бірнеше тақырып үстінде еңбек етеді. Бұлары Лермонтовтан жасаған аударма емес, бірақ сол Лермонтов сияқты ақындардың үлгі желісін нақ қорытып, керекке жарату белгісі. Осы жайға көз жіберіп байқасақ, Абайда Еуропалық тәркіні бар екі алуан өлеңді көреміз. Бірі — ашықтық жайының өлеңі (махаббат лирикасы), екіншісі — көңіл күйінің өлеңі (настроение лирикасы).

Араб, парсы сопыларының үлгісімен “Хор болды жаным” жазылса, Еуропа сыршылдарының үлгісімен “Желсіз түнде жарық Ай”, “Қызарып, сұрланып” жазылды. Алғашқы түрдегі махаббат жырында табиғат араласпайды. Уәзін ғаруз үлгісі, ырғақ — бәйтше.

Мына соңғыларда бұрын қазақ поэзиясында құлағы көрінбеген басқаша ала бөтен түрдегі бір сарын үстем боп шығады. Мұнда махаббат табиғат ұйқасына бөленеді:

Желсіз түнде жарық Ай,
Сәулесі суда дірілдеп, —

деген әсерлі, көрікті суретпен басталып келіп,

Тау жаңғырып ән қосып,
Үрген ит пен айтаққа, —

деген сияқты қазақ аулының түнгі қалпын бере отырып:

Тұрмап па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі, —

деген көрініске келіп, екі ашықтың табысу минутімен бітеді. Өлең, көрініс, жалпы сурет, тақырып — Абайдың өзінікі. Бірақ махаббатты осылайша оттай ыстық бір-ақ көрініспен жалт еткізіп, бір ғана өткізіп, аяғын көп ноқатпен: “қалғанын өзің ұға бер” деумен, шұғыл тұжыра салумен бітіру — анық Еуропа романтикасының үлгісі. Ондағы жұмбақты сыр поэзиясының келте қайырғыш емеуріншіл лирикасының (интим лириканың) үлгісі. Бұл жерде:

Тыншығарсың сен дағы,
Сабыр қылсаң азырақ, —

деп тұқыратын Гете — Лермонтов сөзі білініп тұр. Осы айтылған күйге орай, өлең ұйқасы қандай? Жеке-жеке әсерлі суреттер үздік-үздік леп бергендей жалт-жұлт етумен бірге ұйқаста қазақы өлең не шығыс үлгісіндегі өлеңнің қалпын тастап, шалыс ұйқасқа ауысады. Бірінші мен үшінші, екінші мен төртінші жол ұйқаса келіп әдейі бір мұқым толқып отырған, ырғағы мол, күйлі ағымды тапқандай болады.

Дәл осы сарын, осы үлгімен жазылған өлең өте шебер: “Қызарып, сұрланыпта” өлең жолдары мен сөздері аса бір сарандық дәрежесіне жетіп, қысқара келіп:

Елбіреп қалтырап,
Жігіт пен ол қыз да, —

деген негізгі күйдің өмірі бойынша шолақ-шолақ боп алады да рахат түннің қысқа-қысқа күрсінуі сияқты сезіледі. Еуропа жағасынан Абай қорытып алған нәрдін бірі осындай болып, махаббат жырының өте шебер, өте нәзік, көркем үлгісін туғызады. Көңіл күйінің жырларында да осындай түр-сарын жағынан ерекше жаңарып, Еуропа мастерлерінің жоғарғы сатыдағы жыр мәдениетін нық баурап, меңгеріп алғандық көрінеді. Онда да кейде көңіл күйін табиғат көрінісімен қабыстырып, ұластыра келіп:

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса, —

деумен қатар:

Күнгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуакқа, —

деген жалын атады. Ойшыл мұңды сыршылдың табиғат күйімен, беймезгіл шақпен (стихиямен) қабақ қағысып қабысуы.

Осылайша ретпен, ән-күй поэзия стихиясына бар денесімен құлай мүлгіп:

Көңілім менің қараңғы бұл-бұл ақын,
Алтынды домбыраңмен келші жақын, —

деп, бір тебіреніп кетеді.

Бәрін санауға орын тар. Қалай да осы үлгідегі өлеңдер Абай-да өте көп. Сырт қараған көзге Абай көп үлгі, көп сарынды Еуропадан алып, ақындық таразысының сол жағын көбірек басқан сияқтанып көрінетіні де осыдан. Көңіл күйінің лирикасын Абай бертін келгенде тұтасымен Гете, Лермонтовша жырлайтын болып, сол атақты романтиктермен туысып кеткендей болады. Еуропа жағасының нәрселерін қорытып, өз тәні ғып алуда Абай осындай ірі мәдениет, ірі мастерлікке жеткен. Оларды аударса:

Елсіз жер тұрғандай боп хаққа мүлгіп,
Ымдасып сейлескендей көкте жұлдыз, —

деген тәрізді, бір алуан әсерлі, романтикалық сөздермен аударудан басқа, өз жырларын да осындай сумен суарып соға бастайды. “Үстіне зәр төгілген құрыш, болат тіл” Абайдың өз тілі сияқтанып кетеді. Бірақ бұл айтқанның бәрі Абайдағы шығыс жағасының із-сарынын жоймайды. Жуып шаймайды. Тілде, үлгіде ғана қолданып, өзінің шығыстық қазақылық ішін сыртқа шығармауда тұтынған кестесі сияқты. Бұл Абайдың біз бұл мақалада сөз қылған қазақтық және жоғарыда саналған шығыстық тұлғасын, ішкі наным, бағыт, негіз дүниесін бұзбайды. Өзгертіп әкетпейді. Соны жарыққа, сыртқа әсерлі қып шығару үшін ұстаған әдіс, өрнек есепті болады. Рас, кейде Еуропа үлгісі бұған айрықша тақырып ұсынатыны да бар.

Осы бітімді өлеңдерінің ішінде (мысалы, қысты сипаттау үлгісі сияқты) маған, әсіресе ерекше көрінетін “Ақынға” деген өлеңі. Біздің көп оқушы ол өлеңнің аты осы айтылғандай боп тұрмаған соң ақындық жайындағы жыр екенін байқамайтыны да болады. Біздің сөз қылып отырғанымыз — “Адамның кейбір кездері” деген өлең. Бұл Пушкин, Лермонтовтардың “Ақын”, “Ақынға” деген өлеңдерін оқумен қатар өзінен шығарып, аналармен жарыса айтқан жыры. Тақырып Еуропа айтып жүрген

үлгіден алынады да, жырлауда Абай ақынның, үздік пішіні айқын тұрған ақынның өз ағымы, өз бағасы беріледі.

Мақала мақсұты — әдеби “Телқараның” Шығыс, Батыс сияқты екі жағадан алған нәр қорегін ұзын-ұрқа атап өту. Түгел зерттеп қана тексеру емес, сондай тексерушіге бір қысқаша нобай айту. Сондықтан бұл мақала толықпын деп шірене алмайды.

Мақсұт екі жағаның ақынға берген бұйым, белгілерін атау болғандықтан, Абайдың үздік тұлғасын, анайы арнасын, қазақы қалпын атап зерттегенміз жоқ. Ол өз бетінде бір төбе сөз.

Енді бұл уақытқа шейін ақынның айналасы деген тақырыпты сөз қылғанда біз өзіне әсер еткен жайларды, өз қорына құйылған салаларды алып келдік. Бірақ ақындық айналасы Абайдың өзі алған нәрді санаумен түгелденбейді. Екінші қатарда тұрған тағы бір алуан мәселе — Абайдың өзгеге берген нәрі турасында.

Бұл мәселеде біз Абай ақынның төңкеріс алдында, не төңкерістен бергі қазақ ақындарына еткен әсерін айтпаймыз. Ол айрықша ұзақ талдауды керек етеді. Бергілер және дәл айналасы деген тақырыпқа сыя да қоймайды. Сондықтан біз Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен бірнеше ақын туралы ғана қысқаша айтып өтеміз.

Мұндай ақын — төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия — Абайдың өз балалары. Мұның екеуі де 1904 жылы — Абай өлген жылы өлген. Қалған екеуі — Көкбай, Шәкерім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері. Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлең мен қара сөздерін әрі оқушы, әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған.

Абайды зерттеуге осы төрт ақын атын қыстыратын бір үлкен себеп, бұлардың шығармалары арқылы Абай өзі істемесе де бой ұрған бірталай тың еңбек туады. Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушылық мектебі сияқты болады.

Және бір ерекшелік, бұның төртеуі де әңгімелі жырлар жазады. Әдеби мектеп деген ақынның өзі алған түр, өзі жырлаған

тақырыпты ғана тебіндей беруде емес. Сол басшы ақын берген екпін бағыт, негізгі күйлерінің бетімен тың жол іздей өсуде. Ұстаз ақынның өзі айтуға үлгермеген немесе заманында әдейі айтқысы келмеген жайларды тереңдеп үңгіп, бірталай өріске апарып тастауда.

Абай әңгімелі өлеңге қызықса да, өзін-өзі әдейі тежеп, тыйып отырған. Мына төрт ақын сол соныны басады. Соныда Ақылбай, Мағауия романтикалы поэмаларды жазғыштайды, ана екеуі өзге үлгінің соңына түседі. Ақылбай “Дағыстан”, “Зұлыс” деген поэмалармен қазақ әдебиетінде Байрон, Пушкин үлгісін (олардың Шығыс поэмалары. Түстік поэмалары деп аталған романтик поэмаларының үлгісін) тұтынады. Мағауия да “Қасым” деген поэмада осы үлгімен бастап, аяғы қазақ тұрмысынан алынған тарихи жыр (Абылай жыры) немесе салт жыры — “Еңлік — Кебек” жайын жазады. Көкбай Абайдың өзі әңгіме кып тақырыбын таратып берген желі бойынша Абылай мен Қасым балаларының жайын жыр етеді. Бұлардан көрі өзгешерек жол іздейді, қазақ тарихынан салт жырының тақырыбын таңдаған Шәкерім Қалқаман, Мамыр, Еңлік, Кебектерді жазады.

Осылардың бәріне Абай әңгіме желілерін талқылап беруден басқа, кейін өлең болып шыққан кезде жеке жолдарын түзейді. Әңгімедегі кейіптерін түзетіреді. Мағауия Кеңгірбайдың “Қабекен” деген атын “қабан” деген сөзден шығарған екен. Оның өткенге қатты тиіскенін жақтырмай, Абай бұл өлеңнің жарыққа шықпауын дұрыстайды. Көкбай Наурызбайдың Қызылауыз атын онша жақсы жүйрік кып шығара алмаған соң, Абай “Шокпардай кекілі барды” жазып береді.

Бұлардың барлығы ана ақындарға Абайдың нақтылы ұстаз боп, баулып, бастап отырғандығын көрсетеді. Олар шығармаларының ішінде аңқып тұратын адамшылдық, санашылдық үгіті, аздаған рационалшылдық, сонымен қатар кейбіріндегі діншілдік, қаншылдық идеялары және осының бәрінің үстіне қосылған Еуропаның әңгіме құру желісі, түр, бояу үлгілері барлығы да мыналар арқылы Абайдың өз шығарма, өз тұлғасын мынадай айнала кеп, қосымша бұйымдар қосып тұрады. Абайдың бұрынғы өзінен байқалған мүсінінен ары асыра, тереңдей түсінуге көмекші болады. Абайға шеттен күйған салалардан басқа бұның өзінен шыққан тарау-тармақтың да осындай маңыз-мазмұны бар.

ҚАЛМАҚАННАН¹ НЕ ТІЛЕР ЕДІК?

Он жылдық ақын еңбегі өрісіне жеткен еңбек болмаса да, өсудің бірталай өрінен озған еңбек болады. Туа толы боп келген ақын жоқ. Түлей толады дейміз.

Ақындық деген мектеп бітірумен бірге қонатын мамандық емес. Мұның мысалына сыртқы жайын алғанда, алма ағаштың қалпы жақын. Алғашқы жылында қаулаған көк шөптің қатарына зорға ілесіп шыққан қылтанақ төрт жыл, бес жылына жеткенде бестен-оннан гүл атады. Қулық құлындай бастайды... Жеті-сегізіне жеткенде ару анадай көз емшекті боп, өсу шарқына жетіп, ыңыраана бастаған анайы жеміс ағашы аталады. Жел емшегіне жабыса, күн нұрына емірене, әуе лебіне бусана өседі. Тіршілігінің жалғыз ғана мұраты-мақсаты, мағынасы да өсу, өсу... Ақынның түлей өсуінің де тұрпы осылай. Әрине, алғашқы жылғы еңбектерінен үлкен нәрсе шықпайды, күтілмейді деген емес, жылдан-жылға беретін жемісі тола береді, дами түседі. Түлететін, өсіріп толтыратын, гүл атқызатын, күн нұрындай нұр, жер емшегіндей нәр неменеді?

Ол біздің ақында — нұры, табының анайы тәрбиесі, дәуірінің шарқ ұрып қияға сермеуі. Сонымен қатар сол табы, сол дәуірімен бірге отырып өз басының жалпы тарих адымынан қалыспай өсуінде.

Олай болса, біздің Қалмақандай төңкерісшіл, еңбекшінің қайнар ішінен шыққан төңкеріс ақынының өсуіне он жылда бір қорытынды жасау аз. Әр жыл “Қалпың міне”, “Алдың анау” делініп отырса, көп емес. Лайығы сол еді.

Ал, он жыл ішіндегі Қалмақанды алсақ, сол жоғарғы айтылғандай өсу мен ақын атын алған жас. Басында көп ішінде, қатардағы жас қайраткердің бірі болып жүріп, содан өлеңімен іздене, көріне-көріне келіп, аяғында, төрт жыл, бес жыл ішінде өзін ақынмын деп, өзі де таныды, жұртшылыққа да танытты.

Осы мезгіл ішінде ақын еңбегінің ең үстем мазмұны қайсы? Мұның баса шертетін үлкен сарыны немене? Онысы — ең алдымен, “Еңбек жыры”. Төңкеріс қимылы ішіндегі ең бір ұлы арна, пролетариат мәдениетінің адам баласының мәдени тарихына ала кірген ең жаңа ең зор күйі — еңбек күйі. Мұны еңбекші ақынның ұстануы кездейсоқ нәрсе емес. Ол ана

топырағынан үлкен нәр алған сияқты, табиғи жолмен беттеген, төркіні таза, жолы даңғыл, жойқын сап күштің қимылын көрсетеді. Мазмұн тақырыптары өндірістегі еңбек (шахта, шахтерлер). Колхоздағы еңбек немесе өндіріспен қабысқан ауыл шаруа еңбегі — бақташылар еңбегі.

Осы жайларды жыр қылуда Қалмақан өлеңінің өрнегі бірқатар қалыптасып, түр сырларын недәуір баурап алған. Көпшілікке ұғымды. Тілі де, күйі де сол өзі жыр қып отырған көп еңбекшінің көкейіне қонымды көптің ақыны болып отыр. Өлеңнің сыртқы ұйқасы, өлшеуі, ырғағы ешбір орасандық ерсілікке кетпейді. Шодырайып тұрған міні аз келеді. Өзіне-өзі жасап алған бір қалыппен келе жатыр. Бірақ осы жай, бір жағынан, Қалмақан шығармаларының қасиеті болса, екінші жағынан, кемшілігі қалмай келе жатқан олқылығы сияқты да сезіледі. Қалмақан тым момын ақын тәрізді. Ізденудің оты, ұшқыны, серпіні жеткілікті емес. Жас ақын көпті қармай, түр іздей, шаң жұта, заң таба, жұлқына қимыл етуі, кеңірек серпуі, ізденгіш, жол салғыш, төңкерісшіл ақындардай, дәуірінің үлкен стилін табам деп шарқ ұру Қалмақанда әзірше аз. Бүгінгі күйін, көбінесе мазмұн мен тақырыптың күшіне сүйеніп, соны орташа құба төбел күйімен тартуға бейімдеу. Сол себепті теңеу, салыстыру сияқты ақын шығармасының сапасының бірі боп саналатын элементтер Қалмақан поэзиясында әзір онша дами алмай тұрған сияқты. Өлеңге шарт болған тілдегі, суреттегі образдардың орнына, әр жайды баспа-бас атаған, ұғым тілі басындай береді. Теңеуді келтірген жерлерде әлі де жаңа өндіріс көріністерін ескі жырлар машығымен, соның кестесімен оңайлата, жұқалау қылып әкете береді.

Сөзді сөзге қосып, өлең жолын құрауда ол тізбек бошалаң² тіркелмеуі керек, сөздер бір жолдың ішінде тұрса да, шақпақ тастай шағылып, от төгіп, жанды денедей тыныс алып тұрсын, — дейді біздің бүгінгі алдыңғы қатар ізденгіш, өскелең тартқан ақындарымыз.

Қалмақан бүгінгі бойына жиып алған күш, өнеріне енді одақтағы алдыңғы қатар төңкерісшіл ақындарды түгел ұғып, жете меңгеріп аларлық білім қосып, ақындықтағы момындықты тастап, іздегіш, өршіл, өз-өзіне сенімі күшейген, зор сапа қуған ақын болуға беттесе екен деген тілек айтар едік.

“СОЦИАЛДЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ” БАСҚАРМАСЫНА АШЫҚ ХАТ

Соңғы кездерде Мемлекеттік драма театрында қойылған Жұматтың ‘ ‘Арқалық’ ’ деген пьесасына және соны сахнаға шығарып қойып отырған театрға, театр басқарушыларына бірнеше сындар жазылды². Бұл жайдағы алғашқы сөзді бастаған ‘ ‘Социалды Қазақстан’ ’ еді. Кейін ‘ ‘Лениншіл жаста’ ’ Тұрғамбайұлының мақаласы басылды.

Бұл тексерулердің бәрінде де менің жайым айрықша сөз болып, театрдағы менің ісіммен, әсіресе ‘ ‘Арқалық’ ’ турасындағы менің қатынасым жайында бірнеше теріс мағлұматтар, қата түсініктер берілді.

Әсіресе, ‘ ‘Лениншіл жаста’ ’ Тұрғамбайұлы мені театрдың суреттілік ісін басқарушы³ етіп және ‘ ‘Арқалық’ ’ пьесасының режиссер-постановщигі деп көрнеу өтірік мағлұматтар беріп, жұртшылықты мен туралы жалған ізге салыпты.

Осы туралы, сол екі газетімізде қата түсінік алмасын деп өзім туралы бірнеше анықтама айтпақшымын:

Ең әуелі, мен театрда суреттілік ісін басқарушы емеспін, әдебиет бөлімін басқарушы драматургпін. Менің ісім — театр репертуарына өз жанымнан пьеса жазу.

Екінші, өзге қазақ жазушылары жазған пьесаны сол жазушылардың өздерімен бірлесіп отырып, театрдағы режиссер, актердің, жалпы басқарманың көпшілігімен ақылдаса отырып, сахнаға ықшамдап қоюдағы олқылықтарын айтысу, талқыласу. Қазақ пьесаларына кіргізетін қосу мен түзетулерді әр жазушының өзі істейді.

Үшінші, сахнада қойылатын пьесалар туралы режиссер, суретші, актерлерге жалпы және жекеше талдаған түсінікгер беру.

Төртінші, қазақ пьесаларын орысшаға аударып, орыс тіліндегі пьесаларды қазақшалау сияқты жұмыстар.

“Арқалық” турасында айырықша айтатыным, Бұл пьесаны түзеуші мен емес, жазушысы Жұматтың өзі. Екінші, сол түзелген қалпындағы пьесаның сахнаға қойылуында да мен өзге пьесалар тұсында істейтін қызметімді істей алмадым, үйткені қыс (январь-февраль) уақытында мен Мәскеу-Ленинградта болып, “Арқалықтың” әзірлігі пісіп қалған кезде келдім.

Режиссерлері — Елубай⁴ мен Насонов⁵. Солар Жұмат берген соңғы текстің кемшіліктерін әзірлік үстінде кейде қысқарту, кейде бірлі-жарым көріністерін ауыстырып салумен түзесіп келеді екен. Мен соңғы кезде солардың кейбір қысқарту жөніндегі азын-аулақ кемісіне ғана қатынаса алдым, басқа, бұдан молырақ түрде араласуға пьесаның театрда әзірленіп қалғандығы, менің кешігіп қалғандығым себеп боп көп атсалыса алмадым.

Осы жөнінде біздің өлкелік газеттер менің жайымды әрі өздері жаңсақ түсініп, әрі жұртшылықты күдікке салмай анық, дұрыс мағлұмат берсе екен деймін.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРКЕМӨНЕРІ

Республиканың 15 жылдық өсуін, табыстарын атағанда көркемөнер саласы да өзінің Октябрьден туып, бүгінгідей көрнекті белге шыққан жайларын айтпай тұра алмайды.

Рушылдық, феодалдық, жабайыға жақын бақташылық күйі ескі ғасырдың көп ғасырлық шөліндей боп артта қалды. Ленин партиясы өзінің дана, ұлы жолды ұлт саясаты арқылы кешегі құлдық отарын бүгін 15-ақ жыл ішінде мәдениетті, күшті республикаға айналдырды. Әсіресе, өлкеміздің Мирзоян жолдас бастаған басшылығы мәдениет жұмысына мейлінше көп көңіл бөлді. Қуанышты тойымыздың зор мағынасы әр саладағы табыстарымызды көрмеге салып, бұрын кім едік, енді қандай өріске жетіп отырмыз деген жайларды салыстырып саралаумен ажарланбақ.

Бас-басына атап айтсақ, ең алдымен, бізде биыл 10 жасқа толып отырған мемлекеттік драма театры бар². Бізде алдыңғы қатардағы ірі мәдениетті елдерде туатын үлкен операға қарай ауысып, өсіп, толып келе жатқан Қазақстан музыка театры бар. Облыс басы сайын бір-бір жап-жақсы облыстық театрлар қалыптасып келе жатыр. Олардың ішінде, әсіресе Шығыс Қазақстанның жолдас Бекұлы Орынбек бастаған драмалық театры мейлінше өсіп, толып қалған, қатардағы көрнекті театрдың бірі боп отыр. Өнер қайраткерлерінің кадрын әзірлеу ісі де — біздегі, әсіресе өнімді, көңілді боп келе жатқан қызықты істің бірі. Алматы қаласындағы музыка-драма техникумы қазір табанын нық басқан, ірі білім, шын мамандық дүкені боп нығайып отыр. Бүгінгі драма, музыка театры — барлық облыстық, өндірістік театрларға ертең оқымысты, білімді өнерпаздардың ірі күштерін қосатын үзілмес қоры. Осы сияқты бір үлкен сенімді дүкен — Мәскеу мен Ленинградтың жоғарғы дәрежелі өнерпаздар институттарының жанынан ашылған мастерскойларымыз³, биылғы жылы бұрынғы драма актерін әзірлейтін

мастерскойлардан басқа Мәскеу консерваториясының жанынан кейін қазақ операсының әншісі боп шығатын бір топ оқып, өсіп, әзірленіп жатқан дәмелі білімпаз жастардың қатарына Ленинградтың балеттік школында былтырдан оқып, тәрбиеленіп жатқан бір топ жас балаларды да қосу керек. Осы соңғы саналған мастерскойлар мен жеке топтар түбінде бір мезгілдік қана болмай, әрдайым лек-легімен келіп, осы бүгінгі сияқты қалыптарын жоймай, үрдіс істеп тұратын болу керек. Әзірше Одақтық үлкен мамандық мектептерінде оқып жатқан жастардың ішінен артисі де, режиссері, суретшісі де тұтас шығатын болады. Бұлар түбінде бірнеше топ-топ боп оқу бітіріп келгенде бір-бір театрды қолды-қолына ала-ала тұра қалатын әзір коллективтер болады.

Соңғы жылдардағы қазақ өнерінің бір ірі жолға басқан жаңалығы — енді Қазақстандағы өнерпаздар жалғыз Қазақстан көлемінде, қазақ тыңдаушысының ортасында ғана қалмай, Одақтық, дүниелік майданға шыға бастады. Бұл — екі жолмен жүріп келеді: біріншіден, қазақ күштері көпке мәлімденіп, үлкен жолға шыға бастаса, екіншіден, біздің көркемөнерлік істерімізге алдыңғы қатар орыс өнерпаздарының қатынасып, атсалысуы күшейіп келеді. Қазір біздің сахна-драмалық істеріміз, ән-күйіміздің көркемделіп өсуі, би өнеріміздің барлығы да жалғыз қазақ күшімен істелмейді. Осы аталған мамандықтардың Одаққа аты шыққан ірі адамдары: ірі композитор, ірі режиссер, ірі биші, суретшісі сияқтының барлығы да бізбен істесіп, Қазақстанның көркемөнер ісіне анықтап жегіліп отыр⁴.

Қазақтың өз әнші, күйшілерінің өнерлері былтырдан бастап пластинкаға түсіп, жақсы ән, жақсы күй дегеннің барлығы, атақты әнші жігіт, әнші әйел артистеріміздің үндері бүкіл Одаққа, бүкіл дүниеге тарайтындай мүмкіншілік алып отыр.

Осы сияқты ғасырлар бойы қазақ ортасы, қазақы қазаннан аспай жүрген домбыра, қобыз және ұмытылып бара жатқан сыбызғы ән-күй аспаптары да енді жаңа сапа, жаңа түрге көшіп, тәжірибе ретінде бас құрап, қазақ оркестрі деген жаңа оркестр жасап отыр. Бірақ біздің бұны демеп, сүйеп, көтермелеуіміз — “не шығар екен, қаншалық өріске бара алар екен” деген және “халық аспаптары сол халық қолына ажарланған және сапа

тапқан, өскелеңдеген түрде барсын” деген тәжірибе сияқты нәрселер. Болмаса қазақтың ендігі жаңа үлкен көркемөнерінің жалғыз аспаптары осы болсын дегендік емес. Бүгінгі Қазақстан көркемөнерінің жалпы беталысы, тәжірибе, ізденулерінің ішіндегі бір ерекше жақсы, дұрыс бағыты — біз ешбір салада да мынау қазактікі еді, мынау қазактікі емес еді деп, біріне-бірі жабысып, бірінен бойды қашық ұстамаймыз. Ол би-балет өнері болсын, үлкен музыка болсын, қолданатын музыка аспабының жайы болсын, я театрдың сахналық түрлері, ерекшеліктері тұра-сында болсын — бәріне де халық қорын, тарихи мұраларымызды пайдаланып ажарлаумен қатар, әсіресе алдыңғы қатар өнерлі елдердің интернационалдық мәдениет қорынан мейлінше іркілмей пайдаланамыз. Көсеміміз Лениннің ескі мәдениет мұраларын оқы, біл деген ұранын біз сияқты мәдениет жолында кенжелеп, артта қалған еңбекші ел, әсіресе айрықша ескеріп, жүзеге молынан асыруға міндетті. Сондықтан қазақ домбыра оркестрі тәжірибе ретінде өз ісін істеп келе жатса, сонымен қатар, алдыңғы қатар үлкен өнерімізді аспаптарға сүйеп көркейтеміз. Бүгінгі мәдениетті көркемөнер орындарымыздың барлығы да осы тәжірибемен түзу өріс алып келеді.

Енді осы саналған ірі-ірі өнер белгілерінің алдында тұрған өсу проблемаларын да айта кету қажет. Сол ретте алдымен мемлекеттік драма театрын алсақ, бұл әзірше біздегі жалпы еңбекші, төңкерісші жұртшылықты төңкеріс бағытындағы ұлы салт-санаға баулитын үлкен тәрбие орны болуға міндетті. Ол, бір жағы, ірі мәдени салт-саналық шарттарға жарап тұратын үлкен репертуарды, үлкен пьесаларды керек етеді. Екінші, сондай шығармалардың терең суретті ірі тип кейіптерін көңілдегідей ғып, үлгілі ғып жетер өрісіне жеткізе шығаратын үлкен актер күшін тілейді. Драма театры өзінің он жылдық дәуірінде Елубайдай, Қалыбек, Серкедей ірі талантты халық артисі, еңбегі сіңген артистерді шығарып, өсіріп отыр. Осылардың қатарына қосылған жастан өскен Қапан, Камал, Шөкен, Жақтайлар, Сейфолла, Сұлтаннар да театрдың бүгінгі сатысына олқы күш емес. Соңғылардың бәрінде де оқысақ, білсек білім тереңдетіп, тез дамысақ деген жолынан талап өте күшті. Бірақ осымен қатар драма театрының актер күшін алғанда қатты ақсататын бір мәселе — әйел күштерінің орасан кемділігі. Бұрыннан белгілі

дәрежеде мәдениеттенген әйел ішіндегі бас актриса Мәлике болмаса немесе бастан өсіп келе жатқан Қатира, Сабира болмаса, әйел күші өте сұйқыл. Жоқтың қасы. Бүкіл республикадағы бірден-бір мемлекеттік театрға жалғыз Мәлике тұлға бола ала ма?

Онан соңғы үлкен бір кемшілік, театрдың ең алдыңғы қатар актерлерінен бастап, барлық жаңа күштеріне шейін қарасақ, он жыл жасаған тірліктің ішінде әлі күнге бірде-бір мамандық білім алған адам жоқ. Барлық жас өзінен-өзі шұқынып, әйтеуір тімтініп, ізденіп көрейікші дегені болмаса, сонымен азды-көпті үстірт мағлұмат құрау болмаса, бұл күнге шейін театр ылғи актердің самородок боп тууын дәметіп, бәрінің де туысына зорлап келеді. Бірақ жұрттың бәрі Щепкин, жұрттың бәрі Елубай, Серке, Қалыбек бола бере ала ма? Олардың өзін алсақ та мәдениетті ірі театрдың барлық шартын орындап бере алмайды. Үйткені, ендігі біздің мәдениетті зритель қоятын шарттың көбі кейде, бұлардың да қолынан келуі қиын. Шама шарқынан тысқарырақ боп түсетін кездері бар. Олай болса бұл күштердің көбін дұрыстап оқытып өсіруге, барлық ірі театрлардың үлгілерін көрсетіп өсіруге міндеттіміз.

Осы қатарлы үлкен-үлкен проблемалары бар көрнекті, қызықты дүкеніміздің бірі — ән-күй театры. Әзірше ол көруші жұртшылыққа ұдайы қызғылықты, ыстық, тәтті-дәмді боп, жарқ-жүрқ етіп жалтылдап, мәз-майрам қып келе жатыр. Ол алғаш ашылған уағында момын ғана атпен студия боп қана қалыптана бастап еді. Алғашқы адымы “Айман — Шолпан” тәуір боп өткен соң ол театр атын алып, батыл қимылдай бастады. Бірақ бұл күнге шейін әлі де ол бір эксперимент — тәжірибе театрының үлгісі екені даусыз. Рас, ол мін емес. Кей уақытта кейбір театрдың тіпті барлық қалпы, мазмұны, түрі де сол эксперименттік негізінен жүріп отыратыны да болады. Мүмкін, тіпті біздің музыка театрымызға бірнеше жылға шейін, әлде тіпті қазақтың шын мағынадағы операсы туған соң да өз бетінде осындай эксперимент боп жүре беру де қажет болар.

Олай болса бұл театр проблемаларын әзіргі сол эксперименттік бетінен белгілеу шарт. Осы жағынан қарасақ, бүгін әзірлеп жатқан “Жалбырды” сөз қылмай қоя тұрып, “Айман — Шолпаннан” “Қыз Жібекке” шейін жүрген жо-

лын алғанда, қаншалық үлкен жаңғыру, өрлеп-өсу бар, соны көрейік. Бұл екеуінің арасындағы айырмасы — соңғысында ән көбейе түскен, би молайған, бірақ екеуінің де жасалу, қалыптану негізі бар. Бұл театрдың эксперименттік бір ерекшелігі — қазақтың ескі тарихынан қалған ән мұрасын түгел пайдалану ғой. Ол өз бетінде, жекеше алғанда дұрыс негіз болсын. Бірақ, тегінде, осыны ғана арқандаулы қазығындай біліп, қайта-қайта тебіндеп, бар жұрт қала берсе дұрыс бола ма? Эксперименттік іздену, үсті-үстіне түр табу қайда? Қазақ әнінің мол екені рас, оны бүгінгі жұртшылықтың сүйетіні, бағалайтыны рас. Бірақ соған қарап, ән-күй театры әрбір постановкасын ылғи сол ел әндерінің қанатына артып, сол әнге арналған көруші ықыласын өздеріне қорек қып жүре беруге бола ма? Бұл тым оңайлау жол болғанмен де, қаншаға барады? Ал зәуі, қазақ әнінің көп қорының баршасын сол театрдың өзі шиырлап тастаған күн болса, онда қайтеді? Оның да таусылатын күні болмай ма? Жоқ, әлі де ән көп, талайға жетеді дей береміз бе? Ол бірақ ізденуден қорғаншақтап, оңайды, әзір асты жағалай беруіміз болмас па? Ескі әннің жаңаша жазылған операға кіретін орны да бар. Бірақ оған қарап не постановка қойсақ, соның бәрінде де “мынау жердің өлеңдерінде, драмалық күйіне пәленше ән дәл келеді” деп, ылғи ән монтажын жасай беруіміз көп іздену боп шыға ма? Бел ауыртпай ғана ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүре беру болмас па екен? Ескі тарихтан алған “Айман — Шолпан”, “Қыз Жібекке” пайдаланған бірқалыпты ескі әндермен көтеріліс, төңкеріс я бүгінгі бір мазмұн, монтаждап алған ән-күйде екінші мазмұн боп отырса жол ма? Осы жайларды ән-күй театры мықтап ескеріп, өзінің экспериментін ылғи қайталақтай беретін бір негіз, бір машыққа құрмай, шамасы келгенше шығармашылдық, ізденгіштік қарекеттерін күшейтуге міндетті. Алғаш бастаған тәжірибелерден енді ілгері қарай бір секіріп түсетін мезгіл болды.

АБАЙ — КАЗАХСКИЙ КЛАССИК

В декабре истекшего года казахстанская общественность отметила тридцатилетие со дня смерти крупнейшего казахского поэта — Абая Кунанбаева. В правительственном решении, относящемся к юбилею поэта, значится: сооружение памятника Абаю в г. Алма-Ата, переименование в честь Абая одного из педагогических вузов, одного из казахских театров, академическое издание полного собрания сочинений Абая, перевод его избранных произведений на русский язык и ряд других мероприятий.

Поэт глубоко волновавшей его гражданской скорби эпохи колониального безвременья, поэт чрезвычайно яркого, колоритного и для своего времени исключительно оригинального эмоционального и интеллектуального заряда, мастер полноценного высокохудожественного слова — Абай, безусловно, заслужил это высокое внимание советской общественности.

— Қараң қағыр, түр әрі! Бармайсың ба үйге?! — деп жылй жүгірген Жұматайға ақырып: — Не бар саған бұ жерде, — деп алды да, үлкен өкіл Саматқа қарады. Дәл көзіне көзін тігіп, қызарақтап тұрып: — Жолдас өкіл, біз байым мен екеуміз кеңестің жауы емеспіз. Қара табан кедей десең біз боламыз. Алты ай қыс, алты ай жаз колхоз ісі деген істен бірде-бір бас тартып көрдік пе екенбіз? Айтсыншы мына тұрған азаматтар. Мына Жарқын... — дегенде, қалған сөзді Оспан іле жөнелді:

— Қызыл қарын жас баламен жыл он екі ай күткеніміз, осының бір жылбысқасы еді. Бүгін-ертең бұзаулайды. Желінін әні көріп тұрсыз! — дегенде, енді беті ашылып алған Бижамалдың да сөзі тасқындап, керней бастаған еді.

Даусын ашу кернеп, байымен жарыса:

— Бұ қай қылғандарың?..

— Тіпті Кеңеске де достық емес қой бұның өзі.

— Не жазығымыз бар еді? Колхоз, колхоз дегеннен басқа не кып едік.

— Ең болмаса жаны бар малды аясандаршы! Ет дейтін еті бар ма осының

— Бай-құлақ босақ екен, ол бір сәрі ...

Жан ашуымен бұл екеуі осылайша төпеп жатса да, сөздерін дұрыстап тыңдаған өкіл болған жоқ. Олар қораға кіріп, сиырдың бас-аяғын айналып қарап жүр еді. Самат Қанапияға күңк етіп:

— Жүз жиырма кило шығар! — деді. Ішінен, үшінші ауылдағы ет жоспарының толмай жатқан есебіне бұл санды қосып, есептеп шықты. Қанапия бұл уақытта сыртқа шыға беріп еді, Бижамалдың соңғы сөзіне елең етті де:

— Жолдас, мал үшін сол өзің айтқан бай-құлақ қырқысат! Колхоз бен колхозшы малы — кеңес малы. Оны қалай қылады, Кеңес өзі біледі... Сөзді доғар! — деп Саматқа қарады да:

— Болды... Енді басқасына бармаймыз ба? — деді.

— Кеңес осылай қыл деп пе екен сонда? — деп Оспан әлі де даудан қайтқан жоқ еді.

Топтың тап ортасына келген Самат Оспан сөздерін естімеген кісі боп, Жарқынға қарап:

— Апарғыз, мына сиырды! — деп, бұйрық етті де Қанапияның артынан ол да қозғалды. Өзгелер де баяулап ере бастады. Бұл соңғы сөз. Дәрмен кетіп барады. Бижамал қасқыр ішік киген Самат өкілдің жотасына қарап:

— Ішінен бұзауы мәңіреп шығар, жолдас өкіл! — деп қала берді.

— Сөз бітті енді, қой әрмән! — деп, Жарқын ашулы жүзбен Бижамалға қарап, өте берді. Көздері ызамен жарқ еткен сияқты болды.

Бірақ бұл Бижамалға арналған ыза емес еді. Шатасыңқырап тұрған Бижамал ашу үстінде ол жерін аңғармады.

— Е, тіпті өзің екенсің ғой! Жетістіргенің осы екен ғой, колхозшыңды. Манадан сөйтіп, соныңды айтсаң болмаушымет? — деді. Қатынының қасында бір қызарып, бір сұрланып тұрған Оспан да осылай түсінді.

— Ауыл Кеңестің орынбасары боп қалып, Мұрат жоқта тапқаның осы ғой... Жоспар толтырып мақтан алмақ. Ауыл кеңес жожақ қой, жүдә! — деп Жарқын ұзаған сайын арқасынан төпеп жатты.

Көптің артына таман келе жатқан Жарқын бұны сезіп келеді. Бірақ қазір оны ойлап жататын мезгіл емес. Бұлар осындай екінші колхозшы — Жұманның қорасына қарай келеді. Ондағы мәселе бұдан да қиын.

Жарқын аяғын жітірек басып ортада келе жатқан Саматтың қасына тақай берді де, сол жағындағы комсомол Керімбекке қараған боп:

— Мөңіреп шығат деді ме? Онысында дау жоқ! — деді.

— Бұны сойғасын мал бетіне қарау да қиын жүдә! — деп Керімбек те өзінің пікірін жасыра алмады.

Шенел киген, сакалын қырған, кішкене шағын бойлы, пысықтығыр өкіл Қанапия, бұларға таман қырындап, бұрыла беріп:

— Сендердің бұның ымырашылдық! Немене қоймайсыңдар, бір емес, екі емес! — деп ашу шақырды.

— Дәл біз әкеміздің аласысын жиып, бас қамымызды ойлап жүргендей, — деп Самат та жүзін томсартып, қостай кетті.

Жарқынның Саматтан азырақ дәмесі бар еді. Өзі қырықтың ішіне кіріп қалған мосқал адам. Көпті көрген, оқу-білімі де толық адам сияқты. Мынау толық қарынмен, мына сұп-сұлу жуан қара мұрт ең болмаса ауыл жайын, шаруа күйін жете білдірсе керек еді. Өз жері, өз ауылында шаруа ұстатқан аға-інісі болмады деймісің? Мынандайдың өрескелін ең болмаса осы түсінбес пе? — дейтін еді. Қазір де: “Әлі де кеселдің өзі сол жерде ме екен?” — деген ой да жалт беріп өтті.

Жаңағы сөздің артынан Жарқын Саматтың жүзіне көз қиығымен бір қарады. Толық бұғағы қос иек жасап кергиіп апты. Бетіндегі ұсақтау шұбарлары қазір сұрланғандықтан айқындалып алған. Қарағанда Жарқын: — “Шын айта ма?” — дегендей боп қарап еді. Мынаның қазіргі жүзі өз істерін “шын-ақ мақұл” деген кісі сияқты. Жарқын бұндай бояма, жалған түске ежелден ыза болғыш болушы еді. Алғаш сөзді бастаған “ымырашыл” деген Қанапияға қарап:

— Жолдас Қанапия, кеңестің жалғыз сенімді азаматы сен ғана емессің, емессің тегі... — дегенде Жарқынның имектеу зор тұмсығы танау қағып соқталанып, қырланып алды. Анау бірдеме дей беріп еді, сөзін тындамастан:

— Есіңе салам... Есіңе салам осыны. Мен болдым тек! — деп осымен тұжыра салып, ары қарай үндемеді.

Ескі сусар бөрік киген, шолақ тұмсықтау, қызыл жүзді жас жігіт Сүтжан осы “Еңбек” колхозындағы ескі белсендінің бірі. Өзі бірінші бригад бастығы. Қазіргі мәселелердің бастан

аяқ ішінде. Ол Жарқынның ендігі мінездеріне қарсы. Ішінен: “Бұ не қыңқыл енді? Айтылар сөз айтылып, шешілер мәселе шешілмеді ме? “Ымырашылдық” деген осы екені рас!” — деп ойлап шығып, енді мыналарды шиеленістірмейін деп араға түсті.

Әуелі Жарқынның түсіне қарап алды. Ол еңгезердей үлкен, жуан бойлы, сақалын қырған. Жирендеу сұйқыл сарғыш мұртын қоя берген. Онысы екі езуінің тұсында қатаң қияқша тікшиіп тұрады. Беті жалпақ, қалың етті. Түсі қара сұр. Жарқын қазір де иығына жүк түскендей еңкейіп алыпты. Ашуланғанда кішілеу, өткір қара көздерінің айналасындағы еттері ісініңкіреп алушы еді. Қазір сондай күйде екен. Басын төмен салып, аяғының басына ғана қарап, қадамын санағандай боп келеді. Әсіресе, имектеу зор мұрыны өзгеріп алған. Ұшы үшкірленіңкіреп, қыры айқынданып түр.

Қанапия енді бірдеме десе, бұл осыдан ары шыдай алмайды. Мәлім. Томырылып, шарт-шұрт бірдемеге кетеді. Және оның ең алды боқтықтан басталады.

Сүтжан бойы аласа, адымы қысқа болғандықтан, Жарқынның жай басқан адымына да ілесе алмайды. Сондықтан тепектегендей боп ентелеп, шапшаң басып, Жарқынның азырақ алдына түсіп:

— Мәселені талқылап бомадық па, Жарқын аға!? Бұ колхозшылардың қара табан, батырақ екені рас-ақ. Оны айттыңыз. Бірақ жолдас өкілдер де бар жайды айтты. Сонау крайдан бастап, кеше мына районға шейін “Сарымсақты, Сарымсақты ауданы жоспарды толтырмады деп”, ығырып жатыр. Енді дауды қояйық тегі, — деді.

— Е, жөнді айтпаймыз ба? — деп Керімбек Сүтжанға сүзе қарап қалды. Қысқа айтты. Тарата алмады. Бірақ Сүтжанға жалт еткен көзқарасында мынаны жеп жібергендей жек көру, ашу бар еді.

Сүтжан да онысын ұқты. Бұл қорғанса: ашуы қатты және авторитеті бар Жарқыннан ғана қорғанады. Керімбектен неге ықсын? Және екеуінің кикілжіңі ежелден мәлім. Бірін-бірі жек көруін жасырмайды. Әр жерде, үлкенді-кішілі мәселенің бәріне де қырқыса береді. Жастары құрбы болғандықтан, кей-кейдегі даулары боктасуға да, қылжакқа да сайып кетеді. Бұл жайлары жаңада келген адамдар болса да, мына өкілдерге де мәлім.

Колхоз көпшілігіне бұлардың шекісуінде парыз-қарыз жоқ сияқты. Үйреншікті боп алған.

Сүтжанға Керімбектің өзгесі батпаса да, жаңағы көз ажалы қатты тиді. Әсіресе, Жарқынды жанасалап келе жатып айтқаны, біз сұққандай. Жарқын бұлардың ортасында бір төбе. Оның әуелден орны солай. Колхоз жастары бұның айналасына көп үйірмелейді. Сонда әр кім, әртүрлі саламен кеп жанасатын сияқты.

Енді Жарқынға бұл тентек боп, Керімбек оң болғаны ма? Беті қып-қызыл боп, ашумен ду ете түсті. Сөздің шегі қайда екенін де байқамай қалды:

— Сен апартуншылсың. Үстіп құйыршықтанасың да жүресің әр қашан! — деп салды.

Жарқын бұны қаққан жоқ. Жалғыз-ақ салқын ғана бір қарады. Керімбек те алғашқысындай күйген жоқ. “Құйыршық” деген сөздің өзіне дарымайтынын ол біледі. Сондықтан Сүтжанға қадала қарады да:

— Ой, жаның құрсын! — деді.

Пысық, жылпың жігіт Қанапия “Еңбек” колхозының ішіндегі ұсақ-түйек әңгімелерге де қанып алған болатын. Екі жас жігіттің жаңағы қағысуларын өткізіп жіберіп, Жұман қорасына тақай бергенде, Керімбекке қарап мырс етіп:

— Бала, жаңылмасам, осы үй мен сенің араңда бір кішкене қатын-қарыз бар ма, қалай? — деп қарқ-қарқ күлді. — Керімбек басында аңырып қалып, артынан қып-қызыл боп кетті. Сүтжан бұл сөзді естімеген кісі боп, алға қарай адымдаңқырап кетіп еді.

Керімбек соны байқап ап, Қанапияға бұрылды да:

— Тұу ағай-ай, үлкен кісі де сондайға құлақ сала ма екен, қойыңызшы тіпті, — деп мойнын екінші жаққа бұра салып, күліп жіберді.

Самат та Қанапияның не есеппен айтқанын түйе қойып, іле жөнеліп:

— Шырағым, бұндай жер тегі шетін болады. “Үй артында бөрі бар” — байқай-байқай жүргейсің, — деді. Сөзінің қалпы әзіл сияқты болғанмен, қыры көп. Өзін және Самат мұғалімнің шәкіртке айтқанындай қып, қатаң түрде ұстаз пішінімен айтты. Жүзі күлімдейді. Бірақ Керімбек барлап қарағанда Саматтың көз құйрығында бұл ұға алмайтын, әлденені баян ететін бір

күлкі тәрізді, болымсыз ғана ойнақылық та сезіліп қалды. Самат жаңағыны айтты да, қайтадан тез суынып, томсара қойды.

Керімбек бұл әзілдің бәрінің нәтижесіне іштей тіксініп қалды.

— Қарыз мынау үй жайында бірдеме десем, ең болмаса “ара түстің” деп кінәлай ма? “Құйыршық”!.. Жоқ, ол емес ... оны қойшы ... қатын-қарыз. Комсомолдығыма нұқсан кеп қалар мекен? — деген сияқты ойлардың аяғы бір жерге тіреліп болғанша, Жұманның үйі де жаңағы Оспанның үй ішіндей боп, тегіс шұбап тысқа шықты.

Ауыл кеңесінде бүгін болған жайларды естіген бе, немене? Қабақтары момын уайым пішінімен түйілген. Түстері кірбең. Жарқын мен өкілдердің түсіне бәрі тегіс көмек тілегендей қараса береді.

Тыста тұрғандар ең алдында Жұманның өзі, оның арғы ығына таман — қатыны Дәмет. Бұлардың арт жағын ала, оқшауырақ жерде кәрі шешесі тұрысты. Соның айналасына Оспанның балаларындай үш бала оралып жүр. Бәрінің артынан Раушан шықты. Бұл — 16-17 жасқа келген, қызыл шырайлы, жіңішке бойлы, үлкен қара көзді, сүйкімді қыз. Ол өкілдерге кеп амандаса бергенде, тамның есігін ашып, бері шыға түсті де қайтадан жалт беріп, үйге кіріп кетті.

Өкіл Қанапияға әдейі істелген, сезбестікке салып, топастықпен күліп жіберіп, қасында тұрған Керімбекті жауырынан салып қалып, итеріп жіберді.

— Мәселе қара сиыр жайы, Жұман! Ет салығы толмады. Аудан анау, өкіл мынау қысып жатқан. Сойылады сиырың — ... деп Жарқын бірақ кесті де, бағанағыдай сырт айнала берді. Кейкі танау Жұманның өңіндегі аз ғана қызғылт сөніп кетті.

Бұның мұрнын бір кезде жаман ауру нық айналдырыпты. Басында шалқайтып бір әкетіпті де, бетімен бет қып жібере жаздап барып, әйтеуір әупіріммен, сол кейкиген қалпында қалдырып кеткен екен.

Сұрланған бойы қабағы барынша түйіліп, екі қолы салбырап, түсіп кетті. Жауап ката алмады.

Жұрт біраз жым-жырт тұрып қап еді. Осы кезде екі өкіл тағы да қораға қарай басып, есіктің жоғарғы жағынан қара сиырды көрісіп алды. Жанында жап-жас бұзауы тұр. Тым-тырысты алдымен бұзған кемпір Ырысты болды:

— Уай, Жарқын-ау, шырағым! Өзің білмейтін жай бар ма еді? Бұ неткенің? Мына бізді, мынау, — деп айналасына қолдарын созып, көлбектетіп — шиеттей балаларды кәйтсін дегенің бұның?! — дей берді.

Дәмет те шыдай алмады:

— Шын айтасындар ма, Жарқын мен Керімбек-ау!? Бұзаулағанына үш-ақ күн болды ғой... — дегенде Сүтжан:

— Оны сенен кем білмейді бұ тұрған ел. Сөзді шығына қылма, Дәмет. Одан да ана бас жібіңді шешіп ал қайта! — деп үлкен бір ыза ретімен “қылдым ма бәлем!” деген кісіше сөйледі. Осы пішінін әдейі жасырмай, бүркемей Жұманның үй іштеріне тегіс көрсетіп, жағалай қарап шықты.

— Керімбек-ау! Қарағым-ау деп, — кемпір Керімбектің атын тағы атай берді.

Жарқын бұған келгенде, даусы қатаң шығып:

— Уа тоқтат, шеше, енді, болды. Өкіметке керек! — деп алып, қасындағы бос колхозшының біріне:

— Апар, ана сиырды! — деп қатты бұйрық етті де:

— Жә, жүріңдер тағы өздерің, жүріңдер, мінеки осылай — ... деп, өкілдерде қарап ап, ілгері басты. Жұрт жым-жырт, артынан ерді. Бұлар ұзай бергенде:

— О тілеуің құрсын Жарқын. Жақсылық істейіт деген Жарқының осы ма әлі; тілеуің құрсын! — деп Дәмет үйге қарай жылай жөнелді.

— Керімбектің де құдай аузын буып қойыпты ғой! — деп кемпір әлі де дәмелі боп соңынан қарап тұр еді.

— Буылып қапты ғой, аузың буылғыр, — деді Жұман да. Оның өз тұсауы да жаңа ғана шешілген еді. Иығы салбыраған күйінде сиыр қораға қарай басты.

— Е қырына алды ғой бұ Сүтжан... Содан екенін біліп тұрмын, қайтермін... — деп өз-өзіне сөйлеп, кемпір де үйге қарай айналды.

Үшінші ауылдың ет салығы үшін төлегендері соңғы жоспарға әлі толмай жатыр. Бұл ауыл екі колхоз. Біреуі анау “Талап”. Онда мал қалмаған. Алғанын салып алды. Қалғанын сойып сатып, иелері құртып тастады.

Ендігі салмақ жалғыз “Еңбекке” түспей тұрсын ба? Бұнда жаңағы Оспан, Жұмандар сияқты жалғыз-жарым сиыр-торпак ұстап қап отырған колхозшылар әлі де бар еді.

Жарқын, Сүтжан, Керімбек — бір жағынан және мұғалім мен Серікбай сияқты басты колхозшылар — екінші жағынан — әйтеуір тегіс еңбек еткен. Көп үгіттеп, колхозшыларға малдарын сойғызбай, аман сақталған еді. Маңайдың өзге елдері жалғыз жарымын қырып, “қызыл тұмсық” боп жатса да, жаңағы Жұмандар соған елікпей, бай-құлақ қыздырмасына ермей, осы Жарқын үгітін нық ұстанып қалған.

Рас Жарқынның колхозшыларға іштей сүйеу болатын: сөздер, уәделер бергені де бар.

Үшінші ауыл Жарқынның өкімет алдындағы салмағына әбден сенеді. “Бұның өзгелерден орыны бөлек”, “ол уәде қылса алмайтыны рас” десетін. Бүгінге шейін солай боп келгені шын да еді. Дәл осы бүгін тәңертеңнен бері қал өзгеріп тұр.

“Еңбек” колхозы үлкен ала таудың ет бөктерінде. Өзі көп жерге шашылған емес. Бір арада жиын отыратын елдің колхозы. Жүзден аса мүшесі бар. Солардың қоралары осы “Ақтас” суының бір ғана, сол жағасында. Бірақ әзір дәрмен жетпей, қалаша орныға алмай жүргенді. Сыртынан қарасаң бір арада үш қора ынтымақтаса қап тағы бір жерде төртеу-бесеу үймелеп қап, кей жерде екеу бөлініп шығып, тағы бір жерлерде жалғыз-жалғыз одағайлап шығып — солайша шанжау-шанжау боп бытырай отырысқан жайлары бар еді..

Осы қоралардың бірі — мектеп. Оған әлі арналып салған жеке үй жоқ. Осы күз қуылған бір байдың үйінде. Кооператив те осында. Және үшіншінің ауыл кеңесі де осы ауыл үстінде болатын. Жарқын бұл ауылдың өз тумасы емес. Бірақ 29-жылы колхоз алғаш ашылған күндерде ауданнан шығып, осы елдің ортасына келді де, колхоз мүшесі боп орнап қалды. Бұл өңірдің елінің Жарқынды білмейтіні жоқ. Аудан қызметкерлері де бұнымен тегіс таныс. Сондайының кейде “Еңбек” колхозына көп септігі тиетін.

Әлі, әзір ол колхоз мүшелерін түңілтетін іс істеген емес. Сондықтан оны бөтен жердің адамы көріп, сыртқа тепкен мінездер де болған емес, қайта көп колхозшы тілін алып сыйлап тұрады. Үшінші ауылдағы белсенді жастың көбі осының айналасында жүреді.

Өзі ауыл кеңес басқармасының мүшесі ғана еді. Соңғы екі айдан бері ауыл кеңес бастығы Мұрат деген белсенді

жас жігіт әскер қызметіне кетіп, Жарқын уақытша “бастық” боп қалған.

Екі өкіл “Сарымсақты” ауданының ішінде, осы 3-ші ауыл, 4-ші, 5-ші ауылдарға шыққан өкілдер. Сол ауылдарда бұлар істей бастағалы бір айдай болды.

“Еңбек” колхозына бұрын да талай келіп, аларын алып кеткен. Бірақ кеше аудан кіндігіне барып, түн ішінде қайтып кеп, Жарқындікіне түскен. Осы жолы ерекше ширап, ызғарларын сыртына сала келген.

Гәп ертең ауыл кеңес басқармасында осы жүрген топпен бірге тығыз жиылыс жасап, бірнеше қаулылар шығартқан. Жарқын олардың көп ұсынысына қарсы болды. Бірақ аналар тізе қып, омырауға сап, ауыл белсенділерін артынан ертіп ап, бұны да еріксіз көндірген.

Қазіргі жүрістер сол жиынның нәтижесі. Онда Жарқынның дегенінен орындалған жалғыз нәрсе: осы өкілдердің өздерінің бірге жүруі.

— Жүр, өздерің колхозға айтар сөздеріңді өз ауыздарыңмен өздерің айт. Мен өкімет атынан уәдені беріп-беріп ап, енді кеп өтірік айтып “қара бет” боп отырмайын. Қыл дегеніңді қып берем... Бірақ міні айтатынды өздерің айт! — деген. Өкілдер ашу шақырып, қорқытпақ боп көріп еді. Жарқын қырыстанып, отырып алған. Содан соң өздерінің еріп жүргені осы.

Қалай да бүгінгі күн колхозшыларға да, Жарқынға да бір сын күн болды.

Әлгі екі колхозшы наразылығын ішіне жиып қалса да, әйтеуір бұрын Жарқынды сыйлаған бетпен көп бөтен нәрсе айтпады. Перде жыртылды. Айтар дәрмені де жоқ шығар.

— Әйтсе де тілеуің бергір екен! — деп Жарқын ішінен оларға ырза еді. Сол бетпен, тағы осылар сияқты колхозшының бірі Сәрсен дегендікіне келіскен. Оның сиыры бұзаулағанға бір қатар уақыт болған екен. Өкілдер көп ойланған жоқ.

— Бұзауың өзіңе қалады. Сиыр далой! — десті. Ол сиырды да айдатып әкетті. Бірақ өзге колхозшылардай емес, Сәрсен Жарқынға тұпа-тура сөйледі.

— Істетіп отырған сенсің. Маған деген қастығың бұл! — деп тістеніп кіжініп қалған. Сәрсен сиырына келгенде бұл топтың ішінен Сүтжан ғана босаңсыған. Кішкене емексініп, Сәрсеннің бала-шаға, үй ішінің көптігін айтқыштап еді.

Ол орайда Керімбек омырауға салып кетті. Сонымен Сәрсеннен де өтісті. Жарқын енді баратын жер біткен шығар деп ойлап еді. Ол байқамапты. Тәңертеңгі тізімге басқалар да кірген екен. Сәрсеннен кеткен соң:

— Енді тағы кім бар? — деп Қанапия артына қарағанда, Самат төс қалтасынан блокнотын суырып алып, саспай ақтарып, қарап алды да:

— Ендігі Сиқым! — деп алып ілгері басты.

Жарқын таң қалды. Саматқа қарай тақап кеп:

— Қойыңыз, ол жоқ шығар! — деді.

— Жоқ емес. Көк құнажын тұр онда, — деген қатаң жауап есітті.

Жарқын басын бір шайқады да, сондарынан ерді. Өкілдерге айтқаны ма, өзіне істеген белгісі ме — әйтеуір тілін таңдайына соқтықтырып “лық-лықтап” қойды.

Бұлар өзгеден окшауырақ тұрған кішкентай жаман қораға тақап келді. Болымсыз, соқырша терезенің бір көзіне баланың жыртқы шапанын тығып қойған үй екен. Қораның төбесі де, қабырғалар да жәутік-жәутік. Жыртқы шоқпыт. Там жақтың сылауы да қотыр-қотыр. Көп жері қорасан жегендей қопсып түсіп, шұбарытып тұр. Төбедегі мұржа киқиып-шойқиған, формсыз.

Шатыр жабыншысының әр жерінен қамыс қобырайды. Кей жерден қисық, қу бұтақтар сойдиып шығып тұр. Қораның жалпы көрінісі — жұртта қалып ит кемірген қу асық сияқты.

Топ тақай бергенде кішкене қара шолақ қаншық шапылдап үре жүгірді. Үйден шашы үрпиіп Сейсап шықты. Үстінде шолақ тақыр тон. Ескі көйлектің етектері борша-борша. Қою қара шашының жарым-жартысы үрпиіп, сексііп, жоғары өрекіпсе қалған жарымы сыбағысып салпылдап, екі бетін баса түсіпті. Бетінің әр жерінде қалған балшық бар. Сол жақ танауында күйе. Қолында баттасқан лай.

— Уа сорлы Сейсап, тағы не істеп жатырсың, құмырсқадай? — деп Сүтжан қалжақ етті. Сейсап жат қонақтарға қысылыңқырап қарап ап күлді де:

— Қазанымыздан түтін қайта берет, бар болғыр. Соны амалдап жатқан ем, — деп үйге шақырғандай боп, есік жанына қырынан тұрып, қонақтарға жол берді. Самат Сейсаптың сыртқы түрінен түңілді де, үйге кіргісі келмеді.

— Жеңгей, байынды шақыр! — деді. Сөйткенше үйден Сиқымның өзі де шықты. О да жұмыс істеп жатыр екен. Кішкене бойлы болса да, шымыр денелі, егі тірі. Бұл қызыл шұбар Сиқым “Еңбек” колхозының жақсы екпіндісінің бірі.

— Бұрын тақыр кедей. Еш нәрселері болмаған. Өмір бойы екеуі де малшы-жалшылықпен күн кешкен. Осы былтырдан бері ғана колхозға кіріскен еді. Өкіл кірмейін дегенмен Сейсап Жарқынға қарап: “Бас сұқпайсыздар ма? ... Немене үріккен кісідей”, — деп кінәлай қарады. Өзге қатындардың көпшілігіндей бұйығы, төменшік емес. Сейсап әрқашан осындай омырау. Қазірде де “киімім бүтін емес екен” деп жасымайды.

— Пай-пай шаруа қыламын деп! Тастасаң бомайма түгі, мына жыртық көйлегінді, — деп Жарқын Сейсаптың етегіне қарады. Сейсап қызарып, күліп жіберіп:

— Енді қайтейін, былжыр былғап жүрім! — деді.

— Құны жаман емес пе? Ки десем, кимейт жүдә, бүтін көйлегін, — деп Сиқым күле тұра, кінә қойды. Өкілдер бұл сөздердің бәрін артық көріп, мұрындарын шүйіріп тұр еді. Соны сезген Сейсап Жарқын мен Сүтжанға кезек қарап:

— Немене шаруа не? — деді.

— Жеңгей, шаруа көк құнажын. Ет жоспары толмай жатыр. Енді өзіндей колхозшының бәрінің де, бір-бір сиырын ап жатырмыз. Амал жоқ! — деп Қанапия келген жайды өзі айтты. Шынында, өздері айтпаса Жарқынның айтатын түрі жоқ. Соны өкілдер сезген еді. Қанапия сөзіне Сейсап үндемеді. Сиқым:

— Шын айта ма, Жарқын-ау? — деп Жарқынға үнілді. Жарқын жауап қатпады. Жалғыз-ақ демін ішіне тартып сұрланып алды.

— Алатын болды. Қаулы солай Сейсап! — деп Сүтжан әлденеге ыржиып, Сейсапқа қарады. Сейсап бұның күлкісіне ыза боп кетті.

— Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын деп, несі бар алам десең? Ана тұр. Ала бер. Кеңестің өзі берген малы, өзіне керек боған да! — деп қолының лайын уқалап түсіре бастады. Бұл сөз Саматтың әлі ешбір колхозшыдан естімеген жауабы еді. Ішінен ырза болды да, Керімбекке қарап:

— Алып шығындар! — деп бұйрық етті. Керімбек бір колхозшымен бірге қораға қарай қозғала берді. Сол уақытта Сиқым тағы да Жарқынға қарап:

— Жаным, Жарқын-ау шын айтамысың? Екі бірдей баланы, шалды кәйтесің? Өлсін дегенің бе бұларың? — деп аяғының ұшымен жер шұқыды. Тамағын бірдеме кернеп келіп, үнін өшіріп қойды. Бір өкпе, кінә толқыны басталды. Өз туысына айтқан кінәдай. Ауыры да сонысы. Бұрынғы өмірінде танып-білмеген бір сезім. Ондағы жат дүниеге бұл өкпе, кінә айтпайтын. Қаталдық қана күтетін. Мынау тәні бұған өкпесін де айта алады. Сондықтан көзіне жас толып кетті.

Наразылық деуге келмейді. Бірақ өздерінің халын түсінбегенге шыдай алмайды. Бұрын бұлар ылғи сыр бермей, сыртымен семіріп келе жататын. Шынында, киімін бүтіндеп, жоғын түгелдеуге әлі жете қоймаған. Жоқшылық сызы арқаларынан түгел арылып болған жоқ.

Өзге колхозшы колхоз ісімен қатар өзін де ұмытпайды. Сондықтан ең болмаса киім салымын бүтіндеп ұстайды. Мына екеуі оны ойлап көрген емес. Бірақ күз басынан бері қарай күткендері осы көк құнажынның сүті еді. Сол ас та, киім де болар дейтін.

Осы күнде үй іші ашпа-жалап. Бірақ әйтеуір алдағы күнге дәме артып, соны дәрмен етіп, қалт-құлтпен келе жатқан.

Осы жайларын колхоз ішінде өзге жерде айтпаса да, Жарқынға Сейсап екеуі бір оңашада түгел сөйлеген еді. Күйлерін Жарқын анық біледі. Киім кешексіз балалар үйден шыға алмай, жыртық көрпеді оранып жатыр. Жарқын оны да сезеді. Бірақ сонда да мына екеуі қажымайды. Сыртқа сыр бермейді. Жарқын өз долбарымен:

— Пролетариат ерлігі, қажымастығы осы! — деп түсінетін. Сиқым сөзін тауыса алмай төмен қарап, аяғымен жер шұқып қалғанда, Жарқын оның күйін толық ұқты. Сол арада өз ішінен бірдеме кеп, бүйірге қойып кеткендей болды.

Бағанадан бері төсіне қусырып жүрген қолдарын жазып жіберіп, енді ілгері таман тепсініп шыға берді. Керімбек бұл уақытта есікке жетіп, соны ашып жатыр еді. Ар жағынан:

— Тұр былай, Керімбек, жолама! — деген ашулы бұйрық саңқ ете түсті.

— Неге, о не дегенің? — деп Сүтжан ажырая қарағанда Жарқын:

— Токтат, сен, сөзді, — деп тістері ақсыып, жағын тістеніп тұрып, Саматқа тесіле қарап:

— Алғызбайым мен бұл сиырды. Жап мына мені! Міні мен, мен ... — деп сұқ қолымен өз кеудесін нұқып тұрып — өкімет ісіне, салығына бөгет етуші мен деп айт! Бар жаз қағазыңды, өкіл! — деп шәншіліп қарап тұрып алды.

Керімбек сол арада есіктен тайқып шығып кетіп, Жарқынға сүйсіне қарай қалды. Сүтжан енді қайыра жауап қата алмай, үндемей тайқай берді.

Сол кезде сұп-сұр боп алған Қанапия, Жарқынға қарай тепсініп:

— Ой, сен кеңестің досы емес, жауысың білем ... нағыз апар-туншыл ... — дей бергенде, Жарқын қарсы тап беріп ...

— Қысқарт тіліңді. Мен Жарқын. Көзіңді ашып қара.

— Сенің кеңеске достығың жалған!

— Кеңес — менің кеңесім, сендейдікі емес!

— Сен бас бұзар ... өтірік белсендісің ...

Осы кезде Жарқын жеңін сыбанып, бөркін желкесіне қарай қозғай салып, ілгері ұмтыла беріп еді. Араларына Самат пен Сүтжан түсе қалды. Сиқым бұл кезде бағанағы күйінен әбден арылып алған еді.

Жарқынның мінезі оның ішіндегі реніштің бәрін бір сәтте жуып-шәйіп кетті. Енді ол: “Кеңес жасап, Жарқындар тірі болса, тіпті өлмейміз”, — деп жаңағы ара түсуіне барынша ырза болған болатын. Сондықтан “Жарқын осыдан арғыға бармай-ақ қойсын!” деген байламға келді.

Осымен анау Қанапияға қарай ұмтыла бергенде, бұ да бір жағынан жетіп кеп, Жарқынның оң қолын білегінен ұстап алып:

— Қарағым Жарқын, қоя қой енді! Болды. Қызын ... Менің тышқаққа үйренген көтім бұл ... Кеңес тірі болса өлмейміз. Үкіметке керек екен мейлі алсын ... — дей берді. Бірақ Жарқын оған тоқтаған жоқ.

— Жоқ, алмайды. Бермеймін мен, мінекей. Қырғызбаймын сенің баланды. Ол кеңестің баласы. Одан да міні өзім кетем, — деп кимелеп, омырауын аша берді.

Қанапияны Самат енді сөйлетпей қойды. Өйткені Жарқынның көзі қып-қызыл боп, бетінің әр бір жері дірілдеп апты. Өзі аппақ сұр боп кеткен. Еркіне жіберсе төбелеспей, Қанапияны сабамай тоқтар емес. Ежелден қорқақтау Самат, тегі жанжал атаулыны сүймеуші еді.

Ана өкілді тоқтатып тастап, өзі жорға сөзге сала бастады. Қанапия бұл кезде ашуланған бойымен, шенелінің қалтасына қолын салып алып, кеңсе жаққа қарай, шапшаңдай жөнелді. Бара жатып:

— Контрреволюция ... Әрес! — деген сөздерді тастап барады.

Жаркын бөгеп тұрған кісілердің басынан аса қарап, Қанапияға тесіліп, түйіліп тұр. Сөздерін естіп жатыр. Жауап біреу-ақ болар еді. Бірақ жолдағылар жібермейді. Бұлқынса да болар емес. Кейбіреулер тіпті бұның бойына да асылып апты.

Самат бұның кеудесіне екі алақанын қойып, бағанадан сөйлеп жатыр еді. Анау ұзап кетті. Самат сөзі енді ғана санасына жете бастады...

— Сен жақтаған кедейге біз жау деймісің? Бәріміздің де жеп жүргеніміз кеңес наны ... Өкіметтің осы күндегі бұйрығы қандай қатты екенін білесің ... Ұғасың. Кеше бар өкілді шақырып ап, Алматыдан келген үлкен өкіл қандай тышқыртты. Арқадан аяздай батып бара жатқан сол емес пе? — деген сияқтыларды сабап жатыр.

— Е, жоғын көріп отырсың. Жоспар шамадан тысқары. Оны райком өзі де біледі. Неге уәде қыласың, — деп демігіп, тісін қайрап ап, — өзіміз осы осында істеп жүрген иттер өзіміз емес пе, бар пәлеңің басы? ... Неге жүз процент орындайын деп уәде қыласың? Қырмақпысың? ...

— Ойбай-ау, жүзге толтыр, жеткіз деп ығырып жатқан жоқ па?

— Сен мал бар дегенсін толтыр дейт олар. Жоқ деуге сенін аузың бармайт. Жақсы атты болмақсың. Жүз процент деп ертең мақтанбақсың. Соған мақтан... тыныштық. А мынаған, — деп Сикымның үйін көрсетіп пе? ...

— Е, онда жоқ дегенді өзің неге айтпадың?

— Мен айтпадым ба? — деп күйіп, жағасын ұстап — жолдас-ау, коммунистік арың бар емес пе? Мен емеспем, өз көзіңше, алдыңғы күн райкомде айтқан?

— Рас, рас ... айттың. Райкомде айттың. Ал кешегі қал өзге боп кетті ғой! Райкомның өзі де үндей амай қалды ғой, — деп Самат қалбақтай бастады.

— Сонда сен: “Бар, толтырамыз!”, — дедің ғой. Мен ол жерде бوماдым. Босам ондай-эм айтар ем. Шынынды айтшы жолдас, айтпадың ба “мал бар” деп? — Осыны айтты да Жарқын Саматқа тесіле қарап, жауап күтіп, үңіле қалды. Самат жалтара алмады:

— Ол айтылды... Ана Қанапия айтты, — деп мойнын бұра берді.

— Е, айтса сол Қанапия, әкесінің малынан алып берсін. Барды бердік. Міні жылаттық ана, басқа колхозшыны. Мына жерде райгершілік қып тұрғам жоқ ... Бірақ шыным, барым ... Мына Сикымдарды өлтіргенше мені өлтір. Бұлар керек! Кеңеске қымбат кісі осылар. А, біздің бұтымыз бір тиын ... Бастық, атқамінер әкеңнің ... табылмаушымет? — деп Сейсаптың есігінің алдына барып, қабырғаға сүйеніп, жүресінен отыра кетіп, маңдайының терін сүрте бастады. Бұған дән риза болған Сейсап та:

— Жарқын, жаным! Осы көк құнажынның құны бітті. Біз риза, берші соны! — деп еді Жарқын басын шайқап:

— Жоқ, жоқ, өлтірсе де бермеймін ... — деп отырып алды. Осы сөзді естіген соң Самат күдер үзіп кете барды. Қанапияны іздеп кетті.

Аздан соң қасында қалған Сүтжанды ертіп, Жарқын басқа жаққа қарай кетті.

Бұл уақиға 1932 жылдың 27 ғынауары күні болған еді. Жарқыннан айрылып, Қанапия кеткен жаққа қарай жай басып, төмен қарап кетіп бара жатқанда, Саматтың есіне кешегі күн, 26 ғынауар сап ете түсті.

“Өлкеден үлкен кісі келеді, соған шақыртады” дегенмен ауданға барған еді. Бұның миына шегедей қадалған естен кетпес күн болды-ау. Күн райының өзі қандай өзгеше еді? “Сар жон” деген қандай құтырған жер! Алатау бөктерінің бұндай бүлік “жоны” болмаса керек. Әсіресе “Сар жон” ыстансысының үсті “Ат құлағы көрінбес ақ боран” Бұл араның жұты. Осы атырапта отырған ел, өздерін: асау-тентек, теңіз жағасында тұрған елдей сезінеді. Теңіз үстінің тұрған дауылы, дауылмен аралас теңіз суының астан-кестені жағаның елін қандай үрпитеді?

Декабрь-ғынауар айларында: “Сар жон” мен “Қарсақты” ыстансаларының арасы да осындай апат, жойқын күндерді жиі-

жиі көріп тұрады. Екі күн, үш күн, кейде бір жұмаға шейін ала қаншықтап, шабынып, бүлініп тұрып алатын ақ түтек, долы дауыл бар.

Қос паровозбен төс табандап, қайсарланып, қарсы бастын составтар қайда? Кей күндерде “Сар жон” дауылы соған да қырсық жасайды. Пойыздың дәл маңдайынан қадалып ап, өңменінен өтпек боп, өкіре соғып етегімен күл шашып, рельсті көміп, кей күндерде сол күрті составтың да шарасын тауысады. Тұтқыны қып, амалын құртып, елсізде қамап алады. Бұндай дауылдардың арты осы бөктерде қан боран боп кететіні де бар. Ақ түтекте адасып өлген, үсіп өлген, өлімші боп қалған жандар жайында көп-көп әңгімелер жыл-жыл сайын, талайда-талай болады.

Сол құрбандықтардың ішінде ерекше өкінішті түрде өлетіндері бар. Не үйінен, не келе жатқан ауылынан жарым шақырымда немесе қақ қасында қаза табысқандар болады.

Кешегі күн, 26 ғынауар, осындай қиын, құбыжық күннің бірі боп еді. Соның үстіне өлке адамы келді. Келгенде тығыздатып, ығырып, састыра келді. Боран оның жүрісіне де бөгет етіпті. Сондықтан тапсырма мезгілдері бұрынғысынан да тығыздай түсіпті. Енді іс мол, жол тығыз. Сондықтан кеше таңертеңгі ерен қиын боранда ол ыстансадан шығып, аудан кіндігіне бет қойыпты. Аудан да сол ыстанса басында. Бірақ кеңселеріне шейін шақырымнан артық жол жүру керек. Боран үстінде жалғыз кісі жүрсе ол қаза жол болуы оп-оңай. Сондықтан Самат өзіндей, өзге өкілдермен бірге райкомға жиылып тосып отырғанда, сол өлке өкілі келген. Келісі бір алуан қызық келіс болды. Ыстансадан бастап райкомға шейін арқан тарттырып, содан ұстап отырып жеткен.

Келісімен бұріп әкетті. Саматтай боп, алтыншы-жетінші, оныншы ауылдарда жүрген екі-үш өкілдің қызметі бұдан бұрын сөз бола бастап еді. Көз алдында сауырларын алдырып, дода-дода боп шыққан сияқтанды. Біреуінің белетін алып, айдап шықты. Екіншісін тұтқынға қаматып жіберді. Тағы бірінен: “Үш күннің ішінде бітіремін, болмаса сотты боп кетейін”, — деген уәдені адды. Бейіл, ниетінді емеуірініңнен таниды. Жалтартар емес. Тайғақ жер. Жардан құлап кете бару оңай ма? Бұның да дәрежесі, орны бар. Және жалғыз ауыз сөзбен, жақсы

атты кісі де боп, басын да арашалап қалу оп-оңай. Самат соған қарай ыға жөнелді. “Жалған ақпар ... Колхозшыға обал ...” — деген сияқты ойлар кішкене күбірлеңкіреген сияқты болып еді. Оны: “Менен емес!” — деп ұйпап өшіре салды.

“Мал бар”, “толтырамыз” — деген сөзді Қанапия айтты деді ғой және. Шынында, Қанапияның аузынан ол сөздің шыққаны рас болғанмен, Саматтың өзі де құр қалған жоқты. Құр қалу ғана емес-ау. Осы сөздерді ең алдымен айтушы да, тіпті “асыра толтырамыз” деуші де, өзі болған. Жаңағы Жарқын серпіні бұны дәл сол арада жасқантып тастады. Тайқап соқты. Қанапия аты алдымен аузына түсіп жатқаны да содан.

Енді, сол кешегі күн бұның санасына шегедей шәншіліп, қайтадан соқталанып шықты. Уәделі күннің төртеуі-ақ қалды...

— Бітіре алмасам, ең болмаса мынау сылтау емес пе? Бітер қысыны да жоқ сияқты. Қой! — деп басын жоғары көтеріп, жан-жағына жалт-жалт етіп ап Қанапияны іздеп, адымдай жөнелді. Кешке екі өкіл өздерінің жатын үйі — Жарқындікінде шәйді жаңа ішіп болған. Түнгі асты күте отырып, енді ғана жастық қойып, шынтақтап, жантайысып еді. Бүгін бұлар күндегідей емес. Қатты сөйлесіп, көп күліспейді. Қайта сөздерінде біресе күбір-күбір көбейіп, кейде орысшаласуда араласып кетеді. Күндіз Сықымдікінде айырылысқан соң, екеуі де Жарқынды көрген емес. Ол қайда жүр? Мәлімсіз. Әлі үйіне де қайтқан жоқ. Жарқынның үйінде келіншегі бар. Және қартаң тартып қалған жалғыз жақыны — жеңгесі бар. Бұл үйдің екі кішкене баласы ұйықтаған. Жеңге соларды ұйықтатамын деп, үйден шықпаған еді. Ол байқайды. Қонақ өкілдердің дәл қазіргі қабағы мынау үйге адал ниетпен отырған кісі сияқты емес. Ішіп отырған астарын да қысыла жұтып, әлденеден қуыстанған секілді. Сыбыр-күбірлерінде үзік-үзік дұспал, жорамал көп. Екеуінен басқа кісі оп-оңай ұғарлық та емес. Дәл осындай күйдің ортасында бір кезде сыртқы есік сықырлап ашыла берді.

— Жарқын ... Жарқын шығар! — десіп екі әйел бергі есікке қарасты ... Сол екен. Оң иығын алға таман ұстап, басын төмен тұқыртып, адымдай басып, үй ішін сүзе кірді. Артынан Сүтжан да ере келді.

Жарқын үйдің ортасына таман келгенде, аяғы бір-екі сандалақтап қалды. Сол жерде тоқтап тұрып, басындағы

бөркін жұлып алды да, төрдегі өкілдерге қарады. Аналар өздері байқамастан, бастарын көтеріп ап, малдастарын құрып отыра қойыпты.

Жарқын бұларға қарағанда көзін зорға ашқан сияқтанды. Көруі де шала. Тұман ішінде тұрғандай. Төрге қарай тұрып, тағы бір ырғалып, жөнделіңкіреп қалды. Сүтжан арт жағында. Ыржиып күліп тұрып, сүйеп қояды. Жарқын мас. Аздан соң мастықпен тұтқуырланып және ызамен қырылдағандай боп үні шықты:

— Өкіл жолдастар! Ауданға жіберген шапқыншыларын шағым қағаздарыңызды алып, бағана жүріп кетті. Доложыт қылам соны ... Колхоздың бір шолағын ап бердім. Бөгеместен жеткіз дедім ... Өкілдер еш нәрсе дей алмай, қипақтап қалды.

Дәме қылғандай боп Сүтжанға қараса берді. Соны ұқты ма, басқа себеп пе, әйтеуір Сүтжан Жарқынды артынан түргіп:

— Не қыласын соны, Жарқын аға, қойсаңшы, — деді.

Жарқынның әйелі бұлар келген жерден-ақ, күйеуінің түрін жақтырмаған. Сескенген сияқты. Бір жәйсіз әңгімені тегі, жаңағыдай қып, сыпайы бастаса, ол жаман белгі. Жәмила ол сырын жақсы біледі. Не де болса, боқтай, қаптай жөнелсе — ол артының онша зілді болмағаны. Ал шын катуланған нәрсесіне келгенде жаңағыдай боп, сипалап кіріседі. Сонымен өз жарасын өзі қаси отырып: үдеп, қоздана береді. Және бүгін “өкілдермен келіспей қапты” дегенді де, үй іші естіген еді.

Жеңге мен Жәмила Сүтжанға ыза болысты. Сондықтан Жәмила:

— Ішпе деудің орнына бұ не қылғаның, көп ішкізіп? — деді де, Жарқынның өзіне қарап:

— Жатасыз ба? — деді әйелі. Жарқын қолымен “былай тұр” дегендей қып, серпіп тастап:

— Жо, керек жоқ, — деп алып, тағы өкілдерге қарап:

— Мен контр ғой ... Әне жолдас, — деп Қанапияны көрсетіп — өкіл айтты ғой ... Сиқымдай құлақтың көк торпағын ағызбағасын, кеңес жауы мен бомай кім болсын?

— Е, қой, Жарқын! Оның не? Біз сені контр дегеміз жоқ. Жәй әншейін істің бөгеліп жатқанын ғана жаздық, — деп Самат зорлықпен күліп, отырған орнында жорғақтай бастады.

— Жоға ... Әлгі Сиқым құлақты айтам-ау жүдә! — деп ызамен ыржиып күлген тәрізденіп — жақсы жігіт, жақсы өкіл жоспарды жүзден асырмай жатса, о бір жағынан “мен кеңеске керекпін” деген болады-ау!

— Оны кеңеске керек емес деген кісі жоқ. Бірақ алдымен бүгін кеңеске ет керек, — деп Қанапия сұрланып ап, бір ырғалып қойды.

— А, не дедіңіз? — деп Жарқын жақындай түсіп:

— О, Бұл Сиқым екеуміздей арам сирақ бар деймісің?! Жүдә кескілеу керек, бұ бізді ... А, бірақ, — деп тез құбылып жіберіп — біздей кісінің жайы дұрыс болар ма екен, сіздей жақсы азаматқа?! — деп шаншыла қалды. Қанапия бұның түсіне тіктеп қарай алмады, сонда да:

— Е, көпсінгенің шәйің боса ... — деп бастады да, ар жағын айтыңқырай алмай қысылып, Саматқа қарай беріп еді.

Жарқынға үлкен ашу толқыны жаңа ғана жетіп, сендей соқты, ырғала беріп:

— О, әкеңіздің ... білдіңіз бі? — деп атқып төсек жанына барып, сыртқы киімін жұлып тастап, қамдана бастады. Сол арада Жәмила, Сүтжан, жеңгесі боп, түгел жүгіріп барып жабылып ұстай алды. Екі өкіл жауап айта алмай атып тұрып, қапаш-құпаш киініп шыға жөнелді. Аздан соң Жарқын қасындағыларға қарап:

— Жә, болды, босатындар. Осыдан басқа түк істерім жоқ. Жай әшейін көзіме көрінбей, үйімнен кетсін дедім, — деп отыра кетті...

(Жалғасы бар)

ІЗДЕР

Тікшелеу жасыл беткейдің орта тұсына келе бере Несіпбай аттан түсті. Айналаға көз салған жоқ. Әлдеқандай ой басқан күңгірт жүзі бүгін бірде-бір рет көтеріліп, мынау кең дүниеге қараған емес. Көзін ылғи төмен салып, жүзі де салбырап тұқыра береді.

Сол еңсесін көтермеген бетінде атының ауыздығын алды. Құйрығын тірсегінен келтіре шорт кескен күдіс торы ауыздығы алына салысымен басты жерге салып, атқұлақ араласқан көк өленді борт-борт үзе бастады. Несіпбай мұны шаужайлай түсіп, тапжылтпай отырып шылбырмен тұсау салды. Аздан соң тұрып сауырынан сол жақ алақанымен ақырын ұрып қалғанда, торы ат өрге қарай секіре басып өрлей берді. Тұсаумен секірген сайын ұзындау кекілі көтеріле түсіп, желп етіп, дөң басындағы әлдекімге торы аттың “здравствуйын” айта бара жатқан сияктанады.

Ауыздық пен үзеңгі, тұрман шылдырлап барады. Несіпбай қырын тұрған бетінде сол жақ иығына, мойнын бұрып: “Ер-тоқымын бүлдірер ме екен”, — деп ойлай түсіп, ұзап бара жатқан аттың соңына қарады. Баяу басатын сылбыр ой енді жиылып кеп бір байлау жасағанша ат ұзай берді. Несіпбай дағдылы шабандықпен біраз дағдарып тұрып қалса да ойын жеңген ол емес. Еш нәрсені абайламастан бетін қайта бұрып, енді ойға қарай аяндады.

Жарқыраған, қызуы мол шағырмақ май күні мынау — Бөктер қызғалдақ атып, гүл шашып, көк майса шөбі иін тіресіп міне тұр. Мөлдіреп, жаудырап ағып жатқан көк қасқа бұраң су анау. Соны бөктер. Әлі қылшығы құрғамаған. Бір тал шөптің мұрты сынбаған деген осы-ақ.

Ай, бірақ, көпірді кім біледі?

Несіпбай көңілінде күдік көп. Сене алмайды. Запыс боп, зыр қағып қалған. Аяғын төмен қарай бір басып, екі басып келе жатып, көзімен ылғи көк шөп ішін тінтіп келеді.

Көпір шытыр тағы шығып қала ма, қайтеді, сопаң етіп? Сескенгені сол.

Не де болса күдіксіз тау... Таудың өзі жақсы еді... Амал не? Көк тұман мен алыс ақ бұлттарға қоршалған ана бір айдын төскей, анау бір алып тауға көз қырын тастады.

Қарлы қыс етектен түре қуылып, қаңғып шығып, тау басына тізе бүгіп, артын малып отырып қапты. Жалынғаны меңіреу аспаны, сүйгені суық бұлт.

Қыс пенен көктемде шаруаның қиыншылығымен бірге қабаттап арқадан қысып, әлекті салып ең... “Кетші, кете түсші”, дегендей боп тау жотасындағы қыс белгісіне өшпенділікпен суық қарап ап, Несіпбай қайтадан аяқ астындағы шөптерге тесіле бастады.

Бір мезгілде аяғы тайып кетті. Оң жақта бір күдікті көрінген шөпке қадалып келе жатып аяғының астындағы тікше, тайғақ кемерді байқамай қапты.

Қол-аяғы сербендеп аз ғана қалбақ қағып қалды да, бір мезгілде артымен жалп етіп отыра кетті. Шапанының етегі де лап етті.

Қалқайған қастекі қара бөрік басынан ұшқан бетінде ойдан ойды қуалай төмен қарай зыр қақты.

Несіпбай есін жиғанша төменгі жағында бірдеме дүр-дүр етіп, жел күнгі өрттей лаулады... Есіне сонда түсті. Кемердің астында жусап жатқан қой-қозы бар екен. Құлағанда соны үркітіп, бей-берекет қылыпты.

Несіпбай көк шалғынды уыстай жұлып, өрге қарай тырмысып қайта тұрды. Көкейін кескен өзге емес. Құлар алдында бір күдікті көзі шалып қалған. Сол араға келе бере шөге қалды.

Айтпап па ем пәле деп... Міне, көпір құзғынның өзі деп, бір топ шытырды жұлып алып жерге атты.

Сол кезде мұның ойға барып түскен бөркін алып Күзенбай келді. Оның сыбдырына бұрыла бере Несіпбай:

— Көрдің бе, қырсықты... — дегенде, өздеріне мәлім жәйді іле жөнеліп:

— Атама, бар демеп пе ем. Бар. Тек амандық берсін, — деп титығы құрыған амалсыздықпен күрсініп алды.

— Қаран қалсын, қаран қалғыр, — деп Несіпбай барлық үлкен денесі, өнебойымен бір үлкен дағдарыс белгісін білдіріп, жалаңбас басын сол қолымен сүйеп, мелшиіп қалды. Оң қолы әлдеқандай шөпті алып, қалың жирен мұртының астына кіріп, қажетсіз, себепсіз тісін шұқиды. Бұ да Несіпбайдағы дағдарыстың сырт белгісінің бірі.

Екеуінің аяқтарының астында, аз төменде ерекше мөлдір сулы Тастақ өзені жатыр. Екі жағы майысқан әдемі көк балауса. Айрықша бір жарастығы бар, біркелкі ескен алкүре шалғын. Сол екі жағада жоғары-төмен созылып, түскі жусауын өткізіп, совхоздың бір сақпан қойы жатыр. Екеуінің міндетіндегі қой. Бұлардың есі-дертін билеген, ойы мен бойын түгел жеңген жалғыз уайым, жалғыз мұң осы қойлар мұңы.

Үстінде тұнжыраған көк мөлдір күмбез май аспаны. Сондайлық көк мөлдір тұман, сағым ішіндегі қиял тауы — Алатау. Қиыршық құмды таза арнамен сыбдырлай түсіп, шалғын қуалап, жағасын желкілдетіп аққан қасқа бұлақ. Жота-жотада бұлың-бұлың етіп, жайқала түсіп, құлпыра толқып тұрған қызғалдақ торғындары. Өзектің салқын лебімен ырғала түсіп, оңды-солды толқып жатқан жоғары-төмендегі көк шалғындар... Жүздеген әндер мен шырыл қаққан әлдеқайдағы торғайлар Алатау гүлдеріндей мың түсті боп, жалт-жұлт етіп ұшқан көбелектер бәрі-бәрі де бұл екеуінің қазіргі күйінде көздеріне көрінбейді. Сезілмейді.

Ақырын есіп, өз бетімен өтіп жатқан есепсіз, әсерсіз, мағынасыз бір ағымдар.

Екеуінің көзі де қойда. Әсіресе қозыларда... Бәрінің де үстері және де, су болған. Марқа қозылар мен шуда жүн Еділбай қойларының үстері бүгін мына ашық күнде аз құрғаса да, әлі де сыбасып тұр.

Шайыры кетіп, жауынға шайылған жүн. Жаңадан жылаған көздің кірпігі жабысып жасаңсып тұрмай ма? Соған ұқсайды.

Бүгін, қазір Несіпбайдың іші де сондай жылап тыйылған, жасын іріккен іш тәрізді.

Сондықтан ол қуана алмайды. Кеше соққан сеңнен бүгін әлі серги алмайды. Үндеспей ұғысады. Күзембай күйі де сол.

Келбетті сары түсті, қырма сақал, қой көзді Несіпбайдың бет ажимдарының бәрі қазір ерекше тереңдеп тұр. Әр жерінде

көкшіл көлеңке бар. Кейде белгісіз тістенген уағында шеке, самайына шейін бүлкілдейді. Басы тағы төмен. Етті қалың қабағы зорға ашылып, зорға жұмылған сияқтанады. Елестеп кешегі сурет келеді. Көз алдында келе бере іркіледі.

Ыза ма, өкініш пе, әлде өкпе ме? Не дерін білмейді. Көңгісі келмей тыртысады. Бір минутке, ішін сара тілген өткір сезім, біздей сұғып шаншып өтті. Мол денесі белдемеден оқ тигендей бүрісіп-құрыса берді. Қабағы тастай түйіліп кетті. Есіне алғысы келмей өзімен-өзі алысқан тәрізді. Бірақ болмады. Кешегінің суреттері қорғаншақ ойдың таса-тасасымен бүкшііп, бұғып, баспалап бірі артынан бірі келе берді.

Совхоздың өндіріс кеңесі еді. Халық мол. Жауапты адамдар, директор, ферма бастықтары, политотдел, үлкен шабандар — бәрі де күйзеу. Рабочкомнен Зылиха. Өзінің Зылихасы. Талай тар кезең, тас кешуде бір өткен Зылихасы.

“Ұрғанда мені сен ұрдың-ау. Мұқатайын деп пе едің? Не кегің бар еді? Не жазып ем?..” — деген сияқты өзін ақтағысы келген өкпе аралас кінәлар бірі үстіне бірі тықпалап, алғашқыда Зылиханы бұған жеңдіріп бара жатқан сияқтанды.

Жоқ... Жоқ... Ол құр ашу, қара боран ғой... Қазақшылық қой деген бір күдік тағы шығады.

— Не көрсем бірге көргенім рас. Жолдасың екенім де рас. Бірақ совхоздың міндетті қызметінде отырып, кеңестің саналы азаматының қатарында отырып, сені құр байым екен деп ақтай берейін бе? Өйтсем өлгенім артық емес пе? — десе қайтем.

Пай-пай... ащы да болса шын-ау... Несіпбай дағдарып барып күрсінді. Құр тісін шұқиды, түкіре береді.

Қасынан Күзембай да тұрып кетіпті.

— Оның рас-ақ болсын. Ал қатты айтқаның не?

— Айтпай қайтушы ем?

— Айтқанда не дедің? Не дедің? Мен жаман-жақсы болсам да Несіпбайың емес пе ем? Совхоздың жаманы мен бе едім?

— Қиялама. Оның қара дау... — дегендей болады Зылиха. Тағы күрсінеді Несіпбай. Тағы қабақ түйіліп, іш шаншып кетті.

— Не қарап жүрдің, не қара басты, жас күніңнен көрген-баққаның қой емес пе еді? Шытыр болса, алғаш көріп отырғаның осы ма еді? Байдың қой-қозысын бағып жүргенде бір күнде үстіп он қозысын өлтірсең не көрер ең?..

— Апыр-ай, ең ащың осы болды-ау... Қамшыладың, дүреледің-ау, бәлем қатын... Осыныға егескенде осы... — деп қажырланып десе де Несіпбай, “пәлен етіп жіберейін бе?” — дегенді айта алады.

Қайтадан сұлық түсті... Өз-өзінен басын изеп:

— Сенікі рас... Ал жеңдің. Дегеніңе жете бер. Мейлің, мейлің...

Бірақ бұ да ауыр. Өкпе, кінә... Тағы кішкене көтеріңкіреп:

— Кінә болса кінә, ия... Ал бәрі рас. Сонда мені баяғы бай қатынынша, адуын, көкайыл, дүниеқоңыз қожайын бәйбішеше жерлегенің не? Ал... — дей бергенде Зылиха көз алдында отырғандай малдасын құрып, шаншылып, қоқиланып алды.

— Бәлем осы арада қысылмай аман қалшы, — деп сұрланып та алды.

Сырт қарағанда Зылиханың бұл әлсіз жері екені рас. Ол бұрын осы бөктердің, нақ осы Тастақ өзенінің иесі болған Дулат байы Жүсіптің қатыны болатын. Бірақ болғаны не керек. Оған да Зылиха қосылмайды... Өкпеші дәукес ой, шын жайды еске алған сайын ұтылып, тоналып жұтай берді.

Бай болғанда қойлы бай. Бірақ сасық, дүниеқоңыз, құнсыз еді. Зылиха үш қатынның бірі. Жастай алған, малға қызықтырып, кедей сорлы әкесін әрі алдап, әрі сызын өткізіп, қорқыта жүріп алған. Кәрі бай Зылиханың жарық күнін түнге айналдырған. Жанар отын сөндіріп, тіршілігін күл беттендірген. Жар қызығының орнына көн боп кепкен кәрі шал, Зылихаға мал қызығын ұсынды. Онысы өзге емес, сол қалың қойды ертелі-кеш тынымсыз бағып-қағу. Қозы алу, қозы салу, қой сауу, құрттаған, биттегенімен алысу. Шалдың айғайымен бірге секіріп тұрып, түн ұйқыны төрт бөліп, қалғи-шұлғи жүріп, сары ала етек боп сарп ұру...

Зылиха ойлап көрсе ол бір шынымен сатып алынып, мал соңына салынған атсыз, тәңір жарылғасынсыз малшы, құн-малшы еді. Мұның бойындағы жастық ажарын сындырып, жас қанындағы тіршілік отын өшіремін, жоямын деген есеп еді.

— Сонда шіркін, құдай кәні, бір қасқыры қатты болған қоныста, жаңбырлы күз түнінде қой шегінде күзетте отырып, әлі күнге сырт дүниеден бүркеп тығып сөндірмей кел-

ген өмір шырағын, ыстық жас құшағымен бірге саған бермеп пе еді, Несіпбай-ау? Екі еңбекші, екі бейнетқор қолы тұн қараңғылығының, өмір қараңғылығының ортасында, бірін-бірі сипалап кеп таппап па еді? Шын табыспап па еді? Берік ұстаспап па еді? Көрген-баққаны сен емес пе ең?

Жирен мұрт болар-болмас күлкімен жиырылып, басын да бір-екі шұлғығандай болды.

Арты 17-жыл. Әйел бостандығы. Бұрын шеңгелдеп тұтқан ескі құрсау, енді ең болмаса босағандай боп, екеуінің етегіне кеп оралды. Бірақ 17-жылда қосшы, одан партияға кірісті. Бұлар жеңді.

Содан Зылиханың табаны тайған жоқ, Жүсіптен алғаш көргені кесел болса да, бері келе басқа нәрсеге айналды. Бейнетқордың бәрі ететін ащы тәжірибе, өмір сабағы болып, өміріне жолазық болды.

Кешегі жиын ішінде Несіпбайды бетке ұрған, қамшыдай ширықтырған Зылиха сөзі. Зылиха мінезі өзгерген, өскен; Зылиха мінезі орынды... Айтар дау жоқ, — деп аз тұнжырап отырып:

— Құрсын, — деді. Жеңілгені, көнгені...

— Арқасы шилі болған аттай шыға қап тұрасың-ау, ескінің сызы, — деп өзін-өзі бір тежеді. Мойын қатып, сіресіп тұрғаныңмен, ақыры шындыққа көзің жетіп, қиын да болса енді көп ойысып барып, соған көнудің өзі де көңілге бір медеу емес пе? Ойлап, талдап шықпаса да Несіпбай осыны көкірекпен сезді. Қалтарысы жоқ, томырыла кететін морт көңілінде ол шыншыл, әділ болатын. Бас кетсе де дұрысты дұрыс деу түп қазығы.

Кешеден ішінде дүмбілез боп, шиелеген түйіндей боп байланып бір ыза қып, бір өкпелетіп, біресе ашу шақыртып жүрген бір жай осылайша шешілді.

Қой жусап жатыр. Тоқ бүйірлері солықтай түсіп ыстық, ашық, жайлы күннің астында көз жұмып күйіс қайырысады. Қозы, лақ қана біресе өзенге барып тамсана түсіп, бастарын жерінгендей шұлғи-шұлғи тастап, шулайды. Біресе енелерінің айналасында қойқақтап секіріп, ырғып ойнақ салады.

Өнген, өскеннің жарастығын даттап көрікті дүние енді ғана Несіпбайға жадырап қараған әлпетті. Сөйткенде кешегі

істегінің тағы бір толқыны лық етіп, сырғып келді. Ол жиын-нын түйіні сол еді.

Кеше таңертен осы қойдан осы Күзембай, Несіпбай отарынан сазандай 10 қозы өлді. Көктем қалың жауынды боп, көк қаулап қатты өсті. Ол шытыр деген у шөп.

Он шақты күн болды. Сол пәле білінгеннен бері ферма-ферманың бәрі қой өлтіре бастады. Қыстан жаға жұлынып, етек жыртылғандай болса да, тіс, тырнақтай салып, малды түгел амандап шыққан қой совхозы. Енді совхоздың барлық еңбекшісі үмітті де қуанышты. Өздеріне сенім бітіп, еңбек жанғандай болып, тіршіліктері күле қарағандай еді.

Мынау өлім күтпеген пәле болып жаман ұйлықтырды. Ферма-ферма, қашар-қашар қайда барарын білмей, шытырдың бабын таба алмай сендей соғылды. Мамандар індет себебін, шытырдың бітімін, тек затын зерттеп жатыр. Бірақ не керек, қой өліп тұр.

Екі ферма шытырдан құм таза болар деп 40-50 шақырым жердегі құмға қашты...

Несіпбай өткеннің бір тәжірибесін еске алып: “бір қабат тауға кіре тұрсам не етеді?” деп, өз қашарын алып сол мына тұманды төскейге өрлеп еді. Шытыр болмады. Қой өлімі жоқ. Үш күн аман-ақ өтті. Совхоздың қысылған күнінде талай рет осындай шығыс тауып жүрген Несіпбай еді. Көңілінде қуаныш та, мақтан да кіре бастап еді.

Бұдан да қырағымен, жырындымын деген Жартыбай шабан құмды сағалап, алысқа мойын созса, бұл совхоздың жалпы жо-спарын бұзбай, жақыннан-ақ шығыс тапқан сияқты еді.

Бірақ дәл кеше сол Жартыбай есебі дұрысқа шыққандай боп, бұл бір тосын апатқа ұшырап қалды.

Таңертең күн ашық болды. Тау қойны ешбір жаман ырым шеккен жоқ, меңіреу, тілсіз, дүлей әуе не бүккенін кім біледі?

Қой, қозы тырандап қара шаттың бір тік бетінде шашы-рай жайылып жатыр еді. Мал ортасында Несіпбай өзі. Және Күзембай мен басқа да екі шабан да болатын.

Тау оты қой бүйірін күн жайылса да қампита қапты. Соны тамашалап жүріп айналаға көз салмап еді. Ұлы сәске кезінде құмнан, теңіз жақтан сайтандай боп, болымсыз сұр бұлт шықты.

Шығысымен бықсыған індеттей боп, сүріне-қабына асыққан тәрізденіп, тауға қарай ұмтылды. Барған сайын құрдым, шөл бітімдес жұтаң сұрлық қоюланып қалыңдай берді.

Тау ішінде жүріп бұлар байқамап еді. Бір сәтте аспанның қақа жартысын басып, жоғарыдағы биіктің басын қоршап алды. Алдамшы күні сөніп, әлдеқайда тығылып кетті. Ес жиғанша болмады, шатыр-шұтыр нажағай ойнап, алғаш соққан жел лебімен бірге нөсер де құйып берді. Секунд сайын аспаны мен тауы қоса күтірлеп, Алатау бүгін ғана қайта туып, жер астынан енді ақтарылып шығып келе жатқандай болды.

Қой-қозы біресе ыға жөнеліп, біресе дірдектеп бастарын ыққа бұрып, жонын төсеп көрді. Бишара жас қозы ене бауырына басын тықты. Кейде нақ төбелерінен жарық беріп, шарт еткенде иіріліп, ықтап тұрған қой дүрік беріп жарылып та кетеді.

Несіпбай мен барлық шабан қатты састы. Енді Несіпбай ойынан жортып өткен күдіктің бір үздігі:

— Ай, жаңылмас игі едім. Жартыбай кәпір айтып еді, сол ақыл таппаса игі еді... Бұршақ деп еді-ау, — дей берді.

“Шығасыға иесі басшы” болғаны ма? Аузын жиғаны сол-ақ екен. Нөсер шын бұршақ, мұз бұршаққа айналып сала берді.

Киіз қалпақтың сыртынан сытырлатып ұрып барады.

Барған сайын соққысы қатаң. Жерге түскені шоршып- шоршып түсе бастады. Күн де сәттің ішінде суыта берді.

— Ай, ірілеп кетті-ау, кәпір, жазым қылмаса игі еді.

— Кесектеп-кесектеп кетті-ау.

— Енді қайттік?

— Қылды-ау, қылды-ау қыласыны, — дей берісті.

Сол арада Несіпбайдың көз алдында, енесінің бауырына артын тығып, тұрған қызыл қасқа қозыға бір кесек бұршақ қара құстан сақ етті. Сол секундте жас қозы ыршып барып қалпақтай түсті. Сұп-сұр боп бір сәтте қартайып кеткен Несіпбай жүзі енді бір оймен есін жиғандай болды, жаңағы қозыға қарай тап беріп:

— Шөкем-ай, бишарам-ай, — деп кеп үстіне өз денесімен төне беріп қоршай қалды. Болмады, бұл алғашқы ғана тұяқ серпу сияқты еді.

Осыдан соң есін жиып, айғай салып, бар қойды бір араға шырық иіруге тырысты.

Орындарынан тапжыла алмай, есі шығып қалған қойлар оңайлықпен иірілмеді. Әйтсе де барды салып қарбаласып жан таласа жүріп, 4—5 жүз қойды болса да бір араға шоқтай қып иіріп алды. Жалғыз айла. Несіпбай тапқан айла осы еді.

Иірілген қойдың іші ұсақтарына — қозы, лаққа пана болды. Соққыны қатқын сіңір, үлкен қойлар ғана көретін болды.

Бірақ керегі не? Қырсықты таудың бар бұршағын бір өзінің басына алудан тартынбас еді. Дәрмен, талап бәрі ақтарылып, төгіліп қалғандай болды. Он қозы өлді. Өзге талай қозы әлсіреп, миы айналып, мүгедек боп қалды. Кешегі жиында Несіпбай басын сарапқа салдырған осы опат. Бүгін міне қайта қашып, тауды адыра тастап тағы балаққа кеп отыр. Сенбейді, шытыр мынау.

Қойдың алды өре бастады. Бір шеті өзеннің арғы жағасындағы қыраңға шығып кетіпті. Күзембай сонда жүр екен. Несіпбай орнынан тұрғанда, ойдағы қойдың бәрі өрді. Сонда көрді... ойлаған күдігі күттірмейін деген екен.

— Уа кесел, оттан қашсам, суға ұрындырдың ба? — дей берді. Өне, ана қой тулап жатыр... Жүгірді... Белгілі, іші кеуіп кетіпті. Улаған ғой, торсиып дөңбектей боп, іші шаңырақ атып кетіпті. Жүгіре басып, жанынан дәрігер берген бізді түтікті суыра келеді. Анадан Күзембай да бірдеме деп дабырлай жүгірді.. Ол алыста... жеткенше қашан.

Келісімен ана қойдың сол жақ мықын тұсын белгілеп ап бізді сұғып жіберді. Тірі қойдан қан, жың иісімен бірге пысылдап атқып жел де шығып жатыр. Бірақ тоқ қарынның жыны быршып сыртқа шыға беріп, тесікті бітей бастады. Іштен шығатын жел дыбысы басылып барады. Енді түтік орнату керек. Соны көтеріп орната берем дегенде, оң қолы сылқ етіп түсіп кетті. Бағынбайды. Өз денесі емес, жапсыра салған бөтен мүше, жансыз киіз тұлғадай. Сүлдері құрып, суынып кетті. Өлсіз боп, тарбиып ашылып қалған саусақтарының арасынан біз бен түтік қабатымен жерге түсті. Несіпбай жылағандай боп, сол қолымен бетін басып отыра кетті. Аздан соң ана қойды Күзембай келіп баурап алды. Несіпбай шеккен күйінде отырып қалды.

Қол... Оң қол... Ескінің бір сызы сенің басыңнан да кешкен еді-ау.

Жиырмасыншы жыл. Өкшелеп қуған алғыр жүйріктің тізесіне шыдамай, ақ қасқырдың белі бұраңдап, тілі салақтап, титығы құруға айналған кезі еді. Арқа мен құмнан бетін қайырып айдап шығып, қызыл қыран енді Лепсі, Қапал тауында қаусырмалап жепіріп кеп, қайраңға соққан шабақтай белін опыра бір теуіп, тояттамақ еді. Қуған, мегдеткен жайының ығы кетіп, құйрығы сөлектеп, шұбатылғаны әлдеқашан. Сол құйрық сүйретіле барып Қапал шыңына кірген-ді. Енді шығар ауызда, тасқа жаныштап, сығымдап, басып қалмақ болып, батым шеңгел лап берді.

Ол күнде қызыл партизан Несіпбай зеңбірек, пулемет, винтовка үндерін бүгінгі қойларының маңырауындай сезінеді. Ертеңгі, кешкі тіршіліктің тыныс дабылы сықылды.

Топ ішінде ақтың соңғы отрядын, тас інге кіріп бара жатқан ақшуланның құйрығындай көріп, қызыға, желіге қуып келе жатыр еді. Тұяқ серпіні тас ұшырған қызыл отряд қалың шыңның ішіне ағындап бата кіріп, жаудың алдын кесіп алмақ болды. Құйрық отряд шекараға іліне бере өкпе тұсынан үңілген қызыл сүңгіні көрді. Екі жақ асу белдің қойнауында темір болат тістерімен қарш-қарш шайнасып, жанталасты.

Күн — түн, түн — күн боп кетті. Арттан көмек жете алмады. Адасып кетті ме? Әлде басқа бір топтың тандығын жыртып, қармалап жүр ме. Саны көп ақ отряд бөксесін тасқа тіреп алып, жота жүнін мындаған найза қылышпен үрпитіп ап, қатты алысты. Кетер аяқ, кетпен таяғы еді. Несіпбай эскадроны екі жүз кісі. Жау құрсауы соның алды мен артын төңіректеп, бір жазылып, бір шумақталып орай берді. Өнебойын дала-дала қылған қыран шеңгелінің ең болмаса бір өткір тұяғын шайнап кетпек еді.

Эскадрон тар шатқа бекініп алды. Жіңішкелеп аққан бұлақ суы таныс еді. Бірақ екі жақтағы кереге биік пен осы кішкене сайдан басқа таудың бәрі бұларға жау болғандай өре тұра келді. Күндіз-түні шыж-шыж етіп, өлім атойын салып жау оқтары зуылдайды. Он төрт күн ұрыс болды. “Өмірге қош болын” біржолата айтып алған партизандар қажыған, талғанын білдірмей тұрып, қалың жауға төтеп берді. Бұл шат, талай ақтың көр шаты болды.

Орнығып алған соң эскадрон екі бетке, жоғары-төмен мергендер жатқызып, жоталардың екі-үш жеріне — сезікті жерлерге пулеметтерді төсеп қойып, басы қылтиған ақ тобы болса, ұстарайда жалап түсіп тұрды. Күндіз талай қызығып келген ақтар, топ-тобымен шыбындай жусады. Бірақ күдікті, қауіп көп кесел кез, ылғи қара түн. Тау ішінің түні. Мызғымай қақап тұратын сақтық сонда керек.

Несіпбай сол он төрт күннің ішінде ұйқыны ұмытты. Анда-санда жиырма минут, жарты сағат қалғып алып баса береді. Алғашқы күн ғана ауыр боп еді. Содан әрі қабақ қатып алған соң ұйқы да дәнеңе емес екен. Не ішіп, не жегендері мәлім емес. Әйтеуір соңғы үш күндей жалғыз суды ғана нәр қылды.

Төртінші күн дегенде артынан жеткен қолдың сарыны келді. Дос зеңбіректер, тау іргесін сөгілдіріп, жөткіре-жөткіре тіл қатты.

Кіріпкешешен асаймын деп қаңсылап шығатын жайын аузындай боп ақтың полкі етесінді енді көрді. Сегіз жүз кісіні эскадрон бекінген шаттың айналасында қырғызып, селдіреген сұйқыл топпен зорға дегенде бөксесін сүйретіп барып, асудан аса жығылды.

Міне, сол он төртінші күнге қараған түнде, таң алдында ақтар тағы бір ышқынып қаусырмалап еді. “Жотаға шығармаймыз” деп жиырма кісінің ішінде Несіпбай да иек артпаға өздері шығып атысқан болатын. Сонда дәл осы оң қолына шынтақтан жоғары қалың ет пен сіңірдің арасынан оқ тиді. Апат қырғыннан жаралы боп қайтты. Ақтың арты сол, Жетісудың пәледен арылғаны да сол еді.

Қазарма, олақ дәрігер... Жүре емдеді. Оқты әлденеден ала алмады... Беріш боп қала берді.

Алғашқы бірер жыл ауырсына жүріп, ұмтылғандай да болып еді. Бірақ қосшының бір тойында серке тартып жүргенде білегінен жылымшы қан ақты. Ет қызуы қайтқан соң сезе бастады. Баяғы жараның орны енді кеп ашыды. Шешініп қараса, оқ жылжып, жара тыртығының аузына келіпті. Жолдасына пышақпен тілдіріп отырып, жау белгісін алдырып тастады... Артынан жарасы көпке дейін бір ашылып, бір бітіп, көп әуреледі. Қашан зақым келгені мәлім емес, әйтеуір содан соң сіңіріне дерт араласты. Оң қолы қайырымға келмейтін болды.

Кешегі күндер қырықтыққа араласа алмай жүргені де сол еді. Бүгін енді, міне, жанталасқан жерде мүгедек қып, кем қып отырғаны мынау... Осы қолының өзі ана сол қолынан артық. Басын шайқап...

— Ай, ескінің сызы-ай. Кәпір-ай... — деп оң жақтағы жотаға қарай мойнын бұра берді. Ат пысқырған еді...

Алаяқ керге мінген политотдел Рақым екен. Оның артынан ақ танау атқа мінген Құлжатай да көрінді.

Жүсіп қолында малшылықты бірге өткізген, жаңағы Қапал тауының шатында тағы да қасында боп, ажал лебін бірге иіскескен, партия-қосшы тобына бірге кіріп, қатар жасасып келе жатқан кәрі досы. Ол мына жердегі “Шақпақ” колхозының бастығы. Осы совхоздың шефтігіндегі колхоз.

— Бұ да бір мұңмен келді-ау... Әйтпесе мына науқан үстінде күндіздегіп бос қыдырып, уақыт өлтіріп жүретін Құлжатай ма? — дегенше жақындап келген Құлжатайдың жүзін көрді.

Шынында, оның арық жүзі сұп-сұр боп, қабақтары қалың әжіммен айғыз-айғыз боп алыпты.

Политотдел ашаң жүзді жас жігіт бұған жаңа кездескен екен. Оның көрмегені Несіпбай еді. Әдейі осының қойын көріп, енді не ойлайтынын білмек еді. Болған күйлердің түп себебін ұғынбақ. Қой-қозыны аралай жүріп, үсті-үстіне сұрақ береді.

— Не қып, не қып осы бір болымсыз бұршақтан сонша қозы қырылды? Баяғыда да өлуші ме еді?

Құлжатай Несіпбай көрген қазаны естіп бұрын да күйініп еді...

— Бұрынғының не керегі бар? Өлтірсе надан, сасық бай өлтірсін, біздікі не? — деді.

— Бәсе, оның өлтіргені сын ба екен? Жұбаныш жоқ! — деп Несіпбай өз кінәсін ауырлата түсті...

— Жоқ, сонда да білейік, білдіріңдерші, — деп Рақым қадала берді.

— Өлтіруші еді... Бірақ бұндай... — деп Несіпбай осы өлімнің себебін ойлап соза бергенде, Құлжатай:

— Бірақ, мұндай қауырт өлтірмейтін, — деді. Рақым тағы да іле жөнелді.

— Себеп не?

— Себеп? Сол себепті ойлап келем, — деп Несіпбай оң қолының оқыс ауырған жерін сипап тұрып: — Себеп — ескінің сызы ма деймін, — деді.

— О не дегенің? Қандай сыз? — деп Рақым басында түсіне алмады.

Құлжатай да аңырап қалған еді.

— Көз алдымнан өткіздім ғой. Кеше зоотехниктің бір сөзі көңіліме қона кетті. Бұрын ондайды қазақы күйде есеп қыламыз ба? Сол бір дұрыс сөз айтты...

— Не деді?

— Тақ осы қозылардың енесі совхоздың қиын күндерінде 31—32-жылдарда туған қозылар еді. Ол күнде осы совхоздағы басшымыз да, қосшымыз да тегіс қателеспедік пе, малға қырымыз болмай, түгел окот дегенді былтыр мен биыл ескеріп, “мал бар екен, жан бар екен” дегенді енді ойлағандай болдық. Әйтпесе анау кезде қашар қандай болды?

— Е, оны атап сұрамасаңшы, — деп Құлжатай да бас изеді.

Қой жататын қораның іші шылқылдаған су. Белуардан келіп қыс бойы ойылмаған қи жатады. Астынан сыз өтіп, қыс бойы іш тастап жатты. Қозы деген туды не, өлді не, қарадық па? Артынан көктемде қи ойғанда талай қозы, жылпысқаны қимен бірге аудармадық па? Өліп, басылып, тапталып қала берген... Сонда бір суық, бір сыз ішінде тұрған осы қозылар суыққа өкпесін алдырмады ма? Зоотехник: “Сол кезде туып өскен қойдың кеудесінде дымқос бар. Сондықтан оның сүті де аздау. Балалары да кейде нашар туады” дейді. Осынысы тіпті рас. Биылғы окотта түн ұйқыны төрт бөліп, ылғи фонарьмен алысып Күзембай екеуміз бар қозыны қолдан тудырдық. Окотты өзіңіз көрдіңіз, бәйге алып жақсы-ақ өткізбеп пе едік. Қозы шығыны болған жоқ, бағып-қағудан кенде емес. Бірақ сонда да тақ осы өлген қозылар тез торалып, тез тойына алмады. Кешеден Күзембай екеуміз барлық өлген қозының шеше тегін талдап шығып ек, түстеп білеміз ғой енелерін. Ылғи тұсақ қоздаған дымқостық ала туған қозылар... Енелері де өзге қойдай емес, сонша жоны жарылып семіре қоймайды. Бұл өзі қатты күтетін тұқым, бір сондай ерекше буын екен. Ескінің осылай етек-

ке шырмалғанына кез болдық Күзембай екеуміз. Болмаса нақ кешегі бұршаққа дәл мұндай қаусай қалмас еді.

Бүгін осы әр нені ойлап-ойлап кеп тапқаным осы болды. Ескі-ескінің қитығына тиіп қалғаны сол, — дегенде таңертеңнен бері Несіпбайдың өз басын әрлі-берлі толқытқан ойдың бәрі енді жадырап, шешілген сияқтанады. Әлденеден түсі жайлап ашылып, қабағындағы кейісті серпілте беріп, күлімсіреп:

— Мал кылсақ, еңбек етсек осыған етейік. Дымқос баланы ата-ана қандай ерекше аялап, мәпелеп бағады. Күштің бәрін осыған салып, енді мұны ащыға да, соныға да шүйгітіп, ескінің бар ласын кетіреміз. Бәлемнің сүйегін ағартып, кеңестің жақсы совхозының атпал түлігі қып шығарамыз, жолдас политотдел, — деп Несіпбай қасында мейірлене күліп тұрған Күзембайын арқаға қақты.

— Япыр-ау, мынау сөзің көңілге қона кетті-ау, Несіпбай. Менің де бір түйінімді шештің-ау. Ескінің сызы дедің бе? Мен де соның зардабынан кеп тұрғам жоқ па?

— Ия, сенікі не еді? Не қып жүрсің өзің науқан үстінде? — деп Несіпбай досының шаруасын енді ғана сұрады...

— Мына жолдас политотдел екеуіңе әдейі бір баяндама істейін деп келіп едім, — деп Рақымға қарады. Несіпбай сөздеріне ойланып қалған Рақым, енді бұның жайына құлақ салды...

II

“...Шақпақ” төртінші ауылдағы бес колхоздың бірі. Тастак суының осы сол жақ бетіндегі жердің көбі сол “Шақпақ” колхозыныкі. Егіндік жерлерін совхоз берген трактор, көлік көмегімен айдап жатыр. Бұл күнде жоспарды толтыруға жақындаған. Егуге жарамсыз тасты жотаны, ойлы-қырлы жерлері осы қой жатқан өлке. Бұны өздеріне жәрдем етіп отырған совхоздың бірер сақпан қойы уақытша жайылуға колхозшылар рұқсат етіп, совхозға берген болатын.

Түндерде осы өлкелерде колхоздың өз жылқысы да жайылады. Анау шағылдың арғы астында жіңішке өзен жағасында ұзындығы бір километрдей жерге созыла орнаған 50—60 қора, сол “Шақпақ” колхозы болады.

Құлжатай жайы Рақым мен Несіпбайға мәлім. Бұл былтырғы көктемге шейін осы қой совхозының шопаны боп келген. Бірнеше жыл істеген еңбегі совхоз жұртшылығына қанықты. Осы күнге дейін “Шақпақтағы” кішкене үйінің қабырғасы неше алуан мақтау қағаз, грамоталарға толулы. Кеңес ісіне адал, берік, сенімді болған еңбектің куәлары. Совхоздан өзі кетем деген жоқ еді. Үй ішіне, өз басына болса да ең жайлысы үйреніскен совхозы еді. “Шақпақтың” ол күндегі жайы өте нашар еді. Ел аш, арық, көлік атаулыда сан да, сапа да жоқ, бар болса қыршаңқы, шолақ, жауыр. Бұрын белсенді жайлаған колхоз. Құлжатай барар қарсаңда көтеремнің күйінде. Арқа басы жауыр, ыңыршақ, тулақ боп қалған тор шолақтың күйіндей еді.

Өз қамын ойласа, бейнеттен тартынса Құлжатай онда бармас еді. Бірақ партия мен үкімет болып сондай қолхоздың адамына да, малына да ата бейілін салды. Мейірленіп, құлаш созып, “көтеремін көгертем, аш-арығын тойынтам, еңбек етем”, — деді. “Соңғы жылдар қиыншылығын ұмыттырып, олқының бәрін толтырам”, — деді. Ол партияның ұраны. Кеңестің саналы еңбекшісі көтерген үлкен ту еді.

Райкомның ұйғаруымен қатар Құлжатайдың өзі де “Шақпаққа” бармақ, қиындықпен алыспақ, жеңбек болды.

Міне, бір жыл, ауыр бір жыл, сыны көп, қиыншылығы көп бір жылы өтті. Құлжатай мақтануды білмейді. Білгені тынымсыз, толассыз төс-табандаған еңбек, өрге сүйреген талап, талпыну. Сонда өз тұрмысы не еді?

Оны биыл соқаның алдында үйіне бір барып, шефтікке алар алдында колхоз жайымен таныспақ болған Рақым, Несіпбай өз көздерімен көрген.

Құлжатайдың қатыны безгек. Емшектегі кішкене бала — жалғыз еркек баласы Серік те безгек. Жыл бойы үстеріне жаңа лыпа ілмеген қатын-бала да, өзі де киімнен, көрпе-жастықтан жүдей бастаған. Ержеткен қолқанат жоқ. Құлжатай үйінің бұдан соңғы жалғыз қайраткері — он екі жасар қызы Жәмила. Ас істейтін, ауруларды күтетін, әредікте әкесінің “барып кел”, “шақырып келіне” жүгіретін тағы сол.

Құлжатай үйіне келе сол қызына шай қою, отын-су тасу, оны-мұны басқаруда ұдайы көмек етеді. Кішкене қызының жастығын да ұмытып кеткен сияқты. Ол бір үлкен серігі сияқты

боп алғандықтан: “балам” демей, “Жәмила” демей, ылғи “Жәке” деп атандырып алыпты.

“Жәкең” әкесіне бұның кішкенелігіне қарамай кейде бір қызыққан балалық алданышын бұзып немесе қолынан келмейтін бір қиындыққа жұмсаса, анда-санда:

— Қойшы тіпті, бармаймын, — деп серпіп те тастайды. Ондайда Құлжатай ашуланбайды. Екінші қайырып айтпайды да. “Жәкеңнің” өз мінезі бар, өзінше тұтасқан беріктігі бар. Ол соншалық жасып кеткен бала емес. Қайта ажары сынбайтын отты. Сонысына Құлжатай ешбір уақыт салмақ салып, зорлық етіп көрген емес. Әлгіндей деп ашу шақыра бастаса Құлжатай:

— Ал, ал жарайды, өзім барайын... Қоя қой, — деп өзі бәйпендей жөнеледі.

Алты ай қыс бойында ауру қатын мен баланы дәрігерге апарып емдетіп, көрсетіп қайтуға да уақыты болмады. Безгектері бір қиын безгек. Екеуін де меңдетіп бара жатқан сияқты. Бірақ сонда да колхоз көлігін қия алмай, не өзі босарлық уақыт таба алмай әлі күнге келе жатыр. Дәрігері құрғыр да алыста тұрады. Және мәлім ғой, бір барғанда бір-ақ ем жасап жаза қоя ала ма? Көп көрініп, ұдайы емделу керек. Оған мына қарбалас ортасында мұршасы келетін Құлжатай ма?

Осымен өз өмірі өтіп бара жатыр. Бірақ оның есебінде колхоз үшін Құлжатай қандай құрақ ұшады. Бұның кішкене жүдеу үйіне қонып отырып Рақым, Несіпбай көрген. Күн ұзын қолы да, аузы да, ой-тілегі де колхоздың жүз түрлі мұңдарынан босамаудың үстіне, түн ішінде де Құлжатай тыным көрмейді екен.

Бір түн ішінде анық төрт-бес рет тұрып фонарьді алып жөнеледі. Тыным алмай қарайтыны екі бригаданың аттары. Науқан жақын.

50—60 жылқы бар. Оның түнгі қораларына кірсең тыптыныш тұра алармысың? Бір жерінде ақырдың ішінде жем таусылып, тұқырланып қалған. Мезгіл-мезгіл үстеп салып тұрмаса шашып тастайды, жемін еселеу керек. Бір жерде азулы үлкендермен қатар ұсақ жағы, тай-тулағы тұр. Оларды аналар тістеп, теуіп, жемінен қақас қалдыратыны бар.

Және әсіресе тағы бір жерде жиырма бес шамалы буаз бие бар. Ол Құлжатайдың колхоз шаруасы ішіндегі оң көз, сол

көзіндей қақап күткен бір бөлімі. Бірер жыл күттіретін болса да ол шолақ қолды ұзартатын, тар тұсауды кеңейтетін келешек, колхоз келешегі. “Бас кетсе де осыларға зақым келмесе екен” дегендей Құлжатай ішкен асын жерге қояды. Күзден аман келді. Қыс та оларға зілді болған жоқ. Енді әлі тумаса да, осы биелердің ішіндегі құлындар “Шақпақтың” ат орнына санап отырған малы.

— Желіні ерте жеткендері құлындап жатыр ма? Әлде тебісіп, қағысам деп бірде-біріне зақым келді ме?

Қулық тор биенің қасына анау ақырдың шетінде тұрған көк дөнен жақын еді.

— Бір тебеген пәле еді жүдә, кісәпір... қап, болмас... — Тағы атып тұрып, жарқанат фонарьді жағып алып, тарп- тұрп басып жөнеледі.

Кейде біреуді боқтап: “Бүгін сары бауырды қан сорпа қып қайтыпты. Арқасы ісіп қала ма қайтеді. Әкесі өлді ме екен сонша шауып қинап”, — деп әлдекімге лағнет оқып қайтады.

— Тілеуің бергірі... Әй, саған еткен еңбегім жанды-ау, қарағым, — деп біреуге бар бейілімен алғыс айтып, дән ырза боп келеді. Бұнысы Шәріп.

Құлжатайды тұрғызған аттар жайындағы күдікті о да ойлап, бұл барғанша көбінше жайластырып, тындырып қояды.

“Шақпақ” колхозында Құлжатайдың өзіндей үлкен бейіл, ынта көрсеткен ең сенімді серігі Шәріп.

Бұл он тоғыз жасар жас жігіт. Ол осы күнде толық, дөңгелек сұр бетті, сергек жас. Бірақ, былтыр кектемде Құлжатай осы колхозға келер қарсаңда қандай екенін көрсендер. Несіпбай біледі. Ол уақыттағы түрін көріп: жан болмайды, өледі, деп күдер үзген. Құлжатай өз үйіне алып, асырап жүр екен. Сыртына шығарып айтпаса да Несіпбай сонда:

“Құлжатай байғұс босқа еңбек етіп жүр ғой, басқа тың тұяқтау біреуді асырасайшы. Мынау сынып кетіпті, ісік мынау. Орнынан тұрудан қалыпты. Не болар дейсің?” — деп еді. Олай болмапты, енді Шәріп міне, тепсе темір үзерлік атпал азамат болыпты, болғанда және қандай. Колхозға деген еңбегі мен бейілі Құлжатайдан да әрі өтеді.

Бұрын бұ да бір үйлі жан еді. Шетінен еңбек адамы еді. Ауыл ішіндегі жалған белсенді Жұматай деген осыларға өштесіп,

бір науқан үстінде 32-жылы колхоздан тайдырып жіберіп, бәрі қаңғып кеткен. Әкесі сол жолда өліпті. Шешесі мен 5 жасар інісі Кәрімді асыраймын деп, Шәріп көп ұрыныпты. Бірақ асырай алмаған. Қала жөнін білмейді, дүние көрмеген бала жігіт. Қала дегенге анықтап барғаны да сол еді. Жол-жосықтың ештеңесін білмеген соң, даланың момын жігіті шығар жолды таба алмаған. Қызметке орналаса алмай, қаладан кетіп, азығы біте бастаған соң, шойын жол станцияларында қайыр тілеуге айналған. Сол кезде шешесі бұрын бір көңілі жақын адамымен қосылып, Ташкент жаққа кетіпті. Кішкене бала Кәрім бірге кеткен. Бірақ сол кезде Шәріптің аштыққа қатты шалдығып қалған кезі еді. Сүйретіле жүріп, бар шамасын тауысып, ақыры “Шақпақтағы” Құлжатайдың босағасына соңғы барлық күшімен сүйретіле кеп жығылған екен. Ол кезде ісініп те, тістері де түсіп, біржолата әлсіреп кеткен уақыты еді. Несіпбай сонда көріпті.

Шешесімен кеткен Кәрімді анау жаңа әке болған адам барып алған соң ауырлапты. Бір күні шешесімен сөйлеспестен, өзінен өзі байлау жасайды да титтей баланы поездға салып әлдеқайда жөнелтіп жібереді.

Кішкентай Кәрім басына күн туған соң, өз бойынан тіршіліктің болымсыз шақпақ отын тауыпты... Қалай келді? Не көрді, кім жәрдем етті, не біліп, кім іздеді? Мәлім емес. Әйтеуір осы “Шақпақтағы” Шәріптей тағы бір жігіт Әшім, о да Жұматайдан көп бейнет керген бала еді, сол осы “Шақпақ” тұсында Жалтыр станциясына барса, қасынан бір кішкентай бала қалмай орала береді дейді. Айтар сөзі жоқ. Құр мынаған көзі жаудырап, бірдеме дәметіп ілесе береді. Қозғалса ылғи артынан қалмайды. Сонан соң Әшім байқап қарап шырамытады да атын сұрайды. Анау “Кәріммін” дейді. Әшім өз басынан кешкен емес пе, көзінен жас ыршып барып, құшақтап көтеріп алады. Сол көтерген бойынша колхозға әкеледі. Міне, сонымен Шәріп інісін тауыпты. Ол осы күнде қолында. Шәріп өткен жазда әбден тойынып алып, күзде колхозға ерекше қатты еңбек етті. Сол кезде үкімет сиыр беріп, аш-арыққа жәрдем еткенде бір сиырды бәйге деп, бар колхоз боп ұйғарып, осы Шәріпке беріпті. Енді үйлерінде ағы бар және жақында Шәріп үйленді.

Несіпбай, Рақым көрген сол Шәріп, Әшім деген жігіттер Құлжатайдың барлық колхоз ішіндегі оң қолы, сол қолы еді.

Осы жайларын қысқаша ескертіп өткенде Рақым мен Несіпбай колхоз бастығының өздері білген жағдайларын түгел еске алды.

Бүгін Құлжатай сол жаңағы Әшім мен Шәріп жөнінен туған бір шатақпен келіпті. Орталау, қағылез бойлы Құлжатайдың ашаң, қызғылт жүзінде үлкен ыза, қатты кейіс бар. Онсыз да іштегісін ірікпестен сыртына шығарып тұратын шыншыл беті сақал, мұртқа тым жұтаң, көселеу болғандықтан “ренжідім, күйіндім, сендерге шаға келдім” деген сияқты жайларын Құлжатайдың тілінен бұрын жеткізіп, ап-айқын қып білдіріп тұр.

Бет ажарына қосымша қолдары мен денесі де тыным алмай көп сермеліп, көп ырғалып қозғалып, өзінше талай тұспалдар айтып жатады. Қыза сөйлегенде Құлжатайдың екі қолы бірдей көтеріліп, не қабатынан, не кезегінен сермеліп, бұны бір су ішіндей ой ішінде малтып келе жатқан кісіге ұқсататын.

Қазіргі Құлжатай әңгімесінің бас қаһарманы Жұматай. Несіпбай “ескінің сызы” дейді ғой. Жұматай қылықтарын ескінің сызы десең де, өзі десең де болар еді. Бірақ Жұматайдың өзін кім дерсің? Сыз деуге бұл еңгезердей үлкен бойлы, әдемі қара мұртты, ашушаң, бұлтиған пәлекор көзді, кекірдей кісі. Жуандап қалған қарнында ұдайы белдік көресің, басында сусар бөрік. Бешпет, шапан қалаша, татарша тігілген. Жаяу жүргенін білмейсің. Қасында ылғи қошаметшілері болады. Құр сыз ғана деп қайтып айтарсың бұны? Ал ескінің өзі дейін десең о да партия мүшесі, ауылдағы кеңес қызметіне бұл іліккелі қашан. Айта берсең осы күнде төртінші ауылдың кеңес ағасы.

Жұматай қыс ортасынан бері бұрын мекен етіп тұрған “Калинин” колхозынан көшіп, осы “Шақпаққа” кеп орнап еді. Тегі бұдан екі жыл бұрын ол 7-ауыл кеңесі боп тұрып, осы құртып шықты деген лақап болатын.

Сондағы тапқан дағдысы болу керек; өз қоластына қараған ауылдың бір колхозында ұдайы орнап тұрмайды. Мына төртінші ауылда да соны істеді. Жыл жарым ішінде осымен төртінші колхозға ірге аударып отыр. “Калинин”, “Қызыл жұлдыз”, “Қызыл шығыс”. Енді міне “Шақпақ” — барлығы да, бұған бірі қыстау, бірі жайлау. Әлді колхоз болса қыстау есепті, ұзақ ме-

кен. Бірақ әлдеқандай есеппен немесе істеп қойған былықпен енді онда тұру ыңғайсыз болса ірге аударады. Сонымен екінші бір колхозға тебіндеп, жайлау ете жүреді. Арада күзеу, көктеу болып, өзге колхоздар да құрығынан аман болмайды. Әрине, біреуінен кетерде “үзілдім, болдым, енді сені көрмеймін” деп кетпейді. “Кеңес өкіметінің арқанды босатқаны” дейді. Бұл өзі істейтін жақсылы-жаманды істің бәрін ылғи “кеңес өкіметі, кеңес қызметі, өкіметіңнің тапсырғаны” деп, әбден аузы үйреніп алған. “Қамын жейтін өкіметің болған соң, азын- аулақ салмағы болады ғой. Бірақ, енді соны ылғи сенің колхозыңа сала беруге бола ма? Кішкене арқа-басыңды босата тұралық”, — деген болады. Өзінің бұл колхозда істеген шикіліктерінің бәрін осылайша “кеңес өкіметі айт” деп тапсырып жіберген базыналықтай қып, майдалап жуып-шайып айтады да, екінші колхозға ауысады. Іргені бір колхоздан екіншіге неге аударатынын ауданға барып, әбден мәлімдеп, дәлелдеп болған. Және аралары жақын колхоздар. Сондықтан бұның бүйтіп жүргендерінің ішкі жағын сырт кісі байқамайтын да. Екіншіге келерде тағы да момын колхозшыға талай жылғы сыр мінез жақынындай, тайтандап күле кіріп:

— Осы бәрінен де сен жақсысын. Аналар үкімет қадірін, кісі қадірін білмейтін, еңбегінді бағаламайтын құнарсыз көрінеді. Тапқан-таянғанды сендерге салып бір сүйрейін... Уа, мал ма? Малды өсірем. Соқа-сайманды молайтам. Аудан білесіндер, өзіміздің аудан ғой. Барын бізден ірікпейді бишаралар... Исполком, прокурор бәрі де “үй деген, бүй деген” боп жатыр. “Әйтеуір өзің біле берсеңші, Жұматай, десіп жатыр байғұстар”, — деп барлық аудан басшылығын әлі қарым-қатысы үзілмеген құдандалы ескі көз, сүйек шатысындай түсіндіреді. Қасында мүше, хатшы, жай жігіт болып жүрген тобы бар. Бәрі де бұл жөнде әбден тіс қаққан ептілер. Жұматай әдейі іріктеп алған.

Қайда барса тастамайды. Тіпті арасында аразы, андысқаны Жетпісбай сияқты бұзар болса, оны да ерте жүреді. Бұл екеуі бір сәтте араздасып, бір сәтте қайта табысып, көлденең қараған кісіге араларының шыны не екенін білдірмей, үнемі шаңқаптырып отырады. Бірдемеден ілік шығарып, жік жасаған сияқтанып, колхозшылардың наразы, ренішті жайла-

ры болса қолтықтарына кезек тартып, шегінің қырындысына шейін білісіп ап, артынан табысқан күндерінде соларын ашып салысып, бір-ақ ойын жасайтыны тағы бар. Әйтеуір қасына ерген топтың бәрі мұны құлатып тастауды түп мақсат қылмайды. Қайта ауданға барса, не өкіл-мөкіл келсе айналасын шырмауықтай орап алып, Жұматайды ылғи “Жұмекең” атандырып қойып, соны үнемі даттаумен болады.

Көп колхозшы Жұматайдың ауданда не істеп жүргенін біле алмайды. Бірақ білгені әйтеуір аудан ішінде бұны сүйейтін екі-үш кісі үнемі болып отырады. Оларды кейде дұшпан көзі қып, өзі тұрған колхозға қонаққа әкеп, сыйлап жіберіп те отырады. Кей-кейде сол азаматтардың үйіне осы колхоздардан сойылған бірен-саран сиыр, қой, тай сияқтылардың еттері барып қалатыны да болады. Бірақ ондай көп жарыққа шықпайды, бірер күн сыбыр есепті айтыла жүреді де жабылып қалады.

Осы Жұматай кешеден бері “Шақпақ” колхозына бір әлек кіргізді. Пәленің басы Шәріп бағып жүрген биелерден басталған. Жиырма бес биенің бұл кезде көбі құлындады, төртеу-бесеуі әлі құлындаған жоқ. Кенже құлындауға айналғандар еді. Соларды Құлжатай мен Шәріп ешбір қатты қайырым жұмысқа салдырмай, барынша қорғаштап жүрген.

Кеше таңертең сол ауыл кеңесі ауданға тығыз бір ақпар жіберем деп, өз бетімен бұйрық етіпті де, жаңағы буаз биенің қолда тұрған біреуін өзінің жігіті Шәлтікке мінгізбек болыпты. Құлжатай егін басында екен. Шәріп: “Бермеймін, мінген соң тағы шабады. Бұны беріп кісі мал көре ме?” — деп қарсылық еткен екен, Жұматайдың өзі келіп ақырып, боқтапты. Шәріп сонда да болмай тізгінге оралып жабысқан екен, хатшы мен Шәлтік бұны сабарман боп, жер-жебіріне жете жүріп тартып әкетіпті.

Қайда барғаны мәлім емес. Әйтеуір түсте қан сорпа қып әкеп, Құлжатай үйінің жанына байлап кетеді. Аздан соң бие аунақшып, жаталақшып, шиыршық атады. Биыл қулық құлындайтын еді. Шабдар байтал шабысты көтере алмапты. Аздан соң мезгілі жетпесе де құлындап жіберген. Бір сәтте күйіп қалған кішкентай жылбысқа құлын басында тірі туды. Бірақ Құлжатай мен Шәріп құрақ ұшып неше түрлі ем-дом істесе де болмайды, өледі.

— Туғалы тұрған биені неге мінгізеді. Мінгізері бар неге мұнша қинайды. Осы колхоз жайы мәлім емес пе еді өздеріне. Шеттен келген лаушыдай қай қылғандары? Осының бәрін жаны күйген Құлжатай білемін деп зерттемей ме?

Байқаса, бұл күнде Жұматай мен Жетпісбай арасы бас қатарлық шытырман күйлер тудырып тұрған екен.

Бұдан бұрын араздасып жүрген екі бөрі дәл осы күндерде татуласып, табысатын болыпты. Тегі алдымен Жетпісбай бейіл берген болу керек. Ол өзі Жұматайдан әрі өткен сарқынды болатын. Өзі орысша, қазақшаға бірдей. Мынадан жасы да жасырақ. Қолынан келмейтін пәле жоқ. Оны да ауданның бәрі біледі. Өзі күлдіргі де, ер де. Бірақ сол қалпында бір тәуір жерге орнығып жұмыс істемейді. Неге екені белгісіз, ұдайы мысық пен күшіктей боп жүрсе де осы Жұматайдың соңынан қалмайды. Бірде араз, бірде татуына екеуі де үйреніскен. Көп уақыт бірін-бірі көрсетіп, пәле жаудырудан тартынбайды. Бірақ түбі ағайын және екеуі де: “осы өңірде бұрын әрі саудагер, әрі жуан болған Бердібектің делдалы, пысық жігіті боп жүрген” деген сөздер бар. Түбі бір шарлаған іздері бар. Сыр мінез де, үйреніскен де. Сондықтан бірде араз болса, бірде табысқысы кеп тұратын да өздері болу керек.

“Шақпаққа” кеп орнағаннан бергі соңғы араздықтың кінәлісі Жұматай болу керек. Сондықтан Жетпісбай жағынан емеурін болса табысуға бұл әзір еді.

Ақыры көктемнің егіс уағы өтіп барады. Қамбадағы тұқым болса далаға шашылып кұритын. Және араздық уақытында бірде-бір сауық көрмей, көңіл сергіте алмай өлер болды Жетпісбай. Сондықтан ауыл кеңес хатшысы арқылы қабак сездірген және: “Ауыл кеңесі мені мына қамба маңындағы жұмысқа қойсын”, — деген бір кеште.

Содан кейін Жұматай олай шарлап, бұлай шарлап кеп, ақыры бір есебін тапты.

Бұрын колхоз сайлаған охран басы Әшім еді. Ол адал, епті, нағыз қайраткер жас колхозшы. Бірдеме қып соны орнынан тайдыру керек болды. Қыс бойы Жұматай мен Жетпісбай бұрынғы колхоздарда істеген машық бойынша бұндағы қамбаны да көп жағалап еді. Бірақ Әшім аяғына отыртпаған. Мыналар ниетін

ылғи серпіп тастап, соңғы кездерде тіпті ашу шақыратын да болған. Жұматайдың кім екенін біліп, әбден жиреніп, жек көріп алған еді. Бұрын Шәріптің үй ішіндей қып бұның әке-шешесін де тентіреткен бір мінезі тағы бар еді Жұматайдың. Ол өз бетіне Әшімнің ішінде қатудай байланып жатқан бір дерт болатын.

— Есті жинайық, колхоз ісі оңалсын. Түбі Жұматайдың ініне су құямыз, — деп өздеріне сенген көңілмен жүре беруші еді. Содан арғыға қол да тиіп жатқан жоқ. Жақсы колхозшының көбі шаруаның маңында емес пе? Сасық күзендей түн жамылып, көп жортатын Жұматай, Жетпісбайдың барлық шиірін біле бере ме?

Әшімнің түпкі шырайы басына жақсы емесін хатшы да, Шәлтік те Жұматайға жеткізген болатын. Бұл өзі көзге көрініп, өсіп келе жатқан жас жігіт. Құлжатай да аса жақсы көреді. Бүгін-ертең ілгерілеп, үлкейіп кетсе ғажап емес. Онда Жұматайларға тынышсыз да болуы мүмкін. Ескі пәленің бәрін жете оқыған Жұматай бұндай жастардан қатты сақтанатын. Өлгі әкелерін қудалау, өздерін кеудеге қағып, тартпалап өсірмеу талай колхоз ішіндегі нық саясаты.

Енді сол бетте ойлай-ойлай келіп, Әшімнің де бір есебін табатын болды. Осыдан екі-үш ай бұрын Әшімнің жасындағы жігіттер қызыл әскер қатарына шықырылған болатын. Әшім соған кетпек боп қатты талпынып еді. Бірақ, бұның бейілін көре салысымен Жұматай өз басына қауіп ойлады білем:

“Әуелі жөнін біліп қайтайын”, — деп қалаға барды. Барды да бірдеме істеп келді. Не қылғаны дәлді мәлім емес. Бірақ әйтеуір ол жолдан Әшім және тағы бір-екі сол сияқты өзге колхоздағы пысық жігіттер қалып қойды. Жұматай мұндай жігіттердің қызыл әскер болып, жол көріп, жөн біліп қайтқанын мақұл көрмейді. Сол есебіне ыңғайлап, бір нәрсе істеген болу керек.

Енді мына Жетпісбай ұсынысы шыққан соң осы Әшімді тайдыра тұру керек болды да, ауданға тағы бір барып қайтып, Әшім мен анау екі жігітке: “қалаға военкоматқа барасың”, — деп хабар білдірді. Жұрт Әшімді “әскер қатарына кетеді екен” деп ойлайды. Сонымен бір-ақ күн ішінде Жұматай момын колхозшылардың үстінен құс ұшырып, астынан ит жүгіртіп, Жетпісбайды уақытша оқран қылып сайлатып қойды.

Енді азын-аулақ тұқымнан басқа запасы қалмаған қамба, әйтеуір келіп, Жетпісбай қолына көшті. Соңғы күндердің бір уақиғасы осы еді.

Жетпісбай өз қолына қамба кілті тиісімен енді бір ақтарылып, тазармақ болыпты. Тазарғанда Жұматай басына өзінің татулық, достығын дұрыстамақ. Сонымен Шәлтікті және ауыл кеңес хатшысын салып, соңғы бірнеше жыл бойындағы Жұматаймен екі арасында жүрген кикілжіңнің бәрін бір-ақ таратуға байлайды. “Оның емі не?” — дескен- де Шәлтік:

— Тура Жүмекең екеуің құда бол, — деген ұсыныс жасаған. Осыған Жетпісбай ойыса бастаған соң, Жұматайға келіп:

— Жетпісбай осылай-осылай дейді. Іштегі даттың бәрін жою үшін құда болам, дейді. Шетке шығып жатқан жоқ. Осынысы тілек-ақ. Дәл осы жолғысы шын көрінеді. Осыған көнген мақұл, — деген. Сонымен байлау болып, Жұматайдың 10 жасар Қабдешіне Жетпісбайдың 7—8 жасар қызы атастырылады.

Енді соның бәрі текке өте ме?

— Құрғақ қасық ауыз жыртады, Жетеке, қалған есебін өзін тап, — деп Шәлтік те, Жұматай да қалжың айтқан.

Сол күні кешке Жетпісбай Федоровкаға шауып барып 15 пұт бидай сатуға таныс саудагермен келіседі. Ол ертең жіберетін кісіге бір четверть арақ пен қант, шай әперіп жібермек болады.

Кеше түсте шабдар биені міне шапқан Шәлтіктің ділгер жұмысы осы нәрселер еді. Қадалған жерінен қан алатын Шәлтік бос келе ме? Және Жетпісбай уәде қылса, саудагер астықсыз қалмайды. Оны бірнеше жыл бойында сыр мінез болысқан жемтіктерстер біледі.

Осымен кеше түнде Жетпісбай үйінде бір тәтті мәжіліс болмақ болды. Ана жақта “шабдар биенің құлыны өліп жатыр. Құлжатай күйініп есеп сұрап жатыр”, — дегеннің бәріне Жұматай мен Жетпісбай онша қайыса қоймай, бар хабарды жүре тыңдап:

— Қойсын, құрысын, қоя тұрсын, — дескендей жауап жіберіп жатқан. Өйткені Шәлтік келген соң четвертіге төртеуі де бір-бір рет бас қойысып алған еді.

Түстен бері бұлардың бастарында тұман, езулерінде табысқан достар күлкісі бар еді. Соның нашасын еш нәрсеге бұздырмақ емес.

Бірақ Шәріппен қоса күйіп, тыным таба алмай Құлжатай бұлардың мазасын ала берді. Бір рет Жетпісбай үйіндегі достар Құлжатайға ызаланып, кіжінісіп те алды.

— Қызыл тақтаға ілінеді бұл Құлжатай, — деп Шәлтік күлді.

— Адыра қалсын, біз іліндірсек ілінер... Болмаса өзін білетін кім бар? Далақтап жүргенмен далада қала берер, — деп Жұматай кекеткен. Жұрттың бәрінен өте масайыңқырап алған ауыл кеңес хатшысы:

— Ой, ол политотдел болады. Совхоздың политотделі болады, — деді... Бұл Жетпісбай, Жұматайларға шын бататын сөз.

Құлжатайдың осы совхоз жұртшылығымен және әсіресе политотделмен нық байланысып, көмек алып жүргендерін білгеннен бері асқақ қарап жүрген Жұматайлар: “Енді бұның да сүйеніші бар екен, ол политотдел екен. Осы кәпір ұлғайып, өсіп кетпесе игі еді” деп іштен қауіп қыла беретін. Бұрын оны кемсітіп, өздерін жоғары санағанда:

“Аудандағы пәлен бар, түген бар”, — деп күпілдесіп және соларды атаумен бірге аудан Құлжатайды жете білмейді, деп сенетін. — Енді бұған дос шығыпты. Өзі политотдел. Соған бар жәйді мәлім етіп тұра ма, қайтеді? — деп анда-санда күдік ойласатын. Жаманатты сыртқа кеп таратпас үшін Жетпісбай, Жұматай боп бір бас, бір тас боп алу да, іштей осындайдың орайына істеген қарсы қамының бірі еді.

Бұлар бірігіп сөйлесіп, енді мына Құлжатай мінездерін талқылаған сайын тіпті сонау политотделге де сырттан теріс қарау, дәрмені жетсе одан да ештеңені аяп қалмайтын тәрізденеді.

— Политотдел тірегі бар екен ғой. Уа шіркін-ай. Өйте берсең аяғынды аспаннан келтіреміз, — деп бір кіжініп алды Жұматай.

Сонымен бұл күні Құлжатайға жауап бермей: “Ауыл кеңесінің тығыз шаруасы бар, ауданға жіберетін ақпары бар”, — деп құйрықты сыртқа сала келіп түнге жетті.

Мәжілістері енді қызбақ болатын. Жалғыз-ақ енді Федоровкедегі саудагердің кісісін жөнелту керек. Ол келіп отыр. Күндіз жөнелтуге болмайды. Ең болмаса алакөлеңке қоюлансын. Күн батқаннан бері Жетпісбай тыным алмай, қамба жаққа бір барып, бір қайтып, маңайлаған кісі болса ай-бар шегіп:

— Тара, бар, тыным ал. Ертең тағы ұйықтап қалмай жұмысыңа мезгілімен шық, — деп себепсіз жазғырып, айдап салып жүрген.

Жұрт аяғы басылды. Ерте жататын еңбек адамының көбі ұйқыға да кірісті. Үйінде тықыршық атып, шыдай алмай қонақтар отыр. Сонымен бір кезде Шәлтік, ауыл кеңес хатшысы және Жетпісбай мен саудагер кісі болып, төрт адам қорақораның тасасымен ербең-ербең етіп қамбаға қарай басқан еді.

Бұлар келіп тұқымның аз ғана астығын кішкене қамба ішінде ақтармалап қапқа салып жатты. Түн меңіреу. Бөтен сыбдыр жоқ. Енді қапты толтырып алып, төртеуі бірдей сыртқа шыға берді. Дәл сол кезде қамбаның екі жақ бұрышынан төрт-бес кісі тап беріп, ақырып, дүрсе қоя берді.

Оңайшылықпен шошымайтын сырқынды Жетпісбай алдыңғы келген жігіттер ішінен Әшім мен Шәріпті танып қойып, пәленің қай жақтан шыққанын ұғып, қарсы ақыра қоя берді. Таза бейілмен шын ашуланған кісі боп:

— А, сендер ме едің? Жақсы келдіңдер. Мына бидайды қаптап әкеткелі қойған кім екен деп, әдейі акт жасап, андып жүр ек, жақсы келдіңдер... Ә, кісапырлар... Астық ұрлайсың, ә? Міне, міне, жолдастар, көрдіңдер ме? — деп қасындағыларды екі жағына кезек-кезек қойғылады. Аналар да естерін тез жиып ап, енді шу-шу етті.

Әшім мен Шәріп мына сұмдықты көргенде не дерін білмей естері шығып қалды.

Сол-ақ екен:

— Протокол, протокол, — десіп хатшы мен Жетпісбай, Шәлтік қапты бір-бір арқалап алып, қамбаны жауып тарта берді.

Әшім осының алдында ғана ауданнан қайтып, қамбаны айналдырып жүрген суық қолды сезіп еді. Қасындағыларды әдейі ертіп алған болатын. Енді міне, істің беті былай ауды.

Жетпісбай бәрібір артының не болатынын қараған жоқ. Саудагер кісіні жөнелтіп жіберіп, әуелі Жұматай мен ауыл кеңесі хатшысына протокол жазғызып қойды. Сөйтті де олар отыра берді.

Бірақ Әшім тына алмай Жұматайды іздеп салып еді. Оны Жетпісбай үйіне келе бере тыста көрді. Көргенін, күйгенін

айтпақ еді. Жұматай мұны тындауды былай қойып, даусын суытып, қатайып алып:

— А, келдің бе, ұры. Көрің қазылған кулактың баласы. Көзіңді көгертермін, — деп беті шімірікпестен қарсы алды.

Сол-ақ екен, сөзге келіп жауаптасудың орнына Әшім:

— Ай, қуарған кеңес жауы, залым-ай, — деп Жұматайға тап беріп, есін жиғызбастан жамбасқа мінгізіп “дүрс” дегізіп, бір-ақ соғып, ішке-ішке тепкілей бастады.

Тыста Жұматай жалғыз екен. Шаң-шұңға үйдегілер шығып жеткенше Әшім айтарын айтып, істерін де бірталай істеп алды. Қыстығып, булығып жүріп үздік-үздік айтқаны:

— Мен қашан кулак баласы едім. Сенен кетіп, маған жетіп пе. Қызыл әскерге кіргізбей, кулак деп резервке неге жазғызасың... Енді мені тағы ұры қылмақсың... Қай әкеңнің көз құны бар еді менде, еңбекші баласында, — дей жүріп, күйе келе басқа да бір-екі теуіп кеткен болатын. Қасына ере келген Шәріптер арашалаған жоқ.

Әшімді күйдірген жалғыз жаңағы арамдық емес. Одан басқа да ыза барын олар жаңа сезді. Шынында, Әшім военкоматқа барып, өзі турасында Жұматайдың не қып жүргенін енді біліп кепті.

Ол алғаш барғанда жалпы еңбекші балаларының қатарына алғызбай, “бұлар кулак балалары” деп бір рет қалдырған екен. Кейін барғанда бұларды резервке алғызатын болыпты. Әшім кеше барып, бар қастықты өз көзімен көріп, Жұматай ініне су құйып келген екен. Жол бойы зығыры қайнап, ертеле жеткен еді. Оның үстіне мынау. Сонымен алды-артын ойламай жаңағы істі істеп салды. Жұматайды үйдегілер кеп тұрғызып алған, аузы қан, маңдай тісінің бірі түсіп қалған екен. Алғашқы ашуын Жұматайды сабаумен шығарып алған Әшім енді жолдастарын ертіп кете берді.

— Қу, ұста, өлтір иттерді, — деп Жұматай бажылдағанмен мас болып тәлтіріктеп қалған Шәлтік пен хатшы қумады. Орындарынан көп ұзамай аз-маз аңқалаңдап болысты да, Жұматай мен Жетпісбай қасына қайта келісті.

Осымен бұлар түн бойы ішеді. Ішкен сайын бар колхозға және әсіресе Құлжатайға өшіге береді. Сонымен бүгін таңертең

тұрысымен Құлжатайды үйлеріне шақыртады. Бұл Әшімдерді ертіп барған.

Жұматай бұлар келер қарсыға бірталай кісі жиып апты. Олар көрші колхоз, ауыл советтердегі өжеттестері. Бір жағы ақсақалсымақ, бір жағы белсенді деп аталатын, бәрі де осы Жұматайша кәсіп етіп келе жатқан төрт-бес ысқаяқтар.

Сөзді бірі бастап, бірі қостап әлденеше саққа айдады. Қазақша қара сөз, арам сөз болса да май тамыза сөйлейтін жырынды сарқындылар.

Құлжатай оңдап майдалап, майпаздап, ащы шектей шұбатқан сөзді ежелден жақтырмайтын. Өзі еш уақытта олай сөйлемейтін де. Ойында не бар, бәрін кесіп-кесіп, сарт-сұрт еткізіп бір-ақ айтатын да тастайтын. Сонысына салып: биенің құлынын жоқтайды. Тұқым ұрлаттың дейді. Жазықсыз адал еңбекшіні, кеңес бейнетқорларын күйдірдің, қараладың дейді. Оның бәріне Жұматай, Жетпісбай, Шәлтіктер дауы талай-талай бақан тіреу салып алыпты.

Бұны біресе “жікшіл қып шығарды”. Біресе кеңес мекемесі, ауыл советінің авторитетін түсіретін “бұзар” қып шығарды. Ұрыны, бай-кулакты сүйейтін де қылды. Аяғы Құлжатай жаны күйіп:

— Әке, не қыл дейсің? — дегенде:

— Әшімді, Шәріпті протоколға қол қойысып айда. Және қазақ жолымен айып әпер. Жұматайдан өзің кешу сұра. Бие-мие деген бос сөзді қой, доғар... — деген сияқтыларды бықсытып, бұрынғыдан әрі күйдірді. Сонан соң Құлжатай шыдамай:

— Осыны сотқа берем, тергетем... — деп келтесінен қайыруға айналғанда, Жұматай нығыздалып кеп:

— Ендеше, сен кеңес жауы, үкімет дұшпанысың. Сені алдымен партиядан айдатам, — депті.

Соған шыдамай Құлжатай:

— Мен жасымнан еңбек баласымын. Қайда жүрсем де кеңеске адал бейілім мен өзімнің қайратыма жалынғамын. Маған қылмағың сол болса, — деп не қыларын білмей бұлқынып кеп, өзінің партбилетін қойнынан алып, пішен төбесіне лақтырып жіберіп, тулап, күйіп жөнеле беріпті.

Бұны неге істеді, онымен кімді мұқатпақ? Әсіресе сондай жаны ашымас аярдың алдында соны істей ме екен? Оған Құлжатай ойланып-толғанып қарамаған; Жұматай тобы да,

әсіресе, өзінің жолдастары да аң-таң болып, бұның кете берген сыртына қарап тұрып қалған. Құлжатай содан тыным таппай енді осында кеп отыр...

Болған жайдың бәрін баян ете кеп Құлжатай ең аяғында:

— Қайтейін, жаным күйді, — деп келіп Несіпбайға қарап:

— Сен ескінің ізі дедің, осының ең тура кеп, көрші, міне баяғыда аластап айдалатын кәпір, арам сирақ, әлі күнге партияны да, колхозшыны да алдап, аяққа шырмалып жүргенін... — деп тоқтап қалды. Рақым Құлжатайға қарап, әңгімесін тындап отырып, тереңдеп ойланып қалып еді.

...Әлі жеңіліп болмаған меңіреу табиғаттың шытыры мен бұршағы Несіпбайды күйдіреді... Ескінің кейбір ізі бұл бағып-қағып өсіріп келе жатқан төлден, жаңаның төлінен әлі түгел арылып болмай, анда-санда жотасын көрсетіп қалады.

Әлі кезі түгел жоғалып болмаған ескі адам мынадай момын колхозшының момындығы арқасында, қаға берісте отырып, көз бояп, ескі қырсық мінездерін жасайды. Совхоз қойына уақытша залал келтіріп тұрған шытырдай о да маңайын улатып, Құлжатайларды күйдіреді.

Ескі тарих, ескі салт, ескі мінездер, ескі дүлей табиғат енді жеңілерін, жоғаларын білсе де, кетуге айналса да, әлі де Несіпбай, Құлжатайдың аяқтарына шырмала береді. Бірақ “біз жеңеміз, жеңілсін шытыр мен Жұматайлар”, — деп сергіп алып, Рақым екі досына байыстады. Мағыналы өсиеттер айтты. Несіпбай, Құлжатай бұған: барлық ескі тондарды жыртып, күшті кеуде нық-сеніммен мықтап өсіп келе жатқан жаңалық тұлғасындай көрінді. Олардың нанымы берік. Шын кеңес баласы. Бұл жағаға келгенде өздерінің еңбегі, санасы, үміт тілегі бар-барымен бір-ақ қопарыла келген. Артқа, бөтенге ешбір алаңы жоқ. Кеңесінен басқа тілеуі де жоқ. Міне, өсіретін, сүйейтін жаңа адам, біздің адам...

Жолдастарына әбден әсерлі, түсінікті болған мәжілісінің аяқ кезінде Рақым даусын өзгертіп, айрықша бір жұмсақ, сезімтал жүзбен:

— Мен кеше Алматыда Крайкомда болып, біз істейтін іс, міндеттер жөнінде үлкен басшылық өсиет есіттім. Дана өсиет — “Жаңа адам”, жақсы адам, біздің тәрбиенің адамы бар, сол совхоздарың мен колхоздарыңда. Соны таба біл.

Тапқан соң баулып өсіріп бастай біл. Алға сүйреп, бойына екпін, қайрат бітіріп, сол адамды жарыққа шығар, көтер, — деді. — Ондай адам еңбегін сүйеді. Өзіне тапсырылған социалды түлікті сүйеді. Сол сүюін өшіріп алмай өз басы емес, маңын да жарқырататын үлкен жарыққа, төңкеріс жарығына айналдырып үлкейте біл, нығайта біл сол сүюін, — деді. — Ол адамның еңбегін де бағалай біл. Жүз қойға жүз бес қозы аман сақтаса биылғы жылдарымызға жететін сый. Содан арғының еңбегін, жаңағыдай адамның өз басын сыйла, еңбегін бағалай біл, тұрмысын, күйін түзе, — деді дейді де, екі досына қарай отырып:

— Міне сендермен мен істейтін істің мағына, мазмұны осымен шешілді, ашылды деп білемін, түсіндіңдер ме, жолдастар? — дегенде:

— Түсіндік, — деді Несіпбай.

— Ұғындық, бұдан артық не керек? — деп Құлжатай бар бейілімен ырза болды.

Екеуінің көңілінде де бағана Несіпбайдың жас қозылар жөнінде: “Ата бейілі керек, сүйегін ағартып атпал түлік ету керек”, — деген сөзі, енді бір жаңа үлкен мағынамен тереңделген, нық орныққан сияқтанды. Бұлардың өз жайын да ата бейілімен, шын дос басшы мейірімен нық ойлайтын қамқордың барын ұғынды. Ұғынған сайын тіршіліктері қазіргі май күнінің гүл атып тұрған көк майса жарастығындай боп, гүл-гүл жанып кеткен сияқтанды.

Осы кезде бұлар аттарына мінісіп еді. Анау өзеннің аржағындағы жотаға тағы бір шабанның қойы шыққан екен. Бұлар таныды. Еркімбек шабанның қойы. Несіпбай үлкен дос көңілімен қарайды. Жүз қойға жүз он тоғыз қозысы бар Еркімбек сол және қозылары қандай ірі, дөп-дөңгелек семіз. Ескінің сызын да, ізін де басқа теуіп, шын сенімді бағытпен өрге өрлеген түлік сол. Социалды түлік...

Несіпбаймен социалды жарысқа түсіп жүрген шабан да сол.

Құлжатайды Рақым “Шақпағына” қайырды. Екі күннен кейін ауданнан жолдастар келіп, бұның партбилетін өзіне қайырып, біраз ұялтты. Жұматай, Жетпісбай, Шәлтік, ауыл кеңес хатшысы деген ұя, бұдан былай бұл өңірде жоқ болды.

Ендігі ауыл кеңесі Әшім еді.

ҮШ КҮН

I

Оған енді көп заман болды...

Көлбайдың бір ерекше кейіп отырған күні еді. Үш қанат кара лашығының ішінде су тезекті қоздандыра алмай, өңеші қызарғанша үрлеп отыр. Кешегі нөсерден кейін құрғақ отын тұратын Көлбай үйі ме? Әл-дәрменін жиып, от басына шөгіп ап, тағы-тағы үрлейді. Ащы түтін қолқасын атып, көзінен жас ағызады. Бірақ тұтанбайды. Түтіні құрғыр шаңырақтан шықпайды. Кішкене үйдің ішін бықсып, шалқып, мор болып, басып алды. Өзі барып шапқан тобылғысын жеткізіп алайын дегелі әлденеше күн болса да, бай үйі көлік берді ме?

— Әй, итшілеген қу дүние-ай! — деп, кішкене қол көрігін босағаға лақтырып тастап, қалаулы тұрған тезектің бірнеше томарын алып, қолымен үге бастады... Басы, көзі, қойны-қоншын ораған сасық көк түтіннен бетін бұрып босағаға қарады...

— Мына пәлесі тағы жатыр ма еді жаратқан? — деп одан да көзі тайқыды. Тесігі үңірейіп, бір жарты қазан жатыр. — “Түске шейін жамап болып, өзі алып келсін!” — деген бұйрықпен байдың үйі жіберіпті, бүгін құлқын сәріден.

— Алты ай жаздай кара күреш табыс таптырмады! Құдайдың құтты күні не өзі, не жақынының ісін жібереді де отырады. Бай үйінен келген іс болса, ол ақысыз іс деген сөз. Себеп? Себебін несіне сұрайсың? Оған бай да, Көлбай да жауап бере алмайды. Тегі қонсылық шығар.

— Жаным-ау, бұ не деген боқташық? Бүгін қазан, кеше табаны сынған тоқсан жылғы кара үзеңгі, оның алдында ала жаздай майды аяп, қарамайламай жүріп, білігін жандырған ағаш арба... Оның ар жағында қырық жыл бұрын кара бәйбішемен бірге келген, топсасы кеткен, көмейі бұзылған кәрі абдыра... Не

деген таусылмайтын жыртық тесік? Бірде бірі не жамау, жасқау болатын ескі-құсқы темір, көр-жер, немесе аспап-сайман берсе екен-ау, тым құрса... Ақы тұрсын, отынды да өзі шабады.

Алары не? Көші-қонда көлік береді. Оның аты — бай, аузында семіз сөз:

— Далаға қаңғытып, жалғыз лашықпен тастамай, алты ай жаз өзіммен ілестіріп алып жүрдім, асырап шықтым, — дейді. Соңғысы — күнінде бір тиетін жалғыз аяқ қымыз. Оқта-текте қонақ келсе қазан басынан беретін ішек-қарын, сорпа-су.

Су тезек үксе де тұтанбайды... Бықсиды, көк тұман боп шырмалады. Ащы уыты көзін жейді, мұрнын жарады, қолқасын атады. Өне бойы ыс пен қорда.. Барлық өмірі де, еңбегі де осы су тезектің бықсығанындай көзді жасауратқан, қолқаны атқан, діңкесіне тиген тұтас бір ащылық, мор сияқты. Көлбай ызаменен езу тартты. Жап-жас басы ертеден ер жанышқан құл тұғырдай езіліп бара жатқан тәрізді. Осындай ойлар өзін де күйдіріп отыр еді. Қайнаған қара шәугімді қолына ұстап тыстан Жамал кірді. Қатыны. Оның да тіршілігі оңып тұрған жоқ. Жап-жас әйелдің иығында жалғыз лыпа — жыртық көйлек. Оң жақ иығы мен бүйірінен ашаң қоңыр еті көрінеді.

Арық жүзі кейіспен түйілген, қабағы қатқан Жамал:

— Өлгі екі туысқаның тағы ұрысып, боқтасып жатыр желі басында, — деп үйдегі әлі күнге бықсып жатқан тезекті, со от басының күлімен көме бастап, түтінді саябырлатып жатып:

— Қараң қалғыр, тым құрмаса суымызды ұрттатсыншы! — деп алғашқы сөзіне қайта ауысып: — Не жетпейді екен екеуіне? Итаршы болып, ел жұртқа мазақ боп ырылдасып жүргені! Өз қамы болса екен-ау, тым құрмаса!

— Тағы не екен?

— Талпақ: құдық басына жылқы қамалып қалды, неге қауға тартпайсың, — деді... Анау Сарыауыз: мен бие байлап жатырмын, сенің ішінде шеменің тіреп тұр ма? Өзің неге құймайсың, — дейді... Жөн айтыса ма олар, адамша? Бірін-бірі боқтап, жер-жебіріне жетісіп, төбелесермен болып жатыр...

— Бай ше?

— Ол қарап отыр, сылқ-сылқ күле береді құр! Аналар онан сайын екіленіседі... Мазақ болғанын, қор болғанын білмейтін немелер! — деп Жамал кішкене ала дорбаны ас жаулық орнына

жая салып, бес-алты құрт тастап, екеуінің таңертеңгі шай болмысын құя бастады.

— Мықты, қайтпас, айпар-жайпар деп екеуін екі жерде құтыртып қойған ғой бай үйі!

— Атама! Ертеңді-кеш күлкі қып ермек ететіні солар. Бірі жылқышы, бірі биеші — екеуін: “Бірің батыр, бірің балуан” деп қойыпты. Екі туысқан құдайдың құтты күні қырық пышақ!

— Ой, төбеңнен ұрғырлар, тұра тұр, өлтірдіңдер ғой сендер-ақ! Құмарыңды бір қандырып, жындарыңды бір басармын бәлем! — дей бергенде, екі иығынан демін алып Талпақ кірді. Қайратына семірген күшін қайда жұмсарын білмеген төртпақ денелі, тасыр Талпақ, туысқанының үйіне кірісімен, екі адымдап төрге шықты.

Үйткені Көлбай бұны таң-тамаша қалдырғандай боп, дағдыдан ерекше түрде қарсы алған еді. Ол жаңа ғана қатынына айтып отырған наразы пішінді тастай беріп, Талпақты көрісімен қолымен қойғандай құбыла қойды да:

— Ә, Талпеке! Уай, батырым-ай, келдің бе... Уа, жоғары шық!.. — деп қағылып орын әзірлеген. Сый қонақ келгендей қалбақтап, күте бастаған. Бұл сияқты, ойда жоқ мінез Жамалды да, әсіресе Талпақты да таң қалдырды... Бірақ жалт-жалт қарағанмен олар Көлбай жүзінен еш нәрсе ұға алмады... Оның Талпақ алдына ала дорбаны сүйреп салып, кесесін әперіп, құрақ ұша бастағаны жігітке бұрынғы келген бетінен көрі де молырақ нығыздық бітіре бастады. Үйткені үндемейтін, өз ақылы өзінде жүретін Көлбай бұл туысқандарына тұп-тұтас бір жұмбақ сияктана беретін. Өзі ұста. Елде жоқ өнері бар. Енді ол сыйласа, кісі тек бола ма дегендей боп, Талпақ тіпті Жамалға да сый қонақтай қоқилана түсіп, жота көрсете бастағандай еді.

Сол кезде тыстан: — Ой, тұқымыңды, — деп, алыстағы біреуге дабырлап сөйлеп, жайлап келе жатқан Сарыауыздың үні шықты... О да осылай беттеген сияқты... Талпақ, анау кеп бұлдырық боп кетер мекен” деген кісіше отырған жерінде ырғала түсіп, нығыздалып, өз салмағын өзі безбеңдеген сияқтанды. Тамағын: “Мен отырмын...” деген кісідей боп кенеп-кенеп қойды.

Сарыауыз үні шыққаннан бір оймен басын төмен салып, Талпақты көз астымен үндемей бағып отырған Көлбай, енді анау есікке таман келіп қалғанда, екеуіне де естірте:

— Пай, екеуі бүгін қырбай боп қалды деп еді, қақтығып қалмаса игі еді, — деді. Сол сөздің аяғы біткенше алпамсадай, аусар жігіт Сарыауыз да кіріп келді.

Талпаққа Көлбай сөзі “шу” деп тебінгендей тиді білем:

— Әй, енеңді... мен отырған үйге неге кіресің? — дей бергенде, анау іле жөнеліп:

— Е, атаңның... Әулиең бар ма еді мен кірмейтін? — деп ежірейіп қалды...

Көлбай екеуінен үркіп, қорыққан кісідей кезек қарап ап:

— Қап, айтпаппа едім? Қатын, ойбай, төбелесті енді, бұлар... — дегенде:

— Кімді басынасың сен? — деп Талпақ орнынан өрекип тұра берді... Бірақ әлі екеуі жүгірісе қойған жоқ еді. Көлбай естерін жиғызбастан Жамалды қағып қалып:

— Жи, ойбай, қатын, шыныңды, аяқтарының астында қалатын болды ғой, тәйірі! — деп ала дорба мен шыныны Жамалдың ар жағына ысыра салып, екі туысқанына майданша жасап берді...

Бұның алдында біраз тұрысып қалған екі жігіт енді біріне-бірі тап берді. Көлбай:

— Ойбай, құдай, екеуі де дәусіген неме еді. Енді араша береді деймісің! Өзімнің саным да басқызбай отыр еді, — деп босаға жақтағы жаман кебеженің үстіне барып отырып алды...

Сүзістіріп жіберген қошқардай боп ана екеуі жағаласып, жұдырық салысты... Жамал басында мінезіне таң болып тамсанып отыр еді, енді шошып, безектей бастады. Көлбай ана екеуінің тамашасына былқ етпестен қарап отырып, қатынын қолынан тарта беріп, көзін қысты да:

— Бұл ауылда айыруға жарайтын кісі де жоқ. Бар, қатын, ана ауылдағы ұзын аяқ Мұсаны шақыр! — деді... Жамал таң болып тағы қарағанда: — бар, жылдам, ойбай! Тоқтамайды бұлар! Тез басылады деп тұрмысың? Менде дәрмен жоқ, өзім өлейін бе? — деп, қатынды жөнелтіп, шақшасын суырып алып, насыбайын атып алды. Маңдай тістерінің арасынан фонтанша атқытып, шырт түкіре тастап, аналар ойнап жүргендей жәп-жәй ғана қарап отыр. Бұл кезде бірталай тарпақтасып қалған екі жігіт енді демігуге айналған еді. Бірақ екеуінде де жаға жыртылып, көз ісіп, бет тырналып, қан да шығысып қалған.

Бірін-бірі алыса алмай, енді тағы бір азда құр кеңірдектен алысып итерісе берді. Дәрмендері құрып барады... Жәй төбелестің басылатын да кезі болды. Әрі-беріден соң Көлбай “қой” десе де тоқтарлықтай болып еді. Бірақ ол құр бақырайып қарайды да отырады. Енді бір азда аналардың сүлдері құрып, екеуі де бұған жалт-жалт қарай беретін болды. Екеуінің көзінде де мынадан арашаны дәме қылу бар. Үйткені ұзын аяқ Мұсанікін олар біледі. Бұл ауылдан тақ жарты шақырым жер... Оған әлгі Жамал жеткенше қашан? Соны ойлаған сайын Көлбайдан дәме қылысады. Көлбай әрқайсысының бірер рет көзі түскенде шімірікпестен тамсанып:

— Пәлі! Әлі, алып дегені қайда? — деп біреуіне айтады да екіншісі жалт қараса:

— Болмайды деген осы ма, сығыр? — деп оған да дем беріп қояды. Ана екеуі бұндай сөздің артынан амалсыздан тағы қаужаң-қужаң етіседі. Бірақ енді құр нұқысады, дәрмен кеткен. Үйдің іші апыр-топыр болды. Көлбай жалғыз-ақ шыны-аяқтарын ғана қорғай береді. Одан басқа босағадағы бай үйінің қазанын да аямады.

Жалғыз-ақ мыналар енді тым көп қарай беретін болған соң, өзі басын көтермейтін, көз салмайтын болды. Мойнын төмен салып, көздің астын ғана жібереді. Анда-санда екі танауы желбіреп, үндемей ғана іштен күледі.

Сымен әлде не заманда демігіп, өкпесі күйген Жамал қайта жетті. Бұл: “Мұсасы құрғыр жоқ, ойбай”, — деп үйге кіре бергенде Талпақ пен Сарыауыз сілесі құрып болып, көптен бері құр ғана тіресіп тұр еді. Тағы бір-бір нұқысты. Мұсаға екеуі бірдей мұндай құштар болмас! Көлбай сонда ғана есінен танған кісі боп:

— Ойбай, рас-ау, ол ит кеше қалаға кетіп еді-ау, — деді... Тіпті өзі шығарып салған еді. Төбелескіш екі жігіт бұл хабарды естігенде өлер болдық қой, ойбай! — дегендей қатар күрсінді...

Бағанадан сезбес кісі боп отырған Көлбай енді ғана орнынан тұрып, жақындап кеп:

— Жә, енді қайтесіңдер? — дегенде екеуі де бірін-бірі қоя бере салды. Көлбайдың ендігі жүзіне бұлар да, Жамал да көрмеген ашу мен намыс белгісі шықты. Көзі шәншіліп, есті ашудың ұшқынын шашып, қатты зекіп:

— Ой, құдай ұрған екі қор. Бай үйінің бәйтөбеті болғанға елірдіңдер ғой. Мазак қылса да мәзсіңдер ғой! Мыналарың сол ғой! Итаршы боп екі жақтан абалағандағы күзеткенің кімнің дүниесі, кімнің тыныштығы? Сол үшін де қор бола ма екен? Ал, тойдыңдар ма! — деп үйден екі туысқанын айдай берді. Ананың екеуі де: “Ит болған екеміз”, — деп балаша жылады. Жамал қоса жылады. Бірақ ол Көлбайдың өз мінезіне әлі де таң еді. Мұрнын сіңбіре тастап жылап отырып: — Әлі осы, өзіндікі не, — деді... Көлбай қол көрікті қайта сүйреп келе жатып:

— Қараңғымыз ғой, қараңғы... Қараңғы! — деді...

II

Бұған да бір қатар уақыт болып қапты-ау! Мың да тоғыз жүз жиырмасыншы ма, жиырма бірінші ме жыл еді.

Көлбай, Талпақ, Сарыауыз үшеуі қосшы союзының болыстық съезінен қайтып келеді. Астағы аттары енді бұрынғыдай тай-тулақ емес. Жал-құйрығы бүтін: қоңы тоқ — шаруаның тұғыры... Киімдері де бір сыдырғы бүтінделіп қалған.

Талпақтың мойнында от алмаса да айбар үшін салып жүретін, ескі қара бердеңке де бар. Сарыауызбен екеуі бұл күнде өздерін қай жерге қоярын білмей жүр. Таңдау көп.

— Мелитсе болсақ па екен?

— Жоқ, болысполкомның атшабары қайтеді?

— Әлде тіпті содия, тергеушінің жігіті болса нетеді? — десіп кенде жүзгендей кергі түседі...

Көлбай қосшы союзының жұмысына өзі орныққан кісі, байқайды... Мыналар арлы-берлі жүйткүмен әлі байыз таппай жүрген сияқты.

Бірталайдан бері үшеуінің кезі келіп, бірге шыққаны осы еді. Талпақ пен Сарыауыз Көлбайға бір өнер көрсеткісі келді білем, екеуі: “е” дегендей болысты да, Талпақ сөз бастап:

— Уа, мына Суықбұлақта Жаман байдың ауылы отыр. Соған барып түстене кетеміз! — деді.

— Бәрекелде, Көлбай, біздің жүрісті де бір көрсін, әйде барамыз! — деп Сарыауыз астындағы торы аланы шаужайлап, омырауға ұрып қаздақ-қаздақ бастырды.

Көлбай сыртқа сыр білдірмейтін қоңыр баяу пішінмен:

— Қойсаңдар қайтеді?.. Осы бай жағалағанды әлі қоймадыңдар ма? — деді.

Ана екеуі бұл күнде байға күніміз түсіп, көз сүзіп жүрміз деп ойламайтын... Ендігі байға түстеніп, байға қонып, қонағасы, түстік жегенді: есе, теңдік алғаны есепті көретін. Бүгін Көлбайға сонымен қыр көрсетпек те еді.

— Бай жағалады дегенің қай сөзің? — деп Талпақ тікірейді.

— Жағаласа бай жағаласын. Біздің оған бір күніміз түсіп тұр ма? Неміз кетіпті? — деп Сарыауыз елірді...

Көлбай басын төмен салып, атының шашасына қараған кісі сияقتанып келе жатып, екі танауы ақырын желбір етті де:

— Жоға дейім, әшейін... Тегі іргені аулақ салған мақұл дегенім ғой! — деді.

Талпаққа ол сөз дарымады.

— Е, есе әпермеймін деп пе едің? Не қылмап ет! — дегенде Сарыауыз да: “Байды қорғайын деп пе едің!” — деген кісіше қабағымен Талпақ сөзін қостап, жотасын күдірейтіп, Көлбайға тесіле қарады, Көлбай қызған жоқ. Жауапқа асыққан да жоқ. Бірдеңе ойлап, шешіп алғандай боп:

— Есені осылай алады екеміз ғой тегі. Мақұл, көрейік! — деген болды.

Баяғы қара бәйбішенің қазаны пісуге тақап қалған. Үш батырақ әлдеқашан қымыз ішіп, шайды да жайлап болған. Енді Талпақ пен Сарыауыз баяғы өздеріне мәлім құдық пен желі басын аралай кеткен. Қастарында байдың өзі. Сый қонақты қарсы алғандай, екеуіне шаруаның мұңын айтқан боп, қас қабағымен арбай түсіп, қолына қондырғалы баурап жүр. Сөзінің құйрығын ылғи бір-ақ жерге имектей беріп:

— Ағайынбыз, бір атаның баласымыз... Екеуің азамат болдың, атқа міндің. Құдайға шүкір! — деген сияқтыға соға береді...

Көлбай келгеннен көп жауап қатпай теріс қарап, бүк түсіп жата беріп еді...

Енді тыстан кірген бәйбішенің бір сөзін аңдап қалды... Қазан пісті, түсірейік, әлгілер қайда екен деген сияқты.

Осы кезде Көлбай бағанадан бергі томсырайған, үндемеген пішіннің бәрін тастап, басын көтеріп, ширап алып:

— Бәйбіше! Осы бізге берейін деген асың ғой, ә?

— Е, шырағым, сендерге бермегенде кімге берем?

— Ендеше, осы бүгінгі қонақты қалай сыйлаудың еркін маған берсең қайтеді? — деп бәйбішеден рұқсат ала сала өзінше бір іске кірісті.

Аздан соң Сарыауыз, Талпақ, бай үшеуі үйге қайтты. Бұл уақытта екі табаққа ет те жасалып қалған екен...

Бірақ үй ішінің суреті біржолата өзгеріп қапты, жаңа келген үшеуінің кіре бере байқағаны: Көлбай болды. Ол қалбаң қағып, аяғының үшінен жүрген кісідей боп, әлдеқандай жат, сый қонақты күткендей әзірлік жасап жүр. Мыналар кірер кірместен-ақ Талпақ пен Сарыауызға:

— Жоғары, жоғары!.. Уа, жоғары шығындар! — деп төрге нұсқады. Бірақ төр дегені бұл күйінде үркітерлік боп қапты... Онда бағанағы жатқан кілем, көрпенің орнына құрым киіз, тулақ төселген...

... Ал кілем мен көрпе оң жақ босағаға төселіпті. Кергіңкіреп тамсанып тұрған Талпақ пен Сарыауызға Көлбай:

— Бүгін бір есе-теңдік күні болсын, кел жігіттер! — деп отыра беріп:

— Бай үйінен есе алсақ, тегіс алайық... Уай, байеке мен бәйбіше! Сендер төрге отыра-отыра болдыңдар ғой, ана босағаға отыр... Біз босағада шіріп қалып ек қой, енді міне, есе алып төрге шығамыз!..

Үй аң-таң боп Көлбайдың айтқанын ғана істейді. Бәрі де артынан не шығар екен дескендей... Бәйбіше көрпеге отыра беріп тамсанып қояды. Көлбай ерекше құбылып алған. Ана екеуіне ой ойларлық та дәрмен бермей, үсті-үстіне шатыстырып барды.

— Сорлы құрым киіз бен тулақ, сен де бір төрге шықшы! — деді екі жолдасы бұл да, қасына төрге отыра бергенде...

— Бай үйінен есе ала келдік... Уа, анау бас пен жамбас, мықын-жілік — бұл төрге шығушы болмасын... Сол босағадан бері озбасын! Бәлем көзіңді бір көгертейін. Әкпел: шығар төрге, ана мойын, сирақ, ішек-қарын, өкпе, көк бауырды! — деп бағана өзі жасатып қойған бір табакты алдарына алғызды да, қаужаң-кужаң турап, қапыл-құпыл асай бастады. Аналар да

амалсыздан табаққа қол салды. Көлбай тоқ ішекті қарбыта асап жатып:

— Бәлем, төріне шығып талтандап, байдағы есенді сен де алшы бір, ащы ішек! — деп соны пышағы жоқ екі жолдасының алдына бұдырата кесіп, тастай-тастай береді...

Бұны оқты көзімен атып, намыстанарын да, күлерін де білмей бір қуарып, бір қызарып отырған жолдастарына табак тақырлана берген кезде:

— Байдан есе алғанда төріне құр өзіміз ғана шығып қоя ма екеміз? Босағасын сүйреп төріне шығарып, төрін текпілеп босағаға айдаймыз да осылай, ә, жігіттер! — деп қояды... Бұл сөздерді дәл кеше, қосшылар съезінде сөйлеген, көпгі жақсы жолға бастаған сөзіндей сөйлейді-ау және! Күліп отыр, әзіл етіп отыр-ау деуге тіпті он екіде бір нұскасы ұқсамайды. Жүзінде күлкінің ныспысы да жоқ. Шынның шыны...

Екі жолдасы үннен қалды. Олар да, үй іші де құр сылп-сылп тамсана береді...

Атқа қонысты. Ауылдан шыға бере аз үндемей келісіп, аяғында екі жолдасын екі жағына алды да Көлбай:

— Бай-жуанның үй мүлкін аман қой да, одан жаңа есе алам де! Ол жаңағы босағаның тулағы мен ішек-қарынның есесі ғой... Жоқ, шырақтар, есе, теңдік отауы бұл шаңырақтан бөлек жерге тігілсе керек. Білдіңдер ме? Босаға мен төр арасының бәйгесінен көрі, алысырақ бәйгеге шықсақ керек! — деп енді ғана күлді.

Талпақ пен Сарыауыз мойындарына су кеткендей ұйыса да:

— Қашанғыдан бұрын ет жегізбегенің не? — десті.

— Әлі сипалаумен келеміз. Көзді жаңа тырнап ашып келеміз. Бір жарық таяу-ау, таяу-ау, жігіттер, — деді...

Аттары алдағы белге қарай борт-борт желеді...

III

Бұл бұрынғы емес, биылғы. Кешегі емес бүгінгі. Үш бригада жарысының таразысы құрылған кеш. Көктемде колхоздың жалпы жиылысында шарттасқан үш бригада, бүгін көмбеге үзеңгі қағыса жетіп тұр. Бригаділер басы колхоздың талай жылғы желді аяғы, үш екпінді: Көлбай, Талпақ, Сарыауыз.

Колхоз мектебінің үйі үш бригаданың колхозшы әйел-еркегіне әлдеқашан лық толған. Жиылыс басқармасы бүгін өзгеше. Көпшілігі ауданнан келген қонақтар. Басқарып отырған райком хатшысы. Төбесі аласа кішілеу залдағы тығыз жиын, өз күштеріне енді сенген, аудан ортасындағы маңызын сезген, салмақты нығыз жиын.

“Бұл колхоз аудан алды... Аудан емес, тіпті округ алды!” — деген жайлы дақырт бүгін түстен бері, аудан кісілері келгеннен бері, тегіс тарап қалған...

Өз бригада атынан алдымен Талпақ сөйлеп кетті. Бұның сөзі баяндама емес, тұтас рапорт есепті боп өтті.

— Үкімет салығын сентябрьде толық бітірткен, тұқымдық қорды түгелдеткен, ең алдымен — біздің қырман, көлігі жүз пұт, түгел, арқа басы бүтін. Бір мәшине, бір арбасы бүлініп реттен шықпаған — біздің бригад. Ішінде лодыры болса түзеліп, екпіндісі ерекше еңбек сіңірген біздің бригад. Алды үш жүз, ең арты екі жүз еңбек күніне, маңызды, мағыналы еңбек күніне ие болып отырған тағы біздің бригад... Салықтан қалған астықты тегіс жинауда кешеуілдеп еді, бірақ міне, бүгінгі күнге ең соңғы маямызды басып, тазалап, қаптап болып, жаңа осы жиылыс алдында қамбаға үйіп кеп отырмыз, — дейді. Сарт-сұрт еткен дәлдікпен, сенімділікпен айтылып өткен мағлұмат ең аяқ сөздің тұсында бытырлай соғылған шапалақпен, шын сүйсінген қошеметпен аяқтады...

Дәл осындай ақпар, рапортпен Сарыауыз да мүдірместен сыдыртып, өркештене түсіп желе жортып өтті. Оның да соңғы ат басын іріккен жері: — Соңғы маяны жаңа басып бітіріп шықтық! — деу болды.

Бұл өз ақпарының арасында екі малателкені сумен жүргізгендерін, сонымен көлік қоруыштап, күш молайтып, жұмыс өндіргенін айта келіп еді. Дәл осы тұста Көлбай баяу ғана:

— Шіркін, ең болмаса малателкені суменен жүргізіп бергенімді айта кетсеңші енді, құдай, кәнеки, — деп жұртты тегіс ду күлдірді. Сарыауыз онысын растап тұрып, тәртіпті жолмен алғыс айтты... Бұның Талпақтан аса омыраулай қойған мәселесі, қалтасынан обком қаулысын алып тұрып: — Ноябрь күнінде Мәскеуге бар одақтан, жақсы колхоз, озған кол-

хоз өкілдері жиналады екен. Одақ қана емес, шет елдер жұмысшылары да келеді екен... Осыған, міне, ауданнан, өкіріктен озды деген шын болса — дәл, міне, біздің колхоз барады, — деп басқарма басындағылардың бас изескен, қошемет қылған күлкісімен қатар, азырақ желіге келіп:

— Тіпті дәлін айтайын, тақ мына тұрған пақырыңыз барады деп білем! — деп жұртпен бірге өзі де күле тұрып кеудесін түртті... Бұның да бригадасы нық сүйсінді. Екпінді басшылары, сын жиынның алдында көмбеге ойнақтап жетіп, баяғыша айтқанда ту жыға өткендей болды...

Баяу қоңыр пішінмен Көлбай шықты...

— Рас, біздің әлі үш маямыз басылып болған жоқ! Аналардан ол жағында кешен қалдық, — дегенде, Талпақ екі білегін сыбана беріп:

— Ендеше, не бәсің бар? — деп қарқ-қарқ күлді.

— Бәлем, Көлбай, ілесе алмай, бір қалдың ба? Бәсе өзің айтшы? — деп Сарыауыз да әзіл етті. Басқарма да, өзге жиын да “Көлбай ұтылдыға” бейімдей бастаған еді. Әсіресе Көлбайдың момақан пішіні мен залға тегіс естілмейтін баяу қоңыр үні де, сырттай сол күйге мойынсұнған тәрізді. Бірақ өз кісілеріне көзі түскенде Көлбай олар жүзінен, әлі бұның бірдемесіне сеніп, жабырқамай, қайта дәмеленіп, кең пішінмен күле қарасып отырғанын көрді. Әйткенмен басқармалар болсын, өзгелер болсын, бұларды, қабақ шырайларымен ықтатып бара жатқан сияқты. Онан соң Көлбай, еңбектерінің жалпы, аналар айтқан сияқты тұрғы-тұрғыларын айтып болып, енді дауысын қатайтыңқырап кеп бір сөз бастады. Онысы — біз еңбек істей жүре сауатсыздықты жойдық! — деген ақпар еді.

Талпақ пен Сарыауыз қатар дүрсе қоя беріп:

— Е, сауатсызың біз бе екеміз?

— Казет, журналыңның бізден құр кеткені бар ма екен?! — деп өз бастарының әзірлігін айтыса жөнеліп еді...

Көлбай мызғымастан бұларға бұрыла беріп, баяғы ішек-қарын табағын тартқандай пішінмен, тағы да екі танауы желбірі етіп, іштен күліп, әлі де сыр бермейтін салқын жүзбен:

— Өз басымыздың сауатын былай қояйық, жолдастар. Мен бригадіміздің сауатын айтамын, ол тегі керекке жарай ма екен өзі? — деп басқармаға қарай бір рет қана көз тастады.

— Е, бригадіні айтасың ба?

— Е, көпгі айтады екенсің ғой! — десіп Талпақ, Сарыауыз баяулап қалды.

— Е, ия, соны айттым, — деп Көлбай енді дауысын қатайтыңқырап алды. Жұрт бұл кезде бұған тегіс аңыра бастап еді.

— Уа, біздің бригадімізде сауатсыз бір жан жоқ! Және көпшілікте шала сауат қана емес, төс табандап білім, мәдениет іздеп келе жатқан сауат... Рас па осыным, біздің жолдастар! — дегенде, бұның бригадісі әр жерден костай жөнелді...

Өзгеден ерекше боп бұған қарап аңырып, тесіле қарап отырған бастыққа көз қырын бір тастап, рұқсат тілеп алғандай боп, Көлбай:

— Ендеше, бері шығындаршы, біздің бригад! Кітаптарыңды ала шық, — деп команданы өзі ала берді. Он шақты әйел мен жиырма, отыздай еркек қалта, қойындарынан кітаптарын суыра алға шықты...

— Е, тәйірі, біз құмадан туыппыз ба? — деп Көлбай енді өркештене бастап:

— Кәні, кімнің нені оқып жүрсіңдер? Айтындар тегіс! — дегенде, қатарынан көп үндер жауап қатты.

— Мен жетінші кәнперенсені... — дей бергенде комсомол Жәкып үнін:

— Мен ұлт мәдениеті жайындағы баяндаманы...

— Уа, мен “Даланы”... “Келесі кеңес кең далам”, “Кеңесім — анам, мен — балаң!” — деп бір жас жігіт әндете бастады.

— Менікі “Қызыл ат”...

— Менде, міне, “Талтаңбай!” Рақым етіңіз, маладая кадр! — деп баяғы өзіңіз көрген Жамал, Көлбайдың Жамалы енді біраз ажым түсіп қалған жүзімен сақ-сақ күлді.

Көлбай енді барынша қатты дауыспен жұрттың күлкі дабырын баса:

— Уа, міне, бәрін оқытып көріңдер! Жарық бер! Жарық берші, жолдас райком! Күшті жарық. Коммунизм жарығын!.. — дегенде жұрт бірі қалмай қолды соқты, орнынан қалай тұрғанын білмей қалған басқарма да тегіс келіп Көлбайды көтеріп алды.

ҚАСЕННІҢ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

(Психологиялық очерк)

Ойпыр-ай, не деген, не деген биік! Көріп пе ем осыны бұрын, көрмеп пе ем? Не қылған қап-қара? Неліктен жап-жалаңаш... Бұ қай тау, жаным-ау?... Қандайлық қап-қараңғы дүние. Түн бе, алакөлеңке ме, әлде не?... Не қылған құлазыған жалғыздық... Қайдан, қалайша кеп қалдым осында?..

Тау зорайып, пішіні суып аспандап барады. Аяғының астына қарай алар емес... Салған сайын тіктеніп шаншыла түседі. Астында әлсіреген бір жаман ат... Аяғын жылжыта алмай қалтырап тұрғандай. Сондай халде өзі. Төменгі жағы көз алдында құлазып, шаншылып тас құзға айналып барады. Ар жағы?! Қарай алмай көзін жұма берген сияқты. Қап-қара боп, азынап ашылып бара жатыр. Тұнжыраған түпсіз қара қуыс... Ажал ісі аңқиды.

Қапсағай қара қойнын ашқан өлім бе?..

— Өлдім-ау... Кеттім-ау... Бітті деген осы ма?

Бұлқынып қалды, бірдеме тарс етті...

Жәмиланың даусын есітті. Ашулы, ащы екен... Сонда да майдай тиді. “Уһ!” деп көзін ашты.

Есікті екінші рет тарс еткізіп жауып қалып: — Құртар болдың ғой әбден, түге... Құдай құртқан немелер! Құрттың ғой бізді де әбден! — деп келе жатқан анық Жәмила, өзінің қатыны.

Аяздай соғып ұшқындап келсе де, бұл жаңағы жалғыздық емес... Қара құз ажал емес... Жер... Ол да емес-ау... Тіпті өзінің үйі... Өз төсегі... тірі... бар...

— Жәмиламысың? Уһ. Жәмила-ай.

— Немене? Неге күрсіндіңіз?

Даусы шошынғандай шұғыл өзгеріп, қасына жетіп кеп:

— Бір жеріңіз ауырып жатыр ма? — деді.

Қасен көзін бір жұмып, бір ашып дүниесін әбден күндегі өзінікі қып қайта тауып алмақ боп үндемей жатты. Енді бойын жия бастағанда Жәмиланың ашуын да күндегі шарт- шұрттың бірі шығар деп, серпіп тастамақ еді. Бірін-бірі жақсы білгеннен туған дағдылы есеп. Ертеңді, кешкі саясат...

“Мен өліп, тірілсем де өстіп қарсы алар едің-ау” деген сияқты, көңілдің алыс түкпірінде жатқан, әншейінде өзіне де жат бір кемпір наз... Сондықтан үн қатпауын бұлдаңқырайды. Тіпті мекірене түсті.

— Япыр-ау, айтсаңызшы, ауырып қалдыңыз ба? Әлде кешегі ішкеннен бе екен? “Традус” әкелейін бе? Көп ішіп пе едіңіз?

Жәмиланың даусы әбден жылынды. Ендігісінің бәр-бәрі күндегі машықты, бас-аяғы мәлім — тіпті қолымен ұстап, шымшып көруге болатын өз өмірі... Сабасына түсе кетті.

— Жоқ, ауру емес... Бірақ керегі не, өліп тірілгендей болдым...

— Е, немене, жаным-ау, айтсаңызшы жайын?

— Бір түс, — деп шын-ақ өз жайын, барлық тірлігін сипап, сауырын ұстап байқамақ болғандай боп Жәмилаға қолын созды. Бірақ сипай бергенде шошайып тұрған мықын сүйегіне қолы тиіп, сұлық түсіп қалды.

“Шірікін, өкпе-бауыр-ақ жалаң қапты-ау!” — дегендей болды ішінен. — Мәлім, мәлім”.

— Е, со ма? Құдай-ай тіпті, — дей сала-ақ Жәмила түсі сұрлана, даусы қатайып әуелгі ашуын қайта шақыра:

— Анау қатынды көрдіңіз бе, үлкен табакты флитеден құлатып сындырып қойғанын!

— Өй, қай үлкен табак? Блюде ме, энеугі төменгі базардан алған?!

— Е, сол емес пе? Ішім күйіп барады тіпті. Талайдан қолға түсіре алмай жүріп, жаңа ғана таптым ба десем...

— Ой, құдай ұрсын, құдай ұрғыр... Әй, мазаны кетірді- ау осылар-ақ... Сағат не?...

Жәмила түйілген бетімен:

— Жеті! — деді.

— Уақыт бар екен, ұйкым бұзылғаны-ай! — деп қырын жатқан бойында қабағын жоғары көтеріп Жәмилаға қарады. Түсі сұрланып, ерте түскен әжімдері айқындалып, бас сүйектері де шодырайып, көп күйкі арық, қара қатынның бірі бопты. Ша-

руа қылам деп басын тоқыма ескі сұр шәлімен де орап апты...² Ірге жаққа қарай аунап түсті. Алдына төсектің қырына кеп отырған Жәмила бұл мінезге мұқалмай-ақ тұрып, жүріп кетті.

Ауыздағы үйден: ұзақ, күрік-күрік жөтеліп, қартаң үнмен ыңыранып, алқынған дауыс келді... Келеңсіздеу жүріспен, кебіспен тырп-тырп басқан аяқ даусы да естілді...³ Бірақ анда-санда естілген сөздері жасқаншақ. Еркек даусы күбір-күбір етсе, екінші жағынан әйел даусы сыбырлайды.

Қасен ойында:

— Иә, бұл солар! — дейді. Сонымен қатар көз алдынан үздік-үздік көріністер өтті: 18-жыл. Ақтың тұсы. Ояздық комитеттің бастығы боп жүріп ауырып ауылға келдім... Жазылғанымда ат шаптырып, той қылам деп әлек болған. 20-жыл қызылдың қолынан аман шықты деп қатын-қалаш тойын жасап, айтқан малын сойып таратты-ау, осы қатын!

Одан бері де жыл сайын келуіме қарсы, бірде қасқа жорға ат, бірде құлагер ат, пай-пай, бірде ақ жал атты жаратып қойып жүрді-ау!..

Жаз сайын ел үстіндегі қоналқадан басқа, дәл өзінен 30—40 қозы жеп, шығындатып кетуші ек-ау... Байғұстар қолынан келгенін істепті-ау, өзі... Ей, бірақ қазекендіктің көбі сатымсақ та ғой. Орайын да алған шығар! Бәсе, соны айт. 17-жылдарда 30 қой, 10 қара, а бертін... бертін?..

Тіпті елдің ру басы, атқамінерлері осыны салып, өзін атқа мінерім қып қоқайтып ап, волисполком сайлауында, қаператив сайлауында, сот, тергеуші жұмыстарының тұсында менің ықпалымды пайдаланбап па еді?.. Ел ішінде, іс басында жүрген жігіттердің өздеріне жазған хаттарымыздың өзі де талай материал болар еді-ау!.. Елдің ішінен шыққан кедей, еңбекші, байға қарсы дегендер болса, үстінен құс ұшыртып, астынан ит жүгіртіп, сотты қып, әлекке салып есін жиғызбай, партиясынан айдатқан күндер де болды-ау...

... Тұу, со кездегі кеңес үкіметі не деген жайлы деймін- ау! Бұл байғұстар онда тыраштаған еді... Не беріп едің дер ме еді? Бермесем де арқамды қайтесің?.. Бірақ тірлігіңді қуаныш етіп, саған ішкізіп-жегізгеніне мәз болып, қас-қабағына қарап-ақ тұрушы еді-ау шіркін, Жәмила? Құдай қане.

— Шай дайын, тұрмаймысың. Бірақ наны құрғыр тағы жетпейді, — деп бағанағы тері тарамысты жиырылып, бас

терісі салбыраған күйде тағы дыбыс берді Жәмила. Тұрып кішкентай, тар төргі үйден ауыз бөлмеге шықты. Өзі көрші пәтершімен ортақтау бөлме.

Қарсы бөлмеде тұратын орыс семьясы осы үйді басып өтеді... Не амал?.. Енді түрі мынау, аузы-мұрнынан шығып жатыр.

Еш нәрсеге қарамай, үн қатпай шығып кетті. Жазғытұрымның кезі. Алматыда биылғы көктемде сирек болған ашық, жарқыраған күн екен... Тау көрінді... Үлкен Алматы биігіне көзі тоқтады.

Қасеннің туып-өскен жері Алматы да, Жетісу да емес. Таусыз бірыңғай, жазық далалы жер. Болса аз-мұз адыр ғана бар. Сондықтан ол мынандай аспан құшқан, бұлтқа араласқан, қиын асқар үлкен шыңдардың сырын ұқпайды.

Сұлу-ақ шығар, бірақ жат, таныс емес, көңілді көп қозғамайтын әлдеқандай өзге, алыс, өзі суық бір сұлулық. Сондайлық ұлы тау бүгін бір ерекше боп құбылған екен. Әсіресе, бұлттар тамаша. Қарағайлы белдеуге шейін төмендеп кеп, таумен ұласып, түткен жүн, иә мақтадай боп түтеленіп будақ-будақ боп кетеді. Солардың үстінгі жағынан, кейде арасынан көкшіл-қоңыр тастар, қарлы шошақ немесе сирек-сирек⁴ алабарқан тау арқарлары көрінеді... Бір бұлт, бір қар, бір тас боп бауырласып кетеді. Қамалаған көп қалың шыңның ортасында, әсіресе Қасеннің көзін көп тартатын Үлкен Алматы биігі. Бұның да төсіне бұлттай, будай шудасы оралып жатыр. Барлық Алатау тобының ортасынан бөліп шығарып, “мынаны көрші” дегендей қып өздері де айнала иін тіресе тұра қалып, ортасындағы оқшаулау жалғыз биігін тамашалағандай.

Дәл шолақ басында аздаған қары бар. Онысы, Орта Азияның сырмалы, шошақ, ақ тақиясындай. Тау үш қырлы, нағыз сонау бір суреттерде көрген пирамиттердей... Бірақ талай-талай мың пирамиттің бір жерге қосылып жасаған ескерткіші сияқты. Бағанағы түсіндегі биік құз да осы сияқты. Үлкен Алматы биігі онан сайын алыстап, суи түсті.

Тіпті ол емес-ау... Үлкен, берік, алып сұлу бойымен бұны басатындай боп⁵, төне түскен сияқты. Күйкі, әлсіз шатқалақтаған жалғыздық ойына тағы бір көрініп, тағы бір теңеу елес етті.

Көп заманнан бері бұның ойына шырмауықтай оралып, қайрақпен қажап өтіп, лебімен жаныштай кетіп отыратын бір сұрақ бар емес пе?

Ол құрылып келе жатқан социализм жайы... Бүгінде бұған да ол бар нәрсе. Болмыс, нақиқат, айнала. Ол да осы биіктей қырланып соқталанып, граниттей қашалып кең, алып іргесін орнатып, өсіп келеді...

Қасен тілесін-тілемесін, танысын-танымасын... ол жеңіп, бөксеріп алды. Өрлеп, зор кеудемен асып барады.

— Солай ма, солай емес пе? Мен құрушыларының санында бармын ба, жоқпын ба? Әй, жоқпын-ау... Сондықтан маған алыстан қарайды, суық қарайды-ау... Шіміркентпейді, тітіренткендей... Мейірлі емес, қорқытады. Басатындай-ау... Құрушысына солай көрінер ме еді?

Үлкен Алматы биігі сол күйдің елесіндей... Бүгін ерекше бір мағына, мазмұн тапқандай... Қасен ойына бұл жанданғандай да, жазалайтындай да көрініп кетті... Және не ойы, не сезімі, не қылығы болса да соған мәлім.. Сонадан көріп тұр. Не қылса, бар қимыл-қозғалысымен бұл соған барып сүйкене, мәлімдене кететін сияқты. Тайып кетті.

Ауыз бөлмеге қарай кіргенде, алдында Жәмила тұр екен. Қолында үлкен табактың сынығы... Жүзі ұшқындап тұтанған.

— Қарашы, міне! — деп екі қолына екі сынықты алып, созып, — мына флитеден түсіріп...

Қасеннің ойынан бірталай нәрселер жылдамдата жортып өтті.

— “Флите” деп сөйлейді-ау! Айтар ма еді әлгі тілшілерге! Қазақта “х” жоқ, “ф” жоқ дейтін немелерге? Рас-ау, бұл бірақ қыз күнінен “Мұхамедия”, “Сыбатылғазиндерді” қажалақтап еді-ау. Бозбала боп жалына жазған хатымның біріне:

Болыр бір фердеден
Юз фәрда бижай! —

деп аяғына “бәнті Фазил” деп те қол қойып еді-ау... Енді оқыған кісім боп сиыр жорғалап тұрғанын көрмеймісің?

— “Ой, флитең” бар босын! — деп, көзі аға-жеңгесіне түсті.

Бұдан жаңағыдай үн шыққанда төмендеп, қорғалақтап, құдайына жазып отырған аға-жеңге қас-қабағын жыбыр еткізіп, жалтаң ете қап, жоғары қарасып еді...

Қасен шұғылынан томсарып жіберіп, төргі үйге қарай басып келе жатып:

— Сендер де құртар болдың-ау! — деп жолында жатқан жеңгесінің кебісін аяғымен теуіп жіберіп, төргі үйдің есігін иығымен қағып жібере кіріп кетті.

Қатты тебілген кебіс тарсылдай барып екінші бұрыштағы темір төсекке соқтықты... Үстіне простыня жамылып жатқан жас жігіт ояна, басын көтеріп:

— Бұ немене, безабразие? Қойшы, Жәмила, тіпті сендер де, не боп кеткенсіңдер? — деді. Шала оянып естіп жатыр екен... Жаңа шығайын деген мұрт шала тебіндеп, түк есебінде қылтанақ берген. Өңі қызарыңқыраған сұлуша. Қатты, таза ұйқыдан маужырап тұрған ашық, бала жүзі бар. Қабағын түйе сөйлейді... Бұл — Сәлім, Қасеннің інісі, жас студент.

— Құдай кара бастырған мынау, кара басып, — деп қатынына тыжырына қарап ап, — тіпті сол тұңліктей табақты қағып түсірер ме? Жау қуып келе ме екен? Ашуланбай қайтсін келін!

Сәлім киіне беріп:

— Жә, қоя-ақ қойыңдар... Түсіп кетті де. Қайтуші еді? — деді.

— Қандай табак екенін білемісің сен өзің? — деп Жәмила тепсініп барып еді.

— Маған десе алтын табак босын...

— Қыс бойы төменгі базардан аңдып жүргенімді қайтейін.

— Ну что же?

— Жә, немесе сен тіпті закон айтып қоймайсың?

— Ол закон емес, жөн...

— Жөнің өзіңе, сен де ұстат* болайын деп пе едің?

— Немене иығынан түспейсің?..

Сол кезде көрші бөлменің есігі ашылып, Анна Ивановна шықты. Жасы отызға жетер-жетпес шамада... Кеңсеге, қызметке баратын қалпында кепті. Таза, жақсы киінген. Қырыққан шашында аздаған қоңыр бұйрасы бар. Бойшаң... Үлкен, ашық кара көк көздерінде⁶ сұлулық та, мейірімділік те бар... Барлық жарастықты, сүйкімді жүзі үлкен мінезділікпен, кең толғаулылық сабырлылықты білдіреді.

* Ұстат — адвокат деген мағынада (ред.).

Жәмиланың қолында табақ сынықтары әлі жүр еді:

— Жәмила, мынау ма сынған табақ? Рас, аянышты екен... Бірақ ката ғой, бола береді... Мен де өз нәрселерімнің талайын өстіп сындырып аламын да жүрем!⁷ — деп жеңгеге бұрылып қарап, халдерін ұғып алып:

— Бәйбіше байқамаған ғой, көресіз бе, о кісіге де өте ыңғайсыз боп отыр ғой! — деп Жәмилаға қайта қарап: — Жәмила, бірақ мұндай табақ көп табылады!..

— Жоқ, табылмайды. Қыстай кезгем...

— Табылады, Жәмила... Мен осы жақында-ақ көргем, тіпті магазинде де болып қалады...

— Тастаңыз оны, Анна Ивановна, оның ашуланбайтын күні болмайды.

— Тіпті менің сыншым боп апсың-ау, сен өзің! — деп Жәмила табақтың сынығын шалдыр еткізіп тастай берді. — Қарашы бұны!..

— Ой, қойшы тілеуің берсін... Мазаны алмай...

Анна Ивановна өзінен-өзі ыңғайсызданып, тұруын да, кетерін де білмей, бабын таба алмай барып, аяғында Сәлімге:

— Сәлім, сен қойсаңшы, немене? Ол үлкен... Несіне қанын бұзасың! — дегенде екі жақ та кішкене толастай бастады... Сол уақытта іле-шала Сәлімге:

— Оқыдың ба, кешегі кітапты... Одан да соны айт!

— Оқыдым... Бітірдім. Да, жақсы кітап екен... Горькийдің жазуы қандай жақсы еді... Сондайлық мол қалпымен соншалық қона кетеді...

— Иә, сондай жүдеу балалығын қандай саналы, ғибратты дәріс есебінде берген.

Екеуінің бұл сөздерін өтіп бара жатып, Қасен ести кетті...

— Иә, кітап... Ойдан шығару... Сырлау... Соны да мыжушылар бар-ау әлі! Маған тіпті бір алты кырдың астында қалғандай-ау өзі... Қайда, қайда! Қашан да қашан боп сырғып кетіпті-ау, сірә... Е, барса барсын... Өмір кітабы да жетеді... Ананы әлгіндей мылжың орыс қатыны мен аңқау бала жем қысын... Шіркін-ай, бүгін бір ет табу керек еді... Бәрінен де соны айтсаңшы, деп аттап түсті. Кеңсесіне кетті... Сәлім түнде оқып бітірген кітабының әсерінен үзіле алмай:

— А, оның атасы сияқты кісілер әлі де, бүгінде де бар. Тіпті мен айтайын сізге, нақ осы біздің Жәмилаларда да соның бұйымы бар...

— Қой, сен Жәmilаны ренжітпе. Қаталасасың. Ол бабай басқа... Ол тіпті басқа жағдайдың адамы...

— Мен бәрібір таныдым. Ол менің танысым. Соған осы Жәмила виноват.

— Сен кітапты жақсы оқиды екенсің, мен тағы берем.

— Беріңіз, менің сауатсыздығымды жойыңыз.

— Немене, әйтпесе студент... Әлі тіпті Горькийді де жақсы білмейсің!...

— Үндемеңіз, Анна Ивановна. Мен тіпті ұялам... Одан да ақырын-ақырын бере беріңіз!.. — дегенде Анна Ивановна партпелін қолтығына қысып, басын үндемей иіп, жүріп кетті...

Қасен қақпадан шығып, жоғары тауға қарай аяндады. Кеңсе өлкелік шаруа орнының бірі, сол жоғарғы жақта болатын. Кешен шығып қалған екен. Бұл сияқты кешігіп шыққан қызметкерлер еркегі, әйелі бар көше бойында асығып сарп ұрады. Бірақ Қасен жегінге мезі болған қырсау тартқан аттай сылбыр, сараң басады. Алдында Үлкен Алматы биігі кім екенін танып, бейілі қандай екенін ұғып тұрған сияқты. Үндемейді. Сазарып, қатайып біледі де қояды.

Бір-екі квартал өткенде, бұның көшесін көлденең кесіп, өзінше басып Қасымхан кетіп барады екен.

— А-ай, тұра тұр.

Қасымхан көрді де тосып тұра қап:

— Бол, бас аяғыңды... Немене, ілгері басқан аяғың кейін кетіп?

— Ой, бар босын, ілгері басушы ма еді? — Қол беріп ап: — немене, жем іліне ме? Ет-мет білген жерің бар ма?

— Немене Жәмила шіркіннен күй кетіп тұр ма?⁸ Орта құрсаксың ғой тегі ә! — деп күлді.

— Орта құрсак деген де бір дәурен емес пе?

Қу құлқын ет керек кып тұр-ау...

— Күлесің-ау. Бірдемең бар ма еді? Етің боса, литровкені өзім ала қайтайын. Ғанижамалға хабар қылшы... Ішін ұрайын, өлер болдым...

Қасымхан күліп:

— Айтарсың. Ет көрмегеніме тап міне жеті күн болды... Құрыдық қой, ойбай-ау. Кез ашылар күн бар ма, жоқ па? Пакеттен хабар білдің бе?

— Паегі бар босын. Біздікі бір жетісіп тұрған паяз пе? Шіркін-ай, қазы араласқан қой етін бүйірім шыға бір жемей-ақ кеткенім бе? — деп Қасен қабағын түйіп алды.

— Енді әнеугідей бірдеменің ретін табайық та.

— Естіген ештемен бар ма? — деп дәмелене қарады да: — Ай, мына құрыған көктемде не табылады дейсің! — деді.

— Бәсе, елдің де тісін тісіне қоятын шағы болушы еді ғой, жайшылықтың өзінде құрыған кез ғой... Ол емес қатыныма бір аяқкіім, бір жазғы пальтолік бірдеме табарың бар ма? Кадрсың ғой. Ештеме оралар ма екен?

— Ойбай, өзім де сендеймін. Өзім орналастырған иттің талайына құлаққағыс қылып ем. Уәде қылса да, бірақ еш нәрсе түспей жүр.

Қасымхан жолдасының тартпа мінезіне сеніңкіремеген пішінмен:

— Қасен, шын айтам.

— Е, мен шын айтпай не қып келем?

— Шіркін, еруліге — қарулы... Қыстыгүнгі сары бәткенің орайын бір қайырсаңшы. Сен үшін тап месткомның аузынан-ақ қағып әкетіп ем ғой, жанды ортаға сап жүріп... Бұлдыратып жүріп Нейманның да резалюциясын соқтырып алып ем...⁹ Сондай бір еңбек қылдың ба? — деп қалжың-шыны аралас күліп, Қасенді арқаға қақты...

Қасен дым онша жібі қойған жоқ. Сары бәткенге боса бойға сіңіп тараған.

— Бір орайын мен де табармын. Ер мойнында қыл арқан шірір деймісің? — деп қырқылжың түлкідей ұзақ сонарға сала берді.

Қасымхан күдер үзе бастап:

— Со ма бар тапқаның?

Қасен сары бәткенің жайын есіне алды. Ол аржағында бұның Қасымханға әперген костюмдік бір отрезінің орайы болатын, “Бұлдыратқанға неге көнейін” деп ішінен өзіне алық-берік есебін ойлап алып:

— Мені қағыстырғанмен мардымды бірдеңе шығар деймісің? Одан да Казкрайсоюздың распределениесіне трикотаж кепті дейді. Екеуіміз бірігіп Сәлменовты айналдырайық.

Қасымхан одан да түңіліңкіреп:

— Әкесінің пұлын бергендей болушы еді, кім біледі?..

Сондағы бастық қызметкерлердің бәрін айналдырып жүріп, алдымен өзіне сықап алады...

— Тойымсыз-ақ шығар? Біздің қатын: әйтеуір еркек-ұрғашының бірде-бір киімі сыңар емес: не түстісі болса да, қос-костан дейді ғой...

— Пәлі, бағасы жазылған қағаздары алынбаған кара костюмнің¹⁰ өзі үшеу деседі.

Қасен күйініп те, қызғанып та:

— Шіркін, соны айтсаңшы, — деді де, бағанадан бері пұл мен жемді әңгіме қылғандарына өзінен-өзі қанағаттана алмай:

— Жә, жай қалай өзі, түзелетін бе, не естіп білдің? — деді.

Бұл соңғы күйді Қасымхан да түсінді. Бұрын о да кісілік ойлаушының бірі болған. Шұғылынан түсін өзгерте қойып, мүләйім тартып:

— Түзелер ме, кім біледі? Аз дәме бар ғой... Бірақ зор қиындыққа тіреліп тұрғанымыз да бар, — деп барлай сөйлеп Қасенге қарады. Қасен де жазылған жоқ. Бірақ томсарып салбыраған боп:

— Кім біледі, әлде түзелерміз. Ақтабан шұбырындыдан да оналыпты ғой. Бет жақсы ғой, — деп күрсінген болды¹¹.

— Иә, қолдан келгенді аянбайтын сияқты! — деп анау да жүдеген тәрізденіп:

— Осындайда біз мынау, қазы-қарта деп жүрген! — деп қарқ-қарқ күлді.

Қасен Қасымханды көргенде айнаға қарағандай болатын. Бірақ одан гөрі өзі қу құйрықтау, шүңеттеу... Ананың жаңағы күлкісі бұған өздеріне күлу, күлгенде бір нахалдық сезбестікпен өз перделерін жырта күлген күлкі сияқтанды.

“Көп үшін” мен “өзі үшін” бар. Бір кездегі “адамшылық үшін” мен “басым үшін” бар, бұрын осылардың екі аралары бірқатар алшақ сияқты болушы еді. Осы күндері Қасенге тіпті таразының екі басындай, қарға адымдай-ақ боп қалған сияқты. Дүниенің екі басы сияқтанып тұрса да, бірінен-біріне минут араламай-ақ секіре салатын бопты...

Соның бірі жаңағы. Осындайдың үстінде ұстап қалғанда ол аз да болса қысылшаң тартып қалады. Қасымханның күлкісі ыңғайсыз тиді.

— Күлеміз-ау... Әлде не боп барамыз! Түзесейік те одан да! — деп Қасымханның түріне қарады. Екеуі біраз қарасып тұрды да, қоса күлісті, ұғысты... Мына соңғы әншейін бір тілдің ұшы...

— Әлбетте, әлбетте! — деп мынаның қолын қысты да, асығып адымдай жөнелді Қасымхан.

Қасен кеңсеге келді. Қызметкердің көпшілігі келіп, орнап қалған екен. Кеңсенің каридорын, үлкен бөлмесін басып өтіп келе жатып, оңды-солды қалпағын көтеріп:

— А, Иван Семенович, здравствуйте, Николай Петрович, Марк Аронович, друг. Қайырлы таңертең, Зинаида Николаевна! — деп бәріне де ақсия жымып, салмақпен жүріп өтті.

Жолшыбай көзі түскен еді. Бастық бұдан бұрын кеп қапты. Ыңғайсыз. Жеткіріп, түсін томсырайтып жіберді. Партпелден бір топ қағаз алды. Орнына отырмастан, соның алдына келді. Көзіне пенснесін киіп, ат жағын тістеп сұрланып алған. Айыл-тұрманын тартынып барлық нербісін шоқтай жиып апты. Іс соңына ғана үңілген. Қынжылғаны қызмет жайы, түн ұйқысын сол-ақ төрт бөлген кісідей қабағын да түйіп асығыстап тұрған сияқты.

— Шіркін, қазақтың ұйымсыз маманы да Америка адамының ісшілдігін тапқан екен-ау, дегізгендей-ақ.

Сырт қалпы:

— Пай-пай осы бастықтардың алды уақытыңды көп алады. Ісіміз тез шешілмей бөгеліп, қарқын содан шабандайды дегендей боп, ауыздығын шайнап, жер сүзіп тұр. Бастық алдына бұдан бұрын кеп іс басқарушы араласқан екен:

— Мынау әлгі құрылыс туралы совнарком қаулысының жоспары... Мына біреу шығыс облысынан келіп отырған тығыз телеграмм. Жауабын тез беруіңіз керек... Мынау кешегі каллегия қаулысы... Танысып, қол қоюыңыз керек. Облыс- облысқа жібереміз!.. — деп созбалап барады. Арасында көзілдірікті, қасқа бас бухгалтер салмақты салқын пішінмен:

— Жолдас Жараспайыф! Мен банкедегі собешаниеге тез бауым керек!..

— Қай мәселе туралы, — деп бастық қаулыдан басын көтере бергенде, Қасен де басын иіп амандасып қалды. Бухгалтері:

— Құрылыстың сметасын сонда тағы талқыламақ. Түсінік беремін.

— Бар... Тез бар!.. Талас. Шатақ шығарып қысқартып жүрмесін.

Осындай бөгеулер Қасенге шірет тигізбей тұр.

Бірақ бастық қазақ. Өзі кең мінезді жігіт. Қасен әр кезде кеңседен тыс жерде де кеңесіп қояды. Еті үйренген. Сондықтан қарап тұрмас үшін, столдың бір жағынан отырып, іс басқарушы баяндап отырған мәселелердің бірталайына:

— Е, ол былай шығар. Рас, ол анау ғой! — деп сұрамаса да сұғыла кетіп отырады. Іс басқарушыны білмейтін кісі қып, бұрмалап, қаққылап та қояды¹². Соның бәрінде өзі өлкелік кеңсенің немен тыныс алатынын бұлжытпай білген, бұның жалғыз өзі емес, барлық тарау-тармақтары, облыстарының істері — бәрі де Қасеннің балықтай жүзген мәлім көлі сияқты. Солай боп көріну керек.

Құр қазақ емес. Кеңсенің қара қыртысын айналдырған маман қазақ. Және осы кеңсенің тілек-талабы бұның да бар мұрат-мақсаты болған шын бейілді, қамқор қазақ... Міне, Жарасбаев көзіне осылай боп көрінуді тілейді...

Тегінде Жарасбаев бұл кеңсеге жаңарақта келген қызметкер. Бұрын үлкен орындарға бастық боп жүрсе де, түбі көп оқымаған. Мынау кеңсеге көп маман жиылған, ауыр, мол шаруаның орны, ісінің қия басқан жері мамандық білімді керек етеді.

Оның бәріне құр бақ көтерген большевик әзірленген, тағаланған деймісің? Әрі-беріден соң бұның басын қатырып, өзінің қақпайына алып кетеді мамандар... Одан да мен көп істің ұшық тетігін білетін кісі боп отырып, мыналардың ақаулы жерлерін айта жүрейін. Сонда менің мамандығым бәрінен керекті “мамандық” болады деген есебі болатын...

Жарасбаев басында бірталай уақыт бұнымен өте ұзақ сөйлесіп, айтарлығының көбін естіген. Бірақ әлденеден соңғы кездерде сол әңгімелері сирей келіп, бітуге айналды...

Оны Қасен Жарасбаевтың сақтығы: “қазаққа жақындасып кетті деп жала жабады деген қорқақтығы” деп байлады. Анығында бұның әңгімелері соңғы кезінде ылғи қайталақтап бір ізін қайта-қайта баса беретін боп еді.

Әлденеше рет айналып кеп соға беретін:

— Бұл кеңсенің мамандары көбінесе сөз айдайды. Бәрін біліп отырам, жұмыс істеп отырған бірі де болмайды¹³. Айта-тыны ылғи пәтер, тамақ жайы. Аңсағандары басқа бір жаққа орайын тауып бұлды боп кету. Әйтеуір шын бейілімен жұмыс істейтін бір жан жоқ!

Сөздің көбі осы еді. Шірет өзіне де жетті. Жарасбаев іс басқарушыға бірнеше тиімді қысқа тапсырмалар істеп¹⁴:

— Жә, сіз не айтасыз? — деді.

— Мен қаренизация* ретінде мына бір үш кісінің тізімін әкеп ем. Шығыс облысы пен Қарағанды, Ақтөбеде біздің система қазақ қызметкерлерінсіз отыр. Өздерін кадр секторына жіберіп, солар арқылы қаренизацияны осы облыстарда... нетпесек... Ісіміз қазақылату жағынан ақсап отыр. Ылғи¹⁵ бұйрақрат маман, өздері іс істемейді... Оның үстіне арасына қазақ қызметкерінің тұмсығына да батырмай... енді бір решительный бет бермесек... екпінді кіріспесек...

— Бұлар сізге таныс адамдар ғой?

— Е, жайларын тіпті жақсы білем... Рекамандауайт етем.

— Мамандықтары бар ма?

— Бұрын қапаратипте, шаруа орындарында...

— Білімдері қандай?

— Қай білімін айтасыз?

— Жалпы білімі, іс жүзінде ысылғандық... Жалпы әзірлігі.

— Е, бәрі де егде адамдар... Неге ысылмасын?

Жарасбаев Қасеннің бетіне қадалыңқырай қарап:

— Осы сіздің қолыңызға түсетін адамның барлығы “егде”, “егде” бола беретіні несі? — деді.

— Жастар жағының бәрі тұрақтамайды... Бүгін түсіп, ертең оқуға¹⁶, не басқа бір жеңіл іске секіріп кете береді...

— Сіз біздің жас маман, жас екпінді қызметкер дегендердің бәрін анықтап еске алмайсыз ба, қалай? — деді де күлді. Қасен қысылыңқырап үркектеп қап:

— Е, неге?

— Ендеше, осы әр жерге ұсынып жүрген адамдарыңыздың ішінде бірде-бір маман қазақ бар ма?

* Қаренизация — қызметке жергілікті халық өкілдерін тарту мағынасында (ред.).

— Оның өзі тегі жоқ емес пе?

— Жоқ дейсіз бе?

Бұның шұңқиған түрін көріп Қасен:

— Бар болғанмен, жоқтың қасы ғой...

— Біздің мамандықтың дәл өзін білетін талай жас енгенерді атап берейін бе мен?

— Біздің қолымызға түспейді солар.

— Айтыңызшы, ал бітірген түспесін. Соны іздеп барып білейін деген талабы бар ма біздің кадр бөліміміздің?

— Қайдан іздейік?

— Бітірген түспесе, бітіргелі жүрген, бір жыл, екі жылда бітірегің Ташкен, Қазан, Мәскеу, Ленинградта біздің мамандықтың нешеу студенті бар? Оны абайлап көрдіңіз бе?

— Оны ескерейін деп ойланып жүр ем...

— Олай боса, нешеуін біз өз стипендиямызға алдық екен? Оны білесіз бе? Маман кадрын жасаудың бір үлкен жолы осы екенін шала ойлағансыз ба, қалай?

Қасен тоқтап қалды.

— Қане, нешеу?

— Біле алмадым! — деді Қасен.

— Ендеше, мен айтайын. 10 қазақ студенті біздің стипендияда. Кеше тағы төртеуін кіргізуге бұйрық бердім...

Қасен бойын қайта жиыңқырап ап:

— Жақсы, жақсы екен... Бірақ енді ол түбегейлі алыстағы кадр ғой... Мен бүгінгі каренизациямен...

— Жарайды... Ал біз бұ сөзді бастағалы көп болды. Оның үстіне крайкомның, жалпы үкіметтің берген бетін білесіз...

— Иә, иә, со ғой тығызы...

— Бәсе, канеки, айтып беріңізші маған? Алысты қояйық, осы дәл біздің кеңсе қанша пұрсент қазақыланды?

Қасен мүдіріңкіреп қап, мандайын қасып:

— Пұрсентін дәл айта алмаймын...

— Ендеше неше қазақ алдыңыз?

— 10 шақты боп қалды.

— Е-е-е! Жүз елу қызметкерден 10 шақты боп қалды... Оның ішінде әлгі мен алғызған хат тасушы, уборщик, көшірушілер де бар... Солай ма?

— Е, солар... солар да бар.

— Жоқ, жолдас! — Енді Жарасбаевтың даусында сөз біліне бастады. — Бұл қарқын емес... Бұйрақраттық ат мініп, түйе жетелеп келмейді... — Енді 10 күн срок. 30 пұрсентке жеткізіңіз қазақ қызметкерінің санын.

— Мамансыз болмайтын кеңсе ғой біздікі.

— Сіз қай инженер едіңіз?.. Жүз елудің бәрі инженер ме?

— Әйтпесе де білімсіз...

— Тегі оқыған буын жаңғыз біздің буын емес. Арттан өскен, өсіп келе жатқан қалың күшті буын бар екенін ойлай жүріңіз... Ондай мәдени паколение болмаса, біздің бесжылдықтар бос сөз болар еді. Істі сиыр құйымшақтатпай, шамаңыз бар боса, қарқын табыңыз! — деді де, телефонды ұстап: — подстанцияны беріңіз! — деді¹⁷.

Жарасбаев сонымен біраз тосып отырғанда, Қасен:

— Мыналарды қайтейік?

— Оларды маған жіберіңіз. Менімен сөйлессін.

Қасен тайқып кетті де, тағы артына бұрыла беріп:

— Осы істің өндімеуіне сіз мені кіналағандайсыз ба, қалай? — деп артына біраз кінәмшылданып қарады.

— Онда мағына жоқ. Кім жауапты дегенді тексеріп жатқан ешкім жоқ әзір... Мәселе істің, істің жауапты іс болғандығында, — деді де телефонға, — подстанция! Совнарком хатшысы! — деп тоқтады.

— Бұл бар кеңсенің жеңе алмай келе жатқан қиыншылығы ғой.

— Олай болса алдымда мынадай-мынадай қиыншылық, бөгет тұр деп бірде-бір баяндама неге жасамайсыз? Қаллегиеде, менің алдымда осы мәселені неге бір рет қоймайсыз?

— Онда мен тіпті түк жұмыс істемеген болам да.

— Жоқ, жапа-жалғыз істеп жүрген сіз ғана боласыз. Өйткені менің бірде-бір жәрдемімді сұраған емессіз... А, нәтиже — он кісі...

Қасен тұрып-тұрып шығып кетті, бірақ арқасына аздап суық кіргендей болды.

Жарасбаев бұның көз алдында осы арада шұғылынан өсе жөнелгендей болды¹⁸. Бұрын мұндай деп ойлаған емес...

— Қандай зілді сөйлейді?!.. Мықты, нығыз ғой, бәтір- ау, — деп келеді¹⁹.

— Е, койшы, бүйткізіп отырғанның бәрі белет пен орын ғой... Мен жүрейінші сен болған жерлерде... Көрер едің бәлем! — деді ішінен. Бірақ солай деуін десе де, қазіргі халінде өзін бір мықты жуан айғыр сауырлап айдап тастаған саяқ аттай сезді. Ішінен әлденеге кіжіне түсіп терезеге қарады. Үлкен Алматы биігі қарап тұр... Кеудесінде бұйраланып, будақтап ұйысқан бұлт шудасы... Күрсініп маңына қарады... Бұның үстеліне үлкен маманның бірі келеді екен. Аузында папирасы, сіреңке сұрады... Нығыз... көзінде үлкен мүйізді көзілдірік. Қасен сіреңкесін беріп жатып:

— Айтыңызшы, пожалуыста, Алексей Николаевич, Жарасбаев кеңсені қазақыландыр деп тығыз срок, қатал бұйрық берді... Кімді қояйын?..

— Кісі жасап үйреніңіз. Соғыңыз балға, төс ап, e-he!

— Бәсе... Ең болмаса соларын үйретсе екен!

— Күйремеңіз ондайға... Сезбеуге тырысыңыз. Мен сізді түсінем ғой... Халіңізді түсінем... Не істейсіз? — деп темекісін будақтата тұтатып ап:

— Одан да бір пулке (ертең демалысқа қарсы) жасайық, қалайсыз...

— Жарайды... Жалғыз-ақ ана орынбасарды қоса шақырайық...

— Біреуі ол боса босын! — деп күліп, арқаға қағып: — бастық жағын тәуір көресіз-ау, ә, Қасен Нурбаич! — деді.

— Мен қазақ бастығына онша құмар емеспін, орыстар нишауа. Олар жай отырыста ұлықтығын ұмыта да отыра алады... Және сөйлесе отырайық! Біраз... Түсінесіз бе?

— Жарайды! — деп маман кетіп қалды.

Қағазына енді аз уақыт қарай беріп еді, бір үлкен нәрсе ойына сап ете түсті...

Салып месткомға келді.

— Жолдас Сергей. — Көзінде көзілдірігі бар ісшіл адам пішіндес жастау жігіт қағазынан басын көтеріп, бұған қарады. — Кеше азық-түлік қартішкесін үлестірдіндер ме? Менің мәселемді Жарасбаев сендерге тапсырып еді ғой...

— Иә, үлестірдік.

— Мен қай категориядамын?

— Екінші.

— Сіз мазақ қыласыз ба? Менің толып жатқан асырап-сақтайтындарым бар... Мынамен тіршілік ете алмаймын деп айтқаным қайда? Істей алмаймын бүйтетін болсандар, міне айтқаным.

— Тоқтаңыз, сіз мәселені неге бұнша шұғыл қоясыз?

— Иә, сізге жақсы... Майдалап қоюға...

— Ғапу етіңіз, мен өзім үшіншідемін, сізден төмен...

— Маған оның бәрібір...

Қасен бұл жерде бияздана алмаспын дегендей боп танау қағып:

— Бұл — қазақ қызметкеріне жағдай бермегендік... Сырғытудың әдісі...

— Енді сізді екіншіден ары қай жерге қояйық, айтыңызшы.

— Бірінші қайда, кім алады?

— Ол 10-ақ орын, анық. Анық үлкен маман қаллегия мүшелеріне де жетпей қалды ғой.

— Маған керегі жоқ. Тындағым да келмейді! — деп ата жөнелді. Сол бетімен үлкен кеңсенің асты-үстін шарлап жүріп, әр жерде шанжау-шанжау отырған қазақ қызметкерлерінен:

— Сендер қай категория? Сен қайсысы? Қалай болды? Міне саған қазақыландыру. Ал келтірші енді кісіні... Бірде-бір қазақ біріншіге кірмепті... Қара мыстанның осындай льготтің нанын орысқа босқа бергені үшін және мынау местком барып тұрған шовинист²⁰. Айтындар осыны! — деп ұйымсыз қызметкерлерге осылайша соғып, ұйым мүшелерінің ішіндегі бір жас жігітке келіп:

— Шырағым, Кәрім-ау, ойлашы, біз тіпті мал үшін емес, ар үшін дейтін қызметкеріміз қазақтың... Оны өздерің білесің... Ішінен ұрайын тап мен сол бес-он қадақ ұнның. Мәселе негізде ғой. Біріншіде бір қазақ жоқ. Біз қалайша тартпақыз қазақ қызметкерлерін? Кімді шақырсақ та, әуелі шартыңызды, жағдайыңызды айт деп қоя беретінін білесің.

— Бірінші мамандардікі, қаллегия мүшелерінікі ғой... Маман қазақ боса бір сәрі...

— Бар маманға жетіп отыр ма бәрібір. Рас, жеткенінше соларға-ақ берейік. Біздікі не? Солар жесе жесін, бірақ ісімізді істеп берсінші. Мына бесжылдықтың үлкен құрылыстарын осыларға істетіп, Қазақстанды үндістірлейікші. Сол қуанышы да жетеді. Ал тіпті...

Жас жігіт күліп:

— Ай, ағай, оларды бір Америка маманынша қарамасаңызшы. Бәрі де сәбеттің маманы ғой... бөлшектемейік.

— Жоқ, сонда да мен өзім солай сөйлейтін адаммын, шырағым. Саяси бағытты өзің түзей берерсің. Біз қазақша айтқанда өз аулымыз ғой... Олар боса қонақ. Қазақ боп таласу керек емес. Көтере берейік.

— Ендеше, не дау бар?

— Бірақ сонда алғанда ынсап босын дейім. 95 пүрсентті солар алса, бірер орынды қазаққа деп қоя тұрайық та. Ертең маман шыға қалмай ма? — деп көп-ақ жағалап еді. Жас жігіт құр күле беріп, көп түсінбеді²¹. Қызбады да...

Ішінде ит өліп жатса да Қасен бұ жігітке келгендегі алғашқы маскасын бұзбастан:

— Жарайды, енді бұйырғаны болар... Мен де нербімді бұзбай-ақ қояйын... Құрсын сол месткомның шовинистігі де, бәрі де... — деп шығып кетті. Орнына қайтты. Ішінен бұл мәселені әлі қалдырмақшы емес. Бүгінгі құбылыстарының ішінде жаңағы соңғы өзгерісі өте бір сирек қолданып жіберетін мінезі еді...

Орнына кеп отыра бере тағы Үлкен Алматы биігін көрді... Граниттей кашалған... “Мәлім... мәлім!” дегендей боп шыдап қарап тұр.

Енді біраз қағаздарға қарай беріп еді... Қасына жақындай бере біреу сәлем берді. Басын көтерсе, бағанағы Жарасбаевқа ұсынған үш қызметкерінің бірі Аманбай екен... Ұзын бойлы, шұбар.

Басында пұшпақ бөркі, аяғында ұзын қоныш, биік өкше орыс етігі... мұрты ұзын. Баяғы бір земстволар көзінің қалдығы. Көзге жылы ұшырай кетті. Қол алысып отырғаннан кейін Қасен²²:

— Арызынды Жарасбаевтың өзіне бердім... Сөйлестім... Айттым.

— Жарасбаев кім еді?

— Осындағы үлкен жігіттің бірі емес пе? Осы кеңсенің бастығы...

— Е, мен соның бәрін біліп жүр деймісін, Қасеке-ау?

— Рас-ау... Бұл күнде қазақ ұлығынан көп неме бар ма десеңші? Иә, өзі сөйлеспек... Істегем... Шаруа орнында істегем, көп істегем де...²³ Алғырсың. Әне қаренизация деп жүр ғой түге... Істерсің...

Аманбай қомданып ап:

— Е, істейміз... Земствода, одан қаператипте де істегенім бар.

— Бәсе...

— Дақ осы жолы келгенде де мал сабхозының іс басқарушысы боп екі жыл істеп келем...

— Тіпті жақсы... Уай, оның қай совхоз, жақын ба еді?

— Е, мына “Жылға” сабхозы.

Қасен етбеттеп жылжи түсіп, Аманбайдың иығына қолын тигізіп:

— Бәрекелде... Ой, бірдеңе табарың бар ма, жарықтығым. Еттен қурап өлер болдық...

Анау күліп:

— Кешелер кісі боп сұрай алмап едім. О жағың қалай еді, Қасеке-ау?

— Сұрама, ойбай... Қызыл көрінсе шұрқырай түскелі, қолында өлгелі отырмыз Қасымхан екеуміз де. Бар ма бірдемең... Аз-мұз сорпа ішіп, дүниені бір еске алайық!

Аманбай айналасына қарап ап, қазақ көрінбеген соң батылданып:

— Бары бар еді... Бір қара... — деп үндеңкіремей отырып: — бір аз орын ғана реті бар. Онысын кейін айтармын, жығатын орын бар ма еді?²⁴

Қасен күліп жіберіп:

— Ойбай, о құрғыр табылады ғой... Ана Қасымханның пәтері бар... Тіпті біздікі де жарайды. Іс бола ма өзі?

— Өзіңмен ақылдасам ғой... Бір реті еді дедім ғой...

— Қашан болады?

— Сөйлескен соң бүгін боса бәрібір! — деп біраз отырды да. — Иә, іс қалай екен?²⁵ Еңбек жанатын ба? Оңалатынбыз ба? Қалай өзі, қалай?²⁶

— Ой, іс болушы ма еді? Оңалмақтың ауылы алыс, шырағым! — деп салды да артынан Аманбайға қарап ап, көптен көрмегенін, одан бері талай өзгерістер тууы мүмкін екендігін еске алып:

— Ол әншейін сөз ғой... Тырмысып жатыр ғой... Неге болмасын!

— Бұның қайсысы шының?

— Осы ғой шыным... Аштыққа кейде қалжырай салған боламыз! — деп Аманбаймен бірге қоса күліп ап²⁷:

— Рас айтам-ау... Шынында да, бұл біздің ақылымыз бен шамамыз жетпей қалған, бойымыздан асып, ұлғайып алған үлкен іс болды ғой...

— Ал мынаны не дейік?

— Бұл бір уақытша қиыншылық қой... Түзеледі! — деп Қасен бұл әңгімені тұжырды да,— енді әлгіні іс қылайық...

Өзің тіпті сол сабхоздан қол үзбе. Және тіпті орайына қара да Қарағандыға бармай-ақ, осы араның өзінде қал... Білдің бе? Жарасбаевқа соны айт. Менің ақылым осы... Тағы сөйлесерміз... Кешке кездесетін болдық қой! — деді.

Аманбай қоштасып жүре берді... Сол кетісімен Жәмила кіріп келді. Аяқтағы бәтеңкенің бәрі батпақ-батпақ... Маңдайынан, екі қасының арасын жара екі әжім түсіпті... Бүгін тіпті айқынданып тұр... Өңі қашып, қуарған... Қасеннің қасындағы орындыққа кеп отыра кетті...

— Е, немене, жаным? Тіпті өрт сөндірген кісідейсің ғой? — деді Қасен. Өлкелік үлкен кеңсенің таза жарық үйлері бұның тар, кір, иіс-қоңыс, бит араласқан пәтеріндей емес²⁴. Үстел, орындықтар да істің, еңбектің таза орны. Бұның үй ішіндегі аспабына ұқсамайды. Сол сияқты Қасеннің айналасында отырған есепші, хатшы, ең аяғы машина басқыш әйелдер болса да шетінен таза киінген. Бас-аяқтары күтімді. Пішіндері саналы еңбекке берілгендей мағыналы, ісшіл. Киімдері ерекше үлгілі, таза. Олар да базар мен қазан-ошақ арасында сарп ұрып жүріп, жүнжіп шегіп, қартайып бара жатқан Жәмила емес. Қысқасы, салыстырудың барлығы да Қасен мен Жәмилаға жайлы емес.

Соның бәрінің үстіне Жәмиланың ендігі, мына келіп отырған түрі... Жазғытұрымғы күн мен желдің салдарынан беті-қолы да жарылып, қарақошқылдана бастапты... Күн түсіп тұрған жарық бөлме ол таңбаларын да ашып берді...

Бір кезде Қасен кеңселерге бастық болып, аяқты кердең басатын мықты да, нығыз да болған. Ол күнде әйелін үйінде күтіп ұстайтын. Кеңседе қызмет қылатын әйелдерге көзқарасы біржолата басқа болатын.

Енді уақыт бұл жағынан да Қасенді қағып өткен... Жәмиласы да, өзі де қырға барса мырза, қалада жүрсе төресымақ болған болса, қазір ол ерке күйден ажырап, әлдеқандай бір жаққа қағылып, қақас қалып бара жатыр...

Үлкен Алматы биігі анау тұр... Бұған жылы карамайды Үлкен кеңсе мінекей. Бұ да Қасен деп онша елбіремейді, елемейді... Әншейін жабайы көптің бірі.

Өз-өзіне жаны ашығандай. Жәмиланы аяғандай... Өзге дүниедегі өздерін өгей баладай көрді. Соны сезген сайын барлық сыртқы өзінен бөтен әлемге ызалана, жауша қарады²⁹. Қаракан қара бастың қамы мен күйігі кернеді... Жәмиланың халін ерекше ұғынғысы кеп:

— Немене, бірдеме керек пе еді? Шаршапсың ғой өзін, — деді.

Алғашқы сөзіне үндемей томсыра қарап қалған Жәмила енді кішкене жадыраңқырап:

— Қазторгте шолки, тағы жібек тоқымалар беріп жатыр екен. Ақшам да болмады. Сонда да өшіретіне күн бұрын тұрып ем, дәл жақындап қалғанымда бітіп қалды, құрып қалғыр! — деді.

— Бәсе сөйтпей тұра ма? Бұдан бірдеме алып болушы ма еді? Содан дәме қылып жүргенің!..

— Енді қайтесің, тоқыма киімнен дәнемем жоқ.

— Тұра тұршы сен, Сәлменге хабар жазайын³⁰. Қазкрай-саюзға сондай нәрсе кепті... Триқатаж! — деп қағаз алып, Сәлменге хат жазуға кірісті.

Жәмила дәмеленіп қалды.

Қасен кішкене запискеге қайдағысын айтып, қатты қысылған кісі боп бедел сала жазды да, Жәмилаға ақша беріп жөнелтуға айналды. Жәмила қағазды алып, жердегі картоп, оны-мұны салған сөмкесін алып тұра беріп:

— Айтпақшы, әлгі Сәлімнің мінезін білдің бе бүгін? — деп қайта қарады. Таңертеңгі үй ішінің күрең қабағында, інісінің бірдеңе деп жатқанын құлағы шалып еді. Бірақ қызмет уақыты жақындап қап елемей кетіп қап еді³¹. Енді өзінің де есіне түсті:

— Бәсе, немене сол? Не былшылдап жатты таңертең! — дегенде, Жәмила қайта отырып:

— Анау үйдегілерге болысып, солардың сөзін сөйлеген болады. Солардың көзінше маған тіпті бұртаң-бұртаң етіп ашуланғанды. — Қасен ашулана бастап сызданып:

— Е, сенде не ақысы бар оның? Қайдан тапқан ол өнерді?

— Қайдан білейін... кісімсіп кетіпті, тіпті. “Өздерің неменесің” деп сөйлейді... сөзінің бәрін.

Қасен осыған ұқсаған мінездердің белгілерін биыл інісінен әр жерде сезіңкіреген сияқты еді. Енді айналадағы бұған бөтен дүние бұның үй ішіне де қолын созбақшы... Сол Сәлім пішінінде сыншы боп, қатайып өсіп келеді... ұрынғы үлгіше үлкен аға боп өсиет айтып:

— Бір үйдің іші, бір әкенің баласы боп, әсіресе жалғасып, септесіп әр алуан жолмен жүрсек те, бір ниетке қызмет етейік! — деген сияқты сөздің бәрін айта-айта тауысқан.

Сәлім үндемейді де, өзінше қиқиып, басқа боп қашандап өсіп барады... Енді, міне, қарашы бұны.

— Қалжырамасын білдің бе? Айдап тастармын ондай сөзін қоймаса... Қара мұны, мойныма мініп отырып, енді менің сыншым болғышын. Ауызға ұрып жібер өйтетін боса!

— Өзіңіз де айтып қойыңыз... Өзіңдей оқудағы жігіттер үйіне осы талай нәрсе табады³². Бұның бірде-бір септігі тимейді. Бір нәрсені сен де мектебіңнен әкеп бер десем, өре тұра келеді.

— Адыра қал, белсенді, таза камсамол ғой...

— Мен дүниеқоңыз емеспін дейді. Ауыздағыны жырып беріп отырған біз дүниеқоңыз боппыз. “Стипендия береді мектеп, сонан басқаны алуға қақым жоқ... Оқып жүріп одан басқаны алуға қақым жоқ!” — дейді.

— Жаңашылын бұның... Тапқан адамшылығым сол дейді ғой. Тұра тұрсын, мен көрейін оны...

Жәмила бұған ырза болды... Шамасы келсе күйеуін бүгін тәуір тамақпен ырза қылмақ ниетті де ойлап еді, бірақ ет жоқ...³³

— Бірдеңе азық табылатын жер бар ма екен, білдіңіз бе?

Қасен де Жәмиланың бетін ұғынып:

— Үндеме! Бірдеменің басы қайырылатын түрі бар. Кейін айтам. Ана нәрсені алып көр! — деп қағазына қарады.

Жәмила Крайсаяузға беттеп жөнеліп кетті.

Қасен бірен-саран қағазды енді қолына алып, асты-үстін аударып қарап, оқи қоймай, көзімен ғана жортып отыр еді қасына Семенов келді...³⁴

Ол — партиячейко хатшысы. Қасен біледі. Қымтанып, ішіл түске міне қойып қамданып алды.

Семенов Қасеннің қасына отыра бере:

— Жолдас Жарасбаев та және партиячейка да біздегі каренизация ісін өнімсіз деп табады... Істеріңіз қалай? Не белгілегеніңіз бар?

Қасен күрсініп ап, қысылып жүрген кісі боп:

— Біз осыны барды салып-ақ ойланып отырмыз. Крайком қаулысы анау! Аппаратымыздың әлі тым құрмаса 10 пүрсенті қазақыланбай жатқаны мынау. Тіпті нанды босқа жеп отырғандаймыз, жолдас Семенов... Қаренизацияға өзгені айтсақ та, тіпті мен бұйрақратша қарай алмаймын ғой... Енді біз қазақтан шыққан кеңес қызметкері...³⁵ Шын пейілімен жұмыс ететін, мал үшін емес, ар үшін қызмет ететін адамдар олай қарау мүмкін емес қой.

— Иә, әрине, тиімдісін айтыңыз. Дәл істі айтсаңызшы...

Қасен жөткірініп жөнделе беріп:

— Иә, иә, әрине! — дей беріп терезеге қарады... Үлкен Алматы биігі сыздана қарап тұр... “Жорт, жорта тұр, Қасен!” дегендей³⁶.

— Иә, әрине, іс керек. Бірақ білесің бе, жолдас Семенов? Біздің партия, үкіметтің өзі де біледі... Қазақ қызметкері, әсіресе кенседе дұрыстап істей аларлық үлкен қызметкер табылуы өте қиын.

— Төменнен тарту керек. Үйрету керек. Аз уақытта маман данады. Тіпті болмаса бухгалтерліктің, ұйымдастырушының, аздаған мамандықтың курстері бар, соларға кісі жіберіп оқыту керек. Орыс қызметкерлеріне қазақ тілін білуді шарт ету керек. Араларында тіл оқу жұмысын ретке бастырсын. Ол өз міндеттері, соны істеуді де сіз бақылауыңыз керек... Осылардан не істедіңіз?

Қасен басында сасыңқырап қалып еді. Өйткені жаңағыдай жасты алып оқытып, төменнен өсіру сияқты істер мұның ойламаған шаралары. Бірақ бір ырғалып оңалып ап, міз бакпастан:

— Осы айтқаныңыздың бәрі біздің белгілеп отырған шарамыз. Тіпті партиячканың ойына да жақсы келген екен. Бірақ бұл күнге дейін жәрдемшім болмады, білесіз. Енді партия жәрдемдесе, әрине... Енді тырысып көрейік.

— Бұл шараларға сіз әлдеқашан кіріскен болуыңыз керек?

— Енді, жолдас Семенов, осыдан былай біз де партияны үнемі құлақтандырып, білдіріп тұрайын деп, өзім де бүгін сізге барғалы отыр ем.

— Сонда істеген шаруаңыз қайсы?

— Әзірше бір жағынан маман қазақ дайындау ниетіміз ғой. Сондықтан... — деп жөткіріп ап, — он студентке стипендия... тағы төрт студентке стипендия...

— Ол белгілі, ол жолдас Жарасбаевтың қатысуымен істелген.

— Иә, иә, — деп бұлдырата, — рас жолдас Жарасбаев та біледі, — деп сонда да өз жағына ойыстыра кеп: — одан бері де жергілікті облыстық аппараттарға кісілер ұсынып отырмыз. Осы араға да бірен-сарандап алған болып жатырмыз... Енді партияның беті бұл мәселеде ашық мықты... іс болады. Бірақ осы жөнде барымызды салып барып бірімізге біріміз жәрдемдесіп партияның тапсыруын орындаймыз...³⁷

Семенов сөздің бұл түрін қысқартпақ боп:

— Жолдас, енді бұл күнге шейінгінің бәрі бос сөз болған. Қай жолмен қандай шара істемек боласыз, сол туралы нық тұрақты жоспар жасаңыз. Екінші әрбір он күнде осы жөнінде, барлық істеп келе жатқан ісіңіз жөнінде бізді де хабарландырып тұрыңыз! — деп жүріп жетті.

Қасен қалбалақтап:

— Құп-құп... Пәлі, тіпті жақсы болды мұныыз... Жақсы! — деп Семенов бөлмеден кеткенше алғыс айтып, дән ырза болған кісі боп қалды.

Сәлім таңертең Жәмиламен қақтығысқаннан кейін сабаққа — вузына кеткен еді. Күндегі сабақ бар, камсамол ячейкесінің нагрукесі, пропком тапсырмалары бар — соның бәрі бұның уақытын лық толтыратын. Қаридорда сабақ-сабақ арасында, сталобайда, кешкі жиналыстар арасында немесе студенттер общежитиесінде бітіп, тынып қалатын міндеттері де болады.

Дені сау, қайратты, екпіні мол. Жалғыз-ақ ұйқысы қанып тұрса болды. Педжакты желбегей салып, шашын будырата сілкіп тастап айнымайтын, аумайтын көңілді пішінмен істерін істейді. Ісі бар, сөзі бар адамдарды көрген жерде ұстап алып, біріне жұмыс тапсырып, біріне жөн үйретіп, біреуімен дауласып қалып, елгезек қажымас, қайтпас шабуылшының міндетін ада қылады.

Бүгінгі күн де сондай тынымсыз, сансыз көп міндеттің күні еді. Қажыдым демес еді. Бірақ уақыт, уақыттың қысқалығы, еңбек күнінің шолақтығы қажытады³⁸.

Арасында сабақ.

Осындайдың бәрінің ортасында жүріп үйдегі тұрмысы, аға-жеңгесі және ана қырдан келген туыстарының халі, мінездері дегеннің бәрі бұны бүгінге шейін көп шұғылдандырмап еді.

Кеш келеді... Төсегінің қасына орындық әкеп соған лампаны қойып, ауыз үйде кітап оқиды. Күндіз боса сабақ бітісімен ста-лобайдан тамақ ішіп, вуз айналасында жүріп қалады... Кейде общезитиедегі жолдастарға да қона кетеді.

Бірақ Сәлім енді бала емес. Өзі меңгеріп жүрген істердің ішінде талай үлкеннің қолынан келмейтін қиындары да бар.

Ол әлі кеңседе істеп көрген жоқ. Бірақ кеңсеге керек ұйыстырғыштық ісшілдік, екпінімен есіп кететін тапқыштық бәрі де бұнда көп.

Әсіресе осының бәрінің үстіне өз-өзіне сену күшті. Қай нәрсені алса да жалтақтамай, іркілмей маңдайымен жара қимылдайды, батыл-батыл кіріседі. Өз ішінен: кеңседе істеп көрмесем де бір бұйрақраттан кем істемеймін деген сенімі ілес жүреді...

Қырдағы аға-жеңгелері келгелі он бес күндей болып еді. Оларды шақыртып қасына алдырудан Қасен қашқалақтаған-ды. Бірақ Сәлім алыста жатқан ауру-сырқау жайларын ұғып, Қасеннен адресін ептеп алып, хат жазып жіберген. “Келіндер, бірге көреміз” деген. Оларды бұл жете білмейді. Бірақ балалық күннен шалалау сақталып қалған бір елес — аға-жеңгесі Қасеннен қатты қаймығатын. Сонымен бірге оны төбелеріне көтере күтетін. Жүрісін, тірлігін медеу қылатын. Елге Қасендер келеді десе алдын ала:

— Қасен, Қасен, төрем... Төрем келеді, — десіп ауыл, ауданға да мақтан ететін...

Сол аға-жеңгенің қолында қырда өскен Сәлім 10-11 жасы-на шейін Қасенді аналардан да бетер аспандата, сағымдандыра түсінетін.

Өзгеде жоқ аға, ерекше аға бұнда бар. Ол Сәлімді оқытады, өзге бала көрмегенді бұл көреді... Ағасы ел ішінің үлкендеріне, бай-бәйбіше, үлкен қарияларына құрметті аға.

Қатын-қалаш арасында Жәмила да бір ертегі болатын. Киімі бөлек, қалпы басқа... Қызықтырады. Бірақ құлаш жетпес алыс-та.

Өшейінде алыста көптің бірі боп, құба төбел бөп жүретін аға-жеңгесі, Қасендер келгенде қоқиланып, айбаттанып кететін.

Қасеннің елге келуі жырдай еді... Сәлім басында осының шұғыласына мас болумен өсті. Ағасының қасына отырып, қыдырса жанына еріп немесе көптің көзінше кейде Жәмиланың алдына да отырып та қалады... Сынамайтын, талғамайтын күнінде бұл жайлар Сәлімнің еркін алған халі болатын.

Содан алғаш қалаға келіп оқи бастағанда да, талай жылдар Қасеннің ығында жүрді. Сынап қарап көрген емес. Міні бар шығар деп әсіресе ойламаған. Осыдан екі жыл бұрынға шейін болған күйі осылай еді.

Сол бұрынғы тексермеген, сынамаған балалық түсініктерінің көбіне соңғы екі жыл түзетулер кіргізе бастады. Екі жылда да Сәлім ағасынікінде емес, общежитиеде тұрған. Сол уақытта вуздың екі жылдық сабағын оқыды. Биыл үшіншіге шықпақ.

Қыс оқуда, жаз қалхоз, сабхозда практикада болып жүрді. Мамандық білімін ауылдағы көп жаңалықпен байланыстырып, тәжірибемен өсті. Ағасыныкіне екі жыл ішінде ұзағырақ көп тұрғаны осы соңғы бір ай еді. Жазға салым общежитиенің отыны азайып, тұрмысы қиындап, оқуға бөгет шыққан соң келген еді.

Және бұрынғы ертерек кездегі балалық шағының естегілері бұрынғы ескі ұясы сияқты болған бір орынға тартқанды³⁹.

Бұл бір уақытша, өзіне есеп бермей бой ұра кеткен сезім сияқты болатын⁴⁰.

Бірақ осы соңғы бір ай, әсіресе қырдағы үлкен аға мен жеңге келгеннен бергі 15 күн Сәлімге Қасен мен Жәмиланы шындап таныта бастаған.

Бүгінгі таңертеңгі оқиға сияқтылар осының алдында да бір-екі рет болып өткен. Әрқайсысының кезінде “Не болған өздеріне?” — деген сияқты бір қалыпты сұрақ қоятын.

Бұл Жәмилаға әншейін бір күңкіл есепті, оны да Қасенді де ойландырмайды. Екеуіне де дарымайды. Бірақ Сәлімнің өзі үшін бұл болымсыз сұрау емес. Күннен-күнге ішінде өсіп, ұлғайып, кернеп келе жатқан сұрау. Көбінесе сыртына шығарылып айтылумен қатар, өз ішіне, өз-өзіне берген сұрау да сияқты.

Плитеден құлаған табақ емес, сондай боп құлап күйреп бара жатқан “аға-жеңге” дүниесіне, ескінің дүниесіне қарап тұрып, еті тіксініп жатырқап тұрып берген сұрақ. Ол өзінен алыста қалған, жат, мағынасыз, нәрсіз күйкі бір дүние.

Сондықтан бүгінгі қақтығу Сәлім үшін үй ішінің ғана жыбыры емес, екі бетке шығып қалған, екі жағаның адамының көзқарастары сияқты.

Қасен кеткеннің артынан, көп кешікпей вузға қарай Сәлім де кетті.

Бірақ бүгінгі көңілінде жол бойы ескеріп карауында алдынан ылғи ағасы Қасен көлденеңдейді де тұрады.

Еріксіз соны тексеріп, сынап өтті. Енді бұрынғы балалық сағымның бәрі кеткен. Көз алдында Қасен біртіндеп- біртіндеп тонала бастады.

— Оқыған десем... бұрын білгіш көрсем... Жаңылыс! Ешбір жайдан бірде-бір іргелі тұтас білімі жоқ. Оның үстіне еш уақытта кітап қарастырмайды. Ілгері баспаса, кейін кетпекші емес пе еді? Онан соң бұрын Маркс, Ленин жүйесін, диалектиканы оқып па?⁴¹ Ол кездегі оқуда бұлар жоқ. Оны бүгін ғана білуге болады... Ол жүйе жөніндегі надандығы. Және тіпті жалғыз жүйе ме екен?

Бұрын “атақты, көпшіл, камқор, ақ жүрек” деген бірдеме-бірдеме сөздер Сәлімнің есіне түсті. Осыны елде Қасенді жағалаған атқамінерлер айтатын еді. Үздік-үздік есінде қапты.

— Е, бұрын кім үшін, не жайда атақты болдың?.. Мәлім! А, қазір де атақты деген ат үйлессе — атақты врач қанамысың? Бұрын аға-жеңге, іні, немере... Ауыл айналаға да боса “жақсы кісі” атанам деген талабы бар сияқты еді. Бүгінде плите мен қазан-ошақ. Индегі суыр!.. Қарақан қара бастың, жаман құлқынның “санашылы”. Айналаның ұлы жаңалық, алып туындыларының бәріне таңертеңгі шай, түстегі тамақ, са-тып алған табақ, шөлке бұйым тұрғысынан қарайсың, ә? Сациализмді қарғап-сілейсің!

Басқан сайын өз сыны дөп тиіп жатқанын сезді. Әрбір талдауы Қасен мен Жәmilаны жаныштап, ұрып жатқанын сезеді.

Ызалана ойланады, аяғы шапшаң басылып кетіпті, жұдырығы түйілген, қабағы да түксиіңкіреп алышты.

Жалғыз Қасендер емес... Бұл өзінің де кейбір артқы күнін шенеу... Осы күнге шейін сынамай, талғамай, әлденеден — “тәуір еді-ау” деп жүрген балалық дәуірі, Қасеннің ығында өткен дәуірі бар емес пе? Соның жылтырауық қабағын енді өз қолымен сындырып, аямай лақтырып келе жатыр...

...Жылтырауық қабық бәрі де!.. Оның аржағы, шыны, дарашылдық... Мещандық. Ескі дүниенің “социализм құрылысына қарсы бол!” — деп тастап кеткен құнсыз қайшылығы.

— Соншалық құнсыз болғаның сондай жақсы болар ма қайта? Сені көріп “қимайтын ескім мынау ма?” деу үшін. “Сол күнгі тарихың, кісің осы ма?” — деп нұсқап көрсетіп, жиреніп торығу үшін де боса керек шығарсың, сен әлде!..

— “Ей, қалшы арман!” — деп қолын сілтеп қалды... Вузға жеткен екен. Қолындағы тезистері есіне түсті.

Бүгін пизматтың балаларымен палит бой!*

Рас, осы ойлардың қазіргі мәселе үшін керегі де боп қалар. Адам санасын қайта түзелту... Жаңғырту... Қалдықтармен алысу. Тұра тұр.

13-іші аудиторияға келді.

Екі топ та жиналған екен.

Бір топтың мықтап сенген қамсамолының бірі — Сәлім.

Мәжіліс басталды, мәселе жазулы тұр... Тақырыбы да, сұрақтары да тізілген. Қызылға бояп, үлкен жазумен айқындатып қойған тақырып: “Новое в организационных принципах нашей партии”, — дейді.

Сұрақтарға алғаш жауап беріп өтетін пизмат тобы. Орталарынан ең әуелі Сәлімнің өзі құрбылас бір қамсамол шықты. Ұзын қара шашын ортасынан жара қайырған. Ашаң сұрғылт жүзі бар. Өзіне-өзі сене сөйлейді, тақырыптың негізгі мәселесі кып — “палитотдел” жайын баян етеді.

Кездескен екі топтың оқушылары қағаз-қарындаштарын қолына алып, кейбір қысқа белгілер жасайды. Тегіс зор ықыласпен тындайды. Бәсеке жарыс емес. Қызба-таластың да ажары емес. Білмек, ұғынбақ, көптеп отырып тереңдеп түсінбек, ғылымның көп инесімен құдық қазбақ.

Алғашқы студенттің артынан сол топтың екінші, үшінші адамдары шықты. Бірінің-бірі кемтіктерін толтырды...

Сұраққа кезек берілді. Сәлім сұрақ берген жоқ. Жолдастар негізінде көп қателескен жоқ. Бірақ оқығандары көп нәрсе емес. Молырақ, тереңірек әзірлене алмаған. Сондықтан әрбір негізгі

* Палит (полит бой) — саяси айтыс (ред).

жайларды қорытып тұжырып айтқан жерлерінде тиімді дәл қып тұжыра алмайды. Астын-үстін кете береді. Кейде шұбалаң, ұғымсыздау. Кейде тым шолақ, жеткіліксіз.

Өз тобының кейбір “палит бой” дегеннің сыртқы түріне бой ұрып, аналардың жаңағыдай олқылықтарына күліңкіреп, кіжініңкірей түскені байқалып еді... Қасында отырған біреуіне Сәлім:

— Бұл маңызды оқу деп біл... Балуан күрестіріп отырғанымыз жоқ, — деп қағып қойды...⁴²

Сұрақтардың ішінде бұлар тобының бір баласы:

— Палитотдел күшті ме, райком күшті ме? — деген бір сөзді сұққанда, бұл уақытқа шейін салмақпен томсарып отырған топ ду күлді. Алғашқы баяндамашы күле тұра жауап бермек болып еді, бірақ жауабы: шын сол күштілік, салмақтарын салыстыру бетімен кетті. Мәжіліс тәртібі бұзылып, әр жерден жапыр-жұпыр сөз шығып, сұрақ беруші, бірен-саран дау айтушылар да боп қалды.

Алғашқы, екінші, одан үшінші жолдастар түзейміз деп кірісті. Бәрі де репликаге жауап беріп немесе алғашқының бетімен кетіп, мәселе жаңылыс түсініктерге қарай шалқыды.

Осы кезде Сәлім сөз сұрап ап:

— Жолдастар, олай емес — дегенде, екі жақ та қайта тынды. — Сұрақты қайсысы күшті деп қою да қата... Оған: анау әлсіз, мынау күшті деп жауап беру де теріс... Бұл болыс күшті ме, би күшті ме деген есепті. Екеуін екі бөлек екі жақ қып түсінуге болмайды⁴³. Бұл екеуі менің ойымша диалектическое единство, — деп сол пікірін бір дәлелдеді.

Екі топ та осының алдында аз ғана ала жарқын болған қалпынан кетіп, бұрынғы ісшіл-ынтымақты, тізелес топтың күйін қайта тапты.

Осыдан әрі Сәлім баяндамаларға сын бере отырып: “палитотделді” партияның, үкіметтің неге жасағанын толықтырып айтып кетті. Тыңдаушылар аздан соң тауып айтқан жерлеріне, тиімді пікірлеріне сүйсініп күліп, жадырап қап отыратын болды. Бара-бара екі топ екенін де, жігін де ұмыт қандай болды.

Сәлім оқып, зерттеп алған мағлұметтерін түгелдеп кеп, ең аяғында: “Палитотделдің тағы бір зор міндеті — ауыл мен қала арасындағы айырысты жою еді ғой. Соны жойғанда салт-сана, мәдени жолдағы тәрбиені өсіріп отырып, адам санасындағы ескі қалдықтарды құрту. Ол қалдықтар қалада бір топ болса, ауыл-пәселкеде онан да көп, онан да әрі неше алуан.

Партияның тартуға алатын үлкен ауыр ушастігі ауыл санасы. Соны сол сонау алыс көмбеден тартатын міндетті, сенімді тартушының бірі осы “палитотдел” болу керек деп білем мен!” — деді.

Сәлім пікірлері, сөздері ішкі қалпымен, сыртқы түрімен де топқа әсерлі, көрнекті боп сезілді. Жиналыс тарап, жолдастарымен сөйлесіп шығып келе жатқанда, сөз арасында Сәлім:

— Бағанағыны толық пайдалана алмадым-ау... Керек еді- ау! —деп іштей есіне алып өтті.

Түс ауа Жәмила үйге қайтты. Күн ыстық, көше шаң, пәтері қала ортасынан қашық, шетке жақын. Танертеңнен сарп ұрып базарда, шірет-шіретте қақтығып жүріп қажыған. Оның үстіне Қасеннің запескесімен Крайсаюзге барып, күні бойы зарығып Сәлменовты күтті. Барған кезі 12 шамасы еді. Бірен-саран кісіден сұрағанда: “баскарманың жиналысы, сонда отыр” деген. Онда жиылыстың ұзақтау болатынын Жәмила қайдан білсін. Көріп, жолығып кетпек боп, сонда тұрып қалды⁴⁴. Жиылыс созыла берді... Бір сағат, бір жарым сағат өтті. Тастап кетейін десе, бір-ақ есіктің аржағында жап-жақын жерде Сәлменов отыр. Бере ме, бермей ме? Бірақ қалайда ол бір мүмкіншілік. Шолки, трикатаж... ала қаса, ол да кіріс. Қызмет қылмайды. Табар табысы жоқ. Үй іші боп киіну, ішіп-жеу. Тұрмысын дұрыстау жалғыз Қасеннің ғана міндеті емес. Жәмила да бірдеме тауып, оны-мұны кіргізу керек. Өзінде аяққа оралар бала жоқ. “Шаруа, қызмет қап барады” — деп аяйтын қымбат уақыт та жоқ. Сондықтан әр күні⁴⁵ осындайдан, не шіреттен, не базардан бірер бұйым, біраз азық тауып қайтса, тыныштықты сонда ғана алатын.

Күйеуінде кеңседен алатын жалақыдан басқа сырт табыс жоқ. Әр кезде ақша аздығы да арқаларына бата жүреді. Сол себепті үй ішінде пұл жағы тиынға шейін санаулы. Бар

нәрсесі де есеп. Базардан саудагер қолынан көп нәрсе ала алмайды. Жиынып-терініп кеп⁴⁶ анда-санда амалсыз керек болған бір нәрсені, айында бірлі-жарымды ғана ала алады. Мысалы, бағана плитадан құлаған үлкен табак, әттең, соның күйігі-ай! Бұл халдер Жәмиланы шіреттен-шіретке, кеңседен-кеңсеге, таныстан-танысқа айдайтын қуғыншының бірі. Үзіп-жұлып алып қалу. Қасен екеуінің тілінше: “орайын қағыстыру”. Сонымен Сәлменов сияқтыларды айналдырып, жабыса, жалына тілек тілеп арзанға алып қалу — Жәмила қарекетінің ең зоры.

Бұл есепке ол әбден ысылған. Кейде кеңседен емініп алып, ертеңінде базарға ұстап бағалы етіп сатуға да болады. “Орайын қағыстыру, есебін табу” жөнінде, тегінде Жәмила да, Қасен де ұяла қоймайтын болған.

Кей күндері екі жерде екі нәрсенің орайы кеп қап шірет бөгейтін болғанда, Жәмила шіретте тұрған өзге қатын-қалаштың шарай тобын алдап, жақауратып, ұрланып, шіретсіз кіріп кетуді де талап етеді. Онысы кейде іске асқанмен, кейде ұсталып қалса, артисше байқамаған, білмеген, тіл ұқпаған надан меңіреу бола қалып құбылуды ойлайды. Кей шіретте омырау, кара құрық керек. Біреуді біреу баспалап, итермелеп, сығылысып қақтығысып жатады. Жәмила ондайда қақас қалып, еседен айырыла қоймайды. Өтірік айтып, ұятсыздық қылса да тырмысып, тіс-тырнағымен жабысып көреді. Сондай-сондай мінездері көптің көзіне түсіп қап, тентектігі білініп, екі-үш шіретте жұдырық жеп алғаны да бар.

Әсіресе бір ұйғыр әйелінің бұны көпке әйгілеп, кінәлап алып, шуылдап боқтап, ұрсып жатқан көп қатынның көзінше кеудеден “ыңқ” дегізіп бір ұрғаны елі есінен кетпейді... Бірақ оған шыдап, оған көнбесе, тамар жоқ. Өздігінен дүние келе ме? Осымен кейде алдайды да, кейде қымқырып ұрлап жібереді. Кейде ұялатын жерде ұяла алмай, жуан мойынмен көтере кетіп, қайта оңалып алады. Тағы сондайын істейді... Бұл жөнде Қасен екеуі үндемей ұғысады. Үндесетін де немене бар? Бір тілек — бір білек. Қас-қабақ, ыңғай-шырай осындайда ұғыстырмаса неме керек? Қысқасы, Жәмилада жаңағы күйлер — соңғы жылдардың моралі, мінезі болған. Нәтижесінде, “болыр бір фәндәден, юз фәндә бижайді” көрсең енді көрер ең...

— Үйде обед те дайын емес... Япыр-ау, шықпады-ау... Тоссам ба, тоспасам ба?.. Тоспасам шолки, флатие... құрғыр-ай түге... Не ғып қадалып қалып еді... — Бәрібір кете алмады.

Ақыры Жәмиланы сарғайта-сарғайта кеп бір заманда шыққан еді Сәлменов. Бірақ шыққаны бар босын. Аmandасқан, жай-күйін сұрастырған, қалжақтаған боп келіп, Сәлменов:

— Әлі баға қойылған жоқ. Өзім хабар етейін! — деді...

Жәмила қынжылып:

— Апыр-ай, сонша күтіп ем... Бір есебін табарсыз деп ем? — деп қадалып көріп еді. Сәлменов кете беріп:

— Шын айтам, әзірге ешкімге де сатылмайды! — деп тұжыра жөнелді... Жәмила артында қала беріп, ең соңғы рет:

— Осыдан құр қалдырсаңыз енді қиын-ақ...

— Жарар... жарар!

Сонда да ұзап қалған Сәлменовты қуалап айтқан сөзі:

— Ең болмаса Рахилаға алған сыбағаңыздың жарымын беріңіз қиып, — деп қала берді⁴⁷. Анау үндеген жоқ. Үйге келе жатып шаршап, шалдығып Алматының көшесі мен пәтердің алыстығын қарғап-сілейді...

Тізесі бүгіліп, кеудесі еңкіштеніп өрге таман басып келе жатқанда аяғы біресе қалың майда топыраққа бұрқ беріп кіріп кетеді. Немесе тас жайған жердің шодырайып тұрған шошақ тасына қақтығып кетеді. Желіп келе жатып томашаға сүрінген арық аттай тапыр-тұпыр етіп күрс беріп, жығылуға айналып қалады. Жұлын тұтасы үзіліп кете жаздағандай болады.

— Ой, адыра қал, адыра қалғыр қу немесі! — деп әлденеге кіжініп, тістеніп ап, зәрін шашады. Мандайынан өткен ыстық күнді де қарғайды. Сонымен күйіне-бүліне үйге жетті. Қызметтен қайтқан Қасен теріс қарап бүк түсіп, ас күтіп жатыр. Үйге келгенде ол ауыз үйден сызданып, қабағын қарс жауып түйіліп өткен. Аға-жеңге үйді сыпырып, тазалап, күйбең-күйбең бірдеме істеген боп жүр екен. Олармен сөйлескен жоқ. Барлығын сезбей, елемей өтті. Жәмила келгенде аға-жеңге жалтаң етіп, пішініне қарап жіберіп, именген көздерін қайта төмен салып еді.

Келін түйіліп томсарып жүріп примус жақты. Қайнаға таңертең келіннен есіткен қатаң сөздерді амалсыздан жұтып, бойына сіңірген еді.

Енді ұрысқан кісідей үндемей түнеріп отырудың бабын таба алмады. Дәнекер де, тетіктің бәрі де келін қолында көрінді. Ол тағы бар.

Қасен болса бұлар келгенде алғашқы күн біраз сөйлескен болды да, артынан әңгімелесуді де қойды. Соңғы он күн ішінде бір ауыз жауап та қатқан жоқ. Сонымен келіннен жылырақ шырай күткен дәмемен:

— Қарағым, келін, — деп жанынан бағанағы табақтың сынықтарын алып шығып, — мен мына табақты әлі де іске жарайды деп тұрмын... Өзі үш-ақ бөлінген екен. Міне қиюы мынау, — деп Жәмиланың түсіне қарады. Жәмила ескі жарасын еске алып, тұтанып тұр екен.

— Өзін ертең біраз ақша берсең, мен өзім базарға апарып, бір-екі жерден мыс шегемен ұстаттыра қойсам деп...

— Енді алдап-сулап ақша қағыстырайын дедіңдер ме? — деп теріс айналып өз-өзінен сөйлеген боп тұллан тұтып жүріп. — Сендейлер бес тиындық нәрсені он тиын деп, арасынан пайда қағыстырады. Ендігі ойлаған есептерің со ғой... Жырып жеменген күнің болушы ма еді, түге! — деп есікті тарс деп жауып, шыға жөнелді. Қарсы алдынан дәл сол кезде Сәлім кіріп келе жатыр еді. Ол аңырып, жол беріп тұрып, Жәмила шыққан соң үйге кірді.

Түсі жадырап жайнаған, ашық. Көлеңкесіз көңілді күйде. Бұл жол бойы Алматыдағы көктем күні мен табиғатқа ерекше бір сүйсініп, тамашалай келіп еді.

Жас, сау денесі бұлтсыз ашық шағырмақ күнге де еміренеді. Өлі шаң баспаған, ашық жасыл түске боялған ұсақ, жас жапыраққа да түшіркенеді. Зәулім биік, сұлу серек теректерді ерлей бітіп, жамырап қаулаған уыз жапырақтар⁴⁸ көше бойына қарағанда тіп-тік қарағай. Мұз беткейлі жасыл таудай көрінеді... Неткен сұлулық. Аяқ астында, басы қарлы биіктерден аққан мөлдір сулы тас бұлақтар ойнайды. Арық емес, акын айтқан мұз бұлақ. Еріксіз күйге, жырға тартады. Өрік, алма, сирень ағаштарының ерте шыққан, ақ түсті ақшыл, қызғылт түсті, көкшіл-қызғылт түсті гүлдері көрініп қалады. Кейбір түптерде, саяда отырып үзілте ширатып сыңғырлап толғап қалған бұлбұл үндері жара жөнеледі.

— Қалай біздің көктем?.. Өзгенікі емес, анық даусыз біздің көктем! — деп Сәлім бір омырау екпін, ағын сезеді...

Жүргінші аз шаңсыз көшемен келе жатып кеудесі толғанша дем тартады... Неше алуан әдемі иістердің жібек талдай ағымдары үзіле-үзіле келіп ішіне енеді. Осындай күймен кеп есікті ашып жібергенде, алдынан таңертеңгі Жәмила тағы да атқуылдап шықты.

Төрге қарай баса беріп, үлкен жеңгесіне қарап:

— Жеңеше, немене, әлі қоймай жүр ме? — деді.

— Қалқам, кенжем, тілінді тыңдаушы ма еді? Жәмилаға қой десеңші, әдейі ме? — дегенде күйеуі бұның сөзін бөліп:

— Мына табақты жамауға болады ғой... Ақша берсең жаматайын деп ем.. Мені ақша ұрламақсың дейді! — деп басын шайқап күрсініп, — бөтеннен де естиім деген сөзім емес еді! Өз туған келінімнен... алақаныма сап аялаған Жәмиладан... амалың бар ма?..

— Туған келін, кешегі мына кенжемнен, төремнен бетер көрген балам, бауырым деген Жәмила! — деп жеңге кемседеп жылап жіберіп, көзін жеңімен сүрте отырып, — құрып қал дейді, ұры дейді. Мені былай қойшы, сақалды басымен мынаған!..

Сәлім бұл екеуінің халіне кіріп, жайларын түсінді. Түсінеді, бірақ бұл бір орыннан тіпті тапжылмаған, қаймағы бұзылмаған жабайы дүние... Өткен ғасыр... Сәлімге жаласы жоқ. Бұнымен еш ортағы жоқ, алыс ескілік.

— Сіздер әлі баяғының соңында. Ол орыннан жұрттың бәрі кеткен... Қайда кеткенін өздері білмесе де, бұлар да! — деп төргі үй жақты көрсетіп, — әлдеқайда өзге болған. Ә, сендер баяғыны айтасың...

Ана екеуі түсінген жоқ... Аға Сәлімге қарай еңбектеп сыбыр араластыра сөйлеп:

— Сәлім, жөнін түсіндірші. Әлде ақша, тамағы жоқ па екен? Аз ғана асына ортақ болып, жұттай тиіп отыр ма екеміз? Жөндерін айтпайды. Тіл қатпайды... Сол шығар әлде?

— Жоқ, ол емес, екеуден екеуі, паетері жақсы. Запастары мол... Бос жылана береді,—деп Сәлім нығап сөйлеп, — сендердің маңайлағаныңды сүймейді. Тамақтарынан бөліп тастап, осы ауыз үйге ішкізіп отырғаны бейілінің дұрыстығынан деймісің?

— Рас... рас! — деп, аға басын изей бергенде, Жәмила қайта кірді. Мынау тына қойды. Бірақ Жәмила бұрынғысынша әлі тұтанып жүр екен.

— Жұмыс қылуға жарайды... Іздегендері ку құлқыны ғой. Неге еңбегіне жалынбайды... Тағы кеп масыл боп, жұттай қысып... — дегенде Сәлім мырс беріп, мысқылдай күліп:

— Немене, Жәмила? — деп, — Жай салмақты ауырлап жүрсіндер, батып жүр, ә?⁴⁹

Жәмила ереуілдей қоя берді.

— Ал, иә, батып жүр. Не демек боласың?...

— Тамағыма ортақ болды... Шығынға батырды дейсің, солай ма?

— Солай дегенде қайтпекші ең? Біз емей, сен шығындап отырған шығарсың.

— Қалай құтылудың амалы табылады дейсің, солай емес пе? — дегенде Жәмила шатынап, ашуланып айғаймен сөйлеп:

— Тәйт сандалмай, сен менің сыншым боп отырсың ғой, жетіскен неместің!

— Қандай азғынсың, қандай кіп-кішкене боп, ұсақ боп кеткенсіңдер?

— Сын сенің не теңің? Қолыңнан бірдеңе келсе сынасаңшы! Өзің масыл боп отырып.

— Қой, олай деме, мен масыл емеспін саған!⁵⁰

— Масыл емеспін? Ендеше, неге кеп жүрсің?

— Сенің бірдемеңмен пайдалану енді маған ар, білесің бе?

— Ойбай-ай, жетіліпті ғой! — дей бергенде төргі үйден Қасен атып шықты. Қанын ішіне тартып ежірейіп алған, Сәлімге тіксініп:

— Сен не сандырақтап жүрсің әй, осы кісімің?

— Мен сандырақтаудан аманмын. Біз сандырақтамаймыз, тегінде жөнді айтамыз! — деп салмақпен жауап беріп ағасына қарады. Қымсыну жоқ, үлкен нығыз сабыр бар бойында, тең көрмегендей... Қасен осыны түсініп бірқатар үн қата алмай, қалшылдап, көзі аларып тұрып, аяғында жұлқынып жұдырығын түйіп қап, сөз таба алмай тұтығып:

— Үйтетін босаң, аулақ кет менен! — деді. Әншейінде өзге жерде шығара алмайтын ызасы қазірде барынша сыртқа қарай керней жөнеліп еді.

Сәлім түк селт етпей:

— Тіпті жақсы, мен өзім де кеткелі отырмын... Бірге болуым өзі де мүмкін емес!...

Қасен бұрынғысынан да булығып сөз таба алмай:

— Мойныма мініп отырып! — деді.

Сәлім атып тұрып:

— Өтірік! Жәмила айтсын оны. Тым болмаса сен айтпасаңшы. Бұ күнде сендердің есең кетіп отырған жоқ менде... Жалған айтпа. Бірақ бітті, болды енді. Ақымақ болғам мен! — деп қайтадан сабырлы салқын күйіне кеп, — бірақ жақсы болды енді бұл... Білдім, таныдым бәрің де!⁵¹ — деп төсегін жинастыра бастады.

Қасен ішінен:

— Мынау қайтейін деп жүр! — деп енді есі кіріп, артын ойлап қорқақтай бастағанда⁵², бағанадан ыңғайсызданып отырған аға:

— Қарақтарым, қойсандаршы, бір ата-ананың баласы едік қой, — дей бергенде Сәлім:

— Сөз шығын қылмаңыз... бітті... Халас! — деп кепкесін басына киіп алды. Менсінбеу Қасенді қайта қоздырды. “Өлсем де енді бәлем-ай” дегендей қып⁵³:

— Алған тәрбие-тәлімің... Болдым-жеттім деген адамдығың осы ғой! Құнсыз!

— Тәрбие-тәлімге соқтықпа. Ол сіздің бойыңыздан жоғарырақ! — деп Сәлім сұрланып қатайып алды...

Қасен өз ішінде інісіне арналған терең түкпірдің жаулығын, қарсылығын сезді. Енді оған біз сұққандай бірдеме айтпақ, істемек боп қарманып еді, көңіліне бір ой жарқ ете түсті. Қайтадан тепсініп:

— Жетілген, асқан неме екесің ғой, ендеше... — деп сұқ қолымен аға-жеңгесін нұсқап тұрып, — ендеше, алып кет мыналарды менен... Мен жақсы туысқан болмай-ақ қоям ешқайсыңа. Болғам... тойғам... жетті! — деді.

Аға-жеңге жылап жіберді. Екеуі Сәлімге жалынып:

— Қарағым, Сәлім, кенжем, сен қойсаңшы... Не деген сұмдық?.

Сәлім оларға ашуланып:

— Қой, немене жылайсындар?... Сорлысындар ғой сендер де. Сондықтан жылайсындар ғой ас үшін!

Қасен тістеніп кекетіп:

— Сондықтан жылайсың?

Сәлім аға-жеңгеге:

— Кім босандар да өлтірмеймін мен. Жыламандар, қиын қылам дейді ғой! — деп көңілденіп көтеріліп, — еш нәрсе етпейді. Бәлшебек жеңбейтін қиындық жоқ! — деп жөнеле берді де, аға-жеңгеге:

— Мен мыналарды апарып тастайым да, қайтып келем... Алып кетем сендерді. Азаматтық құқықтарың жойылған адам емессің. Еңбек қыла білуші едіңдер ғой, күнелтесің, өлмейсіңдер! — деп жүріп кетті.

Сәлім айтқанын істеп, сол күні кешке жақын аға-жеңгені алып кетті⁵⁴. Қасен төргі үйде жатып, олардың қамданып, жиналып жүргенін сезіп еді. Кетіп бара жатқанын да есітті. Бірақ белгі бермеді, ауыз үйге шықпады. Жәмила бұны ұйықтап жатқан кісі қып қойды. Сонымен аналар әбден кетіп болған соң, қабағы жаңа ғана жадырап Жәмила кірді. Қасен қабағы түйіліп қынжылған кісі боп:

— Немене? — дегенде, Жәмила ырзалығын жасыра алмай күлімсіреп:

— Кетті! — деді.

— Барсын... Бірақ мыналарға обалдау болды ма, немене? Сәлімге ерегесіп істеп отырмын!

— Өл де маған... көрсін енді мойнына міндет алып! Пәтері жоқ. Азық-түлік, ыдыс-аяғы тағы жоқ! — деп күліп жіберіп: — енді қайтер екен! — деп алып, жеңген кісі боп сүйсініп жайраңдай бастады.

Қасен оны да жақтырмаған қабақ жасап, өз ішінен тағы екі жарылып:

— Қойшы сен де!.. Қыласыны кімге қылдым деп отырсың! — деп күрсініп ап. — Ойпыр-ай, бұл уақыт деген қалай-қалай өзгеріп барады. Бір үйдің іші деген біз емес пе ек? — дегенде даусы да трагедиялы үнмен бәсеңдей, сыбырға таман айналып. — Жазығы да жоқ еді! — деді.

— Сіздің жаныңыз ашиды да отырады. Бірақ баяғыдан ақжүрек бола-бола не таптық. Еңбегінді білген бірде-бірі бар ма? Мойнымызға мінгізіп, адам қылған Сәлімнің мінезі мынау емес пе? — деді...

Ақжүрек деген сөзді бұрыннан Қасен жайынан ауылдың жағынғыш атқамінерлерінен естіп алып, Жәмила әрқашан бұлдап сөйлейтін. Бұрын ел ішінде, қалалы жерде де бұл сөзді өздерінің даусыз меншікті сыбағасы сияқты айтып машық қылғанды. Рас, соңғы бірнеше жыл бойында Қасен туралы бұл сөзді ешкімнен есіте қоймайды. Бірақ сонда да үй іштерінде, өз араларында ол сөз әлі тірі еді. Сүйретіліп келе жатушы еді.

Қасен тұрып киініп жатып, әлі қабағын түйіп, жүдеген жүзбен:

— “Ақжүрек”... Иә, ақжүректік... Жақсылықты істе-істе, бірақ ешкімнен алғыс алма, игілігін көрме! Жақсылығыңмен пайдалана отырып, өзінді “әй, кәпір” атандырсын! — деп, әбден киініп ап, —біздің хал солай болды ғой, Жәмила! — деді...

— Жарайды, тойдық енді... Болды... Қажитын уақытымыз болмады ма тіпті өкінбейік! — деп Жәмила Қасенді нығап, басын изеді.

Қасен біраз тұрып ішінен “енді шынға келейін, осыған тіпті дән ырзамын ғой, құдай қанеки” — деп жымиды да, алғашқыдай баяу дауыспен, салмақтап тұрып:

— Дұрыс... Сенікі рас, — деп келді де, артынан шапшаңдатып, — енді бұдан бұлай осылар қараңызды көрмейтін босын. Жоламасын! — деді.

Үйден шықты. Есікті артымен жаба бере:

— Қуып жіберсем де... біраз жайсыз іс істесем де, сол үшін қынжылдым-ақ қой!.. Өз-өзіме самокритика жасамадым ба? — деп есік алдына шыға берді. Көз алдына Үлкен Алматы биігі тағы сап етті. Әлденеден бетіне оттай басылған сияқтанды... Токтаңқырап басын изеп, өз-өзінен күбірленкіреп:

“Осыным расым еді, батырекесі!..” дегендей боп тағы қарады. Жауапта тұрған кісідей.

“Әй, бірақ анау жалтартатын емес сияқты”. Қазір түсі көкшілденіп, көлеңкеленіп сұп-суық боп апты. Ашумен қабағы да түйіліп, беті де әжімденіп кеткендей ме, немене?

— “Алдарсың, алдарсың” дегендей боп ашулы мысқылмен басын шалқайта салын, көзін сығырайта, сүзілте қарап қалған сияқты.

Қасен қалбаң-құлбаң етіп қап:

— Апыр-ау, бұ не пәле? Бар қоймамды ашып, абыройымды айрандай төгеді де тұрады осы бір неме? — деп қолын сілкіп қап, жөнеле берді. Сол кезде арт жағынан Жәмила дауыстады.

— Әлгі бір айтқанға барасыз ба? Мен не істейін? Не қылатынды айтпадыңыз ғой? — деді.

Қасен:

— Иә, рас-ау, — деп айналаға қарап алды. Қора ішінде, көшеде де көзге түсетін ешкім жоқ. Бірақ сонда да күдіктеніп Жәмилаға қарай бір басып, — өзің бері таман келші, бері түсші? — деді. Жәмила қасына келді.

— Мен бара берейін. Басын қайыру керек. Сен, қазір қараңғы түскен соң қабыңды, ыдысыңды алып Қасымхандікіне келе ғой. Өзің басы-қасында бол.

— Е, үйтпесе араласып та керек емес. Қасымханның қатынының мінезі мәлім ғой... Бұлдыратып жүріп бірдемені артық қағыстырып алмаса, оның бойына ас та батпайды! — деп қала берді.

Қасымхандікіне Қасен келгенде, Аманбай да сонда отыр екен. Басқа бөтен кісі жоқ... Екеуінің ортасында жаңа басталған бір литр. Болымсыздау закускемен бір екі рет тастап апты... Қасенді екеуі де орнынан тұрып, оқырана қарсы алды. Қасымхан құйып жіберіп:

— Бой жылыт! — деп күліп ап, ұсынып та қалды. Қасен шешініп үстелге жақындап кеп арақты алмай тұрып:

— Бұл иттің закускесі қайда? — деді де, аналармен қоса күліп — мен қуырдақ, жылы-жұмсақ деп келдім. Тамағымды ісіретін болсаңдар ішпеймін, — деп Аманбайға қарады.

Қасымхан:

— Оның бір мәні боп тұр. Ақылдасайық деп сені күтіп отырмыз.

— Қайда өзі?..

— Алыс емес, — деп Қасымхан іркелеңдеп, — әуелі шешіп алайық, — деді.

Қасен шыдамсызданып:

— Ал, — деді де, екеуіне кезек-кезек қарады.

Аманбай шырайланып күліп:

— Апырай, өзі, басымыз бір жақсы қосылған екен. Ішін ұрып, артын кере жатармыз... Баяғыда бір отырып, бұрынғыны бір еске алсақ не етер екен? — деді.

Қасымхан әлі де құлай қоймай:

— Жоқ, жөнін айт. Әуелі сөзді пісіріп алайық!.

Содан кейін Қасен бұның көбін қысыр кеңес көріп⁵⁵:

— Қайда өзі, сонысын айтыңдаршы? — дегенде, Қасымхан тоқмейіл жүзбен, салмақпен:

— Тұр ғой... Ұқпайды екенсің ғой, — деді.

Аманбай Қасенмен стопканы қағыстырып ап, арақты тастап жіберді:

— Бағана айтармын деп ем ғой, енді оның мәні былай! — деп сөзге кірісті. — Өзі бұл, ана мен істеген сабхоздың аты. Жаксы мандай ат еді. Түнеу күні осыдан екі ай бұрын мерттік пе, немене аяғы ісіп, жегіннен шығып қалды. Мал дәрігері әрі қарап, бері қарап ауруын таба алмады. Оған қазақтың кәрі ақсақ дейтіні осы болады, жазылмайды деп өзін біраз майлап та жіберіп, бұлдыраттым да, кем-кетік деген қағазды бір жасаттым. Содан кейін бұны қазақ оташысы жаксы жазады. Емге берейік деп бір сенімді қазақтың қолына беріп, табан екі ай бақтырып ем. Осы жолы жолшыбай келе жатып сол жерінен алдым да, бір қағаз да түсіріп алдым. Жазылмады... кем-кетік дегізіп.

Қасен дәмеленіп көңілденіп ап:

— Семіз бе өзі? — дегенде, Қасымхан:

— Бір еліге дау жоқ! — деді.

Қасен бұны естігенде бөтелкеден бірді өзі құйып тағы қағысып жіберді де, Аманбайға қарап: — Иә, айта бер! — деді.

— Сонымен бұл жағының бәрі жаксы. Ал ендігі бір бөгеп тұрған нәрсе — сол аттың бұрынғы жайын білетін бір қазақ жұмысшысы бар еді, сабхозда істейтін. Өзі әлгі ударник. Мені қалаға әкеле жатқан сол еді. Жолшыбай көріп келді... “Сауығыпты, жазылыпты... доктор түк танымайды екен- ау!” — деп ылғи сонымен ұрсып келді... Сойса екі елі қазы түсер еді-ау деп біраз жағалатып, тұспатдап көріп ем... — Туу, мына аттың жоғында торы қасқа атты сойған кісі мал бетін көре ме?! — деп атқып-атқып түседі.

Қасымхан шыдамсызданып:

— Аяғы жазылмайды, доктордыкі рас... Ертең ақсағы тағы шығады. Қазақ оташысы да жаза алмады деп ауызға ұрмайсың ба?

— Айттым, айттым ғой оны. Әйтседе ол жағын көп бойлап ашқам жоқ... Түбінде онымен дауласам ба. Күндердін күнінде сүйеу болатын жерлерді әдейі ашқам жоқ. Қасен күліп жіберіп:

— Дұрыс, дұрыс, бәсе! Сөйтетінің бар еді ғой! Тәйірі, ашық ауыз қазаққа бой беріп!

— Қағаздардың жайын тіпті сөз қылғам жоқ...

Қасымхан да сүйсініп:

— Тіпті жақсы! — деді.

— Ал енді не сөзі бар бұлай болғанда! — деп Қасен ана екеуіне көз қысып, түрегеп тұрып сұқ қолымен өз кеңірдегін бауыздаған белгі жасап, — жығатын керек... мақан мақан қушайт! — деді. Қасымхан әлі де күдігінен арыла алмай:

— Ұрлыққа ұқсап жүрмесе? Заң жаман ғой, өзі, — дегенде Қасен:

— Жарайды, бір атпен біз сәбетті байытпай-ақ қояйық. Өзгені қойып, тіпті дәл өзімізден келген талай малдың бір орайы шығар... Жық айда, ішін ұрып енді! — деп байлай сөйледі...

Анау екеуі үндеңкіремей отырды. Қасен аз тұрып тағы қозғап:

— Ал әлгі жұмысшы қайда? Бөгет енді со ғана ғой. Өзін сілейте бір тойғызып, қолға қондырып алайық та. Содан басқа не бөгет бар? — деп, әңгімені тездетіп шешу жағына шықты.

Аманбай:

— Тағы мына Қасымханның бөгелеңдеп отырғаны. Бағана күндіз сол жұмысшы осында келіп, аттың тұрғанын көріп кетті.

— Иә, сонысы қауіп боп тұр! — деді Қасымхан.

Қасен оған да бой бермеді... Ақыры бұған ішіңкіреп алған Аманбай кеп қосылды. Қорқа-қорқа, шегіншектей- шегіншекттей отырса да, аяғында Қасымхан да көнді. Сонымен түн бола бергенде қора ішінде торы қасқа жығылды...⁵⁶ Қасымханның қатыны мен Жәмила соның айналасында, бір қадам шықпай, біріне-бірі сенбей күйбеңдеп жүр.

Үйде үш жігіт бір литрді құлатып тастап, жас еттің тұзды қуырдағын ортаға алып, екінші литрге кірісіп отыр. Тілдері де, бейілі де шешіліп алған.

Баяғының — 18-19-жылдың естегілеріне кірісіп, көп-көп нәрселерді кезіп шарлап айтысып келген бір кезде, Қасен төсін керіп:

— Біз тарихи іс істеген адамбыз. Осы отырған үшеуміз де тарихта орнымыз... — дей бергенде, бірнеше бөтен аяқтардың дабысы сарт-сұрт етіп бұлар отырған үйдің есігіне келіп қалды.

Қасымхан сасқаннан қалбалақтап үстел астына қарай арақты ала жөнелді.

Сөйткенше болмады, үш-төрт әскери кіріп келді. Қастарында бағанағы Аманбай айтқан жұмысшы. Ол бұдан бұрын торы қасқа ат жаңа бауыздалып, терісі сыпырылып жатқанда бір келіп сығалап көріп кеткен еді.

Дауласар, айтар сөз жоқ... Сонда да Қасен:

— Біз кадр... кадр... Өлкелік мекеме... жауапты қызметкер, — дей беріп еді. Қараған жоқ. Үшеуін және екі қатынды алып далаға саусылдатып айдап шықты. УРО-ға* қарай алып жөнелді.

Ай жарық екен. Бір көшеден айнала бере Қасеннің тағы көзі шалды. Үлкен Алматы биігі қарап тұр. Енді тіпті суық, тіпті алыс... Ол граниттей қашалған. Соншалық күшті. Ол тағы жеңді... Жеңді!..

* УРО — уголовный розыск — кылмысты тексеріп ашу орны (ред).

ШАТҚАЛАҢ

I

Бұл есіз, меңіреу қараңғылықтан Айша қорқып жүрген жоқ. Оны бүгінгі күннің қырсығының бірі деп біліп, қарғап-ұрсып, күймен жүр. Түпсіз түңғиық қараңғылықтың ішінде біртүрлі бір, жабысқан дымқыл салқын түн сызымен бірге, әлденеше көгеріп базданған шірік иісі де білінеді.¹ Айша бүгінгі шеккен азабы мен әлі күнге айықпай тұрған ауыр ойларының әредігінде бұл иісті талай рет ұмытып еді. Бірақ артынан қазіргідей, еріксіз қайта табады. Өнебойы оттай жанып, қыстығып кеп:

— Бұл не пәле? Қайда кеп түстім, сорлы басым-ау, — дегенде қазіргі тұрған орны бұрын ат-атағын естіп көрмеген құбыжық зындандай көрінеді. Өйткені ол айдалада жападан-жалғыз тұрған баз-кілеттің ішінде. Айналасы құлан елсіз. Кем қойса бес шақырымнан жақын жерде ешбір жан иесінің мекені жоқ. Өзі жым-жырт, қап-қара дала түні. Неткен ұзақ түн? Айша бұл күйге түскелі қашан? Жалғыз басы. Жап-жас әйел.

Өзіне өзі жаны ашып бір сәт көзінен жас ыршып босаңси бастайды.² Бірақ сол арада, ілезде, өзінің сілейіп бос тұрып қалғанын байқап, тағы қарманады. Асыға еңкейеді. Сипалайды. Баяғы құрғыр екі тақтай. Бұның ұзын бойын талай рет тегіс сипап, ине жасуындай жер қалдырмай қарап өткен... Далбасалық па, тағы сипай түсіп қайта түңіледі.

— Қай арада тұрмын?... Есік қай жағымда осы? — дегенде Айша басын көтереді. Көзі қарауытқан ба, әлі бітті ме? Сонау биіктегі кішкене сәуле, терезе болмыс қазір басқа жаққа аунап кеткен сияқты... Тесік екінші жаққа шығып қапты. Сол жағында есік болу керек еді. Орнында жоқ. Үй іші шыр айналып бара жатқан сияқты. Жан-жағына қолын созып әр нәрсені сипалап көріп еді, ешбірін танымайды... Одан әрі³ үлкен тесік — үңгір.

Аяғын өзі тұрған тақтайдың бойымен баса беріп еді, күрс етіп төменге құлап түсті. Екі тақтайдың бойын баспай, басы айналған бетінде аяғын қуысқа қарай басыпты. Маңындағы тақтай ма, сырық па бірдемелерді тарс-тарс еткізіп қаға құлағанда өз дабырынан өзі шошып:

Келді-ау кесел...⁴ Жетті-ау, — деп сырттан аю күткендей боп, үндемей қатып бүрісе қап еді. Аздан соң есі кірді, байқайды. Өз демінен бөлек дыбыс білінбейді. Сол арада, жаңылған жерінде жантайып отырып есін жимақ болды. Баздың ішін бастан-аяқ көз алдына келтіріп, оймен топшылап, жорамалдай бастады. Отырған күйінде айналасын көп сипап, бірталай нәрсені таныды. Тесік сәуле де өз орнына қайта барып тұрған тәрізді. Енді осы отырған орнынан қадамдай жерде сол иығының тұсында есік болу керек⁵. Астыңғы қуыстың ішімен еңбектеп, сол есік бар деген жаққа қарай ақырындап жылжи бастады. Басы бір қатты нәрсеге соқтықты. Еден орнындағы сирек тақтайлардың бірі екен. Астынан өтіп қабырғаға жетті. Тағы бір-екі тақтай бар екен. Арасынан қысылып, зорға көтеріліп, қолын қабырғаға созғанда, есікке ілінді.

— У-у-һ... Бұл адыра қалғыр да дәрі болды-ау... — Тұтқасын ұстап тұрып оң жақ бұрышқа қарай бір адым кейін басты.

— Осы арадан құлағамын... — Кенет әкесі есіне түсті.

— Бар болғыр, қор бишара, әке болып игілік көрсеткен күнің бар ма еді?⁶ — деп сол орнында тұрып тағы да аяғының астын сипалайды. Тақтай... Ойлана бастады.

— Сол уақытта тақтай үстінде ме ем? Жоқ па еді? Есіне түсіре алмады. Жарыса келген қат-қабат ойы тағы әкесін көлденең тартты:

— Сүйретіліп нең бар еді бишара, екі нардың ортасында⁷ шыбын өледі деп. — Осымен қатуланып тағы да аяғын аңдамай аттап қалғанда, бағанағыдай және де күрс беріп құлап кетті. Бұл кілеттің асты базға арналған шұңқыр. Үсті сирек қып салған аз тақтай еді. Түн түгіл күндіздің өзінде де шаммен жүрмесе, ылғи кісінің жамбасын сындырарлық ор-жыра болатын. Айша осыдан аз бұрын осы баз ішінде өз ықтиярымен өзі қозғалуға жарайтын күйге жеткенде басына жарым бостандық алғандай шүкірлік етіп еді. Оның аржағы шынымен көр еді⁸. Бірақ мынадай боп құлап бара жатқанда соңғы күйін де бұрынғының сыңары деп қалды.

Қараңғыға күрс беріп жан-жағын қармана құлағанда қолына еш нәрсе ілінбей жанбасымен ұшып түсті. Құлаған шұңқырының ішінде бір үшкір нәрсе ұршығына шаншыла тигендей болды. Сол секундта Айша етінің ауырғанын, бойының талмаусырағанын ұмытып сол қолымен жанбасының астын сипап жіберді де, көлденең жатқан алты атарды орта белінен ұстай, жұлып алды...

— Я құдай, берерсің... Бәсе, мен де адамның баласы едім қой... — деп жүрегі орнына түскендей боп, аз тыныс алып, алты атарды көкірегіне басып отырып қалды.

Ең соңғы халінде Айшаның, басқа бір нәрсені ойламастан барын салып, тыным таппай, осы меңіреу қараңғылық ішінде жалғыз іздегені осы алты атар еді. Осы баз ішінде бағанағы бір кезде өз қолынан жоғалтқан алты атар. Айша орнынан асықпай тұрып есікті қайта сипалай беріп:

— Байым, бәсе байым екенің өтірік пе еді? Қайдасың енді? Қайда кеттің? — деп тұтқадан ұстап сол иығымен нық итеріп, есікті аша берді. Бұл есік ашық. Жабығы⁹, бұның аржағындағы есік болатын. Соған қарай аттай бергенде, сыртта тасырлап кеп қалған көп аттың дүсірін есітті. Келіп қапты. Үзеңгі-тұрман шылдырлап, алды түсіп жатыр. Есікті қайта жамылып, саңылау қалдырып Айша тына қалды.

Көз алдынан бағана таңертеңгі тып-тыныш, ап-аман тұрған көңілді өмірі сөне бергендей болды. Адал еңбекпен күліп-ойнай өткізіп келе жатқан колхоз күні, қалетсіз еңбек күні енді міне мынадай шым-шытырыққа соқты. Шатқалаңға ұрынды.

— Өзге дүниені көрмеске, саған ермеске ант еткем... — дегенде оң қолы алты атарды нық ұстап, сенімді күйде салмақтап алған сияқтанды. Бұрын атып көрмеген. Бірақ қазір бойына, бұрын өзі шамалап көрмеген қажыр біткен тәрізді. Бекінуі берік. Енді алты атардан құр оқ шығару ғана емес, жауын жайратуға да жарайтындай... Бар дүниеге қол сілкіп, көз жұмып, бір-ақ алты атарға ғана бойұсынғандықтан енді өзін өзі ширата беріп:

— Ал, колхоздың мақтаулы ударнигі, шын ударник болсаң басыңды қорғай біл, — деді. Шұбала берген етегін сол қолымен көтере жиып ап еді. Басындағы үлкен орамал қайта-қайта шұбатылып бетіне түсе береді. Және тың тыңдауға құлағын да кептей берді. Тыстағылардың тықыры жақындап қалды.

Бәрі аттан түскен, енді есікке кеп қапты. Сол уақытта Айша басындағы орамалын төмен қарай сыпыра жұлып тастап, есіктің саңлауына сол жақ көзімен қадалып, жабыса қалды. Төменіректе, кеудесінің тұсында алты атардың жалғыз көзі де осы саңылаудан сығалап тұр еді, бір күшті дене сыртқы есікті сықырлата басып тұрып, сол сырт жағындағы бастырығын алды.

— Енді міне, міне дер кез... — Дәл осы халде Айшаның жүрегі аттай тулап, сабырынан айрылып “болшы бол” дегендей болды. Бағанағы қатаң беріктік енді алас ұрған дегбірсіздікке басты. Барлық ақыл, сезімі еш нәрсені болжатпастай боп соққан, тұтқиылдан шыққан алай-түлей құйын ішіне түсіп кеткендей болды. Құлағы да шулап, дүние азан-қазан боп бара жатқандай.

Сонда да көзі саңылауға қадалуда еді. Сыртқы есік ашыла берді... Соның қалпағы... Келіпті... Жетіпті... Кім болушы еді ол емей?... Айша басып жіберді... қараңғы үйдің іші түтін мен от боп бұрқ берді. Алты атардың дауысын өзі естімей қалғандай да болды. Көздеген де жоқ па немене? Қолы, алғаш кісі бейнесі көрінбей тұрған кезде бір бетке окталып тұр еді, сонымен жібере салған сияқты.

Тыста, бірдеме айғай, дабыр, шу бар сияқты. Айша ұқпайды. Естімейді. “Өлмеді... Өлмеді... Тимедің. Көзін жұма бере тағы да басып-басып қалды. Сол уақытта айғай да шықты. Алдында екі рет, ақырып сөйлейін дегенде тамағы жабысып, үні шықпай қалған еді. Енді шығар жолын жыртып айырып, зорға дегенде үзіле, қарлыға шыққан үні:

— Өлтіріп аласың, енді мен саған жоқпын... жоқпын, — деді. Тағы бір атты... Тыста шу, айқай, не деп жатыр? Кім сөйлейді. Естілмейді. Құлағына үн жетер емес. Бағана көрінген дене енді жасырынған?... Өлде құлаған ба? Жоқ... Жүрегі бұрынғыдай атша тулайды. Құлағында шу... ызың... азан-қазан...

Сол уақытта мылтық атылып-атылып кетті...¹⁰ Өз мылтығы ма? Жоқ. Баспаса керек еді ғой... Тағы атылды... Жаңа ұқты. Атып тұрған сырттағы жау екен. Бұны атқаны...

— Ө, бәсе, бәсе атсын... құшағым керек қой менің саған, мә, — деп тағы атып жіберді...

— Жауыз жауым... Өлдің бе, жоқ па? — Тағы басып қалды... Бірақ... ойпыр-ау, бұ не? Атпады ғой... От шықпады ғой... Тағы

басып қалды. Тағы да от жоқ, құр шырт етті. Бітті. Оқ біткен еткен ғой...

— Сорым бар басым... — Сол уақытта тыстағы дауыстар ар-сылдай қоя берген сияқтанды.

— Оғы бітті... Бітті, кір, кір. Ұста, ұста жауызды, — дескенін ғана сезді... Айша жалт берді... Бағанағы шұңқырға тағы құлап кетті. Бірақ жығылған жоқ. Артымен шұңқырдың жарына тіреліп екі қолымен ернеуіне жабыса сүйеніп есікке қадалды. Жарық келеді. Көп аяқтың дүсірі кеп қалды. Шықыр етіп шалқасынан есік ашылды.

— Жауыз... жауыз, — дегенде Айшаның шашы талданып бетіне түскен. Екі көзі шарасынан шығып шатынаған, иегі дір-дір етіп, тістері сақылдайды. Жарыкпен бірге үш-төрт бас көріне берді...

— Ойпыр-ай, сұмдық-ай... — Айша бетін баса қалды. Кіргендердің ең алдында Қасен. Сол қолынан, саусақ-саусағының бәріне тарамдап қан дірдектеп ағып, саулап тұр. Атжағы тістенген, өңінде қан жоқ, құп-ку... Тағы бірнеше таныс пішін көрініп қалғандай болды... Бірі Самат — ферма бастығы Самат тәрізді... Сол уақытта жүзі шыдамай Айша бетін басып, төмен тұқыра берген. Үнсіздік ортасында тастай суық, зілдей ауыр ашу айқайы, қатал айқай саңқ етті, Қасен үні:

— Ә, жүзікара, менің қатыным екен десем, әлі де жау қатыны ма едің? — дей беріп тап берді. Оң қолында қарыс қара пышақ... Айша көзін жоғары көтеріп аша берді. Шарасынан шыққан көздері енді жасқа толған... Қасенге қарай үнсіз қарсы ұмтылды. Енді қозғалысында алысу ниеті емес, жығылған, сөнгеннің белгісі бар. Ұмтыла беріп, әлі құрып, Қасен қармай бергенде:

— Жарығы... жаздым, — деп күрт құлап түсті. Талып түскендей болды. Қасен пышағын жоғары көтерген күйде үстіне қона түсті. Сол секундта¹¹ тамағы қырылдап, пышағын құлаштап қайыра сермеп ап ұра берді... Бірақ қолы орта жолда бірдемеге сарт етті, ұсталып қалды. Қанталаған көзбен қайырылып қараса, қасына жетіп келген Самат, бұның пышақ ұстаған қолын қос қолдап ұстап тұр екен. — Жіберші! — деп Қасен бұлқына бергенде Самат сабырлы, бірақ әмірлі қатты үнмен:

— Тоқта. Мән бар... Тұр былай... — деп Қасенді Айшаның үстінен жұлып алды.

II

Бұл уақиға облыс орталығынан жырақ жатқан, шекараға жақын ауданның бірінде “Талдыөзек” колхозының қой фермасы жайлаған өлкеде, 23 июньге қараған түнде, түн жарымы шамасында болған еді.

Өңгіменің басы Шәлтіктен басталады.

Ажымды сұрғылт жүзді, бурыл сақал, имек шал Шәлтік, еткен түн таң алдында осы базда жалғыз жатқан жерінен шошып оянды. Бұл баз тұрған жер, қой фермасының жазғы қонысының бірі болатын. Сондайда май сақтайтын орны осы баз еді. Талдыөзектің түні суық келеді. Ол бір жағынан белдемесін тоңазытыпты. Екіншіден, көзін ұйқыдан аша бере құлағына бір жат дыбыс ілінді.

Кейін өз айтуынша: “ың-жың, у-шу, толайым жер де айқай, көк те айқай. Е, тәңір, жын ба пері ме?” — деп басын көтере берді. Таң қылаңдап келеді екен. Аңғарса шулап-улап жүрген қасқыр екен. Шәлтік тегі батыр емес еді. Одан бері де жалғыз шал, қарауылшық жау түсіріп, бәрі айдындыратын не қауқары бар дейсің? Ескі алашасы мен тонын сүйреп әуелі баздың төбесіне шықты. Қысы-жазы басынан түспейтін сеңсең қаратымағының құлағы шарт байлаулы еді. Сол байлауын шешпестен тәуір еститін оң жақ құлағының тұсындағы сеңсеңін тымақтың ішіне қарай жымырып тұрып, басын олай-бұлай бұрып құлағын анда- мұнда төсеген болды. Қасқыр әлі де окта-текте ұлып қояды. Бірақ қай жақта екенін Шәлтік тарс аңғара алмай қойды. Ұлуы тынбаған соң дөң айбат қып, тұрған орнынан тапжылмастан тепсініп:

— Уа, ho-ой, хайт-хайт. Айтақ, айтақ, — деген болды. Аяғында кеп:

Қай жақта екенінде нем бар әлі соның? Соғып алам деймін бе, мұрдар басым... Шілденің көні қой, кісі жемес, көнің кепкірдің эзер көні кеуіп қалса да¹², — деп қайтадан бұрынғы орнына барып жатқысы келді. Сонымен енді аяғын тырп-тырп басып тұрған орнында айнала беріп еді, қасқырдың шулағаны тағы естілді. Енді тіпті жақын. Өзі дақпыртына қарағанда нақ бір қора қасқыр сияқты. Шәлтік тамсанып, басын шайқап біраз тұрды. Көзін тырмалап қарасын көрейін дегендей қып еді, ешбірінің бойы көрінбеді.

— Қораның төбесіне жатсам ба, — деп тағы бір ойланып жерге отырып көріп еді, астының бәрі сықырлап “кетші кет” деген сияқтанады.

— Осы көпірден құлап шонданайым сынар ма екен мүлде? — деп Шәлтік қайта тұрды. Бұл жолы қасқырда жазық жоқ еді. Бірақ Шәлтіктің құлағына тағы қасқырдың ұлуы шалынғандай болды. Ыза боп кетті.

— Әй, тұқымың құрғыр омай өнесі екен, қайта-қайта шулап. Ал жеп қоярсың... Жей ғой мә, мына менің қатқан...ді, — деп арт жағы өрмекшінің артындай боп дүңкиіп тұрған көн шалбарының бұтын салдырлата қағып-қағып қалды. Бұл екіленуінің себебі: жасындағы бір ісі есіне түскен еді. Ақтабан ат деген жалғыз атымен дәл осы, Талдыөзектің қалың шиінен бір тайыншадай қасқырды анау күн батыс жақтағы Сары адырға қарай айдап шығып, ерікке қоймай қуып жетіп, құр қол күйінде үзеңгі бауын ағытып алып, ұрып жығып алған еді. Тегі қасқырдан Шәлтік қорқып көрген еместі.

Осымен жерге қайта түсіп, баяғы орнына қайта жатып қалды. Бойын бір токтатып алса да енді сергек жатыр еді. Таң салқынынан тоңазығандықтан ба, немеңе, қалғып кетіпті. Жатқан жері баздың ішіне түсетін есікке жақын еді.

Бір мезгілде тағы сескеніп барып көзін ашты. Еш нәрсе көрінбейді. Бірақ баздың іші салдырлап барады. Апыр-топыр бір ойнақ. Алдында қасқыр ұлып маңайлап жүргенде:

Құлқының құрғыр, осында бір қазына жатыр, құйрық жатыр деп жүрсің ғой... — деп бір кекетіп қойған еді. Бірақ соны айтса да осы баздың иісі айдаладан мұрын жарып, “мен мұңдалап” тұратынын есіне алған... Енді ояна беріп жаңағы әбігерді есітті де ақырын сүйретіле кеп, сыртқы есікке ілінді. Содан бөксесін зорға сүйреп тұрып ап, есікті сарт еткізіп жаба қойып басып тұрып:

— Бәлем жаман шие бөрі, Шәлтікті сен жер ме екенсің, сені Шәлтік жер ме екен?¹³ — деп қоразданып жауланып ап, есіктің сыртқы шотын салды. Бұл уақытта таң әбден ағарып атқан еді. Қаужаңдап жүріп бір үлкен сырғауылдың сынығын әкеп, сыртынан оны да бастырық қып есікті мықтап тіреп жауып қойды. Содан кейін айналып баздың екінші кішкене терезесіне келді. Көп сығалады... Әрі қарап, бері қарап жүріп ақыры баз ішінде

төменгі шұңқырды тімтініп, тіміскеленіп топырақ атып бұлқан-талқан боп жатқан екі долы қасқырды көрді...

Сол-ақ екен Шәлтік, анау-мынауды қойып, өз басының ендігі ерлігін қаңтара тұрып, колхозға қарай салып еді.

Күн шығар-шықпаста Шәлтік даурығып кеп бастықтың орынбасары Қатпаның есігін қақты...

Есік алдына көйлек-дамбалшаң келген Қатпа, арық шұбар бетінің барлығына ұйқы ұялап тұрған күйде бір көзі жұмулы, бір көзін сығырайта ашып бұны танып, сирағын қасып тұрып:

— Е, қу шал, құтырып кеттің бе, не болды? — деп қарсы алып еді.

— Несін айтасың, қарағым Қатпажан... Екі қасқырды баз ішіне байлап сап келдім,— дей беріп еді, анау аяғын тындамастан:

— Сол ма, жынданған шығарсың өзің, — деп есігін қайта сарт еткізіп жауып алды...

— Қарағым, қасқыр, қасқыр өлтіріп алатын кісі... — деп Шәлтік жабық есікке жалпылдап қала берді.

— Басқаға айт, ана Жүніске айт, барып ұстап әкелсін, — деп есік үні өшті.

Осымен тағы бір-екі есікке түртініп жүріп, аяғы екі колхозшыны тұрғызып ертіп келді. Бейсенбай мен Садық еді, пішенші бригадасынан. Олар да ұйқысы шала. Бастық бұйырады деп айдап жіберген. Аттарына міне бергенде Шәлтік кеп жирен байталдағы Садықтың артына мінгесті. Жолшыбай “қамаулы қасқыр” дегенді естігеннен кейін анау екеуі басқа еш нәрсені сұраған жоқ. Бірде шауып, бірде желіп Шәлтікті селектетіп, құйрығы жауыр болған кезде базға жетті.

Аттарынан түсе сала бір-бір сынық сырық тауып терезеге келісті. Қараса терезе сынық. Өзі тап-тар, ол баздың төбесіне жақын биікте тұрған, бір кісінің басы зорға сиятын тар тесік еді. Соның шынысы күл-талқан боп жатыр... Үңіліп ішке қарасты. Ешбір дыбыр да жоқ¹⁴. Қасқыр да жоқ...

— Тұу, құдай тебеңнен ұрғыр Шәлтік-ай, ұйқыдан қалдырып, — деп Садық кейін шегініп кетті...

Шәлтік ұялғаннан ба, жоқ ауырғанын жаңа сезгені ме, белін басып шойырылып қалды...

— Белім-белім... Бастырмай қалды. Шойырылып қалды Қураған тәңір, қырсығыма келген екен қой... Белімнен аттап кеткен екен ғой. Белінен қасқыр аттаса тұра алмай қалады деуші еді. Осы міне, сол болды сорым бар басым... — деп қаңқақсады...

Садық пен Бейсенбайдың ұйқысы ашылған еді. Енді қасқырдың құтылып кеткені үшін шалды ажуалап күлкіге айналдырып:

— Болғаны енді сол болғаны-ақ...

— Әрі құтылып кетіп, әрі қырсығы атып тұрғанын көрмеймісін? — дескенде Шәлтік жерге отырып ап түндегі әңгімесін ағытты. Екі сөзінің бірінде белімнен аттап кетіп шойрылтты міне, — деп қойып, — кәпірдің өзі осы қолымнан тығып міне, міне, — деп тіреулі есікті жұдырығымен ұрып отырып, — мынаны ішіне бастырып кеткем... Енді міне белімнен аттап... Кедейдің аузы асқа тисе, мұрны қанайды деп белімнен шойрылып.

Садық пен Бейсенбай күлді-күлді де шал сөзін аяқтапнастан аттарына мініп жөнеле берді...

Бұлар кете бергенде Шәлтік “уау түге”, — деп сұқ қолымен ымдап қайырып ап, жүзі томсарып, өзгеріп ап:

— Уа, бастыққа айт, қасқыр аттап міне белім шойрылып қалды. Кісі жіберсін. Колхозшы шал аштан өлсін деп пе еді? Кісі, кісі жіберсін, — деп тапсырып қалған.

Аналар: — жібертейік, айтайық, енді қасқыр келсе тек айырылма, — десіп жөнеліп кеткен...

Осыдан Шәлтік күн ұзын сол есік аузында бүк түсіп жатып қойды. Жалғыз-ақ ұлы сәске кезінде шай қайнатып ішті. Түс ауа бергенде ыстығын істеп бір қоректеніп алды. Бірақ қасқырдың ызасы бүгін күн бойы есінен кетпеді. Анда-санда тамсанып, басын шайқап қойып, өзімен-өзі күңкілдеп сөйлеп: қамап кеттім, терезені сындырып, кәріп құзғын, тұрмасын дедің-ау белімнен аттап, — деп белінен аттағанын көрмесе де, сол жайды айта-айта аяғында әбден даусыз нәрседей иланып¹⁵ алды.

Сонымен бүгінгі күн өтіп, кеш батуға айналды. Келесі түннің уайымы тағы жылжып, қайта қаптап келе жатыр. Күн батар кез еді. Бір дүсір шықты. Бұрылып оң жағына қарай беріп еді, бағанағы жирен байталға мініп келген Айша екен.

Шәлтік елең етіп, көңілі жадырап қалды.

— Немене, қасқырдың хабарын есіттіңдер ме? О кәпір, мүлде қылды ғой қыласыны, — деп әңгімесін тағы шұбыртып жатыр...

Айша атын қораның сыртына байлап келіп шалдың жайын сұрап, бұның ұзақ әңгімесін бір жерінде тоқтатып:

— Ана бірінші базға барып, жаңа кешке содан қайтып ем, әкең сырқат көрінеді, түнде қасқырдан шошынған ба, немене? Барып соның жайын біл және баздың іші бүлінбеді ме екен, оны байқа, — дегенде, Шәлтік сөздің мына аяқ жағын жақтырмай:

— Е, бүлініп деп, ішінде дымы жоқ қу моланың несі бүлінуші еді? — деп қыңырайып мойнын бұрып салды.

Айша ақырын күліп қойды. Бұл орта бойлы, толық етті, шымыр, тұтас біткен, қайратты әйел еді. Денесі жұмысқа піскен. Сом дене. Бет пішіні еркекшелеу келген, кесектеу пішілген қалпымен айрықша саналы, өзінше сұлу біткен пішін. Ақшыл сарғылт бетінде күнге күйгендік пен араласқан жұқалау қызғылт бар. Әдемі қара көздері мейірімді, ойлы көз сияқты. Әсіресе биіктеу келген түзу біткен мұрын мұның дөңгелек бетінің жарастығын, келісімін толықтырып тұрған тәрізді.

Әкесінің жаңағы қомпаңына аз күлгеннен кейін Айша өз сөзін тағы бастап:

— “Баршы, бар деп” қолды-аяққа тұрғызбады Қатпа. Не қып сонша жеделдеткенін білмеймін? Түнде қайтарында қараңғы болады ғой, қорықпас үшін мынаны салып ал деп, мына бір алтатарды берді, — деп Айша қойнынан мылтық суырып алды. Шәлтік:

— Оқтаулы ма өзі? — деп қолымен мылтықтың алқымына қаға беріп: — кәпірдің аузын әрмен қарат, — деді де: — қарағым Қатпа, маған жаны ашыған ғой. Мынауың адам екен ғой, — деп мээ болып қалды.

Күн кешкіріп барады, Айшаның колхозға қайтуы керек. Әкесіне ала келген азын-аулақ шай, қант, оны-мұнысын беріп¹⁶ енді өзі базға кірді. Азын-аулақ қана алакөлеңке бар. Көп жері қараңғы екен. Әр бұрышына барып: күбі, шелек, тақтай, қалып сияқты ол-пұлды түгендеп, енді есікке қарай жүре беріп еді, баздың сыртында тасырылатып басып, жылдамдатып кеп қалған көп аттының дүбірін есітті.

Бұл уақытта Шәлтік те елең етіп бұрышқа қарап еді. Мойны қашықтан шығып, тер басып келген емендей қатқан сұлу тор жорға ат сумаң етіп шыға келді. Үстінде кішілеу жұқалаң денелі жүргінші. Тағы бір сары атты, боз атты, жирен аттылар шыға-шыға келді. Батыр-ау, не сұмдық? Беттерінің көзінен төменгі жерінің бәрін орамалмен танып алған.

Бұл уақытта Айша да арғы есіктен бері қарай басайын деп бір қарап қалып еді. Келгендердің бет-пішіні жат болудан басқа, тақымдарына қыстырып алған мылтықтары да бар екен. Айшаның әлденеден дегбірі қашып, жүрегі су еткендей болды. Өңі де сұп-сұр боп кетті. Жалғыз тапқан шарасы есікті тартып жауып ап, оң жақ босағада жабысып қатып тұрып қалды.

Аттылар сарт-сарт түсе қалды. Тақымдағы мылтықтарын қолды-қолына ұстай түсті. Боз атты ғана жерге түспей, өзге үш аттың шылбырын алды.

Шәлтіктің іші мұздап кетті. Түсі суық, бір жат жандар. Енді бәрібір не де болса қыларлық айла жоқ...

— Уа кімсің, кімсің, жандарым? — деп апалақтап тұра берген еді, алдымен келген жұқалаң жігіт:

— Құлайғыр, — деп бір жолдасын түртіп, шалға қарай нұсқап қалды. Кеспелтек денелі, қолы темірдей Құлайғыр Шәлтікті алып ұрып, кеудесіне аттай мініп алды. Сөйтті де қынынан сар пышақты суырып алып, қонышына жанып-жанып ап шалдың көзінің алдынан жалтылдатып, тамағына тақап кеп:

— Айт, жаның барында, кімсің? Қай колхоздыкісің? — деді.

Шәлтік ішінен өлтіре қоймассың деп бойын билеп ап:

— “Талдыөзек” колхозынанмын, о несі екен?.. — дегенде Құлайғыр мұның онша қорқып, есі шықпағанын біліп тағы да үстінде отырып тыпыр-тыпыр етіп, тепендеп кеңірдегіне төніп келіп:

— Өзің кімсің, айт шапшаң? — деді.

— Өзім осы қураған базды, қу моланы күзеткен жаман шалмын, қарауылшықпын, Шәлтікпін, — деді.

Жұқалаң жігіт Құлайғырдың иығынан түртті. Анау тұрып Шәлтікті талтиып, шалжиып жатқан жерінен жұлқа тартып отырғызып қойды.

Шәлтік енді бір тыныс алғандай боп, кішкене қиялап әңгімені бейбітшілікке, әншейінге айналдырғысы келгендей боп:

— Өй, жөн сұрамайсыңдар ма?¹⁷ — Аналар үндемей аңырғандай боп қарағанда:

— Мен Көбігіппін... — деді. Келгендерді бұл жұмсартпады. Құлайғыр тағы тепсініп кеп, Шәлтікті ызғарлы үнмен тергеуге алды.

— Колхоздан былтыр көшіп кеткеннің бәрі қайта кеп жатыр ма? Рас па?

— Е, келіп орны-орнына жайласып, бәрі де адам боп қалды. — Жұқалау жігіт үн қатып:

— Келгеннің көбі кім? Алтыбай ма, Жәрке ме?..

— Е, Алтыбайы да Жәркесі де кеп жатыр... Шырағым, өзің біледі екенсің ғой, — деп Шәлтік бұл кісіге үңіле беріп еді, ол жылжып, сырт айналып кетті. Енді қайтып сөз сұраған жоқ. Шәлтік ішінен: апыр-ау, осы кімнің даусы? — деп таңғалды. Таба алмады. Бір жағынан, Құлайғыр баспалатып барады.

— Колхозшы енді тоқпыз, жетістік дей ме? Ішіп-жем жеткілікті ме?

— Е, ақ молайды. Колхоз ортасында мал көп. Жекеменшікке де шетінен сиыр беріп, қой беріп адам қып жатыр. Бүгін қайда, адам боп кетті, тек еңбек еткеннің жаманы жоқ.

— Ал өзің ше?.. Қарық болғанның бірі сенбісің? Жетіскен екесің. Қу далада, қу тізенді құшақтап, не айтасың?..

— Е, шүкір, тіпті, мен екеш, мен де аш емеспін. Құдай кәнікі...

— Тіпті арманың жоқ па?

— Жалғыз осы киім жағы тапшылық қып тұр. Менің де еңбегім аз емес еді. Осы мына базды бар ма? Мен қаздым... Міне енді күзет. Жалғыз осы болмай, міне бәленшемді жабатын лыпа да жоқ. Айтсам: аласың, әне-міне дейді... Білмейім түге Иван¹⁸ мен Мергенбайдың не қып, не қойып жүргенін... — деп тағы да әңгіменің аяғын ерудегі сөзге сала бастады. Құлайғырдың қасындағы екінші кісі бағанадан үндемей тұр еді. Енді ғана даусын бұза маңқылдап сөйлеп:

— Бұл қорада жалғызбысың, жоқ қасыңда кісі бар ма? — деді.

Шәлтік кідірместен:

— Жалғызбын, жалғыз емей, өзім қарауылшықпын, мені кім бағушы еді?..

— Шыныңды айт, әлде басқа тағы біреуің бар шығар?

— Е, бұйырмасын... кім болушы еді? Бұйырмасын... — деді. Бұл сөз өзіне ұнап қалды білем, Шәлтік “бұйырмасынды” бірнеше қайырды.

Келгендер кішкене бөгеліндеп қалып еді. Содан соң Шәлтік кешегі қасқыр әңгімесіне ауысып:

— Түнде белімнен қасқыр аттап кетіп тапжыла алмай отырмын¹⁹. Соған колхозға барып азық әкеп беретін кісі де жоқ... Белімнен аттап шойырылып отырғаным... — деп мықшындап белін сипай бастады.

Құлайғыр мен қасындағы кісі екеуі кезек-кезек колхоздың малының жайын сұрай бастады. “Асыл тұқым қой дегені қандай қой?.. Асыл ешкі бар дейді ол қанша, биыл төлдің өлімі қандай болды? Әсіресе түйе, түйе жайына сұрайды... 25 түйесі бар деген рас па? Күндіз қайда жайылады? Түнде қайда жатады?.. Бақташы бар ма, боталысы нешеу?.. Осыларды сұрап жепіріп барады. Қой қай құдықтан су ішеді деп сондай бірдемені де сұрап қояды. Шәлтік ылғи “өсімі жақсы, мал көп, түйе де тегіс аман боталады, бұл өлкеде ең түйелі ауыл осы біздің колхоз” деп ұзын ырға жауаптар береді. Қайда жатады? Қалай жайылды дегендерге:

— Қу далада жатқан шалмын, кім білсін, — деп қиялай жауап береді... Бұл кездерде қонақтардың түр-әлпетін әбден танығандай еді...

Ақыры осымен қас қарайып қалды. Сол кезде бағана сырт айналып кеткен жұқалаң жігіт бұған қайта оралып кеп:

— Шал, біз саған тимейік. Бағанадан бергіміз әшейін. Енді біз де осы колхозға қайтып келген осы маңның адамдарымыз, сен бізге бір қызмет істе. Анау жирен байталға мін де колхозыңның бастығы бар ғой?.. Кім еді аты? — деп бір тоқтады.

— Осы күнде орынбасар ғой... Қатпа. Бастық қалаға жиынға кеткен... — деді.

— Ендеше, сол Қатпаға барып айт, біз де қайтып келген откочевникпіз. Бізге бір тілдессе, жөн-жосығымызды есітсе, содан барып біз колхозға кірсек дейміз. Осыны өзіне ғана барып айтып кел... Жарай ма? — деді.

— Е, жарайды, шырағым мақұл, — деп отырған орнынан белін басып қозғала берді...

Бұл кезде аналар өзін-өзі боп топталып күңкілдесіп әрі жылжи беріп еді. Шәлтік біраз ырғалып тұрып, ақыры аяғын жітірек басып баз ішіне кірді. Кіре сыбырлап:

— Қайдасың, білдің бе, жау білем... — деп Айшаға қарай баса беріп сүрініп, құлап кетті. Жолда тұрған Айшаны да қоса қағып жықты... Айшаның қолында тұрған алтатары ұшып кетті. Өзі тәлтіректеп барып бұрышқа сүйене жығылды. Айша күйіп сыбырлап:

— Е, сорлы шал ...кылдың-ау, ойбай, — деп жерді сипалана бастап еді, түк таба алмады. Бірақ тығыз. Әкесіне жабыса кеп сыбырлап:

— Жау деймісің? Кім екен?

— Е, қайдан білейін, бетін шар таңып алыпты.

— Тәңір алсын, әке.

— Уа кім, сығыр-ау? Қатпаға хабар айт, — деді ғой.

— Не дейсін? — Айша есі шыққандай боп не дерін білмей, еш нәрсені ұға алмай дал боп қалды. Шал:

— Кетейін, не де болса хабар етейін, — деп кейін бұрыла беріп еді. Сол кезде дәл көзінің алдынан от жарқ ете түсті. Шырт етіп жанған сіріңке еді. Айша мен Шәлтіктің алдында тұрған Сүгір. Сүгірдің көз алдында Айша...

Бағанағы жұқа денелі жігіт Шәлтік базға кіре бергенде артынан лып беріп, аяғының ұшымен басып, жасырынып отырып сыртынан бірге ілесіп кеп еді.

Мына екеуінің жаңағы сөздерінің тұсында ернін тістеп жымдай қатып тұрған... Енді міне алдында Айша, есептері теріске кеткен жоқ. Жүрісі бос жүріс болмапты. Сіреңкесін қайта-қайта тұтатып тұрып, Айшамен мынандай сөзге кірісті.

— Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан... — деп кекетіңкіреген үнмен: — мені тоса келдің ғой, — деді.

Айша есін жия бастады. Өңі сазарып, сұрланып алды.

— Тоссын деп кетіп пе ең қашқын болғанда?

— Жоқ, тосқан болмасақ бүгін мұнда келмес ең, әлде тәңір бұйрығы әкелді ме, қайта өзіме?

— Мен тіршілігін адалдан тілегендермен біріккем... Кетерінде арамыз шешілген-ді...

— Жоқ, шырағым, мен өткіліктен өтіп, сонау Қытайдан тек-ке келгем жоқ. Сүгір намыскер жігіт... Сүгірдің қатыны көзі тірісінде жатқа кетпейді, — дегенде дауысы дірілдеп²⁰ қатая беріп: — сен мені бір рет жер қылдың... Енді иек жөніңе көш, болмаса сөз бұзылады...

— Мен мынау шал әкеммен ашығып қайыр тілеп жүріп, ақыры міне колхоздан пана таптым. Енді орным осында. Өзімдей еңбекші бейнетқордан теңімді таптым... — дегенде Сүгір тепсініп кеп сөзін бөліп:

— Жәркенің жесірін көзі тірісінде сасық Алтыбай алғанын көріп пе ең? Иесі келсе қоңсысы орын босатады... Өз қатыным. Мен байың. Көзіңді ашып қара... Килігіп көрсін. Бір түнде кестіріп кетейін, — деп қабағын түйіп қадалып алды...

Шәлтік Айшаны ақырын түртіп еді. Бірақ ол да қайтар емес.

— Жоқ, жарқыным, енді басымды әурелеме, — дей берді. Сонда Шәлтік Сүгірдің түсі бұзылып бара жатқанын көріп, Айшаның желкесінен түйіп қалып:

— Көзің құрғыр, кіммен сөйлескеніңді көрмей тұрсын ба, түге, мен берген байың осы. Осыныкісің... — деп дүрсе қоя берді.

Айша бетін баса беріп, ақырын ғана:

— Жоқ... Жоқ... өлсем де жоқпын саған, — деп төмен шөгіп отыра берді.

Сол кезде Сүгір шалды жетектеп алып шығып, есікті жапты да, тыстағылардың жанына келді.

Бәрі жан-жақтан қамап тұрып, Шәлтікке тағы да бірнеше сұрақ берді. Ақыры жирен байталға мінгізіп жатып Сүгір оңашарақ шығып:

— Ата, мен Сүгір балаңмын. Баяғы туысым бір деген ниетпен келіп ем. Артымнан²¹ бәрі жау боп өре тұрыпты. Сол аямас жауымның бірі ана колхоз бастығы Қатпа ғой. Менің барар жер, басар тауым жоқ. Жау да болса өзіне қайта кеп тұрмын. Адастым, бірақ қайта келдім. Аяр деп ойламаймын. Сонда да өз алдына келдім. Бір Жәркенің баласы ек. Өзіне ғана хабар айт. Не қылса да өз қолымен өзі істесін. Осы арада хабарын тосамын, — деді... Шәлтік үн қатпай тыңдап-тыңдап тұрды да ақыры:

— Құп, — деп бір-ақ ауыз үн қатып тебініп жүріп кетті. Енді белі шойрылмай ма немене, ширап апты. Біраз жүріп баздың қарасы үзіле бергенде артына бір қарап ап байталдың басын ірікті де, ойлана калды.

— Қатпаға барам ба, басқаға барам ба? Жаңа келген адам болса да, осы көпке қайырымы, қабағы бөлек анау Самат еді. Мынау таңертең қасқыр хабарын айта барғанымда да дүңк ете түсіп еді... қой, осы анаған барайын, — деп қой фермасының қонысына қарай, Саматқа қарай беттеп жорта жөнелді.

Шәлтік кеткеннен кейін Сүгір қайта базға кіріп бірқатар уақыт айналды да, аяғында жалғыз шығып есікті жапты. Сыртынан бағанағы сынық сырықпен тіреу салды. Сөйтті де тобына кеп үндеместен атқа қонды. Өзгелер де аттанысты.

Бір топ шоғыр Талдыөзектің қалың шиін сылдырлатып аралап барды-барды да, аздан соң қараңғы түннің тұңғиығына қаралары батып жоғалып кетті.

III

— Бас, бас. Бассаңшы аяғыңды. Өзің немене, түгі, баяғы бай қатынша әрі жуандап, әрі шабандап барасың мүлде, — деп екінші шабан бригадасы Берді, анандай жерде шелек ұстап келе жатқан Дәметкенге бұрылып, қарап, алдын тосып тұрып, даурығып күле сөйледі. Екінші жақта жиырма қадамдай жерде бұлар келе жатқан жаққа қарай үшінші шабан бригадасы Сатай да келе жатыр еді. Оның қасында бірінші ферманың ең үлкен қырықтықшысы ударник Аяжан да келе жатқан.

Сатай көлденеңнен Бердіге сүріне килігіп:

— Дәметкендікі май емес, қайрат қой. Қара жон, балуан адам ғой. Денең толды деп кінәлама, — деп Аяжанмен қосылып, ойнап күле бастады.

Дәметкен бұларға қарай жете беріп, жөп-шендіден ығыспайтын салмақты, берік жүзбен:

— Біз сол жай басып жүріп-ақ сендердің мактаулы қатындарыңды қанжығаға ұрып байлармыз, — деп еркекше кесек үнмен қатты күлді.

Күн жаңа шығып келе жатқан мезгіл еді. Талдыөзек дала-сы өлі жым-жырт. Жел де жоқ²². Айналадағы қалың ши қыбыр

етпей қалғуда. Аспанда шырылдаған көп торғайдан басқа өзге жанның көп дыбысы білінбейді.

Алғаш тұрған колхозшылардың жаңағы үндері саңғырлап, дауырығып шығып алысқа естіліп тұр. Бұлар үйді-үйлерінен шығып, екі жүз қадамдай жердегі қой жатқан қашарға келе жатыр.

Осылардай боп мезгілімен тұрған сауыншы, қырықтыңшы қатындар, малға баратын шабандар да әр үйден шығып, жалғыз-жалғыз созылып сол қашарға таман беттеп келе жатыр еді.

Дәметкенге әрқашан ет ауыртпай, әзіл етіп сүйкене қалжындап жүретін Берді мен Сатай жаңағы сөзін құр қалдырмады. Сатай Дәметкенмен қоса күліп:

— Әйткенмен бүгін күндегіден де шабан басасың ғой, оның қалай? — деп бірдеме жорамалдағысы келді.

— Бүгін ұйқым шала. Түнде мектепте болдық қой.

— Я, мектеп жазықты болғаны, — деп Берді де бір қияс сөзге салғысы келді.

Бірақ бұл әншейін, дарымайтын құрғақ сөз. Өйткені Дәметкенің байы жоқ. Ол — былтыр өлген. Одан бері де бұған жас балаларын өзі бағып отырған Дәметкенге пәленің бар деп ешкім еш нәрсе айта алмайтын. Дәметкен өзіне сенімді. Сондықтан жаңағы қалжыңдарын елеместен өз бетімен кешегі кешті есіне түсіріп күліп:

— Ойпыр-ау, әрпін жазуға қолы құрғыр тіпті илікпейді. Сонымен үйге келген соң түнде көп отырып, бір парақ қағазды түгел шимайлап шықтым... — деді.

Аяжан мен бұларға енді кеп қосылған өзге қатындар да, өз бастарындағы осындай халді көз алдарына келтіріп басын изесті.

Берді енді қалжақты қойып, бұлармен түзу сөйлесе бастап:

— Қолыңмен колхоздың жұмысын істеп, басыңды ұмытып кетпе, басыңмен оқу біл, білім ал, көзіңді аш дейді ғой, Самат.

— Сонда осы колхоз боп істеп жүрген ісіңнің бәрін танисың, дейді. Сөз-ақ емес пе? — деп Сатай да қостады.

Дәметкен ликбез ашарда Самат айтқан сөздің тағы бірін еске алып:

— Бас пен қол ынтымақтассын дейді, — деп ішінен дұрыстығына мойын қойса да, сөздің сыртын үйлессіздеу көріп

күліп, — олар бір жұмырықтасып, шекелесіп жүргендей, — деп бар қатынды тегіс күлдірді.

Аяжан мұндайда күле бергені болмаса көп сөйлемейтін. Бірақ анда-санда бір нәрсе айтса дәмді ғып тауып айтқыш болатын. Мектепке бар, оқы дегенді ол өзі өте бір жақсы көріп еді. Сол туралы оңашада өзі боп ойлаған ойының бірін бастап:

— Баста білім боп, қолда өнер боп түзу басып ісі оңып кетсе о да бір жақсы колхоз ғой өзі, — деді. Мұны¹³ кей қатындар оп-оңай ұға қоймай, басында күліп еді. Бірақ Берді мен Дәметкен оларға еліккен жоқ.

Берді мына сөздің төркінін бағалап:

— Тіпті дұрыс айтасың. Жалғыз-ақ жақсы колхоз осы адамның он екі мүшесіндей болсын де! — Енді Сатай да әңгіменің дәмін енгізбек боп:

— Бәрекелді, мысалы мына осы бірінші фермада бас анау Самат болса, ал мойын, қол-аяқ, ұлы мүше біз болсақ, жақсы адамды алсақ: мен бас едім, сен аяқ едің, қол едің деп өзге мүшеге бұлдана ма? Пәрмәне болады ғой, — деді.

Дәметкен бұл сөздерге ішінен бас изеп келе жатыр еді, енді өзі де килігіп:

— Бас қайда, аяқ екеш аяқтың бірде-бір саусағына шегір кірсе қабағы түйіліп, үйіріле түспей ме?

— Е, өз денесі өзіне тәтті, бірінен бірі артықпын, ардақтымын демейді! — деп Аяжан қайта кірісіп: — бір бас, бір тас деген со да. Колхозыңның мағынасы да осы қой өзі! — деп алғашқы қорытындысын енді анықтады.

— Колхозынан айналайын, осы екені рас! — деп кексе жасты, кішкене бойлы Жамал да қостады. Бұрын откочевник боп кетіп, биыл қыс ортасында, жалғыз жас баласын жетектеп, шалдығып-талып осы колхозға кеп көзі ашылған еді.

— Япыр-ау, тіпті сөз-ақ мыналарың. Сауат деген осы да... қарашы тіпті қалай-қалай сөйлейді, біздің колхозшы қатындар! — деп Берді шын сүйсінеді.

— Саматтың тәрбиесі, жолың болғыр өзі тіпті жақсы келді-ау, ырыс болды-ау осы колхозымызға! — деп Сатай ферма бастығы Саматқа көптің алғысын айта бастап еді. Бұл ферманың газет оқитын көзі ашық, жиынға барғыш сергек жұмыскерінің бірі Берді еді. Ол енді өзгелерінен көрі азырақ бойлай қарап.

— Жалғыз Самат деме, түбі төркінін айт. Оның аты жаңа басшылық. Кеше не күйге түсіп еді осы колхоздың елі. Арқа еті арша, борбай еті борша боп кетпеп пе еді, откочевник боп? — дегенде барлық қатындар жабырлап күңірене жөнелгендей болды.

— Өй, аты құрсын аткошник дегеннің...

— Не көрмедік?

— Өлдік, талдық дегенде көзімізді ашты ғой.

— Панасына кеп едік²⁴, туған баласындай маңдайымыздан сипап баурына алды ғой...

Берді даусын көптің дабырынан зорайтыңқырап:

— Енді міне 4 мың қойы бар колхоз.

— Қой ғана дейсің-ау, алтыны бар колхоз десеңші. Мұндай асыл мал кімде бар? — деп Сатай көтеріле түсті...

— Жекеменшігінде 115 үйдің 500 қойың бар. Сиыры жоқ үйің бар ма?

— Кім болсын, сонда бір құдай атқан жалқау болмаса, — десіп жұрт тағы дабырлады.

— Міне бас көп, басшы көп орнын тауып еді, бар денеңнің сарайы түзеліп сала берді, — деп Берді сөзін тұжыра бастады...

Бұл уақытта жұрт қашарға жақындап қалып еді. Үлкен жақсы қашардың сол жақ бұрышынан бұларға қарай беттеп Қасен шықты.

Дәметкен қалжындап даурыға күліп:

— Бас орнында болмаса міне көз, колхоздың көзі де орнында. О да міне ашылып қарап тұр, — деп Қасенді нұсқағанда, қатындардың бәрі тегіс үп-үлкен денелі, соқталдай жігіт Қасенді “көз” ғана дегенге мәз болысып күлген еді.

— Көз екені рас. Ферманың охраны көз емей немене? — деп Аяжан Қасенге қарап:

— Иә, солай ма, көзқайным?..

Қасен аңырып:

— Не деп келеді, осы? — дегенде жұрт тегіс тағы да ду күлді...

— Иә, соны айтамыз, малың аман ба? — деп Дәметкен, Қашардың орта есігіне қарай басты. Барлық келуші бар, Қасен бар, бәрі де орта есіктің тұсындағы төбесі ашық қашарға

жақындап келді... Қасеннің де келгені жаңа еді. Мал түгендеуге бригада бастықтарын тосып тұр екен.

Бұлар ашық қораның шарбақ есігіне тақап-тақап келгенде қалың қойдың ішінен қаракөл, ленкол саулықтары әралуан үнмен маңырап қоя берді. Әр бұрыш, әр қорадан бірінен-бірі²⁵ іліп әкетіп жатқан амандасу үні сияқты көп қой-ешкілердің маңырауы басталды.

Кейбір қойдың маңырауы дәл бірдеме туралы қадағалап жабысып, жауап тілеп, сұрақ беріп тұрған маңырау сияқты... қайта-қайта бір үнмен қадала сұрағандай болады. Қозылар, ешкі-лақтар да әрқайсысы өзіне бөлек үндермен ендігі таңын қарсы алады.

Колхоздың оянуы осылайша басталған еді. Осы таңда, дәл осы кезде бағанағы базда Шәлтік екі қасқырмен айналысып жатқанда “Талдыөзек” колхозының ең үлкен фермасы, бірінші фермада дағдылы, мағыналы еңбек күні осылайша туды.

Охран бастығы Қасен мен Берді, Сатай тағы басқа шабан бригадалары мал түгендеуге кіріскенде Дәметкен мен басқа сауыншы қатындар сауын қойларын ярмо ағашына косақтауға кірісті. Аяжан мен өзге қырықтықшы қатындар сол ашық қораның бұрышындағы қырықтық шарығына, кеше мұқалып қалған қырықтықтарын қайратып жатыр. Колхоздың ірікті малы — асылтұқым ақ ешкі мен ленкол, қаракөл қойлары болатын. Мұның бәрі асылдың ішінде аса бір өсімтал тұқымдар болумен қатар, шетінен сүтті сауын болатын. Сондықтан колхоз былтыр брынза қайнатса, көп қып май айырса, биыл әдемілеп тұрып неше түрлі голландский, тельзеций деген сырларыңды да өздері жасайтын болған.

Айша сол сыр қайнатушы маман әйелдің бірі болған еді де. Әр жердегі сыр кептіретін баздарды да өзі қарайтын. Соңғы он шақты күн бойында колхоздың биылғы сырларын қалаға жіберту үшін ол ферма басынан колхоздың орталығына барып тұр еді.

Колхоздың көп табысының бірі сүті болғандықтан, мұның қойы екі сауылады. Бірін осы таңертең ертемен сауады да, екіншісін кешкі жайылыстан соң сауады. Күндегі осы сияқты қаракеттен басқа соңғы кезде қырықтық араласқан. Қазір оның аяқтап келген кезі еді. Жайшылықтағы сауыншы әйелдің көбі осы кезде сол қырықтыққа ауысып жүр еді.

Жаңа қашарға келген жұрт бір сәтте сол өзді-өз жұмысына орала кетті.

Дәметкен күндегі машығымен қосақтағы қойдың тор жағына түсіп үш қойды сауып болып, енді ақ ешкінің біріне қарай жылжып келіп желінін ұстай беріп еді, шошып кетті. Қолына ешкінің бір желіні екеу боп қақ жарылып²⁶ ілінді. Ешкі де тыпырлап, арты шөмейіп, ауырсынғандай боп жаталақши береді.

Үңіліп қарап жібергенде Дәметкен өз даусының қалай шыққанын байқамай да қалды.

— Жаратқан сұмдық-ау, мынау не еді? — деп баж ете түсті. Даусы соншалық қатты шыққан екен, өзге жерде сауынға отырған қатындардың бәрі атып-атып тұрды.

Дәметкеннің алдындағы ешкінің желіні тап ортасынан сара тілініпті. Біресе сүт тамшылап, біресе қанды ірің тәрізді уыз шығып тұр.

— Жаным-ау, не сұмдық?

— Ойпыр-ау, не пәле келді? — деп бар қатын жапырлай бастады. Дәметкен үндеместен қосақты жағалай жүріп барлық қой, ешкінің желінін түгендей бастады. Өзге қатындарға да соны бұйырды. Сол-ақ екен сауыншы әйелдің бәрі де әр жерден:

— Ойбай, мұнда да сол.

— Сығыр шұнақ, мынаны да тіліп кетіпті...

— Төбеңнен ұрғыр қандай жау екен?.. Мынаны көр, — десіп бәрі де әр жерден, өздері өз болып көрмеген сұмдық бір қаскөйліктің ізін тауып жатыр.

Дәметкен өзі санаған қосағынан он шақты жаралыны тапты. Сондай боп тұралап, сенделектеп тұрған жиырма шақты қой, ешкіні өзге қатындар да тапқан еді. Әйелдер есі шығып, шын шошынып, күйінуден зар қақсады.

— Келді ғой тағы бір пәле...

— Болды ғой бір қырсық...

— Қайран көзімді ашқан колхозым, тағы не күн туа бастады басыңа? — деп Жамал өксіп-өксіп жылап та жіберді...

Дәметкен есін жаңа жия бастап еді.

— Уа, қой әрі ырбимай, қайда әлгі охраны, қайда бастықтар, жүр, түге! — деп бар қатын түгел тысқа шықты.

Бұл кезде Қасен мен Сатай қошқарларды түгендеп шығарып жатыр екен. Екі қошқардың белі шойырылып баса алмай тұр. Оны бөліп қойыпты. Қорадағы қошқардың бары жартылап қана шыққан екен.

Мыналардың дыбырын елемей Қасен мен Сатай есікке жақындап келген қаракөлдін бір көк қошқарын²⁷ қадала қарап тұр еді. Тақай бергенде Сатай мойнынан ұстап тартып алып шықты. О да шойрылып артын баса алмай жатыр. Үш қошқардың дерті бір.

— Жаным-ау, мұның бәріне не пәле келді бұл? — деп Сатай аңырды.

— Индет дейім бе, не дейін? Өздері тарттырған қошқар тәрізді басады ғой, — деп Қасен қошқардың астына үңілді. Қолын жіберіп байқай бастады да:

— Ойбай, ұрған екен қырсық. Мынау жаудың қолы ғой... Тартып кетіпті, — деп сенделектеп бойын зорға көтерді. Қатындар бұл кезде мыналардың қасына кеп, қошқардың аңысын аңдап тұр еді. Енді:

— Масқара бопты. Ендеше, әне отыз қой мен ешкінің желіні тілініп қапты, — деді Дәметкен.

— Көріңде өкіргір, қандай ғана дұшпан екен...

— Осы желіндерін қақ бөліп тіліпті...

— Ұлың бар, қызың бар мұндай пәле, мұндай сұмдықты естіп көріп пе ең, — деп жапырлап сөйлеп, қатындар тағы шуылдай жөнелісті...

Қасен бірауыз сөз сұрауға жарамай, бар пәленің зор көлемін бір-ақ түсініп, салмағына шыдамай белі майысып кеткендей боп жерге шөгіп, жүрісінен отыра қалып:

— Сорлы болған басым-ай. Маған келген қаза ғой мынау. Бұйткенше өлсем еттім, — деп өңі бір сәтте құп-қу боп кетті. Көзінің жасы моншақтай ағып жерге бірсін-бірсін домалай түсіп тұр.

Оқиға қазір-ақ бар фермаға мәлім болды. Берді бастаған өзге бригадалар да, Аяжандар да тегіс жиылған еді.

— Әттең қандай ғана қара бауыр екен?

— Қан жұтқыр қандай қаскөй екен?

— Әттең осы дұшпанды қолға берсе-ау...

Аткеншектен²⁸ ел боп кетті. Жұрттың алдында түсті дегенді көре алмаған тап жауы... Нағыз канды көйлек бай бандының ісі

ғой бұл, — деп өзге көп дағдарып, қанқақсаған топтың ішінде тұрып Берді сөз қатты.

Тартылып қалған қошқар бесеу екен... Қаза көрген қой, ешкінің бәрі қазіргі ерекше бір жауыз-зұлымдықтың айғағы боп белдері бүкшиіп, жүндері үрпиіп анда-санда жалынғандай маңырай түсіп бөлек тұр.

— Жау ісі... Кескілескен жаудың қолы мынау — деп Сатай да түнерулі еді.

— Ал жау... Бірақ бұл қайдағы жау? Сырттағы ма? Іштегі ме? Қайдан сап етті?... — Аяжан көп алдына бір сұрақ қойды.

— Бәсе кім? Күзет, күзет қайда?

— Охран қайда? Төбеңнен үрғырлар нені қарады?

— Не күзетті, кімдер еді өзі бүгін түнде? — деп кейбіреулер Қасенге қарай төнді.

Қасенде үн жоқ. Басын қос қолдап ұстап, жас балаша еңіреумен отыр.

Бұған үнсіз ғана қадалып, түйіліп тұрған жұрт қастарына ферма бастығы Самат кеп қалғанда²⁹, біраз серпіле берді.

Ол барлық жайды естіпті. Аш бетті, арықтау келген сұлуша қара жігіт Самат аяқты жылдам басып, ыңғайлы аттай лып-лып етеді. Үстінде тап-таза ақ көйлегі бар. Жанында тапанша. Аласа қып қырған қара шашында ылғи тікиіп тұрған қайрат білінеді. Неге болса да жаситын жас сияқты емес. Фермада мұның алдында болған бірнеше дағдарыс қиыншылықтарға келгенде ол жұрттың өрекіпген бостығын оп-оңай баса қойып, шығар жолды жарқ-жұрқ еткізіп таба салғанды.

Мынандай боп, көпшілігі қайрат пен ойдан айырылып тұрған жұрт, енді оны көрген де тап-таза боп оттай жанып тұрған түрінің өзінен-ақ көп сүйеу алғандай болды. Іштері жібіп, ол келсе бір нәрсе орнына түсе қалатындай тегіс дәме қыла, жамырап қоя берді.

Самат біраз үндемей тұрып жаңағы сияқты сөздердің бәрін де тыңдап-тыңдап алып, ақыры өзі барып барлық Қой, ешкі, қошқарлардың жараларын көрді.

Аяғында топқа келе бере Қасеннің еңкілдеп жылап, көзінен жас ағызып отырған түрін көріп, қасына жетіп келді.

— Өй, мынаныкі нес? — деп иығынан тартып, — бала боп кеткенбісің ей, сен Қасен, ә? — деп жұртқа қарай берді.

Қайтсын байғұс, күйген қой. Охран ғой, — деп Дәметкен сұрланып, тамсанып қабағын түйген еді. Бағанадан Қасенге жаны қатты ашып тұрған осы еді.

Самат айналып Дәметкенді көрді де, өзге қоралай тұрған жанның бәрінің түсіне жалт-жалт қарап жағалай көз салып өтті.

Көпшілік түсі күңгірт. Дәметкенді де қостамайды. Қасен туралы да үн қатпайды.

Самат сол жерде жұрт күтпеген халде сақ-сақ күліп жіберіп, еңкейіп Қасенді жұлмалап тұрғыза беріп:

— Өй тәңірі, жаман неме екенсің ғой өзің. Бұл апат үшін жауап беретін жалғыз өзім деп отырмысың? Алдымен жауап беретін мен міне. Не көрсең менімен бірге көресің, ол бір. Екінші, кеңес өзінің колхозшы батырағына сенеді. Жерге тастай алмай жүрген Қасендері жоқ. Сен қайдан шықтың, кімсің? Оны жұртшылық біледі. Қой, қазір мына сұмпигаң пішінінді, — деп Қасеннің жасын тыюмен бірге тағы күліп ап, енді қатындар жағын коса күлдіріп отырып:

— Ойбай, ұят-ай? Мынаны Айша көрсе не дейді? Қайда өзі Айша? — дегенде бірнеше әйел даусы:

— Ол колхоз басында ғой.

— Әлі сонда, қайтқан жоқ қой.

— Көрсө күлегіні рас, — деп Дәметкен бастаған бірнеше қатын күлісіп, Самат мінезіне қатты сүйсініп, ден ырза боп қалысты. Осымен Самат өзге топқа:

— Ал жолдастар... Аптықпай, саспай өзді-өзіңнің жұмысыңа барындар... Мұндай-мұндай қиыншылықтар болатын. Бірақ бәрінің де төркіні табылып, күлметі ашылатын. Кеңес еңбекшісінің алғаш көрген қоқайы бұл емес, болды сол... — деп жұртты тыйып тыныш, сабырлы, салмақты үнмен саба-сына түсіріп тарта берді.

Сонымен барлық жиын енді-енді тарқай беріп еді. Бір мезгілде қастарына колхоз бастығының орынбасары Қатпа жетіп кеп қапты.

Бұрыннан естіп келді ме, жоқ жаңа ұғынып алған ба, әйтеуір жайдың бәрі оған да мәлім сияқты. Шұбар жүзі қанын ішіне тартып, сұрланғандықтан теңбіл-теңбіл боп кетіпті. Қабағы тас түйілген, үндемей кеп Саматқа қол берді де:

— Есіттік жайды. Бұл бір кісі емес, контрреволюция шайқасының ісі. Мұнда ұйым бар, — деді.

Самат өз байлауын әлі жасаған жоқ еді.

— Кім білсін? Қайдан кеп, кім істегенін?.. — дегенде Қатпа шаншыла қарап:

— Кім білсіні жоқ. Бай-кулактың ұйымы. Оның бір тамыры осында. Енді соның ініне су құямыз, — деді де көпшілікке:

— Сендер тарай тұрындар!.. Барындар!.. Жұмыстарыңа кірісіңдер! — деп Саматқа қырындау бұрылып: — бұ не, осындай істі топқа салып талқылап тұрғаның, — деп бір қойды. Жұрт жылысып тарай беріп еді. Қатпа көппен бірге³⁰ қозғалып бара жатқан Берді мен Сатайға:

— Сатай, Берді, сендер мұнда қалындар... Әуелі актив боп сөйлесейік, — деді...

Көппен бірге Қасен де жүріп кетті.

Өзгелер әбден сейіліп, төртеуі ғана қалған соң, Қатпа Саматқа бұрылып:

— Жә, мұны кімнен деп білесің?

— Кімге жабыса қояйын қазір... Пәленше деп бұл сағаттың ішінде ешкімді де³¹ атай алмаймын, — деп Самат қабағын шытты.

— Кадр сенікі. Іс сенің ферманда болып отыр. Большевиктік қырағылығың қайда? Сезікті кісің кім? Отырамыз ба енді жауды еркіне жіберіп? Жоқ, әлде қашқанын күтейік пе? Бұл шекара екенін білесің бе?

— Ал білгенде кімді бас салайық? Кім? — деп Саматтың даусы қатандай берді.

— Әлі сезбедің бе? Өзің қызық екенсің-ау... Жаңа адамның бәрі міне осындай болады! — деп Берді мен Сатайға қарап ап:

— Істің тамырын ұқпайды да, мезгілімен қолданатын шараларға бөгеуіл жасайды! — деп қынжыла бастады.

Самат бұған бұрылып, қадала қарап отырып:

— Олай болса ескі адамсың, өзіңнің сезгенің бар шығар айт, кім кінәлі? — деді.

— Білмесең мен айтайын... Бірақ сен осы арада басшылық етіп тұрған соң көретін жайларды көріп, сезіп жүрген шығар деп ем...

Жаным, айтсаңшы енді білгеніңді, — деп Саматтың шыдамы таусыла бастады.

— Ендеше, мына охран бастығы Қасен. Міне тап жауыңның бір ұшығы осында. Осыны қазір ареске алдыру керек, — деп жарып айтып салып, Саматқа о да қадала қарады.

Самат бағанадан бергінің бәрінің арты осындай бірдемеге соғатынын тосып отырса да, дәл мұндай тұжырым жасалмас деп еді. Біраз таңдана қарап, аяғында Сатай мен Бердіге бұрылып:

— Сен екеуіңнің пікірің қалай? — деді.

Сатай алдымен үн қатты:

— Дәл Бұлай деуге ауыз баруы қиын сияқты. Өзі қара табан батрактан шыққан. Өзіміздің төменнен өсіргеніміз. Бірде-бір сезікті жаман қылығы болған кісі емес.

— Е, жау саған сездіріп істейтін шығар. Осы күнгі жаудың астыңнан қырыққанын сезер болсаңдар бүйтер ме едіңдер! — деп Қатпа қатты ашу шақырып, шын күйінген жүзбен ақыра сөйлеп жіберді.

Сатай содан ықты ма, жоқ сөзінің аяғын тек осымен бітірмек пе еді, әйтеуір аяғын екі ұдай қып:

— Бірақ кім біледі... Кепіл болуға бола ма? — деді. Берді мұнша екі жарылған жоқ:

— Тергетіндер. Ақ болса ашылар. Мұндайды тергеу орны ашпаса кімнің көзі жетеді, — деді.

Саматтың бұдан да күтпеген жауабы еді. Бірақ Қасен жайындағы оның өз түсінігі басқа, сондықтан ұзаққа созбай.

— Қасен өйтіп құрбандық ететін кісі емес. Мен қарсымын. Жаппақ түгілі сезікке алғанда да мүлде қарсымын, — деді.

Бұған Қатпа барынша күйініп, шыдамынан айырылып атып тұрып, әрлі-берлі жүріп кетіп еді. Енді Саматқа қадала қарап:

— Сен өзің кем қойғанда апартоншыл екенсің. Мен жауаптылық қарызымды ұмытпаймын. Бұл істі барарына барғызамын. Қазір ауданға барам, — деді.

Самат бұл араға келгенде алғаш рет осыны әңгіме бойында шындап ашу шақырып:

— Қасен жабылмайды, өйткені бас бұзарлыққа жол берілмейді, жолдас... — дегенде Қатпа жұлып алғандай жауап беріп, бағанадан көмейіне кеп тұрған сөзін тіп-тіке ірікпей соғып:

— Бас бұзарлықшылын, ендеше, тамам байды откочевник деп жиып ап, бәрінің былығын бүркеп осы күнге дейін сыр бер-

мей, басқармаға дәнеңе білдірмей, тап жауының қойыртпағын қостап отырған сенің өзіңсің! — дегенде, Самат атып тұрып:

— Шатпа, енді жетті, кеңеске менен дос шығарсың! — деді. Анау кекете күліп:

— Адыра қал. Өмір бойы бай-кулакпен алысып, осы ауданның тап жауын құртып келген мен емей сен шығарсың. Бәлем күлметінді ашып, алдымен сенімен болармын, ендеше...

— Бар, олай болса қылатыныңды қылып көр...

— Шын жаудың тамырын таптым, болды енді маған. Өңі жылтырап, жылым құрттай жайлайтын сендей тәтті үндінің талайына су құйғам мен.

— Қысқарт енді! — деп Самат тап берді. Анау тапаншасына қол салып ілгері басты. Берді мен Сатай екеуінің арасына тұра қалып айырып әкетті. Екеуі де біріне-бірі өшіге жауығып, екі айырылып кете барды... Қатпа айтқанын істеп ауданға шаба жөнелді. Самат сұрланып, қолы қалтырап кеп ауданмен жалғасатын телефонның трубкасын алды³².

Сөйлескен, аудан орталығында кеңсесі бар әскери киімді ер пішінді, кесек денелі жігіт Паншин еді. Паншин түнде болған уақиға турасындағы Саматтың хабарларын естіп алып, қысқа сөзбен өз маслихатын берді.

Ол Саматпен нық таныс, қымбат бағалы ферманың барлық ісінен толық хабардар еді.

— Бұл іске айыпты кісілер колхоздың өзінде болмау керек. Екі күнде анықталады. Әлі де сендерге айналып соғар. Орнынан тапжылма. Екі күн тос. Күзетті мықта. Соған шекті жиылған деректі бүрсігүні кеп айт, — деді.

Осымен Самат ешқайда бармай, фермасында қалып дағдылы ісіне кірісті. Бірақ іштегі ойдың тынышсыздық толқыны күшті еді. Сабыр ету қиын болды. Шашау шыққан адамның бәрінен: Не болды? Не бар? Не естіп білдің? — деп ылғи елең қағып, ақпар сұраумен болды. Қатпамен қағысқан сөздерінен кейін, бұл колхозға келгелі алғаш рет бет-бағытынан адасып, бір қараңғы тұңғыққа түсіп кеткендей басы қаңғып қалған кезі осы еді. Кім біледі? Сыртынан қарағанда кімі жаман? Бірақ іштерінде не боп жатқанын кім білсін? Өзгені қойғанда жаңағы Берді мен Сатай да мұның ойынан басқа ой ойлап, тіпті, бұған

олар да күдіктеніп қарады ма, әлде қайтты? Осы жұрттың бәрі секем алып жүрмесе игі еді. Бүгінгі күн тұтасымен осындай әуре-сарсаңмен өтті.

Ферманың еркек-әйел ударниктеріне Қасен жайындағы бағанағы Қатпа сөзі естіліп қалған еді. Сонымен көпшілік күні бойы Қасенмен жөндеп тіл қатпай, одан үріккен тәрізденіп шеттеп жүрді. Қасеннің бірер жағалап келгені Самат еді. Ол да өз ойымен әуре ме, мұнымен бой салып сөйлеспеді.

Колхозшылар ішінде Дәметкен, Аяжан, Сатай боп түс ауа бере Дәметкендікінде шай ішіп отырып, біраз әңгімелескен еді. Сатай:

— Қайсысынікі дұрыс екенін, әзір білу қиын. Екеуі де білмейтін адам емес, кім біледі? — деді.

Мәселе Қасен жайында. Дәметкен Қасенге таңертеңнен жаны ашулы еді. Және Саматты өзгеден ерекше сыйлайтын.

— Қатпа Айшаны ылғи жесірім-жесірім деуші еді. Қасенге тиген әлпеті теріске айналған сияқты еді. Ішінде не жатқанын кім білсін, — деді.

— Осыған тигелі мені кекетіп, соқтыға беретін болды деп Айша маған талай айтты³³. Бірақ мынау істің жөні бір басқа ғой, — деп Аяжан әлдеқалай байлау жасаудан аулақ сөйледі.

— Колхоз құрылғалы бірге жасап келе жатқан қу мүйіз, ескі кісі. Оның үстіне өзі Қатпа, — деп Сатай бастағанда Дәметкен мұның сөзін қостай:

— Қыры да, сыры да көп де, — деді.

— Онысы көп, бірақ қадалса бірдеменің тамырын ұстап ап қадалады. Онан соң ақ та, көк те болса әлі күнге алмай жібермейді. Мұнымен ұстасу да қиын ғой. Осы талай, “мен мықты, мен пысықпын” дегендерді алып жеген жоқ па?.. Бірдеменің ізін шалып түйіліп жүр ме деймін, — деді.

Өзгелер, жалпы барлық ферма сияқты әлі күнге “не болады?” деген дағдарыста еді. Сондықтан дау да айтпай, басқа пікір де айтпай, тыйылып қалды.

Осындай күйлерде кеш те жетіп еді. Түн болып, көп колхозшының алды жата да бастаған еді. Самат өз үйінде газет қарап отыр еді... Үйінің сыртына бір атты кісі кеп түсіп жатыр екен. Газетін доғарып тыңдай қалды.

Сүйткенше болмай дабыр қағып Шәлтік кіріп келді. Түрі асығыс, хабары шұғыл сияқты. Самат асығып алдынан қарсы тұрып:

— Немене? Не болды? — дегенде, шал орындыққа отырар-отырмастан:

— Ойбай, қарағым, сұмдық... — деп бастап әңгіменің басын қысқа қайырып, — Сүгір, Сүгір кепті, түү Қытайдан... Өздері төрт адам. Колхоз болса кірейік деп келдік дейді. Бірақ түрлері бұзық. Асынғаны көкбеңбек темір... Бірдеңе пәле іздеп келген әлпетті³⁴. Өзімді ұстап ап кеудеме мініп отырып, өлтірем деп бауыздарман болды... — деп әңгімесін содан әрі шұбата жөнелді... Самат орнынан тұрып алып телефонға қолын қойып, мынаның әңгімесінің артын бақылап тұр еді. Созыла берді. Жалғыз-ақ бір арасында Сүгір сөзін айтып:

— Жау болсам да өз алдарыңа кеп тұрмын, өлтіртсе де өз еркі, аяйды демейім, сонда*да біздей қайтып келгенге не дейді екен? Колхоз басқармасына, Қатпаға хабар айт, жауабын сол осы баздан тосамын, — деп еді. Мен тіпті оған бармай, саған салдым, — деді. Содан әңгімесінің тағы жібі босап: — белім кеше қасқыр аттап бастырмай шойырылып қалып еді... Соған қарамастан шапқаным... Тақ екі қасқыр базға түсе ғапты, түге, — деп сөзін тағы ұзақ сонарға сала берді. Мезгілі өтіп барады. Самат ендігісіне шыдай алмай телефонды алып ауданмен жалғаса бастады. Аралық станциялардан Паншин кеңсесін сұрап, құлағы сол жақта тұр. Бірақ Шәлтік телефон сырын білмеуші еді. Сондықтан өз әңгімесін өлі шұбатып айдап жатыр... Саматтың анда-санда бұған құлағы үздік-үздік еститін³⁵:

— Алдында, қарағым-ау, түн бойы шулап ұйықтатпаған. Содан базға түскен соң, аяйым ба, тіпті... тіреп бастырып... Кісі әкелдім... кашып кетіпті, белімнен аттап шойырылтып... Айша кеп... Сол кезде Паншин үн қатты білем, Самат сөйлеп:

— Айтқаның келді. Жау біздің қасымызда. “Талдыөзектің” екінші базында... Білесің бе? Иә... Біз бе? Аттанамыз... қазір... Білемін, — Самат үндемей қалды...

Шәлтік сонан соң өз әңгімесін соза бастап:

— Айшаны, ұстап басып қалды... Бұрынғы байы ғой, не десіп жатқанын кім білсін? Бірақ оған да басында суық келді. Әйтеуір түсі жаман...

Самат қайта сөйлей жөнелді.

— Білемін. Ол қамды өзім істейім. Бірақ аз кісі болсақ та біз де қайрат етеміз... Ал көріскенше, — деп Самат телефонды қоя берсе, Шәлтік әлі сөйлеп жатыр екен.

— Содан белімнің шойырылғанына қарамай салдым-ау, саған қарай... Енді ұстап ал. Сөзі болса қаруын қолынан алып, ұстап алып отырып сөйлес. Болмаса бұл колхозға ол өшігулі. Мұның алдында екі келіп, ат түйені тізіп әкеткен. Дәндеген кәпір, — деді.

Шәлтік әңгімесі бұдан да ұшы-қиыры жоқ созыла беретін. Бірақ Самат енді асықпаса болмайды.

Ол сол арада айғай сап Қасен, Берді, Сатай бәрін жиып алды. Дәметкен, Аяжан, Жамалдар да жиыла келген еді.

— Жолдастар, анық жау табылды... — дегенде бәрі бірдей:

— О кім, о кім?

— Уа, тілеуің берсін...

— Қандай ғана ит екен... — деп шу-шу етті...

— Қытайдан кепті. Сүгір...

Жұрт түсіне қалды. Ендігі дабырдың бәрін Самат токтатып, тез-тез, қатты-қатты бұйрық етті.

— Қазір маған Қасен және тағы бір-екі кісі еріңдер. Тез ат қамда. Өзге барлық еркек, Берді, Сатай, сендер басшы боп күзетке қалыңдар... Ал Қасеннен басқа тағы бір-екі кісі маған ер... Кімдер?

— Өзге еркек шамалы ғой... Күзетте тұр ғой, — деп Сатай дағдарып қалып еді.

— Ендеше, бір еркектен кем болсам бетіме түкір. Сол Сүгір итті аттан өзім ғана жұлып алайын. Бері ап келші бермен, — деп Дәметкен жұлқынып кеп винтовканың бірін мойнына салып алды... Ешкім қарсы болған жоқ. Қайта тегіс бойсұнғандай болды.

— Иә, колхоздан аяған жанды, ит жесін, — деп Аяжан да екінші мылтықты салып алды...

Бұлар осымен айналып сыртқа шығып атқа қона беріп еді.

— Ойбай, түйе, түйе қайда? Қалпымен бар түйе жоқ, — бір екі-үш дауыс шу-шу етті.

Енді Самат, Сатай мен Бердіге түйені қарауды тапсырып, бүгінгі күзеттің бәрін тамам сауыншы, қырықтықшы қатындар алды.

Түйеге жоқшы белгіленгенмен Самат сол өздері аттанған жаудың алдынан түйені де табармыз деп сенген еді. Сонымен бұлар екінші базға қарай қалың шиді қуалап шапқылай жөнелді.

Әбігердің ішінде Шәлтік ұмыт қала берді. Жолшыбай жосылтып сарт-сұрт шауып келе жатқан Самат пен өзге жолдастарының арасында тым құрыса бірлі-жарым ауыз әңгіме де болған жоқ.

Осымен баз жанына шауып тоқтаған соң аттарын алысырақ байлап, өздері мылтықтарын сайлап ап қанат жарып, бытырай кеп баз есігіне тақап еді.

Бұларға қарсы алғашқы мылтық үні шықты.

Содан бұлар айғайлап:

— Уа, кімсің... Елмісің, жаумысың... Кім де болсаң өлесің. Атыспай қолға түс! — деп айғайлап еді.

Оған қарсы ылғи атыла берген мылтық оғын көрді. Алғаш елден бұрын тақап барған Қасеннің сол қолына оқ тиді.

— Мынау не жаудың³⁶ дәл өзі, не соның жолына басын байлаған кісі... Енді атысып бағындар... Алыңдар осыны! — деп Қасен кейінірек тұрып қап еді.

Бірақ әредікте: “енді саған жоқпын, өлтіріп аласың”, — деген әйел айғайы естілгенде жүрегі су етті.

— Жаным-ау, Айша ма? — деп бір қалып: — ойпыр-ай, кәпір Сүгірдің жүрісі тек деймісің... Бұзылған ба, алданған екем ғой, — деп бір тіксініп, содан бүгінгі фермалардағы қазаның бәрін осымен байланыстыра барып, тажал жүзін көргендей боп шошынып үрке беріп еді. Қалған сөздерді өзге атыс, алыста бұ да естіген жоқ. Естіп, байқар болса Самат мінезіне ол таң болар еді. Әйел үнін естігеннен кейін Самат мылтығын атпай тоқтата қойып, өзге бірер оқ шығарған Дәметкен, Аяжанды да басып тастап құр ғана баз ішіндегі мылтықтың даусын санап тұр еді.

Арада бір-екі рет: “тоқта, жау емеспіз” деп жанындағы әйелдерді таңғалдырып үн қатып та көріп еді. Ақыры іштегі мылтық оғын тауысты. Самат есікке құлағын сап, тыңдап тұрғанда екі рет бос шырт-шырт еткен алтатар үнін естіп, есікті ашып тастап, өзгенің бәрін ертіп базға аяқ басқан еді — есікке келе бере қалтасынан электр фонарын суырып, жарық жағып қалған.

Содан арғы уақиғаны жоғарыда баз ішінде өзіміз көрген едік.

IV

“Талдыөзек” колхозының басқарма бастығының орынбасары Қатпа Қожалақов аудан сотының кеңесінде Садыров судьямен көптен әңгімелесіп отыр. Оған бағана фермадан кіжініп келгеннен бері қарай көп-көп жайды мәлім етті. Көп сезіктерін, күдігін ірікпестен айтады. Садыров та бұл ауданда көптен істеп келе жатқан адам.

Сырт қалпы, білім шамасы, әдет машығының көбі осы Қатпаға ұқсас. Бірі малды колхоз бастығы, бірі сот. Сондықтан араларында байланыс, қатнас нық еді. Қатпа бүгінгі сөздерінің көбінде Қасенге қоса Саматты көп түйрейді. Әңгіменің артын құпиялап кеп, үлкен бір мінді түйінге соқтыра кеп:

— Қасен деген осы Саматтың әдейі қолдан жасап алған өтірік белсендісі. Соның қолымен іс істетіп, Самат керекті жерінде оны бүркейтін боп, екеуі бір бас, бір тас боп алған. Ал Қасеннің өзіне келсек, Қытайға қашып кеткен кеңес жауы Сүгір дегеннің қатынын алып, соның үй орнына пана боп отыр. Қатынын да бұл күнде белсенді қып, төменнен ескен қып қоқайтып апты. Ол — бірінші залым, соның бәрін алдап ұстап, күні үшін өңін жылтыратып жүрген сұрқия әйел. Сыры маған мәлім, әлі күнге Сүгір десе³⁷ ішкен асын жерге қояды. Қай күні Сүгір хабар етсе, сол күні кеп осы колхозды бар фермасымен өртеп, күлін көкке ұшырып кету қолынан келетін, жылан жүрісті пәле қатын... Міне бір жағы осы Қасен мен қатыны боп фермада қатты сезікті ұйым жасап алған. Мынау адам көрмеген апат, қаза осындай мықты, берік топтың ісі. Әйтпесе сырттан кім келеді? Қайтып қана солай емін-еркін араласып, соншалық шаруаға осындай ойран салады... Қорытынды да, байлау да сол, осылар тегіс тезінен ұсталып, тергеуге алыну керек, — деген.

Сот бірнеше машықты сұрақтар бере-бере кеп ақыры осы, жаңағы айтқан Қатпа сөзі мен оның алдына бұл айтқан ақпардың барлығын өз қолымен протокол қылып жазып шықты. Содан, мұнымен істесуге жаңада ғана басқа жақтан келген жас тергеуші Мұрат деген жігіт бар еді, соны шақыртып алды. Протоколды оқып, жай-күйдің бәрін өзінше, Қатпа айтуларының бәрін байлау ете, даусыз нәрседе ынтыға отырып, ақыры үлкен тапсырма жасады:

— Іс үлкен. Уақыт тар. Бір минут бөгелуге болмайды. Қасына үш кісі милиция ал да, қазір атқа мін. Қатпа да сенімен бірге ере барады, — деді.

Осымен бұлар да кеш бата ауданан шығып, шауып отырып фермаға кеп еді. Одан Самат пен Қасен базға беттеп шауып кетті дегенді естіген соң Қатпа бұрынғысынан жаман ерекше дегбірсізденді. Өзгелерді бастап ап, алғашқыдан гөрі асығып, қара тер болған аттарын қамшылай да тепкілей шауып, екінші баз қайдасың деп салған еді³⁸.

V

Бағана Шәлтік екінші баздан шығып фермаға қарай жөнелген соң Сүгір баз ішіне қайта кіргенде Айшаның басынан мынандай халдер кешіп еді. Әкесін Сүгір алып шығысымен Айша тағы да айналасын сипалап, әлгіде қолынан түсіріп алған алтатарын іздеген. Соны таба алмай бүкшендеп жүргенде Сүгір кірді.

Бұл жолы ол үнін де, сөзін де өзгертіп Айшаға, баяғы байы боп тұрғандағы қалпына түсіп зеки кеп:

— Әй, сенде ең әуелі қару болу керек. Ол қайда? Бері әпкел соны! — деді.

Айшаның өзіне де ол өлердей керек еді. Бірақ дәрмен бар ма? Жоғалтып ап тұр. Басында бұл сұрақтың түбін ойламай:

— Қаруы не? Оны кім айтты? — деді.

Сол арада Сүгір жанына жетіп кеп, әуелі екі қолын сипап қарап, артынан өне бойын қатты-қатты ұстап жүріп, тінте бастады. Айша мынаның мына сұрақ, мына қылығының бәрін енді ғана ойлай бастады. Ойлаған сайын іші мұздап, есінен шатаса жаздады.

— Мынау бір маған құрылған, әдейі жасалған тор болды ма? — деп жаны тіксініп еді.

Мұның бойында қаруы жоғына көзі жетіп алған соң Сүгір ендігі сөзді қысқа қып, байлай сөйлеп:

— Менің қатынымсың, өзіме тиесің, әдейі келдім, әкетем! — деді.

Жоқ, мен айттым, жарықтығым, енді басымды отқа салма, сенімен менің енді үш қайнатса сорпам қосылмайтын болған, — деп Айша таймай қасарып тұрып алды.

Сүгір байқайды. Сөзге иліктіре алатын емес. Шынында, Айша ішінен:

— Енді не болса да осыған бой ұсынбай дегенімде тұрып, келген көр болса көріп алайын деп еді. Сүгір жаңағы Айша жауабынан кейін, қабатын қасқырдай тісі ақсия, қабағы тастай түйіле кеп:

— Бар жауабың осы ма, жоқ жөнге көшемісің? — деді.

Айша іркілместен:

— Басқа жауабым жоқ, — деді.

Сол-ақ екен бұның арпалысып алысқанына карамастан Сүгір алып ұрып жонын тізерлеп отырып, екі қолын сындыра артына қайырды да әдейі тыстан беліне қыстыра келген шылбырмен тас қып байлап тастады. Содан үнсіз қалған Айшаның қасынан тұра беріп:

— Тимейсің ғой, жаңа бай тапқан неме? Тимейтінің рас, өйткені сені мен өзім де алмаймын. Маған қылған қылығыңа карағанда кегімді мен басқа түрлі қып алам... Қазір біраздан соң³⁹ кеп осы баздан шығарып ап, ат көтіне сап алып кетем. Менімен бірге Қытайға барасың. Сонда қатын үстіне кәрі шалға малға сатам. Міне, менің саған істемек боп келген үкімім осы болатын... Осыны істемесем ит болайын, — деп біраз үндемей мелшиіп тұрып: — менің сонадан шыққаннан байлап келген сертім осы, — деді.

Айшада үн жоқ. Содан әрі Сүгір есікті тарс жауып жоқ боп кеткен. Айша қанша мезгіл өткенін білмейді. Әйтеуір бір түн жарымындай тыпырлай-тыпырлай, әрлі-берлі аунай-аунай келіп, екі қолының терісін қыл шылбырға сыдыртып шиедей қып-қызыл қанын ағызған шақта бір кезде оң қолын суырып алған... Содан босана салысымен тұтанған ашу, уланған ойымен өлімге басын нық байлап ап бағанағы мылтықты іздеген еді.

VI

Қасеннің пышағы Айшаның жотасына қадала бергенде Самат жан ұшырғандай атып кеп пышақты қолға жармасып, Айшаның қазасына арашашы болды. Базға кіріп ұйқы-тұйқы уақиғаның артынан Айшаның жүзін тани бергенде Саматтың

есіне бағана телефонмен сөйлесіп тұрғанда⁴⁰ Шәлтік айтып жатқан бірер сөз түсіп еді: Айша... Сонда қалды... деген еді-ау, деп барып Қасенді жұлып алғаны да содан еді.

Алғашқы минутте жұрттың бәрі жым-жырт боп, үнсіз қатып тұрып, әлі де сілейіп жатқан Айшаға қадалды. Содан келесі минутте Айша қыбырлап есін жиып, көзіне түскен шаштарын, қанды қолдарымен қайыра беріп, Қасенге қадала қарап:

— Мен сендерді Сүгір екен деп өлімге бекінбеп пе едім... Ол мені зорлықпен алып кетпек боп, осында міне! — деп қып-қызыл қан боп тұрған екі қолын жұртқа қарай созып: — байлап қамап тастаған жоқ па? — деді де өксіп-өксіп жылап жіберді...

Жай түсінікті бола бастады. Дәметкен енді ұмтылып қасына жүгіре басып кеп құшақтай сүйіп тұрғызып жатыр:

— Айналайын-ай, бәсе, сен жау болушы ма едің?.. Жауыздың қара жүзін көріп, тағы да шеңгеліне ілінген екенсің ғой! — деді...

Осымен бұлар келгенге бірер-ақ минут өтіп, енді естерін жия бергенде, сыртта тасырлатып кеп қалған көп аттың дүрсілі естілді. Бәрі де бір сәтте мылтықтарын ұстай-ұстай алды.

— Келді, келді. Осы келген сол сұмдар! — деп Айша Қасеннің қасына атқып шықты.

Самат мылтығының құлағын қайырып ап қадала тындап, есіктің саңылауынан бүгіле қарап тұр еді. Тыстағылар үн береді. Қатпа даусы:

— Әй! Самат, Қасен бар ма? — Кімсіңдер мұнда? Айтыңдар жөңдеріңді!

Самат есікті шалқасынан ашып жіберіп:

— Бармыз, мұндамыз! — деді.

Соның артынан баз ішіне Қатпа бастаған үш милиция⁴¹ және тергеуші Мұрат кіріп-кіріп келісті.

Сөз ұзаққа барған жоқ. Тергеуші өз жайын айтып алысымен Самат пен Қасеннің кім-кім екенін сұрап танып алып:

— Жігіттер, сіздер қазір ауданға жүресіздер. Істеріңіз тергеуге алынды. Сол тергеу уақытына временные меры пересечения түрінде сіздерді уақытша задержать қылуға тура келді! — деді.

Бұл сөздің суық жайды баян етіп тұрғанын баз ішіндегі әйелдер түгел ұққан еді. Барлығы бір-ақ үнмен аһ ұрғандай болды.

Самат қатты сұрланып ап, демі дірілдеңкіреп тұрып, мылтығын бұрынғыша ұстаған бойында, Қатпаға көзі қанталай қарап:

— Мұны істетіп тұрған сенсің ғой? — деді.

Қатпа саспастан:

— Мен ғана емес, кеңес соты. Кеңес ісінің интересі, — деді.

Милиция өңшең қазақ екен. Олар Қасен мен Самат қолындағы мылтықтарға қарай тұрып, бұларға “әзірленіңдер” дегендей белгі жасап, екеуін қоршай беріп еді.

Самат әуелгі қалпынан тапжылмай тұрып:

— Жарайды, арестерің қашпас. Қазір міне, бізден де гөрі үлкен жауды қуып кеп тұрмыз. Бандыны тосып тұрмыз. Әуелі бірігіп ап соны ұстайық. Содан кейін бізді аларсыңдар, — деді.

Қатпа да, тергеуші де қатар сөйлеп:

— Жоқ, жоқ, ол сөз керек емес... Олай емес, — дей беріп еді, Самат қатты ақырып:

— Жоқ боса жоқ. Қазір арест етпейсіңдер, еткізбейміз! — деді.

Дәл осы секундте далада, базға жап-жақын жерде көп мылтық түн тыныштығын қақ жарып батыр-бұтыр етті... Үйдегілердің бәрі әсіресе Қатпа мен тергеушілер елең-елең етіп аспанға қарасып, жан-жағына алақ-жұлақ етті. Қатпа өңі қашып Саматқа жалт қарап:

— Бұ не? — дегенде, Самат жұлып алғандай:

— Ол жаумен атысу, ол Сүгір, — деп шаншыла қарады. Мылтық бытырлап атылып тұр. Анда-санда қашандау жердегі айғай, дабыр, команда естіледі. Ат тұяқтары үзілмей тасырлап, дамылсыз сарын боп басындап тұр.

Қатпа Сүгір деген сөзді естігенде көзі бақырайып, екі қолын көтере беріп, есінен шатасып бара жатқандай көрінді. Бірақ жалғыз секундке сөйтті де, артынан бойын тез билеп ап:

— Ендеше, біз шығамыз, — деп тергеушіге ым жасап жылжи беріп еді, Самат сол уақытта бір-ақ аттап барып есік алдына көлденең тұра ғап:

— Жоқ, кетпе! — деді. Бұл кезде ол ұзын мылтығын сол қолына алып, оң қолына нағанын жалаңдатып ұстап алған екен.

Қатпа мұның түріне сескене қарап, есікке қарай баса алмай бөгеліп қалды.

Бірақ сонда да бос дағдарып қалған жоқ. Саматтың күші мұны егдетуге айналған сияқтанып, ендігі бұның үні бай-баламға ұқсап бара жатса да, ол айғайлап сөйлеп, үлкен айыптар тізіп жатты. Ендігі шын ойы да сол сияқты. Тергеушіге, милицияларға қарап:

— Көріңдер, міне. Бұлар осы арада мені жауға ұстатпақ болды, — деп Айшаны нұсқап: — мынау Сүгірдің қатыны. Осы арада байын тосқан... — деп Саматқа ақырып тұрып: — сендер менің басымды алып жемек болған екенсіңдер. Көрермін бәлем, кімді кім жеңгенін, — дей берді.

Бірақ Самат пен Қасен мұның соңғы сөздерін жөндеп естіген де жоқ. Өйткені тыста тағы бір салдыр шығып еді. Қатпаның сол жаңағы айғайын аяқтай берген кезде баз ішіне салдыр-күлдір қағып Шәлтік кеп кірді.

Жұрт бұған аңырулы еді. Ол өз жігіттерінің мынандай тұрысына таң болып, алақ-жұлақ қарап ап:

Е, масқара шелей, бұларың қай тұрыс?.. Әлгі кәпір қайда? Тым құрыса соны ұстап тұр екен десем. Ойбай-ау, мына жерде мылтық батырлатып жүрген солар ғой... Жаным, жындымысыңдар өздерің? — деп мыналардың бір-біріне мылтық оқтап тұрған қалпына жаны күйіп:

— Ойбай, сығыр, кеп қалды міне, мына араға бір үлкен шоғыр боп, — деді... Ешкім үн қатпайды... Бәрі де тыңғындаған сияқты. Өйткені тыста қарулары сатырлап кеп көп аттының⁴² түсіп жатқаны бәріне де естіліп еді. Баз ішін жарық етіп тұрған бағанағы Самат фонары. Оны Қатпалар келе бергенде Самат қолынан Айша алған еді.

Тыстағылардың көбі сыртта бөгелсе де, бір тобы баз ішіне келе жатыр. Алдында, о да өз фонарын жағып алған, Паншин. Артында: сұмпиып жүні жығылған, жарық дүниеге Қарауға көзі ұялғандай боп басын төмен тұқыртқан Сүгір мен Құлайғыр... Олардың артында бірнеше қарулы әскердің асы көрінеді... Жай түсінікті.

Паншин Саматқа таман үндемей кеп қалпағының маңдайына оң қолын көтеріп тигізді де екі аяғын сарт еткізіп қол алысып амандаса беріп:

— Ну вот, все кончено, — деді.

Самат бұған жақындай беріп:

— Жеңісің құтты болсын. Бірақ іс тамам болған жоқ. Меніңше іс жаңа басталды, — деп, Паншин бұған жалт қарағанда, Қатпаларды көрсетіп: — мыналар, мына тергеуші, милициялар бар, мына Қатпа әкеп тұрған кісілер, олар мені жабуға кепті.

— О не қылған чепуха, — деп Паншин аналарға зілмен қарады.

Самат өз сөзін аяқтата беріп:

— Мен мына осы “Талдыюзек” колхозының жұмыскерлерінің ішінде мына Қатпа алып жегеннің екіншісі болғалы тұрмын. Мынау бандылар істеген кешегі іс туралы ол мені соттатыпты, — деді.

Шәлтік бағанадан дағдарып тұрып, жай-күйді енді-енді анық аңғара бастап еді. Оның қазіргі түсінігі өзге көпшіліктің бәрінен озған бір ерекше қырағылық сияқтанды. Жолында тұрған Қатпаны иығымен қағып ілгері шығып ап, Сүгірге мойнын бұрып⁴³ қарап тұрып:

— Жә, Сүгір, міне, Қатпаң, мені бағана осыған жіберіп ең ғой, міне... — деп Самат пен Паншинге кезек-кезек бажырая қарады.

Колхозшылар тегіс бір кеудеден: “ойпыр-ай, не дейді?” — дегендей, жағасын ұстарлық сұмдық есіткендей гу етісті. Сол сәтте Айшаға да өз жайының барлық бүгінгі қорлық азабы ап-айқын боп ашыла кеткен еді.

Екіленіп ортаға шығып, Қатпаны көзге шұқып тұрып:

— Мені қолды-аяққа тұрғызбай, баршы-баршы, — деп осы базға түнделетіп айдап жіберген сен едің-ау. Білдім ғой көзің шыққыр, мына жауыз Сүгірдің қолына түссін деп жіберген екесің ғой, — деді.

Қатпа әлі де бажылдап:

— Оттапсыңдар, Сүгір менің кескілескен жауым, — дей беріп еді, Сүгір анадай жерден бұған бас изеп көзін сығырайта қарап тұрып:

— Жауым десең де аманбысың, Қатпа? — деді.

Паншин сол арада қолын көтеріп өзге дабырдың бәрін тоқтатып тергеушіге қарап:

Сіздер боссыздар... Жүре беріңіздер, — деп милицияларға да белгі жасап, солардың шыққанын тосты. Олар кетіп болған

соң өз кісілеріне қарап Сүгір мен Құлайғырды алып шығуға белгі етті. Олар да кетті. Содан кейін Қатпаға қарай бір басып кеп: — Сіз, Қожалақов, бізбен бірге ауданға жүресіз, — деді.

Үні нық, байлауы берік, екі сөзге келетін емес. Анау аз тұрып бағынды да алдына түсті.

Колхозшылар енді өзді-өзі қала берді. Бұл уақытта Қасен бұрыштағы бір жәшікке отырып алған екен. Бағана Айшаның алғашқы оғы тигеннен бері қарай 20 минуттей уақыт өткен еді. Содан бері байлаусыз, емсіз болғандықтан бұның бойынан көп қан кетіпті. Қазір өңі қашып сұп-сұр боп отыр екен. Енді қасына Айша атқып кеп, жаралы қолын құшақтай жығылып, бауырына басып:

— Жаным, кеше гөр. Жаздым, жаңылдым. Ол менің қанымды қарайтқан жауым емес пе еді. Көзімді қарайтқан сол ғой. Сені, сенің жолыңды, бар колхоз елімді сүймесем текке қалып па ем, — деп зар еңіреді.

Қасен мейрімді түспен⁴⁴ бұның басын сипайды. Аяжан, Дәметкен боп, ферма бастығының үстіндегі таңертеңгі тап-таза ақ көйлекті дар-дар айырып, енді Қасеннің жарасын таңып жатыр...

VII

Осы түннен кейін екі күн өткен соң қас қарая берген шақта аудан орталығы тұрған поселкенің шетінен бір жалғыз атты жолаушы шықты. Мінгені дом боп жараған үлкен жирен ат. Артында бөктерген қоржыны бар. Поселкеден шыға артына жалт-жалт қарап атының жортағын қатайта берді. Бірақ сол поселкенің екінші көшесінен шығып, осы жолға қиып түсетін тағы бір тарау жолмен екі атты әскери адам желдіртіп келе жатыр еді.

Жирен атты бұларды, арқан бойындай жақындап қатарласып қалғанда ғана байқаған еді. Өйткені ол ылғи артына қараумен келе жатқан. Енді амалсыздан атының жүрісін сендетті. Сонда аналар ат басын іріккен еді.

Жирен атты сескене берді. Әйткенмен шара жоқ. Ойдағы күдігі шын боп шықты. Олар бұған қарай тура тартып, алдынан көлденең кеп тоқтай қап:

— Жолдас, сіз судья Садыровсіз бе? — дегенде жирен атты міңгірлеп қана:

— Иә, Садыров, — деді. Мұның беті Тарбағатай тауы еді.

Аналар:

— Еңдеше, жүріңіз, кері жүрейік, сіз керексіз, — деді.

Садыровтың ұсталуы Сүгір мен Қатпа ісіне көп анықтық кіргізді.

Дәлін айтқанда Сүгірдің келуі базда алғаш болатын уақиғадан екі күн бұрын екен. Ол сол келген күні Қатпамен жалғасып, көп план бірге құрылған екен.

Аяғы Самат фермасында қойлар қаза табу, сол арқылы Қасен, Саматқа жауыздық жасау — барлығы да біріккен ақылдың ісі екен⁴⁵.

Сүгірдің қатыны, Қатпаның жесірі Айша — Жәрке тұқымын тастап, Алтыбайдан шыққан Қасенге тиді деген, Қатпапаның да дерті еді. Сондықтан оның базға жіберілуі де есептегі іс еді. Қатпаның Айшаға мылтық беруі Сүгірдің сұрауынан туған. Алғаш кездескенде Қатпаның бойында берерлік мылтық болмай, артынан осы тәсілмен әйел ата білуші ме еді, Сүгір содан алсын, — деп жіберген еді.

Осы ақыл, қарекеттің барлығы жалғыз бұл іс емес, бұдан көп бұрын әсіресе көп колхозшыны откочевник қып, тентірету тұсында Қатпа, Сүгір, Садыров боп отырып нық байласқан әдіс, тәсілдер еді.

Сүгірдің бұл үшінші келуі болатын.

Колхоз дүниесінің өте шебер, өте жауыз қаскөйі боп, көпке шейін жылан жүрісін білдірмей сорып келген үш борсық, сыбағалы жазасын осылайша тапқан еді.

Ауқармапар





А. Афиногенов

Қ О Р Қ Ы Н Ы Ш

4 перделі, 9 суретті пьеса

Өзгертіп аударушы

Әуезұлы Мұхтар



АДАМДАРЫ

Бородин Иван Ильич — профессор, жасы 60-та. Тірлік стимулдар институтының ғылыми бастығы.

Валентина — оның қызы, жасы 23-те, мүсін өнершісі.

Бобров Николай Касьянович — Валяның ері, 38 жастардағы профессор, институттың тәжірибе кабинетінің бастығы.

Захаров Виссарион Захарыч — 65 жаста, ескі шығыс діндерінің тарихшысы, профессор.

Кастальский Герман Витольдович — Бородиннің сүйікті шәкірті. Институт аспиранты, 28 жаста.

Амалия Карловна — кәрі әйел.

Варгасов Семен Семеныч — институт хатшысы.

Макарова Елена Михайловна — институттың ғылыми қызметкері, 30 жаста, партия мүшесі.

Цеховой Николай Петрович — Еленаның байы, 33 жастағы аспирант. Партия мүшесі.

Наташа — 10 жасар қыз бала. Цеховойдың бұрынғы қатынынан туған қыз.

Спасова Клавдия Васильевна (Клара) — 60 жаста. Партия мүшесі. Заводта қызмет қылады. К. к-ның мүшесі.

Кембаев Құсайын — қазақ, партия мүшесі. Төменнен көтерілген аспирант.

Невский Борис Наумович — партия мүшесі, институт директоры.

Басқарманың үндемес мүшесі.

Тергеуші әйел.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші сурет

Бородиннің пәтеріндегі қонақүй. Кабинетке сыймаған кітап шкафтарының бірталайы осы бөлменің ішінде. Биікше орында су шүберекке ораулы бір үлкен мүсін тұр. Балшықтан істелген, профессордың қызы Валентинаның істеп жатқан бір мүсіндемесі.

Герман (*сөздерін ақырын айтып жыр жырлайды. Жырлай отырып күй тартады. Өлеңнің соңғы екі аузын ғана толық дауыспен көтеріп айтады*). Сөздері:

Өтті жылдар, соқты дауыл көшкіні,
Қиялымнан айықтырып, ұмыттырды ескіні.
Көңілден де нәзік жылы дауысыңмен,
Ұмытылған нұр жүзіңнің кескіні.
Енді жүрек талпынады қабынып,
Тірілтпекші ескі күнін сағынып.
Қайта табад алласын да, дәуренін де,
Шабытымен көз жасын да, ғашығын да жалынып.

(*Валя, Бобров, Бородин тыңдап отырысады.*)

Бородин. Жақсы-ақ-ау! Махаббат туралы қандай жырлар жырланады. Ұйтпесе шара да жоқ. Бұл мәңгі-бақи, еріксіз стимул, ең алғашқы адамның ең әуелгі тіршілік бейуағына шейін ылғи ғана ілесіп келе жатқан нәрселер осы махаббат, аштық, ашу, қорқыныш. Жә, командировкаң қалай өтті, Николай Касьянович, Николашка.

Бобров. Өте жақсы жүріп қайттым. Жақсы, тамаша жақсы болды.

Бородин. Бәсе, жақсы болу керек. Бірақ, себебі не дейсің? Себебі, бұ да еріксіз стимулдан туып отыр. Жерді тіреп тұрған көк егіз төртеу. Адам сүйеді. Қорқады, ашуланады, ашығады.

Өзгенің бәрі осылардан туып тарайды, иә, суретші баянда-са осыны баяндау керек. Міне, Валентина менің стимулдар жайындағы жүйемді мүсін өнеріне қолданып еді ісі жақсы іс болғалы келеді. Бәйгеде ол бірінші орын алмай қалса, менің сақалымды жұлуға болады. Қазір бәйгенің комиссиясы келеді. Көресіндер. Бұл өзгелердің бәрінен де өнерлі ғой. *(Қолымен нұсқап.)* Менің Валькам.

Г е р м а н. Сіз бәйге аласыз, Валя.

В а л я. Менің күйеуімнің пікірі олай емес. Бұл кісі жақтырмайды.

Б о б р о в. Мен сапасы не екенін айыра алмай отырмын.

В а л я. Егер сен бәйге комиссиясында болсаң қайтер едің?

Б о р о д и н. Мен өз қатыныма бәйге берер едім.

Г е р м а н. Николай Касьянович адамзаттар туралы өз пікірінен айырылып қалған. Тегі ауданға командировкаға баруы солай әсер еткен шығар.

В а л я. О кісі өзінің сегіз қырлы жекешелігін ұсақ ойлардан аман сақтап қалмақшы болады. Бірақ анығына келсек, сен ажарсызданып, жасып барасың. Үй қояндарыңмен бірге ақылың азайып барады, Николай.

Б о р о д и н. Валя!

Б о б р о в. Мүмкін бұл шын да шығар.

Б о р о д и н. Жарайды. Бұл не? Күйеуінді көрмегеніне бір ай болды. Келуіне тапқаның осы ма? Әй, сабыр жоқ, сабыр жоқ. Бұл жөнінде үлгі алатын кісілерің міне *(Германды көрсетеді.)* Мәжіліс болып жатыр, тағдыры шешілмекші. Бұл жыр жырлап қалжың айтады. Солай болуға да керек. Кастальский, сіздің ата-тегіңіз емен ағаштай ғой. Ылғи шынжыр қатар профессор, академик, сенат мүшелері.

Г е р м а н. Иә, соны айтыңыз, сенат мүшелері. Академиктің, сенат мүшесінің баласы. Ассистент те бола алмай отыр. Ассистент кара темір ұстасының қызы Макарова Елена болады. Сырт мемлекетке де сол барады.

В а л я. Герман Витольдович сабырлылықтың шын үлесі.

Г е р м а н. Фракция менің кандидаттығыма ашық қарсы болып қабылдамады.

Б о р о д и н. Мәселе жоғары орынға қойылып отыр. Мен көмекшіні өзім таңдап алуға ықтиярлымын. Сол жоғарғы орында қазір мәжіліс. Бізден онда Семен Семенович бар. Сабыр қыл. Сен зор талант емеспісің, Герман, менің орнымды толық баса-

тын сенсің. Семен Семенович және Ефрем Ефремычке телефон соғыпты Александр Григорьевичпен де сөйлесіп алыпты. Бәрі де қостамақ болыпты. Не дейсің?

Г е р м а н. Олар уәде...

Б о р о д и н. Тс... с... Бұл сыр жасырын.

Г е р м а н. Олай болса мен сенермін.

В а л я. Герман, сіз бақыттысыз-ау, жолыңыз бола береді. *(Қоңырау.)* Бәйге комиссиясы ма?

Г е р м а н. Семен Семеныч болып қалмасын *(Бәрі тегіс аңырып күтеді. Захаров кіреді.)*

Б о р о д и н. Виссарион Захарыч, көрмегелі көп айлар! Келгеніңе қатты ырзамын. Қатты ырзамын, отырыңыз. Міне, біздің жаңалықтарымыз да бар... Міне, Герман менің ассистентім болады. Берлинге барады. Ал, Валюшканың мүсіндемесін Минин Пожарскийдің орнына қызыл майданға қояды. Осындай боп жақсы құралып келеді барлығы да. Иә, онан соң менің Елена Макарова деген аспирантым бар, бұл күнде өзі коммунист, сол Макарова енді адам мінезін зерттейтін лаборатория жасайық деп ұсыныс кіргізіп жүр. Үй қоянының мінезін зерттеу жетті. Енді адамға көшейік дейді. Қалай дейсіз. Бүгінгі жастың екпіні қалай... Бұған не айтасыз?

Б о б р о в. Адам мінезін саясатшылар тексереді. Сіз бен біз физиологияшымыз, Иван Ильич.

Г е р м а н. Физиология саясатты шетке қағып шығарады. Адамның тағдырын атқару комитеттері мен ячейкаларда шешу керек емес. Тірлік стимулдарының институтында шешуі керек.

Б о б р о в. Макарова бұлай демейді.

Г е р м а н. Бұлай деп мен айтам.

Б о б р о в. Мен жол жүрген бір айымның ішінде көп нәрселер көрдім. Саясатпен де таныстым. Адамды билеудің әдістері үй қоянын билеу әдісінен қиынырақ та, тереңірек...

Б о р о д и н. Иә, қарағым, адамды билеу соншалық оңай болмас.

В а л я. Онысына орай қызықтығы да бар ғой. Адамды Үй қоянындай ұстаған қандай. Күйеуіңнің құлағының түбін қаси қойғанда жуасып, мейрімді бола кетеді екен. Рақат та *(Қоңырау шылдырайды.)* Бізге біреу келді, тыңда. *(Варгасов кіреді.)*

В а л я. Семен Семеныч!

Г е р м а н *(атып тұрып)*. Игілік пе? Жоқ па?

В а л я. Құттықтауыма бола ма?

В а р г а с о в *(тым-тырстан соң)*. Өткізбеді.

Б о р о д и н. Қалжыңдап тұрсың, Семен Семеныч, қалжыңдаисыз деп білем.

В а р г а с о в. Жоқ, шын айтам, Иван Ильич, өткізбеді.

Б о р о д и н. Ал, Ефрем Ефремыч, Александр Григорьевич не қылып қалды?

В а р г а с о в. Қорқып бұғып қалды. *(Тым-тырыс.)*

Б о б р о в. Ассистент боп Макарова бекіді ме?

В а р г а с о в. Иә, Елена Михайловна.

В а л я. Ал Берлинге кім баратын болды?

В а р г а с о в. Оған да баратын сол. Көктемде жүреді, жә, мен отырайыншы. *(Отырады.)*

Б о р о д и н *(қатты)*. Мен рұқсат етпеймін. *(Варгасов атып турады.)* Соғылғандар, кер жалқаулар.

В а л я. Әке!

Б о р о д и н. Мен отствакаға шығамын. Жалқаулар. *(Әрі-бері жылдам жүріп.)* Әпкеліңдер қағаз, мен бәрін жазамын. Лондонға кетемін. Мені онда көптен шақырып жүр. Макаровамен бірге істеймін. Оның басының ішінде не бар? Ағаш *(үстелді қағады)*, пробка, мақта, үгінді, иә...

В а л я. Ақырын, әке, ақырын, жүрегіңнің нашарлығын ұмытпа?

Б о р о д и н. Құрып қалсын, жарылып кетсін қайта. Бізде ғалымдарды қалай ұстайтынын естісін. Жұрттың бәрі төменнен көтерілгендер. Вуз орындығынан доценттікке секіреді. Өзі үтірді де қалай қоюды білмейді. Тілдер түсіне де кірмеген, көмекші! Масқара, ұят, түү...

З а х а р о в. Керенау дүние.

Б о р о д и н. Не?

З а х а р о в. Эфир ішінде керенаулық лаңы қожалық жүргізеді деймін. Біраз тосу керек. Кришна айтқан екен: “Қуаныш пен уайымның кезектесіп келіп жатқан шағында бір қалыпыңнан ауыспа! Екеуінің де дәмін сезбеуге тырыс” деп.

Б о р о д и н. Сезбей көрші қане? *(Жылдам-жылдам жүреді.)*

В а л я. Герман, сізге ауыр тимейді ме, қалайсыз?

Г е р м а н. Жоқ, мен бақытты емеспін бе? Менің жолым бола береді ғой. Көрмейсіз бе жолымның жарқырап жатқанын, туу, менің бағым қандай? Ұғасыз ба? Тек... Жоқ, ұстазым,

сіз үй қоянына тым көп бөгеліп қалдыңыз. Енді төменнен көтерілгендердің мінезін зерттейтін де уақыт жетті. Оның да тірегі еріксіз стимул. Бізден қорқады, қадірлі ұстазым. Қорқады да сенбейді. Олар ғылымға қарай еңбектеп, өрмелеп шыққан тышқандардай өрмелеп келеді бұлар, мұнараға жетіп ішіне кірген шағында олар бізді таламай, жем қылмай қоймайды.

Б о б р о в. Қандай жақсы. *(Барлығы бұрылып қарайды.)* Сіздің Берлинге бармайтын болғаныңыз қандай жақсы болған.

Б о р о д и н. Тышқан деп сен тым қисық кеттің. Олай жайылма, шырағым. Ол жарамайды. Төменнен көтерілгендер мені құрметтейді. Есептеседі. Бағалай біледі деп те айта алам. Сол бағалаушыларды тышқан деймісің? Ол жарамайды... Мен бұлай демеймін.

Г е р м а н. Ұстазым, маған қатты батады, осының бәрі. Менің тұрғыластарым өздерінің естерінде жоқ ескілік үшін жауапты болып отыр. Мен Барбароссада жирен сақал болғанын, Францияны Генрих пен Людовиктер билегенін білем¹. Ескіліктің содан басқа есімде қалған ештеңесі жоқ. Ештеңесінің де керегі жоқ... Мен өз әкеме лағнет оқимын. Естисіз бе, лағнет оқимын.

Б о р о д и н. Токтат. Оған батылық бармайды. Бара алмайсың. Сенің әкең академик болған. Сен оның қасында баласың. Әлде несің...

В а л я. Герман, сізге бұрынғыдан да арттырып, екі есе, үш есе арттырып оқып іздену керек. Көсіліңіз, жарқ етіңіз. Кітап жазып атақ алыңыз, не қылсаңыз да атақ алыңыз.

Б о р о д и н. Рас. Рас... іздену керек. Мен жәрдемшің болам. Бір тақырып ал да, істе...

Г е р м а н. Жақсы. Мен түн ұйқыны да тастайын, Ғылым жүзінде атақ алғанша қырынбайын да, ән де салмайын. Өзім сияқты туысының салмағымен жаншылып бара жатқандардың бәрінің кегін мен алайын.

Б о б р о в. Әй, үйткенше сақалыңызды мезгілімен қырып жүргеніңіз ақыл ғой деймін.

В а л я. Мұның сөзіне сенбеңіз, Герман. Ол мені, дүниені білмеген сияқты сізді де білмейді. Үй қояны мен иттен басқа нені таниды дейсіз. Тырысыңыз, Герман. Осыған ерегісіп атақ алыңызшы. *(Шығып кетеді.)*

Г е р м а н. Николай Касьянович, сіз Котоминның сүйген шәкірті болғансыз, сіздің қысылған шағыңызда сол кісі шынымен-ақ осылайша, сізше сүйоші ме еді.

Б о р о д и н. Иә, Котомин өз шәкірттерін ешкімге де жем қылғызбайтын. Мен Котоминге барсам ба екен? Шағамын соған, шын шағамын... а?

В а р г а с о в. Профессор Котомин кеше түнде тұтқынға алыныпты.

Б о б р о в. Котомин тұтқын ба?

Б о р о д и н. Басқан сайын ауырласын. Қандай жақсы жан. Тышқан мұрнын қанатпайды. Ендігісі мынау ма? Бұл адам не боп барады!

Б о б р о в. Адам тап тартысын жүргізіп келеді. Саясатшылар солай дейді.

З а х а р о в. Мені де міне, Иван Ильич, тазартып шығарып отыр.

Б о р о д и н. Қалжындайтын шығарсыз, Виссарион Захарыч, қалжындайсыз.

З а х а р о в. Мен шығыс діндерінің тарихын сөйлеп тұрғанымда бір дөңгелек көзілдірігі бар жалпақ бет жас жігіт келіп: “сізде марксшылдық тиянақ жоқ” деді.

Б о р о д и н. Иә, сіз жауап бердіңіз бе?

З а х а р о в. Бір ашы сөз келіп-ақ еді. Кеуілжіріме келіп тұрып қалды. Есіме аңшылықтың атасы... Дзюре түсті. Жалпының амандығын тілей беретін аңқауларды ол күлкі қылады екен. Мен үндемей шығып кеттім, Иван Ильич, сізден маслихат та, жәрдем де сұрай келдім (*Кембаев кіреді.*)

К е м б а е в (*басын иіп амандасып, алдында қарсы тұрған Бородинге*). Профессор Бобровтікі осы ма екен? (Қағазын созып.) Мен міне, бір қағазбен келіп едім.

Б о р о д и н (қатаң). Мен Бобров емеспін. Не қылған адамсыз өзіңіз?

Б о б р о в. Бобров менмін.

К е м б а е в (*Бородинге*). Ғафу өтінемін. (*Қағазын Бобровқа беріп.*) Мен институттың жаңа аспирантымын. Фамилиям Кембаев, қазақпын, сізден бірнеше кітап сұрап ал деп жіберіп еді.

Б о р о д и н. Ертең күндіз институтқа келу керек, түнде біреудің пәтеріне кіру қажет емес.

К е м б а е в (*Бородинге аз кекесінмен*). Мен бір кітап тығыз керек боп қалған соң кеп қалып ем. Сағат 8 ғой, қазір, бұны түн емес шығар деп ем. Сіздің тыныштығыңызды бұзатынымды білмеппін. Ғафу өтінемін.

Б о б р о в. Кембаев, бері жүріңіз. *(Екеуі шығады.)*

З а х а р о в. Мені орнымнан шығарған да осындай бір жалпақ бет.

Б о р о д и н. Қырғыздар пәтеріңе басынып кіреді. Бұ да асығады. Бәсекелесіп оқымақшы. Көрсетермін мен бұл жалпақ беттерге. Семен Семеныч, Захаровпен сөйлесіңіз де институттың кітапханасына алыңыз. Мен оларға маркшілдік тұрғысын көрсетемін. Барасыз ба бұл қызметке, Виссарион Захарыч?

З а х а р о в. Бар бейіліммен барамын.

В а р г а с о в. Олай болса Варгасовқа сеніңіз. Жалғыз-ақ қызмет сұраған өтінішіңізді өткен жұлдызға жазып қояйық. Таратудан бұрын ықтиярмен көшкен кісі боласыз.

З а х а р о в. Данышпан қария, аяғыңа бас иемін. *(Бородиннің алдына тізесін бүгіп, иілемек болады. Бородин атып тұрып.)*

Б о р о д и н. Көтеріңдер мына кісіні, бұныңыз не? Ғалымдар бүйтіп кішіреймейді. Азбайды.

В а р г а с о в *(Біраз бөгеліп, Германға)*. Варгасовқа сеніңіз, айтқаныңыздың барлығын мақұлдаймын. Шамам келгенше жәрдем етемін. Төлеусіз жәрдем.

Г е р м а н. Сонымен Котомин жабылған болды ма? *(Герман, Варгасов, Захаров кетеді. Профессор жалғыз отырып ойға кетеді. Аяғын ұрлап басып, ұзын бойлы арық, сексиген кемпір кіреді. Бұл Амалия.)*

А м а л и я. Жасаған-ау, қалай қартайғансыз!

Б о р о д и н *(шошып бұрылып қарайды)*. Сіз кімсіз? Не керек сізге? Тегі мен сіздің еш керегіңізге жарамаймын.

А м а л и я. Жалғыз көзі ғана бұрынғы. Оңай ма, сонша жылдар өтіпті.

Б о р о д и н. Мен бұрын сізді еш уақытта көрген емеспін.

А м а л и я. Шіркін уақыт, уақыт деген сол, есіңізде бар ма, Иван Ильич, Татьянаның күні, колонный залдың оттары, студенттер жасаған сауық кеші еді. Халық алдына орта бойлы, сымбатты студент шықпаған ба еді? Қара сөзбен жазылған өлеңді айтып өтті. Есіңізде ме?.. “Қандай көркем, қандай уыз еді розалар”.

Б о р о д и н *(маңдайын сипап)*. Иә, есіме түсіп келеді, өлеңді мен айтып едім ғой. *(Ойланып.)* “Қандай көркем, қандай уыз еді розалар”, тұра тұрыңыз, қандай еді арғысы.

“Қазір қыс, терезенің шынысына аяз кесте салады, қараңғы үйде жалғыз шам жылтылдайды”. Есімде, есімде рас.

А м а л и я. Сол күні де қыс еді, мен сізге жас розадан букет жасап ұсынып едім.

Б о р о д и н. Токтаңыз. *(Атып тұрып жылдамдатып жүріп.)* Амалия Карловна Моллий. Ақ газ киген 17-дегі жас қыз. Мүмкін емес. Мен сізге ғашық боп ем-ау. Сол Татьяна күнінен бастап есімнен айырыла сүйіп ем-ау. Неткен ауыр өзгеріс.

А м а л и я. Сіз сымбатты студент, ақ сарылау бұйра шашыңыз бар еді.

Б о р о д и н. Адмиралдың қызы. Әскери прокурорға күйеуге тиіп, студентті ұмытып еді.

А м а л и я. Бұл бекер, мен сізді еш уақытта ұмытқан емеспін, еш уақытта.

Б о р о д и н. Жарайды жетер, оны еске түсіріп енді ант-су ішу күлкі ғой, Моллий. Күлкі. Ғажайып, шын ғажайып. *(Мұрнын қатты сіңбіреді.)*

А м а л и я. Күйеуім Қырымда қайтыс болды.

Б о р о д и н. Балаларыңыз бар ма еді? Тірі ме?

А м а л и я. Ұлым сіздің институтта қызмет етеді. *(Профессордың таңданып үріккен пішінін көріп.)* Бірақ, ақырын, құдай үшін ақырын, бір жанға бірауыз сөз айта көрмеңіз. Ол мені тастап кетті. Менен ажырап тайып кетті. Жаңа тұрмыс бастады. Мен оған кедергі болғым келмейді. Жалғыз-ақ, қандай болды екен соны білейін деп ем.

Б о р о д и н. Қандай сұмдық сөздер айтасыз, тайып кетті, тастады. Ұлы анасынан қашты ма?

А м а л и я. Мен оның тұрмысын, келешегін бұзатын болдым. Сіз менің сырымды ашпайсыз, сізге мен сенемін. Сондықтан барымды айтамын. Қазір бал ашумен тіршілік етемін.

Б о р о д и н. Не деген сұмдық? *(Герман кіреді.)*

Г е р м а н *(профессорға)*. Бәйге комиссиясының мүшесі келді. *(Валентинаны іздеп кетеді.)*

Б о р о д и н *(Амалияға)*. Жүріңіз менімен, шешу керек. Сізді орналастыру керек. Не деген сұмдық замандар! *(Амалия мен профессор кетеді. Басқа есіктен Клара мен Наташа кіреді.)*

Н а т а ш а. Түу, не деген көп қуыршақтар *(Бобров пен Кембаев кіреді.)*

К е м б а е в. Рақмет, жолдас Бобров, зор рақмет, түн бойы оқиын енді бір.

Б о б р о в. Жоқ, түнде онша сарылып оқымаңыз, залалды болады.

К е м б а е в. Асығу керек маған. (*Кетеді.*)

Н а т а ш а. Мынау кімнің қуыршақтары, сіздің кішкене қызыңыздікі ме?

Б о б р о в. Жоқ, менің қатынымдікі.

Н а т а ш а. Біздің отрядтағы қыздар да қуыршақ ойнамайды, қатын түгіл. Күлкі екен.

К л а р а. Наталка, үндемеймін деп уәде қылған кім еді?

Б о б р о в. Мұның күлкі екені рас (*Әуелі Валя, артынан Герман кіреді.*)

В а л я. Комиссияның өзге мүшелері қайда?

К л а р а. Олар ертең келмек. Менде ертең контрольный комиссияның пленумы еді. Сондықтан кіре кетейін деп келдім. Мына кішкене қыз Цеховойдың қызы.

В а л я. Николай Петровичтің бе?

К л а р а. Иә, біз бұлармен бір пәтерде тұрушы ек. Мен де өнер көрем деп, жабысып болмай келді. Кәне, ашыңыз, не нәрселер илеп жапсырып едіңіз.

В а л я. Бұл мүсін “еңбекшіл” деп аталады. Бірақ жеке адамды көрсетпейді. Дәуіріміздің негізгі мазмұны, коллектившілдікті баяндайды. Коллективтің ашу, махаббат, қиналу, жеңу стимулдарының үстіндегі жайын көрсетеді.

Н а т а ш а. Сіздің қуыршақ ойнайтыныңыз рас па?

В а л я. Жоқ, шырағым, мен қуыршақ ойнамаймын.

Н а т а ш а. Олай болса қуыршақтар не ғып тұр?

В а л я. Сен ойнасын деп қойылған.

Н а т а ш а. Керегі жоқ маған, мен пионер (*Диванға барып қуыршақтарға жақын отырады. Герман жабыншыны алады, мүсін бұлшық еттерден, денелерден, жүздерден құралған бір үйінді төбешік.*)

В а л я. Міне.

К л а р а. Мынау ма? Ә, ә! (*Үндеспейді, Клара мүсінді бір-екі айналып қарап өтеді. Өзінің бір қолына қараған бетімен бұрылып кетті.*)

Н а т а ш а. Клара тәте, мынау түйе ме?

К л а р а. Наталка... (*Бобров нырс етіп күліп жіберіп, атып тұрып күлкісін зорға тыйып, үйден ата жөнеледі.*)

Н а т а ш а. Өркештері де бар ғой!

К л а р а. Иә. *(Біраз жылдамдап жүріп-жүріп, Валяның қарсысына келіп тоқтап.)* Қайда оқыдың?

В а л я. Мемлекеттік дүкен үйлерінің оқуын тамамдаған едім. Бітірген кісі 12 едік.

К л а р а. Сіздің атыңыз Валя ма? Валя, мен мүсін өнерін аз түсінемін.

Г е р м а н. Олай болса сіз би бола алмайсыз әрине...

К л а р а *(Германға)*. Алайда сіз мына бұтқа киетін сымның орнына сол сым деп айтарлық құр пікірдің өзін киіп көргеніңіз бар ма? Мысалы, Валя соны көрдім деп тұр. Пікір сымын мүсін депті. Бірақ іс шықпапты.

Г е р м а н. Олай десеніз, социализм де затсыз киім ғой. Бірақ біз оны жасап келеміз дейміз ғой.

К л а р а. Сізге біз сияқты сабақты кім үйретті?

Г е р м а н. Азық-түлік карточкасы.

К л а р а. Терең кітап екен. Күніне бір купоннан оқисыз ба? Жоқ көбірек пе? Иә... Валя, өнердің ең үлкені: жабайы, қалыпты күйді кейіптеуде. Мысалы, өзін жарық кеште далада болып көрдің бе? Сол кезде шөп сондай жап-жас, бұлттар жуынып шыққандай, өзеннен мұнар қалқиды. Жер жылы ғана. Уақыт та жай ғана жылжыған, ағаштың алаңы, егіндік. Бірақ сол машықты, қалыпты күй адамның сезімін де, ойын да тазартып тереңдетеді. Мұнда да сондай. Валя, сен мүсінді жұмыскерлердің сарайына арнап істедің. Мүсін сезім мен ойды оятуға керек. Сенікі ой орнына бес минутқа таңдандыратындық қана нәрсе болған. Бұл бүкір ағайынды таста да, Валя, қайтадан баста. Наталка, жүр!

Н а т а ш а *(қуыршаққа айналып)*. Клара тәте, сейлесе тұршы.

К л а р а. Жүр.

Н а т а ш а *(күрсініп тұрып)*. Жарайды жүр, мен тазалық комиссиясының протоколын да қайта көшірген жоқ едім. *(Клара мен Наташа кетеді. Валя дағдарып аянышты пішінде тұрып қалады. Бобров кіріп.)*

Б о б р о в. Валя, менің айбымды кеш.

В а л я. Жақындама.

Б о б р о в. Байқамадым, құдай ақында байқамадым.

В а л я. Жақындама, сенің күлуіңе болады. Мүсінді қабылдамады. *(Бородин кіреді.)*

В а л я *(әкесіне)*. Осының бәрі сенің сандалған стимулдарыңнан.

Б о б р о в. Валя, үндеме? Болмайды.

В а л я. Қайтсе болады, қалай? Сен өз ішіңнен күліп тұрсын ғой, сүйретінді кәрі профессорша, ашық күл енді, күл! (*Жүгіріп шығып кетеді.*)

Б о р о д и н. Адам дегенге не болған, айтындаршы, не болған?

Г е р м а н. Адам тап тартысын жүргізіп келеді, ұстазым.

Б о р о д и н. Тоқтат, сөйлем! Сен түк түсінбейсің, мен өзім де түсінбеймін. Жалпақ бет қазақтар ғалымдарды қуады. Профессорларды абақтыға отырғызады. Аспиранттан кафедраға өрлейді. Төменнен көтерілгендер өнерлілерді қырып жатыр. Адам дегенге не болды, айтындаршы. Үндеме, сен түк түсінбейсің. Ұлдары аналарынан үркіп қашады. Өздерінің туысын жасырады, қыздары әкелерін айыпкер қылады. Менің бірінші ғашығым өзіме күтушілікке түсті. Адам дегенге не болған? Мен сендерден сұраймын.

Г е р м а н. Орыстың зиялыларын құтқарыңыз.

Б о р о д и н. Сандырақ. Бәрі де жынданып кеткен.

Г е р м а н. Ғылым ат салысуға міндетті.

Б о р о д и н. А?..

Г е р м а н. Макарованың ұсынысын қабылдап алыңыз да, адам мінезінің лабораториясын ашыңыз. Үй қоянының сыбағасы толды. Адамның есуастығының шын стимулдарын ашыңыз.

Б о р о д и н. А.. а.. а... (*Өзін маңдайынан салып қалып.*) Өте жақсы. Тамаша. Мынауың данышпандық пікір, қымбаттым. Рас-рас, күдік дегендердің бітетін кезі болды. Біз адам мінезінің лабораторын ашамыз. Бөгелместен ашамыз. Бір мындаған адамды жекелеп: ғылымның таза, сара, ала көңілсіз жолымен зерттеп шығамыз. Лаборатор барлық өмірдің әлдеқайда қаңғып, күз түбіне құлап бара жатқанын ашық көрсетеді. Мемлекетті төменнен көтерілгендер емес, ғалымдар билеу керек. Иә, иә, мен мұны ғылыммен дәлелдеп көзге көрсетем.

Г е р м а н. Біздің лаборатор адамды кеңес үлгісімен билеудің түкке тұрмайтындығын көрсетеді. Солай емес пе?

Б о р о д и н. Әрине, солай.

Б о б р о в. Оның болмайды, Герман Витольдович.

Г е р м а н. Ол болады, Николай Касьянович.

Ш ы м ы л д ы қ

Екінші сурет

Елена пәтеріндегі ортақ бөлме. Барлық нәрсесі жөндекі, жүдеулеу, қоңырқай. Қажет қана нәрселер бар. Бөлме ішінде Наташа газет кесінділерін үстел үстіне аударыстырып жұмыс істеп жатыр. Елена Клараны бөлмесінен сүйрегендей қылып алып шығып, диван үстіне құлата салды.

К л а р а. Менің уақытым жоқ, уақытым жоқ.

Е л е н а. Жеңдік, толық жеңдік.

Ц е х о в о й. Институтты меңгеріп алуға айналдық. Адам мінезінің лабораторы ашылды. Менің қатыным, Елена Макарова сол істің басқарушысы.

Е л е н а. Таласып-таласып кеп, бақырды да, шақырды да, Бородин маған ақырып мандайыңның мына түрімен ғылымға келуге болмайды дейді. Ха... ха... ха...

Ц е х о в о й. Мұның жауабын естісеңіз “олай болса шашымды қырып, мандайымды үлкейтейін” дейді.

Е л е н а. А, Кастальский, Кастальский бір жарым күндік тым-тырыс жасап кеп, былай жуасып қана: “Елена Михайловна профессордың ассистенті болған соң, бұл істі басқаруды осы кісіге тапсыру лайық” деді.

Ц е х о в о й. Бобров ше? Көрдің бе мінезін, моп-момақан боп түрекеліп, барлық шынымен “тәжірибе бөлімінің бастығы есебінде мен адам мінезінің лабораторын ашуға қарсымын” деді ғой.

Е л е н а. Рас, Бородин да таңғалып түшкіріп жіберді. Мен Бобровты баяғыдан молда болған қандала дейтұғым. Ылғи үндемейді. Немесе Бородинның айтқанын ғана қостайды. Үйретінді қандала да шағады екен-ау!

Н а т а ш а. Аға, Елена, қатты сөйлемендерші, менің ойлауым керек.

Ц е х о в о й. Халық алдында да ойлана білетін боп үйрен, қызым.

Н а т а ш а. Аз-аздап үйреніп келем.

Е л е н а (*жүгіріп кеп Наташаны аймалақтап*). Таста кесінділерінді, демал.

Н а т а ш а. Уақытым жоқ менің, уақытым жоқ.

К л а р а. Наталкам, мазақ қылма. Қысқасы: Бородин Еленканың баяғыдан бері алысып, ашамын деп жүрген адам мінезі лабораторын ашты ғой. Бобров қарсы болған ғой?

Е л е н а. Ол айқын қарсылыққа шыдамайды. Жоспарды біз жасаймыз, зерттеуші бригадаларды да біз құрастырамыз, Бобровтың тұмсығын да сұққызбаймыз, бұған. Кәні, Клара, мақтасаңшы бізді. Шын жақсы іс қып шықтық.

Ц е х о в о й. Еленаның қатты жолы болды. Мен үш жыл бойында ылғи үй қоянының стимулымен сорлы аспирантша ғана болып отырмын. Бұл былтыр ғана қоғамдық мінезден бастап еді. Енді әрі ассистент, әрі өзінің лабораторы да бар.

Е л е н а. Бірақ әлі мен жақында Бобров орнына бөлімді де басқаратын боламын. Сен әлі менің аспирантым боласың.

Ц е х о в о й. Ода болмай қалмас.

Е л е н а. Қалғандары қандай еді. Бәрі сенбей, күліп қылжақ қылатын физиологияға саясат өз заңын бұйыра алмайды дейтін. Біз бұйыра алатынын көрсетеміз. Біздің саясатымыз адамды қайтадан тудырады. Бұрын адаммен бірге туады деген сезімдер өледі, өшеді. Қызғанып, жаулық, қорқыныш бәрі де өшеді. Онын орнына коллективтік, екпінді сенім өмір қуанышы өседі. Біз сол жаңа стимулдардың өсуіне көмектесеміз.

К л а р а. Мінезді лабораторда жасап шығарудың мезгілі жеткен екен ғой. Тамаша емей немене? Бұрын мінезді абақтыда үйренуші еді. Айдау мен партия жұмысында үйренуші еді. Бүгінде сендер, жастарға игілік.

Е л е н а. Лаборатор партияның үйірмесі болады. *(Валя кіреді.)*

К л а р а. Валя ма келген? Есен бе, Валя?

В а л я. Мен сіздердің сөздеріңіз туралы көп ойландым. Енді заводқа барып жұмыс істегім келеді. Мен өзімнен жаңа адам істеп шығармақпын. Машинаны, тағанды істегендей шын қолдан істемекпін. Маған жәрдем етіңіз, менің инженерім болыңыз.

К л а р а. Сен трактор боласың ғой онда. Кәне, сөйлесейік, сөйлесейік. Бірақ менің тракторымның ерні тым қызылы несі екен. Бар жүзіңді бұзып қойыпсың. Жүзің сенің сұлу ғой, кәні жүр *(Валя мен Клара кетеді.)*

Ц е х о в о й. Рас, жүзі сұлу, бұл жақсы мүсінші.

Е л е н а. Профессордың қызы еріккен соң саз балшықты жоя береді де.

Ц е х о в о й. Мен оның істегендерін көремін, оның үстіне бұл заводқа түзелем деп бара жатыр.

Е л е н а. Институттың қиялы да.

Ц е х о в о й. Сен заводтың адамды қайта тудыратынына сенбеймісің?

Е л е н а. Адамды қайта тудыру, трактордың бүлінгенін түзеу емес. Тағанның қасында тұрғанмен ақсүйек пролетар емес.

Ц е х о в о й. Енді қайт дейсің? Әлде сенің лабораторыңа келіп, пролетарлық қылғанша, безді отырғызып алсын дейсің бе? Бұл академиялық сандырақ. Завод ортақшылдықтың мектебі.

Е л е н а. Тым ауыр ұран. Өзінен бас айналады.

Ц е х о в о й. Сен мені онда, солшылдыққа айыпта!

Н а т а ш а. Аға, солшылдық үлкен бе? Жоқ, оңшылдық үлкен бе?

Ц е х о в о й. Тек отыр дейім.

Н а т а ш а. Маған баяндама істеу керек, ә сен тек отыр дейсің *(Бобров кіреді, үстінде пальто, бөркін қолына ұстаған.)*

Б о б р о в. Алдыңғы үйде Валентинаның ішігі тұр екен.

Е л е н а. Сіздің әйеліңіз Спасованыкінде, кіріңіз.

Б о б р о в. Мен сізге келдім. Елена Михайловна. Тағы айтамын лабораторға асықпаңыз. Анкетаның әр сұрағын қарап, салмақтаңыз. Бородинның барлық ұсыныстарын анықтап ойлап шығыңыз. Қорытынды жасауға асықпаңыз. Бұл істе асығыстыққа жол жоқ.

Е л е н а. Біз енді зерттеуде тағы нешеме жыл отырмақпыз ба?

Б о б р о в. Мен алдағыға болжал айтуды кәсіп қылмаймын.

Е л е н а. Ал, мен болжал айтамын. Біз марксшілдер, большевиктер бір айдың ішінде сіз сияқты санашылдың жыл отырып жеткеніне жете аламыз.

Ц е х о в о й. Саясатта екпіннің жайлығын оппортунишылдық дейді.

Б о б р о в. Мен саясатты кәсіп қылмаймын.

Ц е х о в о й. Ғылым саясаттан сыртқары дейсіз ғой. Бұл кімнің ұраны екенін біз білеміз. Бізге Кастальскийдің лаборатор саясатқа көмекші болып жасалып отыр деген сөзі жақпайды ғой.

Б о б р о в. Кастальский сонымен өз саясатын жүргізіп келеді, ол бізді алдап жүр.

Ц е х о в о й. Қайтесіз, Николай Касьянович, алдау туралы шын айтатын болсақ, өз әйеліңізге көбірек қараңыз.

Б о б р о в. Бұл өте қопал, өте әділетсіз тұспал.

Ц е х о в о й. Айыпқа бұйырмаңыз. Жұмысшыша солай шығады.

Е л е н а. Николай, бұның ақмақшылық.

Н а т а ш а. Аға, алты жерде жеті 37 ма, қырық сегіз бе?

Ц е х о в о й. Еленадан сұра, ол ақылды, сенің әкең аспирант қана *(Клараның есігін қағады.)* Кіруге бола ма? *(Кетеді.)*

Е л е н а. Мінеки, міне алты жерде жеті қырық екі. Сіз немене ескерткіш сияқты тапжылмай тұрсыз.

Б о б р о в. Мен кісі пәтерінде отыруды жақтырмаймын. Сонымен менің ұсынысым қабыл алынбады ма? Солай деп қайтуға болады ғой?

Е л е н а. Николай Касьянович, сіз табан бір ай жүріп мемлекетті аралап келдіңіз, соған қарамай әлі күнде ғылымды саясатқа жақындатуға қарсы болсаңыз, онда сіз еш нәрсені көрмепсіз де, еш нәрсеге түсінбеген де екенсіз.

Б о б р о в. Жоқ, мен көп нәрсе көрдім. Мен сол көргендерім туралы ұдайы ойлаймын. Мемлекетті саясатшылар билейді. Саясатшы бүгінгі күнмен ғана тіршілік етеді. Ғылым адамы болса оның ойы, ғасырлар масштабымен үйлесіп келетін болу керек. Тіпті ең жақсы саясатта уақытты өткізгенде, ақшаны тиындап, тебендеп, ұсақтап өткізгендей қылады. Міне сіз “Гигант” совхозының егісті бірінші боп бітіргенін, Қызыл Путиловтың жоспарды толтырғанын білесіз және ертең месткомның қайта сайланатынын, бүгін күріш беріліп жатқанын, кеше өзіңіздің дем алыс күні болғанын да ұмытпайсыз. Бірақ сіз “Фаустың” жәрдемшісі кім екенін білмейсіз.

Е л е н а. Мен ол операны көрген емеспін.

Б о б р о в. Есіңізде болсын, “Фаусты” оқу керек. Рас сіздің сібір шынысын сакистан айырмайтыныңыз да бар.

Е л е н а. Менің шай ішуіме стақан бар.

Б о б р о в. Тарих бізді маймыл қатарынан көтергенде, әркімнің өзінше біткен сегіз қырлы жекешелігіне жеткізіп еді. Сіздер енді сол қырларды саясаттың коллектив келісіне салып талқандаймыз дейсіздер.

Е л е н а. Біз тарих жасап келеміз. Осы бір-ақ рет болса да, нағыз өмірге араласып көріңізші, сонда біздің талқандаудан басқа да ісіміз бар екенін түсінер едіңіз (*Қоңырау.*) Ғафу өтінем, мен қазір (*Шығады.*)

Н а т а ш а (*бағанадан Бобровты байқап отырған бойымен*). Сіздің үй қояндарыңыз көп пе? Жүз бе әлде?

Б о б р о в. Сен кел де көр. Ол жақсы қояндар.

Н а т а ш а. Маған артылған міндет көп, уақытым жоқ. Қазір бесжылдық туралы баяндама жасауға барамын (*Бобровтың жымияғанын байқайды.*) Сіз күлмей-ақ қойыңыз, бұл саз балшықтан жасаған түйе емес.

Б о б р о в. Шырағым, сен қай жерде істейсің баяндаманы.

Н а т а ш а. Клубта, бұл мектептің есепшісі.

Б о б р о в. Клубтарыңда қызық бола ма?

Н а т а ш а. Жүріңіз, мен сізді ертіп барайын. Өте қызық, ағам мен Еленаны шақырып жүрмін. Бірақ әлі апара алған емеспін. Істері көп. Онда қызық (*Клара бөлмесінің есігінен Валяның басы көрінеді.*)

В а л я (*Бобровқа*). Коля, сен мені тосасың ба? (*Қайта жоғалады.*)

Б о б р о в. Жақсы.

Н а т а ш а. Жақсыңыз қалай? Клуб қайда?

Б о б р о в. Маған шынында, қиын боп тұр.

Н а т а ш а. Міне, міне тағы. Шын, нағыз өмірге бір рет қана болса да, араласып көріңізші (*Есіктің ар жағынан қатты күлкі естіледі.*)

Б о б р о в. Жақсы, шырағым, мен сенімен барамын.

Н а т а ш а. Ур... р... ра... (*Жеңінен тартып.*) Тез-тез жүріңіз, әйтпесе, айнып қаласыз (*Өзі жүгіріп кетеді. Елена кіреді.*)

Е л е н а. Жаңа Кастальский телефон соқты. Алты зерттегіш бригада құрылыпты. Институттың шықырлауық арбасы қозғалды білем. Кішкене ғана зерттеуші институт, енді майдандық штаб болды. Екі жылдан соң кішкене қоңырқай

үйімізден қатарлы үйге көшеміз. Ол қоғамдық мінездің институты болады. Міне!

Б о б р о в. Елена Михайловна, үй іші тұрмыстың шарт заңдары маған рұқсат етпейді. Сондықтан адам мінезінің лаборатория жайындағы білетін нәрселерімді мен айталмаймын. Тағы-тағы айтам, сағырақ болыңыз. Сізді бір нашар ниетке қарай тартып бара жатқандар бар *(Қоштасады.)*

Е л е н а. Әзірше! *(Киініп алған Наташа жүгіріп кіреді. Бобровтың галошын да ала келеді.)*

Н а т а ш а. Жүрейік енді.

Б о б р о в. Және тілеуіңізді берсін осы, “кешірім сұраймын”, “әзірше” деген сөзді айтпаңыз *(Наташамен кетеді.)*

Е л е н а. Шынында, осы неге қарсы болады. Үй тұрмысының шарт заңы дегені не екен? *(Клараның бөлмесіне жақындап кеп, есік тұтқасын ұстайды. Сол кезде Николайдың қатты күлкісімен Ваяның дауысын есітеді. Ойланып, есіктен кетіп, үстелге келіп, портфелінің ішінен қағаздар ала бастайды.)* Алыстағы саясат үйірмесіне тағы бармай қалыппын. Әй, Макарова, енді ячейка сені қандай ұрысар екен. Зирейзен нах Дейтшланд. Сіз Германияға барасыз ба? Ес штимт Их рейзе нах Берлин. Хабен зи шон ирен аусландпас. Натюрлих унд мит аллен визен. Хир ист майн Пас. *(Николай, Клара, Вая шығады.)*

В а л я. Николай Петрович, “ғылым ішіндегі еңбекшіл” деген мүсін тобына сіз тамаша қолайлы болар едіңіз. Сіздің сенімділігіңіз, даусыңыз бәрі де заводтың дәл өзінен шыққандай бір заманда гректер өздерінің венераларын оливке майына қайнатып алатын болған екен. Сонда мрамор бір жылылық пен тірлік тапқандай болады екен. Бізге мүсіндерімізді машина майына қайнатып алу қажет. Тер мен мүржелердің түтін иісін сіндіру қажет. Сонда бұл мүсін де жанданады.

К л а р а. Терлі, майлы болғандарға біз шомылғыштар жасаймыз, таза жүрсін дейміз.

В а л я. Тез заводқа кіру керек. Бәрін көріп, дәмін татып, айналаның жаңа түрін табу керек. Мен басымнан аяғыма шейін жаңартуым керек. Менің күйеуім қайда кеткен?

Е л е н а. Күйеуіңіз Наташамен клубқа кетіп қалды. Их рейзе нах Берлин... унд мит аллен визен.

В а л я. Мені енді кім ұзатып салады?

Ц е х о в о й. Табанды еңбекшіл ұзататын болады ғой.

В а л я (*қолын созып*). Қош болыңыз.

Е л е н а (*шапшаң*). Әзірше! Зи рейзен нах Дейтшланд. Ес шмит.

Ц е х о в о й (*Валяны шығарып салып қайтып келеді*). Кішкене әдептірек болсаң да еш нәрсең кетпес еді-ау.

Е л е н а. Ғафу етіңіз, жұмыскерше ғой.

Ц е х о в о й. Саған хат бар. (*Үстелге тастайды, шығып кетеді.*)

К л а р а. Саған әлгі әйел жакпайды ғой. Бірақ мен заводқа ағарту жұмысына алғалы отырым.

Е л е н а. Өмір бойы сол әлде қандай, құнсыздармен әуреленесің де жүресің.

К л а р а. Сендер, жастар, сыңар көздісіндер. Дүниеге лабораторияның тұрғысынан ғана қарайсың. Ал біз адамды қалай болса солай лақтыра салмаймыз. Жоқ...

Е л е н а (*оқуын бітіріп*). Сен білемісің... Бобров — абақтыға жабылған Котоминнің шәкірті.

К л а р а. Болса қайтеді?

Е л е н а. Қайткенің не? Зиянкестің шәкірті институтта деген не болады?

К л а р а. Е, зиянкес өзі емес қой.

Е л е н а. А.. Ай, қойшы тілеуің берсін... (*Қызыңқырап арлы-берлі жүреді.*)

К л а р а. Мен қоятын дәнеңе жоқ, дәнеңе жоқ. Қартыңа келмей тұрғансың ғой, шырағайым. Немене тиірменше айналғаның, домалақ хаттан қорыққаның ба? Түу, айтарсың тіпті (*Шығып кетеді.*)

Е л е н а. Жақсы екенсің, сегіз қырлы жекеше! Сібірдің фарфоры. Әсірлердің масштабы. Енді лабораторға сен қарсы болсаң, сол қарсылығыңның өзі-ақ лаборатордың қажеттігін көрсеткені.

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Үшінші сурет

Тіселген кітап қабырғалар. Бұл институт кітапханасы. Кітапханадан Бородин кабинеті мен институт үйлеріне баратын есіктер көрінеді. Захаров ақырын ғана қара тақтайға бормен бір нәрсе жазып жатады. Жазуы үш бұрыштар, қорытынды есептер. Кітап қатарларының арасында оқуға үңіліп Кембаев отыр.

К е м б а е в. Еңбек сағаттарын молайтамын деп өзге алаңның бәрін тастап ем. Ендігі бір көп уақытымды жейтін ұйқы мен тамақ боп тұр. Бүгін түнде ұйықтамай байқап ем, талай нәрсе оқып шықтым. Кезектеп оқып үш кітапты қатар жүргіздім. Кітаптарым: “Соғыс пен тыныштық”, “Капитализмнің өсуі”, “Мый қызметі” еді. Бірінен біріне ауысқанда тыңайып қалғандай болады екенсің. Енді маған Котоминнің кітабын беріңізші. Зиянкестік кітабын оқып, сынап көрейін. Сол Котоминді беріңізші (*Герман кіреді.*) Көзім түйіліп отыр. Бұрын ұйқысыз түн өткізгенде дәнеңем кетпеуші еді. Оқу үстінде ұйықтамай шығу ауырырақ па, қалай? Ащы шаймен болса да ұйқы ашу керек боп отыр.

З а х а р о в. Философ Дарума ұйықтамайым деп кірпігін кесіп тастапты². Соның кірпігінен шай ағашы өсіп шығыпты. Сол себепті шай ұйқы ашатын болған. Шай ішіңіз.

К е м б а е в. Ертегі ғой.

Г е р м а н. Кембаев, түнде ұйықтау қажет. Өз уақытымызда, қызмет қылғанда: айлар бойында ұйықтамай кететін біз едік. Бірақ сізге ұйтуге болмайды. Сіз ең артта қалған елдің баласысыз. Сіз көтере алмайсыз. Бұл залалды болады сізге.

К е м б а е в. Бізге залалды сізге залалды емес екен ғой. Сіздер үлкен ұлттар, біз кішкене жабайы елміз ғой. Кішкене ел, кішкене бала сияқты. Көп мый қызметіне жарамайды Оған көп ұйықтау қажет қой. Бұныңыз жыныстар жайындағы ескі байшылдық заңы ғой. Бірақ, енді ол сияқты заңның да, ол көп ұйқының да заманы өткен. Енді мен сіз істеген қызметтен екі есе артық қызмет істей аламын. Сіз бір ай ұйықтамауға жарасаңыз, мен екі ай ұйықтамауға жарайтынымды көрсете аламын. Аспирант Кастальскийді қуып жете алатын шығармын.

Г е р м а н. Қуып көр, Кембаев, қу. Шынында да, сізге асығу керек (*Бородин мен Елена кіреді.*)

Е л е н а. Біз ашқан адам мінезінің лабораторы сүт сатқыш қатындарды, тазартылып шығарған бухгалтерларды, тіпті қайыршыларды да зерттеп отыр. Бізге бұл сияқты қоғамдық топтардың жайын зерттеу қажет емес.

Б о р о д и н. Мен адамды зерттеймін, қоғамдық топтар емес зерттемегім.

Е л е н а. Адам болса, адамның ең көп жері завод, фабрик.

Б о р о д и н. Ғылым үшін сүт сатқыш қатын мен темір ұстасының керектігі бірдей.

Е л е н а. Біздің мақсатымыз үшін темір ұстасы керектірек.

Б о р о д и н. Мен сіздердің еш мақсұттарыңызды білмеймін. Сіздер, жастар, фактіні сүймейсіздер. Сіздерге жалаңаш күйіндегі мақсұтты ғана беріп отырсын дейсіздер. Ғылым ондай жалаңаштықты сүймейді.

Е л е н а. Фактіні не үшін жиып жүргеніңізді білу керек. Әйтпесе, біз құр қараңғыда сипалап келе жатқан сияқтымыз.

Б о р о д и н. Тегінде біздің бәріміз де солайша сипалаумен келеміз.

Е л е н а. Ол әдіс емес.

Б о р о д и н. Олай болса орныңызды Кастальскийге беріңіз. Ол менің ісім — ғылым әдісі екенін таниды.

К е м б а е в. Жолдас Бородин, ғылым жолына да өзара сын керек шығар? Елена Михайловнаның ұсынысын біз түгел қостаймыз.

Б о р о д и н. Өздерің өз араңды тілегеніңше сынай бер. Мені қозғамаңдар (*Наташа кіреді.*) Мынау кімнің баласы? Саған не керек, қызым?

Н а т а ш а. Мен экскурсияны бастап келдім. Үй қояндарын көрмекпіз.

Б о р о д и н. Экскурсияның да, көрменің де керегі жоқ. Герман, есіттің бе? (*Кабинетіне кетеді. Герман артынан ере кіреді.*)

Е л е н а. Наташа, сен мұны қайдан таптың. Бұл жерде музей емес, білемісің.

Н а т а ш а. Оны тапқан дядя Бобров, шақырған сол. Енді жайсыз болды ғой.

К е м б а е в. Бұлар көргенге үй қоянының дәнеңесі кетпейді. Не қылған бұл маңына жан дарытпайтын немелер. Алып жүр, Наташа, отрядыңды.

Е л е н а. Сені институтқа басқарушы қып қашан сайлап еді?

К е м б а е в. Сайламақ болған еді, өзім көнбедім. Біз Бобровтан рұқсат сұрап аламыз. Наташа, отыра тұр (*Захаровқа.*) Котоминді таптыңыз ба?

З а х а р о в (*кітапты ашып, оқып, жай жабады*). Котомин институт кітапханасында жоқ екен (*Кембаев шығады.*)

Н а т а ш а. Лена, мен қабырға газетіне жаңағы шал туралы жазамын.

Е л е н а. А? Рас, рас... бүйтетін болса, біз мәселені баспасөз жүзінде шығарамыз (*Үстелге отырып жаза бастайды.*)

Н а т а ш а. Маған да қарындаш берші (*Ол да жазады. Амалия кіреді.*)

А м а л и я (*Захаровқа*). Иван Ильичке тамақ әкеп ем, сізге де біраз тамақ бар.

З а х а р о в. Бір кезде рақымшылық құдайы Кибаннон болған³ еді, мен соның суретін басқан корал түйме сыйлаймын сізге.

А м а л и я. Мына әйел кім?

З а х а р о в. Николай Петровичтің әйелі.

А м а л и я. Ә... әлгі анау... ғылым қызметкері екен ғой. (*Еленаға жақындап кеп қарап, Еленаның көзіне көзі кездескеннен кейін тайып кетеді.*) Балалары бар ма бұлардың?

З а х а р о в. Николай Петровичтің бұрынғы әйелінен бір баласы бар.

А м а л и я. Наташа ғой?..

Н а т а ш а. Мен мұндамын.

А м а л и я (*арт жағына айналып шошығандай қарап*). Наташа, кәмпит жеймісің? (*Қалтасын қарап бір кәмпит алып ұсынады.*)

Н а т а ш а. Жемеймін, кәмпитіңіз кір. Сіздің шайнап жүргеніңіз не?

Е л е н а. Наташа, қой олай сөйлеме?

Н а т а ш а. Немене мені қаға бересің? Резеңке шайнайды, біздің Сережка да солай шайнайтын. Мен балаларға барамын (*Кетеді.*)

А м а л и я. А... Наташа!.. А... (Күбірлейді. Герман кіреді.)

З а х а р о в (Амалияға). Кабинетке кіріңіз. (Қолындағы кітабымен Германға жақындап кеп.) Мына кітаптың сыртына жазушысының өз қолымен жазылған жайсыз сөз бар. Сондықтан бермей ұстап қалдым.

Г е р м а н. Кітапты алып оқып жақсы істеген екенсіз. Мына жазу Николай Касьяновичке жайсыз тиеді (Варгасовтың кабинетке келе жатқанын көріп.) Семен Семеныч, мынау дұрыс емес пе? Қараңыз да алысыраққа тығып қойыңыз (Кітап береді. Варгасов оқып кітапты өзімен бірге алып тез шығып кетеді.)

Г е р м а н (Еленаға келіп). Мен бес жасар күнімде бакшадан гәуһар тасты сырға тауып алып ем. Содан бері мені жолы болғыш, бақытты деуші еді. Бірақ ылғи жарым бақытты болушы ем. Бірақ Берлинге сіз барасыз. Сіз шын ақжолтай боп туған екенсіз. Астарында қоғамдық бар, ақжолтайлық.

Е л е н а. Шет елге баруға неге сонша құмарсыз?

Г е р м а н. Морис Шевалиенің әнін тыңдап, бір қарағанда үш жүз жалаңаш қызды көруге құмармын. (Кембаев пен Бобров кіреді.)

Б о б р о в (Еленаға). Кембаев сіздің Бородинмен таласқаныңызды айтып еді. Меніңше, сіздің көзіңізді таңып ап, қолыңыздан жетектеп келеді. Сіз дауласасыз, айғайлайсыз. Бірақ сол тартысқан жолмен жүріп келесіз. Осы дауыңыздан енді мағыналы қорытынды жасайтын уақыт болды, Елена Михайловна.

Г е р м а н. Қысқасы, іс қорытындысы дейсіз ғой. Ұйымсыз профессор ұйым адамының өсиетін айтады десеңізші.

К е м б а е в. Кастальский тағы қауіп ойлады. Қырағылығын байқаймысың, Елена. Бұл кісінің күдігі көп. Қазақ қуып жетіп қоя ма деп те қорқады. (Күліп.) Түнде оқыма, күндіз серуен қыл деген сияқты жақсы өсиеттерді де айтып қояды. Сен, Елена, Бобровтың сөзіне құлақ сал. Бобров дұрыс айтады. Тәуір оқушы осы ғана.

Г е р м а н. Тіпті дұрыс айтасыз. Николай Касьянович, Котоминнің өз шәкіртінің бәрі де жақсы оқытушылар болады.

Б о б р о в (Еленаға). Сіз үндемейсіз, сенбейсіз ғой маған Институттағылар менімен сөйлеспейді. Кездессе менің көзіме қарамайды да аяғыма қарап, зиянкестің ісін тапқысы келеді.

Менің сыртымнан сыбырласып, күліседі. Жұмыс қылу өте ауыр болып кетті, Елена Михайловна.

Е л е н а. Сіз институт ішінде отставкаге шыққан патшайдай жүресіз. Шағымыңызды құлаққа сыбырлап қана айтасыз. Маслихат берген боласыз. Өзгеше өсиет айтудан бұрын әуелі өзіңіз көпке жариялап зиянкестен неге араңызды ашпайсыз. Оның орнына құр үндемей сыпайы жігіт боп келесіз. *(Шығуға беттейді.)*

К е м б а е в. Елена, бұл жөнінде Бобров іс қылмақшы, оны білмеп пе ең? Котоминнің сырын аш деп заданиялер беріп отыр. Мен кітабын іздеп жүрмін. Жақында баяндама істеймін. Бобров та бетін ашады деп білемін.

Е л е н а. Бір задание бергені істің мәнін өзгертпейді.

К е м б а е в. Неге өзгертпесін, қатты өзгертеді. Құр дүмбілез сезікпен жүргенше Бородинды қоса түйреу керек. *(Екеуі де шығады.)*

Г е р м а н. Ал, енді тез бержабайға мініңіз де баскармаға шабыңыз. Хат жазып ұстазыңыздан ат кекілін кесіп, ажырап шығыңыз. Сақалына түкіріңіз. Ол решетка ішінде отыр, қауіп жоқ. Өзіңізді қазір қолтықтап көтеріп әкетеді, кәні!

Б о б р о в *(қатты)*. Тоқтатыңыз, жетті! *(Бородин жүгіріп кіреді.)*

Б о р о д и н. Николаша, ерніңе шейін қалтырап тұр ғой.

Б о б р о в. Мына сүйіктіңізді тыйыңыз.

Г е р м а н. Николай Касьянович Котоминнен айрылып шығуға асығып тұр. Сонымен Елена Михайловнаның оң қабағына ілінбек болады.

Б о б р о в. Біз пікір жолында Котоминмен көптен келіспей ажырасқамыз.

Б ө р о д и н. Ұйткенмен бүгін оның абактыда отырғанында қарсыласпассың.

Б о б р о в. Рас мен қарсы шығуға кешендеп қалдым. Бірақ ештен кеш қайырлы ғой. Жұмсақтығымды Кастальскийдің саудасына беріп қойғым келмейді.

Б о р о д и н. Николай, Николай Касьянович.

Б о б р о в. Баскармаға хат жазамын.

Б о р о д и н. Профессор Бобров, сіз жасқа толған адамсыз. Не қыламын десеңіз де еркіңізде.

Г е р м а н. Басына пайдалы қып істеу және бар.

Б о р о д и н. Бірақ, біліңіз, біздің арамыз онда бұрынғыдан да жіктенді (*Наташа кіреді.*)

Н а т а ш а. Дядя Коля, біз әлгі шал, мына шал турасындағы басылатын сөзді талқыға салып шықтық.

Б о р о д и н. Бері әпкеліңізші (*алып оқып.*) Өтімді боп жазылыпты (*Тым-тырыс.*) Осыларға үй қояндарын көрсетіңізші, Николай Касьянович.

Н а т а ш а. Жүр, дядя Коля, біз тіпті көп тостық (*Бородинге.*) Біз әлі бұл сөзді баспаспыз да.

Б о р о д и н. Рақмет. (*Наташа, Бобров шығып кетеді.*) Газетке жазады. Ә... ө! Мен гимназиядағы күнімде директор туралы бір өлең жазып ем. Артынан екі жұмаға тамақсыз қалдырып, әкемді шақырып сөйлесіп, мінезіме үш қойып, әурелеп еді. Содан бері өлең жазбаймын. Ұйқастың бәрін жел ұшырғандай болды.

Г е р м а н. Бобров та газетке жазады “Котоминнен кеттім, қарсымын” деп. Біраз уақыт өткен соң, сізден де сүйтіп аттонын ала қашады, ұстазым.

Б о р о д и н. Иә, адам ұсақтап барады. Ішкі негіздері жоқ. Жақында профессорды төменнен көтерушіден айыра алмайтын болармыз. Аяймын Николашаны, аяймын. Орға құлап барады. Қысқасы, өзі білсін. Сен одан да Николай Петровичке үңіле қара. Бұл өте қызық адам. Мен оны байқап жүрмін, қазір маған ол үй қоянының бірі есепті, иә.

З а х а р о в. Николай Петровичтің жүзінде Шолпан, Марс, Ай түгел бар. Марс оған туысты ерлік береді. Шолпан үлкен махаббат береді (*Портфельін былғақтатып Невский жүгіріп кіреді.*)

Н е в с к и й. Иван Ильич, кітапханаға тезірек кітаптар алыңыз, әйтпесе кредит жабылғалы жатыр.

Б о р о д и н. Директор, сіз тіпті институтта көрінбейсіз ғой.

Н е в с к и й. Есімді шығарды, шын айтам, есім шықты. Жабдықтау сметасы 12 жерден аман өтіп еді. Құрғыр 13-ке барғанда, тұрып қалды. Көп кемітіп тастады. Бірақ әлі де беріспей келемін. Дегенімізге жетеміз, әлі күнге Невский сметаны көрген емес. Бұл жолы да еш нәрсе етпес, жүріңізші,

көрсетейін (*Бородин екеуі кабинетке кетеді. Кітапханадан Герман шығады.*)

З а х а р о в (*Варгасовқа*). Николай Касьянович жолынан қайтпақшы, хат жазады.

В а р г а с о в . Бәрібір құтылмайды, іс өтіп кеткен, Виссарион Захарыч. Мұнда қалайша кіргеніңіз есіңізде болсын, Варгасовты мықты ұстаңыз, бар білгеніңізді айтып тұрыңыз.

З а х а р о в . Пентаграм⁴.

В а р г а с о в . Не?

З а х а р о в (*үш бұрышты көрсетіп*). Пентаграм өтірік айтуға рұқсат етпейді. Не үндеме, не шыныңды айт. Өзгелерге үндемеймін, сізге шынымды айтамын.

Варгасов кабинетке қарай жүреді. Жолшыбай кабинеттен шығып келе жатқан Амалияға кездеседі. Өтіп кетеді, Амалия кітапханадан өтіп бір есікті ашып, шұғылынан қайта қашады.

А м а л и я . Жасырыңыз, жасырыңызшы бір жерге, кездесе алмаймын мен онымен.

З а х а р о в . Кіммен?

А м а л и я . Уһ, мен кейін айтамын сізге, кәні тез Виссарион Захарыч.

З а х а р о в (*кітапханалардың артындағы кішкене есікті ашады*). Кітап сақтаушыға барып, сонда тосып отырыңыз (Амалия кетеді. Цеховой мен Елена шығады. Цеховой кабинеттің есігін қағады. Варгасовтың басы көрінеді.)

Ц е х о в о й . Невскийге менің келгенімді білдіріңіз, өте тығыз (*Еленаға*.) Мен Бородинның марксшіл емес екенін сенен кем білмеймін. Бірақ Бородинның адам мінезінің жұмбағын шешуі, біздің мемлекетке зор пайда келтіреді. Бұнысымен санашыл профессор социализмнің құрылысына жәрдем етеді. Міне, диалектика осы жерде.

Е л е н а . Осы жердің диалектикасымен менің басымның ішіне қорғасын құйылғандай болады. Бородин қараңғыны сипалаған соқырлар деп сандырақтайды. Біздің зерттеп жүргеніміз әлдекім. Кастальский бізбен тілегенін істеп жүр. Мен партия мүшесі боп мақала жазып отырмын. Сен диалектикамен қорқытпақ боласың.

Ц е х о в о й . Сен академиялық дауға бойлап кетіп, саясатты ұмытқансың. Саяси жағынан қарасаң сенің Бородинге қарсы жазған мақалаң зиянкестерге құрық беру болады.

Е л е н а. Сенің есің дұрыс па өзі?

Ц е х о в о й. Сені түгел қостайтын кім? Бобров ол лабораторға, ұдайы қарсы болған. Ол Котоминнің ниеттесі.

Е л е н а. Шәкірті болумен ниеттес бола қалмайды.

Ц е х о в о й. Сен солай ойлаймысың? (*Невский шығады.*) Невский жолдас, тыңда (*Кітапты оқиды.*) “Менің ниеттесім және досым Николай Бобровқа. Павел Котомин” кітабының сыртына өз қолымен жазған. Осы, беті ашылмаған зиянкес, әлі күнге бір бөлімді басқарып келеді. Мен мұны басқарушылық жолындағы оппортунизшылдықтың айғағы деп бағалаймын.

Н е в с к и й. Уа!..

Ц е х о в о й. Мен күлейін деп тұрғаным жоқ, Невский.

Н е в с к и й. Бұлтарасың, бұлтарасың-ақ, бірақ бәрібір, бір жаққа қисайды деген аттан құтылу болмас. Кәні істейік, айтшы не істейік, айтшы не істейік. Бородин Бобров үшін барын салады.

Ц е х о в о й. Мәселені батыл боп қою керек. Мен қазірде Бородин Бобровты алуға сонша қарсы бола қояды деп білмеймін. Бұлардың арасы көзге көрінерліктей болып салқындап қалған.

Н е в с к и й. Е, олай болса батыл қимылдайық. Бірақ Бобровтың орнына кімді ұсынамыз? Макарованы ма? А... а? Боламысың, Елена?

Е л е н а. Менің лабораторға шамам келмей жүр, бүкіл кабинетті меңгеру қайда?

Ц е х о в о й. Оның үстіне Еленаның батылдығы жеткілікті емес. Бұл жерге мықты қол керек.

Н е в с к и й. Онда сен бол, Цеховой, басқа кісі жоқ.

Е л е н а. Болмайды, жолдастар, профессордың орнына аспирант және басқа мамандықтың аспиранты. Кабинет өте ғылыми, жауапты кеңсе.

Ц е х о в о й. Әрі партия мүшесі, әрі байы боса да ғажап сенімсіздік.

Н е в с к и й. Бәрін де, жалпы тұтас күйде меңгере білу қажет. Мені институтқа былғары тресінен ауыстырып әкеп қойған. Мен үй қояндарының терісінен басқа дәнеңені ұқпаймын. Сонда да тірлік стимулдарының институтын басқарып отырмын ғой. Бұл — диалектика.

Е л е н а. Енді екеуі де ән қосыпты, диалектика, диалектика.

Н е в с к и й. Иә, жүрдек сөз, осы жұрттың бәрі айтады. Кәні қалайсың, Николай, көндің бе? Онда Бобровты аламыз. Сен кабинеттің басқарушысы боласың.

Ц е х о в о й. Басқарманың да мүшесі боламын ғой.

Н е в с к и й. Әрине, ол, орны бойынша солай ғой.

Е л е н а. Олай болса лаборатор кімді зерттейді деген мәселе...

Ц е х о в о й. Баспа сөз жүзіне қойылмайды (*Невский, Цеховой, Елена шығады. Захаров кабинеттің есігіне келеді. Қағады. Варгасовтың басы көрінеді. Захаров ымдап шақырып, қара тақтай жанына апарып, бірдеңені сыза бастайды.*)

З а х а р о в. Мына жоғарғысы кішкене қыз. Оның әкесі Николай Петрович (Сол жақтан ноқат қойып сызық жүргізеді.) Кішкене қызды Амалия Карловна біледі (*Оң жақтан сызық жүргізеді.*) Амалия Карловна мен Николай Петровичтің арасында жұмбақты байланыс бар (*Төменгі ноқаттардың арасын қосады. Үш бұрыш шығарады.*) Пентаграм араларында қандай байланыс бар екенін білгіңіз келе ме? Кітап сақтағыштың ішіне кіріңіз.

В а р г а с о в. Япырым-ау е!!

Ш ы м ы л д ы қ

Төртінші сурет

Екінші суреттің көрінісі. Еленаның пәтері, сахнада Кембаев, Клара, Елена. Кембаев кітап оқиды, бірақ анда-санда кітабын тоқтатып, сөзге де араласып қояды.

Е л е н а. Институттағы кемпір бірдеңені жинап тұрып маған көп қарап еді. Сол кемпірдің көзін әрі керіп, әрі сезіп тұрғандай болам. Ал, өзімнің ісімді көрмеймін де, сезбеймін. Бородин шын айтты. Менің маңдайым тышқанның маңдайындай. Мұндай маңдаймен ғылымға өрлеуге болмайды, болмайды.

К е м б а е в. Сөз емес, Елена. Бородиндердің байшыл, кер-тартпашыл жүйе болмыстарына құлақ салсаң, сенің басыңды бір кемітсе, менікін одан да қор санағысы келеді. Кешегі мал баққан жабайының басына ғылым қонушы ма еді демек болады. Шүкірлік, бірақ біз ол сандыраққа жүдемейміз де,

пысқырмаймыз. Бұйырса осы басымызбен ғылым тауын жарамыз. Бұл бастар еңбекшінің басы болатын болса өспей, дегеніне жетпей қоймайды. Бізге шегінуге болмайды, Елена.

Е л е н а. Мен адам мінезінің лабораторы, енді не керек екенін ұқпауға айналдым. Кейде тіпті адамды билеп жүрген аштық, махаббат, ашу, қорқыныш сияқты боп көрінеді. Барлығы төрт қана стимул. Мен білемін, бұл бір сандырақ, санашылдық. Біраз зерттеп, түбіне шейін бара алмаймын. Қорқамын, рас, рас қорқамын.

К е м б а е в. Бобров әлдеқашан айтып еді. Оны алып тастадық. Ол күнгірт тартып жүр. Бородиннен кетті, бірақ, бізге де келе алмады. Соны шақырып алшы, Елена, істесеміз бірге, сонымен.

Е л е н а. Ешкімді шақырғым келмейді. Жақында бәрін тастаймын да, Берлинге кетемін.

К л а р а. Ақымақ, барып тұрған ақымақсың. Саған басқа қояр ат жоқ. Қайдан шыққан өнер өзі, әкең тұқымымен еңбекші, темір ұстасы. Өзінде көпке шейін заводта болдың. Енді қарашы міне, ұрғашы көйлегін киген Гамлет бола қапты. Қоянша ши түбіне тығылмақ. Бірақ құтылам деме. Құлағыңнан тартып ап, үстелге қайта отырғызамыз. Не қылсаң да тексересің, түсінесің.

К е м б а е в. Қазір кабинетті Николай меңгеріп жүр. Сенің күйеуің, партия мүшесі. Бірақ Бобров туралы ол жаман қылды.

Е л е н а. Николай мені үрейсіз дейді — екеуміз тамақты да бірге ішпейтін болдық. Трамвайда ұрысқанымызды естіп, жүргіншілердің айызы қанады. Ол жаңа орын алғанына, өміріне дән ырза. Мен шопырлыққа кетемін.

К л а р а. Үйтсең біз сені партиядан шығарамыз. Бұл не деген сандалу. Табанынан азғантай жарылса болды — дүниелік күдік бастарына орнайды. Бұл ақылдан туған нәрсе деп білемісің. Қайратсыздықтарыңнан, ұйымсыз ғалымдықтарыңнан туады сендердің. Дүниенің кіндігі өз кіндіктерің деп білесіңдер ғой сен байғұстар.

К е м б а е в (*күліп*). Рас жақсы айттың.

К л а р а. Партия бұлардың артындағы құйрығы ғана болса керек. Менің ықтиярыма берсе сендердің арттарыңа келістіріп тұрып дүре салар едім.

Е л е н а. Дүре салу оңай, сен жәрдем ет.

К л а р а. Иә, қайт дейсің, институтыңа бар дейтін шығарсың әлде. Жоқ, оқуға мен кәрімін, жарықтығым.

К е м б а е в *(атып тұрып)*. Токтаңызшы, оқу қажет емес, сен шефтікті ал. Заводыңмен бірге шеф бол. Заводың боп кеп, біздің бағытымызды түзендер. Біздің институттың бағыты жақсы емес, нашар *(Цеховой мен Валя кіреді)*

К л а р а. Қайда мұнша көңілді боп келдіңдер?

В а л я. Мен қайтадан мүсінге кірістім. Николай Петрович мүсінін түсіртті. “Ғылымға басқан еңбекшіл”. Тамаша тақырып, мүсінде сирек мүсін. Басына қараңызшы. Мрамордан оярлық бас емес пе? Қолы мен иығы дәл мүсін өнерінің тілеген кескіні.

Ц е х о в о й. Валентина Ивановна, мен тыңдаудан қысылатын боламын.

К л а р а. Валя, сен заводқа қай трамваймен баратыныңды ұмытқан жоқпысың әлі?

В а л я. Ой, Клавдия Васильевна, заводта ылғи шаң, салдыр-күлдір. Тұтасқан машина дырдуы. Менің күн сайын басымның сакинасы ұстайды. Ешкім елемейді. Ештеңе түсіне алмаймын. Мүсін жасаудан да қалып қойдым. Әй, шыдай алмасам керек.

К л а р а. Е, сен де ши түбіне жалтарған екенсің ғой. Бірақ саған мен өсиет айтпаймын. Жылжы, көгершінім, жылжи бер. Жүр, Құсайын, шефтық жайын реттеп алайық.

К е м б а е в. Жүр, өзіңнен басқа ешкім еш нәрсе өндіре алмайды. *(Кларамен бірге соның бөлмесіне кетеді.)*

В а л я. Ренжіп қалды.

Ц е х о в о й. Шырақ кемпір, бірақ елең қылмаңыз.

Е л е н а. Күшті сөз.

В а л я. Сіз, сіз мүсініңізді түсіртпейсіз бе?

Е л е н а. Біз ондай сандыраққа шығаратын уақытымыз жоқ.

Ц е х о в о й. Біз демей өзіңізді айт... *(Еленаға.)* Өнер дегеннің бар-жоғы бірдей. Шолпан бұнша — құр жалаңаш қатын. Ғайсаның өлімінің суреті — құр ғана дін мастығы. Ғылым қызметкері, ассистент. Миында тіршілік бар. Сезім мен сезімділік сеніп біткен.

Е л е н а. Николай!

Ц е х о в о й. Бөлменді қарашы, терезенің бәрі пердесіз, газеттер уқаланған, қабырғалар айғыз-айғыз, дастарқан үсті қоқым, темекінің сабағы, жуылмаған шыны, икраның қалбыры. Сен болсаң сезбейсің де, байқамайсың.

Е л е н а. Бұрын сен де байқамайтынсың-ды.

Ц е х о в о й. Бұрын мен аспирант қана едім.

Е л е н а. Айыпқа бұйырмаңыз, өзгерісті байқамай қаппын. Сен қазір бастық екенсің ғой.

Ц е х о в о й. Мәдениеттірек тұру, залал емес болса керек. Қазір де әсіресе солай.

Е л е н а. Жарайды, несі бар екен, қазір мен жинайын.

Ц е х о в о й. Сезу қажет соны. Жинауын әрбір ақмақ та жинайды.

В а л я. Мен Клавдия Васильевнаға барып сөйлесейінші. Сол кісінің алдында айыптымын. (*Валя есік қағады. Клавдия “иә-иә”. Валя кіріп кетеді.*)

Е л е н а. Сен мені бір селкектеген қыздың алдында кызарттың.

Ц е х о в о й. Осы қыздан мәдениеттілікті үйрен.

Е л е н а. Оның мәдениеттілігі сен арқылы-ақ білініп тұр. Сезім, сезімшілдік. Әрине, мен отыздамын, ол жиырма үште. Жаңа иіс.

Ц е х о в о й. Сен туыстан сондайсың. Әйелдігің бір қаталық қой.

Е л е н а. Сүйте тұра қайтіп бес жыл өмір сүрдің?

Ц е х о в о й. Бәріне үйренет те адам (Қабырғаны газетпен ұрып.) Тіпті қандалаға да үйренеді.

Е л е н а (*икраның қалбырын алып, Николайға лақтырып ұрады*). Мә саған қандала. (*Щетканы лақтырмақ болады.*)

Валя шығады. Елена тез өзгеріп щетканы төмен түсіріп, киімін бір рет сипап өтеді.

В а л я. Сіз киіміңізді аяқ щеткасымен тазалайсыз ба?

Ц е х о в о й. Иә, қандаланы қалбырмен өлтіретін де жайы бар. (*Қалбырды көтереді.*) Сізді мен шығарып салайын, Валя.

В а л я. Жоқ, жоқ, мен жалғыз кетем, жүрмеңіз.

Ц е х о в о й. Мен шығарып саламын сізді, Валя.

В а л я. Қош болыңыз, Елена Михайловна.

Е л е н а (*Валяның қолын ұстап*). Валентина Ивановна, студия ішіне мынамен бірге тығылмаңыз, бұрыш-бұрышта сыбырласпаңыз. Жасыру, алдау жетті. Болды.

В а л я. Маған соқтықпаңыз.

Е л е н а. Қаттырақ, қаттырақ, бар даусыңызбен айғайланыз. Сүйгеніңізді білдіріңіз. Бар даусыңызбен ашыққа салып білдіріңіз.

В а л я. Мен ешкімді де сүймеймін, қоя беріңізші, қолыңыз не деген суық (*Қолын тартып ап жүгіріп кетеді*.)

Ц е х о в о й. Маған қызғаншақ албасты керек емес (*Валяның артынан жүгіріп кетеді*.)

Е л е н а (*артынан айғайлап*). Мен еш уақытта қызғанбаймын. Еш уақытта қызғанбаймын. (*Отыра қалып жылап жібереді. Клара шығады*.)

К л а р а. Неге айғайладың, әлде тісің ауырды ма?

Е л е н а. Мен Николаймен бірге тұрмаймын енді.

К л а р а. Қай уақытта шеше қойдың, жарықтығым-ау? Жаңа ғана күбірлесіп отыр едің ғой. Қас пен көздің арасында машинамен ағып кеткендей. Пыр еттің де, жоқ болдың ба? Кәні басыңды көтерші, көтер, көтер дейім. (*Еленаның иығынан көтеріп қарап*.) Жасын, жасын қара, мә, сұрт! (*Орамал береді*.) Әрқашан қатын бұрын жылайды. Біржолата айрылыстыңдар ма, жоқ уақытша ма?

Е л е н а. Біржолата.

К л а р а. Валентинамен кетті ғой. Сұлу қыз.

Е л е н а. Құнсыз қуыршақ, қоян жүрек.

К л а р а. Апырмау, күншілдіктің қаулап шығып келе жатқанын қарашы.

Е л е н а. Мен еш уақытта күндемеймін.

К л а р а. Мен енді маслиқат бермеймін.

Е л е н а. Ол қыз жастығымен ғана алған шығар.

К л а р а. Ойбай, кәрі байғұсым-ай! Қайтсін. Мен сенің жасыңда өмірмен допша ойнап ем. Кетсе — кетсін, барсын. Дүниенің тетігі сол ма еді? Саған жігітті өзім-ақ тауып берем. Заводта талай мыңы бар? Партия дисциплинасы бойынша он

шақтысын айдап келейін. Таңдағаныңды ал. Иә, бүгін менімен бірге завод асханасының ашылуына барайық. Онда ойлануға да шаманды келтірмейді. Оп-оңай талқан қылады (*Кембаев кіреді.*)

К е м б а е в. Іс шықса осыдан шығады. Шефтіктің жоспарын нық ұста, Клара! Елена, көзің неге қызарған? Жылағанбысың өзін? Әлде күйеуіңмен келіспей қалдың ба? Екеуің де ақылды емес пе едіңдер.

К л а р а. Елена Николайдан айрылысып отыр. Қатындыққа аламысың осыны?

К е м б а е в. Айрылысты дейді, бұ не қылған ақмақшылдық. Түсінбедім, не жетпейді екен.

Е л е н а. Николай екеумізді біріктіретін жұмыс еді. Бір-бірімізге жәрдемдесіп, сүйресіп, пікірлесіп істеуші ек. Жоғары мектептен-ақ солай еді. Қазірде менің көмегім оған қажет емес. Оның өзі ұлық боп алды. (*Наташа кіреді, үстел үстіне аквариумды қояды.*)

Н а т а ш а. Клара, мынаны қара. Елена, қарашы мына аквариумды. Бұл ойыншық көрмені біздің отрядқа дядя Бобров істеп берді. Ол біздің клубқа жиі келіп жүреді. Көктемде үй қояндарының үйшіктерін де жасайды. Кәне, қарасандаршы енді. Клара, Елена, Құсайын!

К е м б а е в. Бобровпен сөйлесу қажет. Ол өзгелердей жаман емес. Оған сенің көмегің керек. Саған оның мәліметі пайдалы болады.

Е л е н а. Керегі жоқ. Ол ұйымсыз пайғамбарсып, шаншып мазаны кетіреді. Тілімді алмадың, айтқамын, сақтандыр деп одан да жалғыз тұрып, жалғыз алысқанымыз артық.

К л а р а. Сені емдеу керек шырақайым. Бүгінгі қалың маған жақпайды.

Н а т а ш а. Кәні, Клара, кәні, Лена, Құсайын, қараңдаршы мына балықтарды.

Е л е н а. Жақсы балықтар. Бірақ сен одан да жақсысың, Наталочка. Неге сен менің қызым болмадың екен?

Н а т а ш а. О неге керек?

Е л е н а. Өне бойы бірге тұрар едік, айырылыспас едік.

Н а т а ш а. Біз онсыз да бірге тұрамыз ғой, айырылыспаймыз ғой, мен сені, тіпті-тіпті жақсы көрем. Бірақ сенің үнемі

уақытың жоқ бола береді (*Бір жақтан үндемей жылдам басып Цеховой өтеді.*)

Н а т а ш а. Папа, аквариумды көрші, ана.

ц е х о в о й. Аулақ! (*Кетеді.*)

Н а т а ш а. Қызына айтар басқа сөзі жоқ. Ғажайып.

Е л е н а. Шын ғажайып.

Н а т а ш а. Біз отрядтан Сережканы шығарып тастадық. Ол поптың баласы екен. Қызметкердің баласымын деп жүріпті. Басшымыз “Сережка отрядты алдағанда, жұмысшы табын да бір күні алдап кетуі мүмкін” деді. Жұмысшы табын алдауға болмайды ғой, е, Клара тәте, солай емес пе?

К л а р а. Басшыларың да айтқан екен ғой. Болмайды сол.

Н а т а ш а. Сен ең үлкен басшы кім екенін білемісің? Білмейсің бе? О, мен білемін, ең үлкен басшы — партия. Қарашы, қалай жарық етті.

Е л е н а. Ай, Наталка... Клара, менің қызым болмағаныңа қатты өкінем. Не себепті жоқ болды екен? Кеш сайын оған жыр жырлап отырар едім. Талмас едім.

К л а р а. Жарайды енді, Еленка, езілуің, “не себепті, не себепті”, сенің уақытың өткен жоқ. Дайындал қазір. Жаңағы мәжіліске барамыз.

Е л е н а. Шын барамыз ба, Клара?

К е м б а е в. Мені де алыңдар. Еленадан қалғым келмейді. Енді Еленаның жалғыз жүруіне де болмайды.

К л а р а. Трамвайдағы орын да үш-ақ кісіге қалдырылған, жүріңдер. (*Клара, Елена, Кембаев кетеді.*)

Н а т а ш а (*жалғыз*). Жақсы болды ғой, жалғызбын, ешкім мешайт қылмайды. Балықтарға тамақ берейін, рақат болды ғой. (*“Картошкенің” әніне салып жырлайды. (Герман кіреді.)*)

Г е р м а н. Шырағым, әкенді шақыршы.

Н а т а ш а. Отыра тұрыңыз. (*Жүгіріп барып Цеховойды ертіп әкеледі.*)

Ц е х о в о й. Бар. Жат, қызым.

Н а т а ш а. Олай болса балықтарға тиюші болма. (*Кетеді.*)

Г е р м а н. Николай Петрович, мен сізден құдайға сенесіз бе деп сұрағалы келдім.

Ц е х о в о й. Шатылған сұрақ екен.

Г е р м а н. Олай болса шайтанға да сенбейміз ғой. Ал жандардың бір туысқандығына сенесіз бе?

Ц е х о в о й. Сіз аурусыз ба, жоқ мені сықақ қылмақсыз ба?..

Г е р м а н. Николай Петрович, тап туысқандығына сенеміз бе әлде? Қоғамдық туыстың біркелкілігіне сенесіз бе? Жауап беріңіз, мен шын сұраймын. Бір таптың баласының туысқан қалыбында болатынына сенесіз бе?

Ц е х о в о й. Әрине.

Г е р м а н. Шыққан жерлеріне қарай туысқан бола алысады ғой. Орталары бірыңғай болғандықтан ішкі күйлері, машықтары, ыңғайлары да біркелкі болысады ғой. Сіз осыған сенсеңіз, онда менің туғанымсыз, Николай Петрович.

Ц е х о в о й. Немене сандырақтап отырсыз өзіңіз?

Г е р м а н. Әрине, екеуміз бір әкеден емес. Менің әкем сенат мүшесі. Сіздікі — почтаның ұсақ чиновнигі. Ол төңкеріске қатыспаған. Қай үкіметтің тұсында болса да оның хаттары мезгілімен үзілмей келіп тұрған... Анкетаға да осылай жазуға болар еді.

Ц е х о в о й. Мен сізбен сөзді тоқтатамын.

Г е р м а н. Сіздің партиялық анкетаңызда “әкем почтаның ұсақ чиновнигі” делінген. Бірақ бұл бәрі емес. Шешем мешчан қызы. 21-жылы Самарада аштықтан өлді деген. Солай. “22-жылы заводқа түстім. 25-жылға дейін істедім. Содан кейін ұйымға кірдім” делінген. Вузға жолдама алғансыз. Одан біздің институтқа аспирант болдыңыз. Солай, көрдіңіз бе, мен хабардармын. Институтта сіз Бобровпен ашық алыстыңыз. Бобров қоғамдық ортаның дағдылары оңай жиылмайды дейтін еді. Олай болғанда әскери прокурор мен адмиралдың қызынан туған ұлдың өзі де іштей адмирал болмақ керек қой. Сіз осы жүйеге қарсы сөз де жаздыңыз. Мақаланың ішінде өз пікіріңізден көрі өзгенің пікірлерін жинастыруыңыз көбірек еді. Иә, бұнысы әншейін бір көлденең нәрсе.

Ц е х о в о й. Ашып айтыңызшы, жағалатпай.

Г е р м а н. Афродитадан мін таба алмағандығынан⁵ Мамур қызғанып, жарылып өлген екен. Сіздің партиялық анкетаңызды оқыған мен Мамур бола жаздадым. Бірақ мені сіздің бір азғантай ғана кемшілігіңіз аман сақтап қалды. Сіздің анаңыз тірі, Николай Петрович!

Ц е х о в о й. Қалайша тірі?

Герман. Мезгіл жетеді көріссеңіз. Енді біздің қалайша туысқан екенімізді түсінген шығарсыз деймін. Екеумізді де бір орта туғызды. Бірақ соның ауыртпалығын әр қайсымыз әр күйде көтеріп келдік. Сіз әрі жасыңыз үлкен, әрі ақылдысыз — бұл әзіл емес, шын. Сондықтан өткен жылдардың тізімінен әскери прокурор мен адмирал қызын өшіріп тастадыңыз. Мен саржолтай. Атым да Герман. Ол мүмкіндікпен пайдаланбадым. Мен тағдырға сенемін, егер сырғаның екінші сыңарын таба алмай, өмір бойы бір сыңармен кетесің десе, соған да сенемін. Мен шет мемлекетке Елена Михайловнаның баратынына, өзімнің аспиранттықпен жүріп қартайтыныма да көніп қойдым. Бірақ, мына сіз, сіз енді қалай сезетін боласыз өзіңізді.

Цеховой (*атып тұрып*). Мен заводта істедім. Мен еңбекші боп кеткем. Бес жылдан бері партия мүшесімін, мені шешеммен қорқыта алмайсыз.

Герман. Құдай сақтасын. Мен сізге қорқытам деп келгем жоқ. Мен сізді сақтандырам деп қана келдім. Туысқанымсыз, қам етіңіз, Николай Петрович. Партияға кірерде туысын жасырғаны үшін ұйымнан шығарады ғой. Сақ болыңыз. Және шақырмаған куә есепті боп, ісіңізге араласқанымды айып қылмаңыз, кешіңіз. Бұл жайдан мен сізге қайтып енді бір ауыз сөз айтпаймын. Ұйқыңыз тыныш болсын (*Есік сарт етеді*.)

Цеховой (*жалғыз*). Бұл жалған, жалған айтады. Мен заводта үш жыл, партияда бес жыл болдым. Партияда бес жыл, станок жанында үш жыл. Мен контрольный комиссияға барамын да бәрін де айтамын. Тергесін. Түсінеді. Кешіреді де төмендегі қызметке жібереді (Тез киінеді.) Міне менің барым деймін. Айтамын. Заводта үш жыл, партияда бес. Шешем тірі, қорқыта алмайсың. Бәрін, бәрін айтамын. Станок жанында, бес жыл, ұйымда бес жыл. Бәрі осы. Бәрі осы (*Шығады*.)

Есік сарт етеді, өз бөлмесінен Наташа шығады.

Наташа. Папа? (*Айқайлап*.) Папа! (*Шошынып айқайлайды*.) Папа, қайда кеттің, сен жұмысшы табын алдадың ба? Басшыны алдадың ба? Папам менің.

Шымылдық

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Бесінші сурет

Мәжіліс үстелі. Үстел айналасында Бородин, Невский, Цеховой, Елена, Бобров және басқарма мүшесі. Бұл барлық мәжіліс уақытында бір ауыз сөз айтпайды, шай ішіп, май жаққан нанды ғана жей береді. Шетіректе Герман, Кембаев, хатшысы Варгасов. Бұның жанында телефон, бастық Невский.

Н е в с к и й. Сөз жолдас Макароваға беріледі.

В а р г а с о в. Борис Наумыч, сізді телефонға шақырады!

Н е в с к и й. Айта бер, Макарова, мен тыңдай берем.
(Телефонға келеді.)

Е л е н а. Иә, сонымен, сыртынан қарасаң бәрі әп-әдемі. Біз адам мінезінің лабораторында отырмыз, зерттейміз, анкет толтырамыз, қанның соғу салмағын өлшейміз. 6 бригада ертеден кешке шейін іс істейді. Ал, содан кейін біздің материалымыздың бәрін профессор өз қолына алады, кабинетіне бекініп алады да жападан-жалғыз өзі тексеріп іс қылады. Біз ғылым қызметкерлері — зәңгілер қолындамыз. Біз өзіміздегі жұмбақ болған бір фабрикаға шикізат беруден басқа түк істемейміз. Жетті енді, болды. Қазір біз сол фабриканың не дайындап жатқанын білмекпіз. Етік дайындай ма? Балауыз шам ба, жоқ әлде улататын газ шығара ма?

Г е р м а н. Бұл біз дегеніңіз кім?

Е л е н а. Партия мүшелері мен бригадалардың қызметкерлері.

Г е р м а н. Мен де бригада қызметкерімін. Мен бүйтіп жеңілдікпен шабуыл жасағандыққа қарсылық білдіремін. Мен кесіп айтам: менің бригадам...

Е л е н а. Мен лаборатордағы бригада адамдарының жалпы жиналысы тапсырған сөзді сөйлеп отырмын. Невский, жүргіз мына басқарманды жөндеп...

Н е в с к и й. Қазір, қазір, сметаны ілгері жылжытып жатырмын. Иә, кімнің сұрағы бар?

Е л е н а. Мен бітіргем жоқ, Невский. Профессор кабинетін ашып, лаборатор материалын зерттеуді көпшіліктің тексеруіне салуға керек.

Борodin. Талапайға салдыру ма? Мен пікірлерімді жиырма жыл бойы жиып-теріп, құрап келем. Сендердің соны таландыға салғыларың келді ғой. Өзгенікін талап алып керектеріңе жаратпақсыңдар ғой. Бұл болмайды. Бізді құртқандай құрта алмайсың (*Маңдайын қағып.*) Менің дүнием қолыңа түспейді, мұнда.

Кембаев. Институт Бородиндікі емес, мемлекеттікі, қоғамдікі; бұның табысы көп үшін, қай заманда болса да, көптің пайдалануына ортаға түсіп, сол көптің керегіне жарауға міндетті десе не дейсіз?

Борodin. Менің істеп шығарған нәрсем мемлекеттікі, бірақ сол мемлекетке тиісті нәрсені мен істедім. Бұл есіңізде болсын, жалпақ бет жігітім.

Герман. Мемлекет біздің ісімізге ырза болады.

Борodin. Ол әлі мәлім емес.

Герман. Өйткенмен профессор Бобровқа мемлекеттің ырза еместігі мәлім ғой. Ол басқарманың шығарылған мүшесі, портфельсіз министр емес пе?

Елена. Біздің институт басқармасына қоятын шартымыз.

Борodin. Шарт қойғызбаймын (*Невскийдің қолынан қоңырауды жұлып алып еденге лақтырып жібереді.*) Әуелі үтірдің қалай қойылатынын үйреніп болыңыз. Содан кейін шарт қойыңыз. Материалдардың копияларын алыңыз да, тойғаныңызша тексере де, қорыта да беріңіз. Бобровпен, тағы басқалармен бірігіп өздеріңізше заң табыңдар. Содан кейін тексереміз, кімнің қорытындысы жақсы екен. Одан беріде кісінің қалтасына қол сұқпа, милиция шақырам!

Бобров. Мен қорытындымды жасадым.

Герман. Олай болса соныңызбен отырыңыз үйіңізде.

Елена. Невский, жүн болып кеткенбісің, неге дұрыс жүргізбейсің мәжілісті?

Борodin. Сіз әлі боктап та саларсыз.

Невский (*қоңырау қағып*). Жолдастар, тәртіпке шақырамын! Араларың шиеленіспесін тек, сөйлей беріңіздер!

Варгасов. Борис Наумыч, телефонға шақырады, тығыз.

Невский. Сөйлей беріңіздер, жолдастар, мен қазір... (*Телефонға кетеді.*)

Борodin. Салыңыз ортаға қорытындыңызды, Николай Касьянович!

Б о б р о в. Мен көп заман үндемедім, мүмкін үндемеуім шектен асып кеткен де шығар. Иван Ильичтің беделі, салмағы, бас бірлігіміз, үй іші тұрмыстың шарт аңы... болды. Менің профессор Бородинге қол көтермегім оп-оңай емес. Әйтсе де Иван Ильич зор ғылыми қаталыққа ұшырап жүр. Адамның мінездерін бұл кісі ең жабайы хайуани стимулдар бойынша шешпек, түсіндірмек болады. Бұл қатасы ол кісінің саяси көзқарастарының нәтижесі болып отыр. Дәл осынысына мен қарсы шығуға міндеттімін.

Г е р м а н. Сөйлей беріңіз, зиянкестің ниеттесі.

Б о б р о в. Менің Котомин жайында жазған хатымды оқып па едіңіз?

Ц е х о в о й. Тым кешігіп шыққаны өкініш.

Е л е н а. Біз лаборатор жайында сөйлеп отырмыз, Котоминнің бұл жерге қажеті жоқ. Біз Бородиннің бағытына қарсылық білдіреміз. Сіз адамның тапқа тиістілік жағына қарамай, жалпы адам мінезі деп тексересіз. Таптардан тысқары тұрған мәңгі стимулдарға ғана көз саласыз. Бұндай тұрғыдан қарасаңыз төңкеріс ашудың нәтижесі, социалдық жарыс — шағылысы қуатының салдары; екпінділік — аштық нәтижесі болып көрінуге мүмкін. Бұл басынан аяғына шейін бізге жат, саяси залалды жүйе болады.

Б о р о д и н. Сіз қандай қорытындылар шығатынын әлі білмейсіз, білуіңізге мүмкін емес. Оны әзір менің өзім де білмеймін.

Б о б р о в. Қорытындыны Каталский сыбырлап ұсынып жүр. Мақсат бүгінгі адам қауымын басқарып отырған тәртіпті жаман қылып көрсетуде.

Г е р м а н. Токтат енді, арсыз! Маған шімірікпестен жала жабады. Қызғаншақ ер, түсін бояған зиянкес, қорғансыз, аспиранттан кек аламын дейсің ғой!

Е л е н а. Жап аузыңды.

Г е р м а н. Бастық, Бобровты жалған сөзі үшін, қылмыс ретінде жауапқа тартыңыз! Жазыңыз протоколға! Бұ мені қуғынға алып жүр!

Б о р о д и н. Мен мемлекетке жәрдемдеспекші боламын. Жұрт өзін дұрыс ұстауына керек еді. Бірақ оның орнына маған жұмыс істетпейді, бөгет шығарады.

Г е р м а н. Бобров пен Макарова қызғаншақтық қылады біздің ісімізге.

Б о р о д и н. Рас, рас, қызғанады, профессордың май қазаны дұрыс қайнатады, кел соған ботқа пісірейік деседі ғой. Түпшегі жоқ мәжілістерге отырғызатын болады. Уақыт босқа өтеді, бар күшiң айғайға кетеді, не қалды? Басында ой-пікір орнына ботқа ғана қалды. Мені жау дейсiңдер, сөйтiп тұрып өздерің жаудың кабинетіне сұранып келесіңдер, неге сұранасыңдар? Не үшін? Кәні?

Г е р м а н. Сіздің құлметіңізді ашпақ үшін сұранады, профессор.

Е л е н а. Рас, біздің құдігіміз дұрыс болып шығатын болса құлметіңізді ашпақпыз *(Тым-тырыс. Сол кезде Невскийдің дауысы естіледі, ол телефонда.)*

Н е в с к и й. Гайлиске салмақ сала бер. Мен онымен сөйлескенмін. Біздің үй қоянымыз тұрған жердің шатырынан су тамшылайтын болды...

Б о р о д и н *(Невскийге жүгіріп барып трубканы жұлып алып, тастай беріп)*. Үй қояның да, Гайлисің де марғау кетсін. Менің ең соңғы сөзім мынау: институтта не мен боламын, не Макарова болсын, таңдаңыздар.

К е м б а е в *(орнынан тұрып, саспай салқын)*. Олайша қорқытпаңыз. Сізге мемлекет көп көңіл бөліп іс істетіп отыр, кәдірлеп отыр. Солайша кәдірлегеннің арқасында сөйлеп отырсыз осынша сөздерді. Бұны сіздің қалайша ескермейтініңізді мен түсінбеймін. Кәдірлемесек білесіз бе, сіздей сөйлейтін кісіні 20-жылда расходқа шығаратұғымыз?

Б о р о д и н. Құдай ұрғандар... *(Есікті сарт еткізіп шығып кетеді. Варгасов артынан қоса жүгіріп шығады.)*

Н е в с к и й. Жолдас Кембаев, сен қазір мәжілістен шығасың, тез... солай.

К е м б а е в. Мен шефтық мәселесін қоймақпын, жоспар даяр ма?

Н е в с к и й. Шефтықты сөйлейтіндей болып отырмыз ба? Шефтық — болымсыз сөз. Онан да қазір ғана мәжілістен шықта, Бородинды тауып алып, кешірім сұра, жаңағы сөздерің үшін!

К е м б а е в. Не сөйлейсің өзің? Сұрай бер, сұрағың келсе, өзің! Біз бағаласақ ғылым қызметін бағалаймыз, ал, саяси сандырағы молая берсе, ұрыспақ түгіл, ұрып та саламын. Еленада, Бобров та дұрыс айтады. Жігіт екеуі де. Сен түсінбейсің де, сенбейсің бұларға!

Н е в с к и й (*айғайлап*). Мен сені шығарамын! Шықпасаң болмайды, ұғамысың?! (*Кембаев басын шайқап, теріс қарай беріп, “өй ішіңді ұрайын”, — деп шығып кетеді.*)

Б о б р о в. Мен тағы айтамын: лаборатор бізге төтен, ерекше саяси мақсатпен ашылған.

Г е р м а н. Ол мақсат сізге бөтен. Кеңес өкіметіне бөтен емес.

Б о б р о в. Кеңес өкіметіне Кастальскийлердің қорғандығы қажет емес.

Г е р м а н. Бобровтардың сүйемелі онан да кемірек керек пе дейім.

Е л е н а. Лабораторды қайта құру керек. Біз Бородинға өзінің ішкі сырын ықтиярсыз айтқызамыз.

Н е в с к и й. Сонша ақшаны шығарып, шығарып енді қайта құрамыз де. Мені ол үшін ПКИ тірідей пісіріп жер. Бұның еш уақытта болмайды.

Ц е х о в о й. Үзіліс жарияла да, фракцияның мәжілісін жасашы.

Н е в с к и й. Дұрыс, үзіліс жариялаймын (*Невский, Елена, Николай шығып кетеді.*)

Ц е х о в о й (*Жолшыбай Невскийге*). Макарова мен Бобров — бұл не деген негізсіз бірлік! (*Кетіп қалады.*)

Б а с қ а р м а м ү ш е с і (*тұрып*). Шай бітті, нан мен май да бітті. Үйге қайтсам да болады екен, сірә, менің қостаған дауысымды бірге санай салыңыздар (*Кетеді.*)

Герман мен Бобров кабинет ішінде адымдап жүріседі. Валя кіреді.

В а л я. Мен Николай Петровичке арнап “Лоэнгриннге” билет әкеп едім, осыны табыс қыл да, менің театрға жүріп кеткенімді білдірші, тілеуің берсін!

Б о б р о в. Өзің бересің.

В а л я. Ә, ашулы екенсіз ғой, ықтиярыңыз. Герман Витольдович, сіз беріңізші онда!

Г е р м а н. Құп.

Б о б р о в (*орындықты жұлып алып*). Кетіңіз бұл жерден! Болмаса мен сіздің басыңызды жарамын!

Г е р м а н. Жақсы (*Тез шығып кетеді.*)

В а л я. Менің ерім қызғанышын орындықпен білдіреді. Ха-ха-ха! Сабырсыз, Николай Касьянович.

Б о б р о в. Валентина Ивановна!

В а л я. Рас, мен — Ивановна, а, сіз — Касьянович. Касьянның туған күні төрт жылда бір-ақ айналып келеді. Әкесінің аты ондай болған кісінің қызғаншақ болуына жол жоқ. Міне, егер сіз испан болсаңыз, атыңыз мысалы, Вентура Гарсия⁶ Кальдерон болса, онда орындығыңыз да кешірілер еді.

Б о б р о в. Тоқтаңыз енді, санасыз әйел! Сізді ойлайын деп отырғаным жоқ мен қазір...

В а л я. Бұл өте қызық екен. “Мені ойламақшы емес” Ха! Сіздің қызғанышыңыз өте ұсақ. Қызғаныш сұлу болса, сұлу астай ғой. Біздің заводымыз, асты сұлулап береміз деп талап қып отыр. Таза асхана істің өнімін арттырады. Бұл даусыз, дұрыс. Ал, сен не етесің... сен орындықпен қызғанышыңды білдіресің (*Герман, Бородин, Варгасов кіреді.*)

Б о р о д и н. Көр, міне, Валентина, сенің күйеуің үкіметтен мақтау алмаққа тырысып отыр. Әкенді көрге тықпақшы. Кім біледі, әлде нарком да болар. Кездескенде қолын да бермес. Қалайда мен онан бұрын қол бермейтін болғанымды мақұл көрем.

В а л я. Менің бөгде кісінің кім болғанында жұмысым жоқ.

Б о р о д и н. Бұл шын бөгде кісі ме?

Б о б р о в. Профессор Бородин, менің жалғыздығым аяқталып келеді. Бірақ жақында сіздікі басталады; сол күнде шошып жүрмеңіз (*Невский, Елена кіреді. Валя байқалмай шетке кетеді. Есіктен Кембаев кіреді.*)

Н е в с к и й. Орындарыңызға отыруларыңызды сұраймын. Баскарманың фракциясы бұндағы жайды талқыға салып шықты, жолдастар. Біз бірнеше ұсыныстар белгіледік, оқып шығуға рұқсат етіңіздер. Бірінші: “Институттағы ескішіл элементтермен негізсіз бірлік жасау арқасында лаборатор жұмысына сенімсіздікпен қарайтын болғандықтан, жолдас Макарованы лабораторды басқару жұмысынан босатуға”. Екінші: “кабинеттің бастығы жолдас Цеховой, қосалқылық ретімен лабораторға да бастык болсын; лаборатор ісіне белсенділік екпінін беріп, бригадалардың социалдық жарысын жасасын”. Үшінші: “қызметкерлерді тарататын баскарманың сұрағы бойынша және жергілікті орындарда партия мүшесі, ғылыми қызметкерлері жетіспей жатқандықтан жолдас Макарова Са-

ратов университетіне оқытушылық жұмысына жіберілсін”. Төртінші: “осындай жайлар болғандықтан, шет елге баратын командировка Кастальскийге ауыстырып берілсін. Бұл мәселе тиісті орындарда қаралатын болсын”. Протоколда Макарованың жекеше пікірі бар.

Б о р д и н. Жақсы! Мен құттықтаймын. Николай Петрович; Борис Наумыч, рақмет. Енді біз оларға көрсетеміз, құттықтаймын!

Н е в с к и й. Сұрақтар жоқ па? Дауысқа қоямын. Бірінші ұсынысты кім қостайды? *(Бес қол көтеріледі.)* Екінші ұсынысты кім қостайды? *(Бес қол көтеріледі.)* Үшінші ұсынысты кім қостайды? *(Бес қол көтеріледі.)*

К е м б а е в. Бұл не? *(Кекетін.)* Мақұл, мақұл!

Н е в с к и й. Төртінші ұсынысты кім қостайды? *(Төрт қол көтеріледі. Бобров қол көтермейді.)* Мәжіліс жабылды. *(Жиылғандар тарасады.)*

Г е р м а н *(Цеховойға жақындап келін)*. Рақмет, туысқан.

Ц е х о в о й. Менен аулақ болыңыз.

Г е р м а н. Сізді Валентина Ивановна тосып отыр.

Б о р д и н *(Еленаға)*. Қош болыңыз, Елена Михайловна! Саратовтан маған жазып тұрыңыз *(Валя Цеховоймен бірге кетеді. Солардың ізімен өзгелер кетеді. Бобров, Елена, Кембаев қалады.)*

Е л е н а *(Бобровқа)*. Сіз де бригада мүшелері келген қорытындыға келіпсіз. Ал, сіз бен біз сөз байласқан жоқ едік қой.

К е м б а е в. Бұнда Бобровқа сендер келдіңдер, Бобров сендерге келген жоқ.

Е л е н а. Жоқ, мәселе біздің енді бір қалыпты ойлауымызда *(Бобровтың қолын қысады.)* Жә: “ескішіл элемент” не мені партиядан шығарар, не болмаса, мен Бородинге косып, сендердің бәріңнің күлметінді ашармын.

К е м б а е в. Партиядан шығуға болмайды, партияға қарай жүруге керек. Бұл іске партияның кірісуі қажет болды. Фракция болмаса, райком; ол болмаса, облыс; облыс болмаса, кіндік комитет. Мен тіпті Сталинге шейін жеткіземін.

Е л е н а. Уақыт өткізуге болмайды, біз Бородинды енді жаңа тұрғыдан шабуылға аламыз. Мәселені баспа жүзіне саламыз. Жүр!

Б о б р о в. Міне, енді, менің де жалғыздығым бітті (*Бобров, Кембаев, Елена шығады. Біраз уақыт сахна бос тұрады. Артынан Варгасов, Герман шығады.*)

Г е р м а н. Сіз Бобровты құлатуға көмек қылдыңыз. Сіз лабораторда жұмыс қылуға жәрдем еттіңіз. Сіз Николай Петровичтың сырын біліп маған білдірдіңіз. Жалғыз қалып, өмір соққысына ұшыраған интеллигентке осынша пейіл салуыңызда не мағына бар? Себебі не?

В а р г а с о в. Мен сізге жолға алтын ақша да тауып беремін. Виза мен паспорт туралы да Варгасовқа сеніңіз.

Г е р м а н. Сіз зиялылардың ең адал, ең тілеулес досысыз.

В а р г а с о в. Өзім де бір заманда зиялы болғанмын, ғылыми журналдарда бір кезде мен де мақалалар жазғанмын... көбінесе желіскер аттар жайынан. Шіркін-ай, қандай еді менің аттарым, қиялда ғана көргендей. Патшаға да апарып жүріп едім.

Г е р м а н. Менің тәңір жарылқасынға берер де еш нәрсем жоқ.

В а р г а с о в. Ол бар, табылады (*Сыбырлап.*) Сыртқа бір тапсырманы ала кетіңіз.

Г е р м а н (*шошын*). Жоқ, жоқ! Мен ешбір ұйымға...

В а р г а с о в. Тәйірі, енді сіз үрікпеңіз, тұрмысыңыз қалай болса, солай еді; ісіңіз жалғыздың ісі еді. Сонда біз сіздің өзіміздің жоспаршамызға әлдеқашан кіргізіп қойғамыз.

Г е р м а н. Қандай жоспарға?

В а р г а с о в. Бізге де өз орынбасарларымызды әзірлеу керек. Адам деген бізде де дертті мәселе. Сондықтан наразылығы бар сөзшендерді біз де байқақтап жүреміз. Сонымен, бір кеште біздікіне кіріңіз. Оңашада толығырақ сөйлесіп ұғысамыз.

Г е р м а н. Бұл өте қауіпті. Мен ең алдымен өмір сүрмек боламын.

В а р г а с о в. Е, мен сонша өле қойғым келіп отырғам жоқ, құдай рақым етсе, бұдан былай да жаман болмаспыз. (*Қоштасады.*) Міне, енді сіздің жалғыздығыңыз тамам болды, Герман Витольдович!

Ш ы м ы л д ы қ

Алтыншы сурет

Бірінші суретте, профессор Бородин үйінде болған көрініс. Сахнада Герман мен Бородин.

Б о р о д и н (*қатты қызған пішінде жылдам-жылдам жүріп жүр, қолында газет, оқиды*). “Олар ғылымға өрмелеп келеді, Гаттон мұнарасына жүз мыңдаған отрядтар болып, өрмелеген тышқанша тырмысып келеді”. Менің қызымның ері болған адам, сенімімді осылайша таптады. Профессор Бобров үй ішіндегі сөзді газетке жеткізіп, сені шет елге жүргізбеймін деп отыр. Адам баласы көз алдында шіріп барады, өлекселері ауаны улатып барады.

Г е р м а н. Басқарманың өкілі институт кеңесіне де келіп кетті. Ол Варгасовты күтіп еді, бірақ Варгасов таңертеңнен бері жоқ болып кетіпті.

Б о р о д и н. Сенер жан жоқ, досың ба? Ол да сатады. (*Газетті сіпкінтіп.*) Котоминге сот болып жатыр, зиянкестер ұйымында болыпты. Соншалық сүйікті адам — ол да оңбаған болып шықты.

Г е р м а н. Дүние жүзі ғылымының шын сөзін күтеді.

Б о р о д и н. Мен тез бітірсем деп күні-түні істеп келем, үш айдан кейін мен өзімнің қорытындыларымды жариялаймын.

Г е р м а н. Кеңес журналдары сіздің еңбегіңізді баспайды.

Б о р о д и н. Ол Лондонға жіберіледі.

Г е р м а н. Жазбаңызды шекарада конфискалайды.

Б о р о д и н. Онда мен алаңға шығып айқай саламын.

Г е р м а н. Алаңда сіз тамағыңызды ғана талдырасыз.

Б о р о д и н. Онда үй ішінде айқай саламын (*Өзін маңдайынан салып қалып.*) Мен тіпті баяндама істеймін. Бүгінгі мінездің стимулдары туралы баяндама болады. Баяндамаға стенографшылар мен шет елдердің тілшілері келеді. Осы тамаша ой емес пе, Герман, жалғыз-ақ мені жауып қояр ма екен?

Г е р м а н. Достарыңыз сыртта ғалым ойын басып қойғаны үшін ереуіл білдіреді, сондықтан сізге бата алмайды, тимейді. Ереуілге ғылым, мәдениеттің маңдай адамдары қол қойған. Сіздің атыңызды ту қылып ұстайтын болады, ұстазым.

Б о р о д и н. Менің достарым аз, ереуіл жасайтын кісі болмай жүрмесін.

Г е р м а н. Ол жазылып та қойған. Тсс (*Есікке жүгіріп барып, айнала қарап.*) Көріңіз, міне (*Қағазды суырып алып ашады.*) Барлық мәдени қауымға... Оқыңыз... (*Профессор оқиды.*) Орыс фамилиялары жасырын болып қалады.

Б о р о д и н. “Профессор Бородин абақтыға тығылды”. Мен әлі боспын ғой!

Г е р м а н. Бұл документ сіздің баяндамаңыздан кейін басылады.

Б о р о д и н. Олай болғанда мені бәрібір жабады ғой.

Г е р м а н. Біз сізді босатып аламыз, оқыңыз.

Б о р о д и н. he... he... “Ғылымға тыныс алдырмады”. Бірақ біздің институт төңкерістен бері ғана жасай бастады ғой.

Г е р м а н. Оқыңыз.

Б о р о д и н. Қойылған қол мол емес. Солай (*Варгасов ұшып кіреді. Герман қағазды шапшаң ұстай алады.*)

В а р г а с о в. Ух! (*Отырып.*) Нашар.

Г е р м а н. Неге нашар?

В а р г а с о в. Документті тығуыңыз нашар, оп-оңай сезілді.

Б о р о д и н. Құрыдық та, Семен Семеныч.

В а р г а с о в. Әуре... Сонда да паспорт дайын. Ертең он екіде аласыз, виза да болады, валюта бар... (*Ақшаны суырады.*)

Г е р м а н. Тамаша, Семен Семеныч, тамаша.

Б о р о д и н. Айтыңыз, айтыңызшы, қайтіп істедіңіз?

В а р г а с о в. Кейін айтармын, Иван Ильич, қазір уақыт жоқ. Герман Витольдович, енді тез жүру керек. Әзір газеттегі бір түрткен сөз сара емес ол. Бірақ газеттен шығып етек алып жайылып, басқа бір жаққа ауып кетсе, сол жаман болады. Николай Касьяновичтің қылғаны-ақ сол, тіріде ұмытпастық болды... Иә... оқыңыздар, мына тақталарды баспаханадан бір танысым әкеп берді... Мұнысы Макарованың мақаласы. Иван Ильичке қарсы жасақ жиылып жатыр.

Г е р м а н (*тақталарды алып*). “Тобынан сыртқа қалдырмау — тап дұспанның бір айласы”. Сөз басы емес, тура барабан.

Б о р о д и н. Бері әпкелші (*Жұлып алып.*) Кетерлерінде шалды былғап кетейік дескені ғой!

В а р г а с о в. Журналдың шығуы бөгеледі. Бір айдан кейін ғана шығады.

Г е р м а н. Олай болса бір айдан кейін Бородинге баяндама жасатпайды екен ғой.

В а р г а с о в. Бір танысым телефон соғып еді. Аспиранттар конференциясында Кембаев Иван Ильичті мінеп баяндама жасамақшы дейді.

Г е р м а н. Сіздің күніңіз санаулы болып қалыпты, ұстазым, сізді тексеріп талқылауға алыпты.

Б о р о д и н (*тақталарды лақтырып жіберіп*). “Тап дұспаны” деген атқа ілініппін. Ракмет. Көріңдер, жігіттер, алдарыңда тұрған анық тап дұспаны! (Бобров, Кембаев кіреді. Бобровтың жолын бөгеп.) А, профессор Бобров! Мен үн шығармаймын, сіздің көзіңізше қатты сөйлеуге болмайды ғой, газетке қыстырасыз.

Б о б р о в. Қатты сөйлей беріңіз, бірақ айтқан сөзіңіз үшін жауап бере де біліңіз.

Б о р о д и н. Тіпті жақыныңның алдында айтқан сөз үшін де ме?

Б о б р о в. Тіпті өзіңізге өзіңіз айтқан сөз үшін де.

Б о р о д и н. Менің үйімнен қашан қоныс аударасыз?

Б о б р о в. Бөлме тауып алудан бұрын аудармаспын.

Г е р м а н (*Бобровқа*). Сіз мені ғана қуып жүрген жоқсыз. Қазір мына бір қазақты Бородинның соңына салып қойдыңыз. Сіз биология кафедрасын неге алдыңыз, ең дұрысы тыңшылық пен жоқшылық жөнінен сабақ беру ғой сізге.

К е м б а е в. Былжырама енді, оңбаған! Бобров — біздің кісі. Ол дұрыс ұстаздық қылады. Дұрыс жолмен келе жатқан осы. Басқа әлдекімдей сандырақтамайды бұл. Сол себепті бұл өзгеңнен бағалырақ, қымбатты да бізге. Біліп қойыңдар мұны.

Г е р м а н. Мен білемін, сені ақымақ қылып...

К е м б а е в (*ұмтылып*). Сен сияқты итаршыны ату керек! (*Бобров ұстай алады.*) Ату да аз... Білемісің?! (*Ұмтылады.*)

Б о б р о в. Кембаев, сабыр қылыңыз! Сіз, менімен бірге келдіңіз ғой, жарамайды (*Ертіп әкетеді.*)

Герман. Жынданса керек мынау. Осындай жындылардың профессорға қарсы дау айтпағын қайтерсің?

Борodin. Үндеме, сонысы жақсы. Осыдан бір жұма бұрын мен бір үй қоянын жындандырып едім. Енді, міне мынау. Жынданған үй қояны, жынды — төменнен көтерілуші — екеуінің де адасуының негізі біргелесті. Бұл тамаша (*Цеховой, Наташа, Валя кіреді.*)

Варгасов. Айтпақшы... маған кету керек екен. Герман Витольдович, документті көзіңіздей көріп сақтаңыз! (*Шығады.*)

Валя. Әке, міне, мына кісі менің жаңа күйеуім!

Борodin. А... енді мен жындана бастадым.

Валя. Мен Николайдікіне көшемін. Наташа, мына кісі сенің атаң.

Наташа. Менің атам жоқ (*Диванның бұрышына тығылып отырып алады.*)

Валя. Менің күйеуіммен амандассаңызшы, әке! Мұның да аты Николай, атына үйренем дейтін емес (*Борodin үндемейді.*)

Герман. Мен құттықтаймын жастарды. Валентина Ивановна (*қолынан сүйіп*), қиялым едіңіз менің, алыстап, бұлттай тарап кеткен қиялым. Николай Петрович! (*Қолын созады. Николай қолын бере қоймайды.*) Мен сізге құтты болсын айтып тұрмын, Николай Петрович! (*Николай қолын береді*) Мен жастарға Морис Шевалиенің әнін жырлап берейін, тыңдандар!.. (*Французша жырлайды.*)

Валя (*ән біткеннен кейін*). Мен киім-кешегімді жинаймын (*Шығады.*)

Борodin (*Цеховойға жақындап келіп*). Жә! Күйеуім, шарам жоқ менің басқа, есенсіз бе? Сіздің алдыңыздағы Николай Бобров маған қарсы соғыс ашып отыр. Енді сіз туысқанша қорғауға міндеттісіз.

Цеховой. Бобровты біз институттан қуып шығамыз.

Герман. Валентинаның алдындағы кісі де кенже қалып жүрген жоқ. Қараңызшы, міне, сіздердің тап дұспандарыңыз бар екен.

Цеховой. Макарованы біз партиядан шығарамыз.

Герман. Кембаев деген қазақтарыңыз баяндама жасап, профессорды талқыға салмақ.

Ц е х о в о й. Кембаев жұлына берсе, біз оны да институт маңынан айдаймыз. Бастықтың бітер уақыты болды. Енді ширау керек. Демагог пен жікшілерден түгел тазарып арылу керек. Бородинның қызметі мемлекетке қажет. Тыныштанып, ісіңізді істей беріңіз, Иван Ильич!

Г е р м а н. Тез уақытта ұстазым өзінің қорытындылары туралы көп алдында мәлімдеме жасайды.

Ц е х о в о й. Алып қашпаларға берілетін ең жақсы жауап сол болады. Біз адам мінезі жайында ғылымда үлкен бір өзгеріс болатын дәуірге жақындап келдік деп мен нық сенемін, профессор. Сол өзгерісте менің еңбегім де бір тамшыдай жәрдемші болатынын ойлап, мен қатты жұбанамын.

Б о р д и н. Николаша, сіз тамаша жақсы адамсыз ғой. Япырай, кім ойлар еді сізді, Николай Цеховойдың баласы деп... а, а, ғафу өтінем, менің қызымның күйеуі деп! А, қошамет сөзіңізге шын көңіліммен рақмет айтам (*Валя кіреді.*)

В а л я. Иә, ұғыстыңдар ма?

Ц е х о в о й. Айтқаныңызша.

Г е р м а н. Өзді-өздеріңіз болып қалыңыздаршы рас. Өңгімелесіңіздер, бір-біріңізге іштеріңізді ашыңыздар. Мен кетейін. Бөгет жасамаймын.

Б о р д и н. Герман (*шетке таман жетектеп апарып*), сіздер маған ара түспексіздер, документ жазыпсыңдар. Бұларыңыз қасиеттілік. Бірақ сонда да керек емес, жақпайды маған. Біздің ісімізге Лондонды кірістіру қажет емес. Мен көне алмаймын.

Г е р м а н. Мәскеуге қайтуға кеш болады. Көп толқыған кісі қаза таппай қоймайды (*Кетеді.*)

Б о р д и н (*Германды шығарып салып, қайтып келеді*). Қарақтарым-ау, бұл ғажап іс қалайша болып қалды? Түсінбеймін мен.

В а л я. Әй, қартым-ай, саған түсіну қиын екені рас. Бірақ барлығы да заңды, жолды. Мен заводта қызмет етем. Жаңа түрлі адам болып өсіп келем. Ал, жаңаның адамы мұрны қалай біткен, жамбасы қандай деп сынамайды. Сондықтан мен ста-ноктан ғылымға көшкен нағыз еңбекшілді сүйдім де қойдым.

Б о р д и н. Һым... Һы... Иә, ақылды қызым, пионерка, енді атаң туралы газетке сөз жазуға болмайды. Біз жақын туысқан болдық.

В а л я. Мандайыңды тыжырайтпа, Наташа. Мен сенің жаңа шешең боламын.

Н а т а ш а. Керегі жоқ.

В а л я. Сен неге маған ашуланасың?

Ц е х о в о й. Қой оны, ол қияңқы, ашуқой қыз, құйып қойған шешесі.

Н а т а ш а. Әрине, саған ұқсағам жоқ, ымырашыл.

Ц е х о в о й *(ақырып)*. Токтат енді, оңбаған!

В а л я. Коля, ол не дегенің балаға? *(Аз тым-тырыстан соң.)*

Б о р д и н. Николай Петрович, сіздің келешегіңіз өте жарқын болады. Менің сөзім есіңізде болсын. Бородин адам туралы жаңылмайды *(Кетіседі. Наташа қалады.)*

Н а т а ш а. Неге менің жылағым келеді?.. Пионерлер жыламайды. Олар әрқашан қызықты, көңілді болатыны қайда? *(Диванның жастығына бетін басып жылайды, Бобров кіреді.)*

Б о б р о в. Наташа, менің балақайым, жалғыз қалыпсың ғой *(Қолынан ұстайды.)*

Н а т а ш а. Менің енді шыдар шамам жоқ... Мен Клара тәтеме айтайын деп едім. Папама жаным ашиды. Ылғи үндемей-үндемей жасырып келемін. Енді сол үндемегенім кеудемді жапыр барады.

Б о б р о в. Әкең сені ренжітті ме?

Н а т а ш а. Ол мені ренжіткен жоқ, бірақ жұрттың бәрін алдапты. Дядя Коля, неге жылағым келе береді менің? Мен саған әкемнің шешесі туралы барды айтамын, жарай ма? Сен екеуміз дос емеспіз бе?

Б о б р о в. Әрине, айт, досың бәрін ұғады *(Амалия кіреді.)*

А м а л и я. Валентиночка... а, Наташечка, бөпетайым... кәмпит жеймісің?

Н а т а ш а. Дядя Коля, кетейікші!

Б о б р о в. Кетейік. *(Наташаны қолына көтеріп алып кетеді.)*

А м а л и я. Николайдың қызы мұндай болсын деп тілеген жоқ едім. Валентиночка, балақайым, ішкі киімдерің даяр...

Қайдасың? *(Есікке қарай жүреді. Қарсы алдынан Цеховой шығады. Амалия үркіп қысылып, кейін шегінеді, естір-естілмес қып.)* Николая...

Цеховой. Сіз қандай айламен тірі қалдыңыз? *(Есікті жауып.)* Мен сізді әлдеқашан...

Амалия. Ғажәппен, Никола, ғажәппен ғана тірі қалдым. Жасаған-ау, неткен жақсысың!

Цеховой. Қойыңыз оны. Уақыт — жетеді, сонда мен сізді қайта табамын. Әзірше ұлыңыз барын ұмытып тұрыңыз.

Амалия. Мені қайта табам деймісін, Никола.

Цеховой. Иә, лаборатор ісі біткен соң, профессор баяндама жасағаннан кейін, бұған тыныш қызмет етуге мүмкіндік беруші жалғыз мен болғандығыма жұрттың бәрінің көзі жетеді. Мені Невскийдің орнына шығаратын шығар. Ол езілген байғұс смета комиссияларының ішінде қақтығамен жүріп бар абұйырын тауысып бітті. Мен басыма сенім мен атақ әбден оралып болған соң контрольный комиссияға келемін де, қызыл үстелінің алдына барып: “мен міне” деймін. Айыптымын, партияны алдым. Партия заңының қаталдығын қолданып, хукім қылындар деймін... Сонда менің қылмысым не екенін естігенде олар жымып қана күледі де: “бар, жұмысыңды істей бер, ендігәрі айыпты жұмыс істеме”, — дейді. Мен институт директоры, анама ұл болып, қайта қайтамын.

Амалия. Аһ, марқұм сенің әкең де осындай жақсы сөйлеуші еді *(Бородин кіреді. Тым-тырыс.)*

Бородин. Қысылмаңыздар, сөйлесе беріңіздер мен өз кісілерің.

Цеховой. Сізге... Бір нәрсе мәлім бе?

Бородин. Бәрі мәлім.

Цеховой *(Амалияға)*. Әй, кемпірдің тілі-ай!

Бородин. Қымбатты күйеуім, айтыңызшы шыныңызды: қорқасыз ғой? Үстіңізде саялы бәйтерек тұр ғой, бірақ соның астында жүрегіңіз қорқыныштан шаншып тыным бермейді, ә?

Цеховой. Сөз емес, есіттіңіз бе, сөз емес.

Бородин. Сіз біздің тұқымның адамысыз. Төменнен көтерілген емессіз, зор саясатшы болуыңыз мүмкін. Ол салакият сіздің қаныңызда бар *(Валя кіреді.)*

Амалия. Валентиночка, балақайым, мен сізді іздеп едім!

В а л я. Енді жүруге болады.

Б о р о д и н. Иә, қайтейін, Валюшка бақытты бол!

В а л я. Тырысайын, әке!

Ц е х о в о й. Қош болыңыз, Иван Ильич, есіңізде болсын менің айтқаным, сөз емес (Валя мен Николай кетеді.)

А м а л и я. Бұныңыз не, оны неге қыздырдыңыз?

Б о р о д и н. Николай Петрович, “сөз емес” емес, шынның шыны. Сіз қорқасыз. Сіз көп өрістейсіз, бірақ сіз де қорқасыз. Менің шынжырымның екі басы қабысып тұйықтауға айналды. Иван Бородин баяндамасын үш айдан соң емес, үш жұмадан соң оқиды. Иә, “келешек жылдар” тығылған, күңгірт тұман ініне, бірақ сенің тағдырың жазылған жарқын жүзіңнен, бар адамның тағдырын, бар мемлекеттің тағдырын тұтас көріп отырмын... Мен бә-ә-рін айтамын, бәрін... Есалаңдық тыйылады. Адам түсінеді де, тіл алады да... Жалғыз-ақ Валюшка кетіп қалды-ау. Сүйді де кетті міне... Бала әкеге оның жас дәуренін қайтарып әкеп бермейді. Кәрілік өр қашаннан жалғыздықпен егіз. Амалия Карловна! Мен қайраттанып, өгіздей өрге сүйреп қызмет етем. Бірақ өткен-кеткеннің салмағынан белім бүгіледі. Пешке қарай тарта береді. Таңертең тұру да оңай емес (*Захаров кіреді.*)

З а х а р о в. Жастықтың ісшілдігі болса, кәріліктің кеменгерлігі бар.

Б о р о д и н. Кәртейген шағында бұрынғы өміріңді теріс жүріп өткізген екем деп түсінсең, онда ешбір кеменгерлік сүйеніш бола алмайды, Виссарион Захарыч, біз, міне қазір үш кәрілікпіз... Ал, қайсымыз дұрыс өмір сүрдік? Қайсымыз?

А м а л и я. Бар ма есіңізде? Татьяна күні... Колонный залдың оттары, жұрт алдында орта бойлы, сымбатты студент.

Б о р о д и н. Қандай жақсы, қандай уыз еді розалар... ә, баяндаманы бәрібір істеймін! (*Пианино тілдерін басып қалады.*)

Ш ы м ы л д ы қ

Жетінші сурет

Мінбер. Профессор Бородин баяндамасын оқып тұр. Үстел айналасында: Невский, Цеховой және басқарманың үндемес мүшесі.

Б о р о д и н. Менің баяндамама аяқталып келеді. Мінез дегеннің негізі: арнаулы, айдаушыл, қоздырғыш стимулдар болатынын үй қояндарының мысалынан көрдіңіздер. Біз стимулын тапқан соң соған әсер ету арқылы, мінез де өзгерте аламыз. Осыған ұқсас, адам қауымының да, бір қоғамдық ортасының салмақты стимулын тауып алсақ, соған қарап сол қоғамдық ортаның, қоғамдық мінезі қай жолмен өсетінін алдын ала болжауымызға болады. Олай болса ғылымның саясатты керексіз қылып, реттен шығаратын сағаты соқты. Біз мемлекетімізге шамамыз келген жәрдемімізді істемек болдық. Сонымен бүгінгі адам мінезінің іргесі боп жатқан стимулдар нелер екенін зерттеп еттік. Бізбен бірге істескен бірнеше партиялық жолдастар болды. Олардың ісінде мен, әсіресе көп еңбек сіңірген кісі деп Николай Петрович Цеховойды айтамын. Сол адамдармен бірігіп, біз әр түрлі қоғамдық таптардың адамынан бірнеше жүз кісі таза ғылыми жолмен өттік. Мен бұны зерттеудің жолдары мен әдістері қандай болғандығы туралы айтпай-ақ қоямын. Білгісі келгендер материалдарды қарауға болады... Жалғыз айтатыным, зерттелгендердің 80 процентінің мінез стимулы қорқыныш боп шықты.

Д а у ы с. Не?

Б о р о д и н. Қорқыныш. (*Баяндаманың осы жерінен бастап, аяғына шейін басқармаға залдың әр пұшпағынан шыққан запискалар жауа бастайды.*) Горндайк, Уотсон, Лэшли тағы басқалардың кітаптары бойынша⁷, қорқынышты туғызатын ықтиярсыз стимул — не қатты дыбыс, не тіректен айырылу болады екен.

Барлық зерттелгендердің 80 проценті үнемі сондай ақыру, зекудің қаупімен, немесе қоғамдық тірегінен айырылумен тіршілік етеді.

Сүт сатушы қатын — сиырын конфискулейді деп қорқады. Қара шаруа — ықтиярсыз коллективке кіргізе ме деп қорқады. Кеңес қызметкерлері — тынымсыз тазартудан қорқады; партия

мүшесі — ісімнен уклон шығып қала ма деп қорқады; ғылым қызметкері — санашылдыққа айыпталам ба дейді; техника қызметшілері — зиянкестікке айыпталам ба деп қорқады. Міне, осындай ұлы қорқыныштың дәуірінде келеміз.

Қорқыныш талай талантты оқығандарды туған аналарынан бездіріп, туысын жасыртып, жалған айтқызып жүр. Қорқыныш соларды биік орындарға қарай ұмтылтады... иә... себебі биік орында тұрғанда сыры ашылса, ол соншалық қауіпті емес. Қорқыныш адамды өкшелеп жүр, сондықтан адам ешкімге сенбейтін, тұйық, ұятсыз, салақ, негізсіз болып барады... Жұмыстан қалғыштық, өндірістің кедергісі, жалпы кедейлік, аштық та сол қорқыныштан туады. Ешкім зекіру, ақырусыз, қара тақтайға жазылусыз, не отырып қалу, не айдалып кету қауіпінсіз іс істемейді. Жұтқалы келе жатқан айдаһарды көрсе үй қояны орнынан тапжыла алмайды. Қорыққаннан бар денесі ағаштай боп иілмей қалады. Сондықтан жыланның келіп оралып, қысып, жаншып өлтіргенін өзі қимылдамастан тосып алады. Біздің бәріміз де сол үй қоянымыз. Осындай халде жанданып іс істеуге бола ма? Әрине, болмайды.

Зерттелгеннің қалған 20 проценті төменнен көтерілгендер, жұмысшылар. Олардың қорқатын ештеңесі жоқ. Мемлекеттің қожасы да солар. Олар кеңеске де, ғылымға да зор көкірекпен кіреді. Етіктері тасырлап, қатты күліп, дабырлап сөйлеп кіреді... Бірақ солардың өздері қорықпаса да олар үшін милары қорқады... Қара жұмыс адамының миы, шамадан тысқары нағрузкадан қорқады. Содан барып қашқынды қуғындылық дерті пайда болады. Олар ылғи қуып жетіп, басып озуға талпынады. Сондай таусылмайтын жарыста өкпесі қабынған сияқты болып, миы не жынданады, не баяулап әлсірейді, шөгеді. Жойыңыздаршы қорқынышты, сол қорқынышты туғызарлық нәрсенің бәрін; сол күнде мемлекет қандайлық жанды, салынды тіршілік бастағанын көрер едіңіздер. Осымен сөзімді бітіруге рұқсат етіңіздер (*Мінбеден түсіп кетеді.*)

Ц е х о в о й. Пышақсыз бауыздады ма... (*Маңдайының терін сүртеді.*)

Н е в с к и й. Профессор Бородинның баяндамасы бойынша сөйлегісі келген жолдастардың саны жүзден асты. Енді записка бермеулеріңізді өтінемін. Жазылу ретінде бірінші сөз “Красный

прокатчик” заводынан келген Спасова жолдасқа беріледі. Одан кейінгі сөз аспирант Кембаевтікі. Үшінші — профессор Бобров.

К л а р а. Мен “институтқа шефтық қыламын” деген заводтың атынан сөйлеймін. Бірақ біз шефтықты сөйлегенмен институттың ондай уақ-түйекке қолы тимейтін болады.

Н е в с к и й. Біз ғылыми баяндаманы талқыға салып отырмыз. Шефтық мәселесінің бұл жерге қажеті жоқ.

К л а р а. Олай болса, егер біздің заводымыз институтқа шефтық қылса, онда біз мынадай ғылыми баяндамаға жол бермес едік.

Д а у ы с. Дұрыс!

К л а р а. Ал, енді баяндаманың өзі туралы. Қорқынышты жоғалтыңдар деген ұсыныс жасады профессор. Біз сіздің ұсынысыңызды қабыл аламыз. Келіңіз қорқынышты жоғалтайық. Сонымен, адамның күші мен өнерін жанды, жалынды тіршілікке сарп қылатын болайық. Бірақ қорқыныш жойылу үшін әуелі соны туғызған себептерді жою керек. Ал, себептер бригада да, тазарту комиссиясында да, тіпті СПВ-де де емес. Профессор, сіз бен біз кәрі адамдармыз, сондықтан білеміз қорқыныш жер үстіне бүгін ғана келген жоқ. Талай мың жылдар бойы тіршілік етеді. Жер үстінде құлдық пен зорлық дүниесі орнағаннан бері қарай, қорқыныш адамды адамның басып бағындыруының зор құралы болған... Шошыту... еркін алу... езілушілердің қарсылығын таптау... барлық дәуірлердің, барлық халықтардың айдаһарларының мұраты осы болған. Шошыту керек, сол үшін еріткен қорғасын Болотниковтың тамағына құйылған. Разинның денесі тірідей кескіленген. Пугачевтардың бастары алынған; көтеріліс жасайтын құл крестьяндардың қалалары соққыға ұшыраған; қызыл Пресняның дружинниктері оққа ұшқан; сібір партизандарының іштерін жарған. Сонда поптар өкіметке қарсы болушыларға тамұқ жазасын тілеген. Профессор да өздерінің мінбелерінен қара жұмыс адамы ғылым мен мемлекет ісіне жарай алмайды деп иландырған.

Шошыту керек! Бірақ езілгендер — үй қояны емес-ті, профессор Бородин! Олар Спартактың отрядында соғысқан; олар инквизацияның отында жанып бара жатып, бостандық ұранын тастаған; олар басын шапқалы тұрған жендеттің бетіне түкіргендер; дар ағаштың табанында тұрып күреске

шақырғандар. Солай болатын. Оларды жаяу этаппен Орта Колымскіге каторгаға айдаған. Орта Колымскіге шейін қанша жүретінді, сіз профессор, білесіз бе? Сегіз жыл жүруші еді... Үркіттің өзіне шейін екі жарым жыл жүретін... Бұл сізге сүт сатушы қатын емес.

Оларды каторгаға айдап, абақтыға отырғызатын. Сонда да олар қашып шығып, қайтадан алысқа кірісетін.

Солайша қорқыныштан қорықпайтындық туған. Бұл езілгендердің ерлігі еді. Олардың айырыламын, аяймын дейтін еш нәрсесі жоқ еді. Ол еңбекшілдің, төңкерісшілдің, большевиктердің ерлігі. Енді келіп, сіз бізді поездың кешігіп жүретінімен қорқытпақ боласыз. Бұныңыз іске аспайды, профессор, іске аспайды.

Қорқынышты жою үшін сіз бен біздің қайсымыз іспен алысып отырмыз; қорқыныштың негіздеріне қарсы көтерілген, қанау мен қан дүниенің негізіне қарсы көтерілген біз алысамыз ба? Жоқ, бюрократты тазартудан, құлақты коллективтен, зиянкесті СПВ-ден қорғаймын деген сіз алысасыз ба? Тап дұшпанының кедергі жасауға батылы барып, колхозды өртеп, консервіні уландырып, оның үстіне мына мінберден сөйлеуге батылы барып отырса, — ол әлі қорыққандық емес. Онда сақтықты бұрынғыдан он есе арттыру керек болғаны. Біздің қатарымызда қиыншылықтан қорқатын адамдар шыға қалса, ол капитал айдаһарының көзі әлі оны арбап тұрғандығын көрсетеді. Олай болса қаттылықты да он есе арттыру керек.

Тап тартысында ер болыңдар да, тап дұшпанына рақымсыз болыңдар (*Тым-тырыс.*)

1907 жылы менің ұлым дарға асылды... Жиырма жылдан кейін төңкеріс музейінде мен сондағы жендеттің есебін тауып алдым. Содан бері анда-санда кәрі сүйегім шаққан уақытта сол есепті оқимын. Бойыма жаңа қуат біткендей болады. Есебі міне: — білезік темір — отыз тиын, арқан — елу тиын, басына жабатын қапшық — бір сом.

Оның жүзін көрмес үшін басына қапшық кигізіпті. Дарға асатын адамның пішінінен қорқатын... Пішінінде өздеріне арналған хукім жазылған. Соны оқудан қорқатын. Олар сол қапшығын біздің бәрімізге қаптамақ болады.

Арқанға елу тиын емес, миллиондарын да қуана-қуана береді. Олар бізге өлім білезігін соқтырып алып, бұл күнге шейін дүние жүзі көрмеген — қан мен қорқыныш теңізін жаймақшы. Бірақ біз бен сенің соңғы рет кездесетін сағатың жеткенде, бастарыңа қапшық жаппай-ақ қоямыз біз, капиталшы мырзалар! (*Тым-тырыс.*)

Біз жер үстіндегі соңғы зорлықшылдың қарсылығын құлатқан соң, содан кейінгі бала, ұрпақ “қорқыныш” деген сөзді тілмаштан ғана көретін болады. Оған шейін тап тартысының қорықпайтын ерлігіне шыныға беріндер. Жаудың жаңа шабуылдарына әзір отырыңдар! Кездессеңдер, жұмысшы табының алып қолымен сілейте ұрыңдар! (*Қол шапалақтау.*)

К е м б а е в. Профессор Бородин! Сіз ғылым саясатты қағып шығаратын сағат соқты дедіңіз, жалғыз-ақ соныңыздың өзімен ғылымды тастап, саясатқа аттап кеткеніңізді түсіне ме екенсіз. Жүйеңіздің өн бойында түгел ғылым бар деп білмеймін мен, үй қоянынан ары асқан жерде сіз ғылым негізінен, ғылым қалпынан кеткенсіз, жүйеңізде ғылымдық пішін жоқ. Сіз адам қауымының қалпын, адамның мінезін, ішкі қиын терең дүниесін, үй қоянынан байқалған мінезбен шешесіз. Сіздің үй қоянынан сүт сатқыш қатынға, құлаққа қарай бір-ақ секіруіңіздің өзінде механикалық ұшқырлық бар. Ал ол сүт сатқыш қатынмен және басқа неше алуан сіз іріктеп алған обыватель мешанмен бүгінгі социализмді құрып келе жатқан жұрттың адамының арасында қаншалық зор айырмыс бар екенін кім білмейді, кім ол айырмысты я жоқ, я жалған деп айта алады? Бұл күнге шейін адам баласының тарихы көрмеген жаңа өмірдің жаңа жолын жарып салып келе жатқан пролетариатты қояйық. Басқа жай адамның жай-жабайы тұрмысы мен мінезін, ішкі дүниесін алайық. Соның өзін де, я үй қояны, я түз қояны, қатта тіпті биология басқышының адамға жақын сатысында тұрған адам кейіптес маймыл мінезіне қарап шешуге бола ма? Өзге барлық жануарлар бір төбе, адам бір төбе, адам мінезін биологиялық примитив мінезімен шешу, әсіресе, профессор Бородинше шешу зорлық. Әдейі істеген зорлық; саяси мақсатпен істеген зорлық. Ал, тіпті профессор Бородиндікін бір сәтке дұрыс дей тұралық: 80 процентті билеген стимул қорқыныш болсын.

Жә, сол жүйемен тексергенде — осы профессордың осы бүгінгі өзі істеп тұрған стимулы не? Бұл қорқыныш емес қой. Бородин бекіткен төрт стимулдың ішінде, бұл ашу стимулынан ғана туған бола ма? Профессор сияктанып үй қоянынан Бородинның баяндамасына қарай біз де бір-ақ секіріп түссек, бұнда ашудан басқа еш нәрсе таба алмауымызға керек қой. Бірақ оған, Бородин, сіз өзіңіз де көнбейсіз, өзгені де көндіре алмайсыз. Баяндаманың терең тамырлары, үнемі, социология, саясат, ғылым бар — барлығына түгел барып тереңдеп батып отыр ғой, мұны кім білмейді, кім түсінбейді? Онан соң мен сіздің институттағы төменнен көтерілген аспирантпын. Бұрын бұратана ұлт деп саналған елден шыққамын. Сіздің үй қоянынан бір секіріп ұстағаныңыз сүт сатқыш қатын болса, тағы бір секіргенде қармағаныңыз біз сияқты төменнен көтерілгендер болатын, әсіресе мен — қазақ, кешегі қой соңынан ерген қойшы, бүгін ғылым мұнарасына өрлеймін деп “Әлін білмеген”, сіздің ойыңызша ғылымды көтере алмай миы қорқып, құз түбіне құлайды деген адам — мен бір қызық материал болуыма керек. Солай деп қарадыңыз да. Үй қоянының аласы, қарасы, ағының ортасында мен сізге тағы бір өзгешесі боп көріндім. Сіз осы жағынан ғана қарап, менің миымның өсемін деп шөккенін, өрлеймін деп құлағанын көремін деп үміт етіп жүрдіңіз. Бірақ сәуегейлігіңіз келген жоқ. Ал, қасыңызда, көз алдыңызда жүрсем де өскенімді әлі көрген жоқсыз, көре алмай келесіз. Үйткені сіз оны көрмекші емессіз, өзіңіздің күткеніңізді көруге ынтықсыз. Осы сияқты көтерілген бақташы жалғыз мен ғана емес, бұрын мен туып — өскен елдің — қазақтың кедейі, еңбекшінің бәрі бақташы еді, бәрі де артта қалған еді. Сіз төменнен көтерілген бізді айтасыз. Ал, сол қазақтың төменнен көтерілген, шын көтерілген, социализм құрылысы көтерген мың-мыңдарының қандай екенін сіз білесіз бе? Кешегі нағыз бақташы, нағыз еңбекші, нағыз қалың бұқараның — мың-мыңдарын айтамын. Сіз білмейсіз. Ол сіздің лабораторыңыз емес, ұлы төңкерістің, алып құрылысының жемісі мен туындысы. Ол сияқты сан мыңдардың бұл күнде бақташы ғана емес, Түрксибтей жол, Қарағанды, Риддердей ұлы өндірістің белсенді, екпінді қайраткері екенін де білмейсіз. Қазақстанның

құм шөлі де сонау баяғы сіздің бала күніңізде география картасынан бір көрген ақ таңбаңыз емес. Бүгінде айқыш-ұйқыш түскен жолдары бар, көз тұнжырататын құбылып тұрған түсті металдары бар егінші-индустриялы, тең мемлекет болғанын да білмейсіз. Жайын Қазақстанның мәдени мемлекет болғанын, жабайы, жалпы қазақтың — социализм жұртшылығының тобына қосылғанын, қатарға енгенін білсеңіз, ұқсаңыз, сіз мұндай баяндама жасамас едіңіз. Өмір мен тарих баяғыда лақтырып тастаған санашыл, байшыл, кертартпа жүйе — жыныстар жүйесін қолданбас та едіңіз. Одақ миллиондарының өскенін білсеңіз, ұқсаңыз, мына жүйе болмысыңызды бір Қазақстанның өз мысалы-ақ шалқасынан салатынын түсінер едіңіз...

Ш ы м ы л д ы қ

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Сегізінші сурет

Үлкен, биік бөлме. Есігі сықырсыз ақырын ашылады. Ішінде зор тыныштық. Бөлме ішінде тергеуші әйел бір нәрсе жазып отыр. Бородин кіреді, есік жабылады.

Б о р о д и н. Мені жабатынды білгенмін. Сіз жалғыз-ақ, тілеуіңізді берсін, менің үйіме телефон соғып, менің түнде киетін башпағымды беріп жіберсін деңізші (*Тергеуші отыруға ишарат қылады.*) Сіздің бұныңыз үлкен әдептілік... Бірақ сонда да сіздер ғылымнан қорқасыздар. Ғылымның қорытындысымен дауласқанда әрестен бастайсыздар. Бұл дәлел емес, күш қой... қарағым. Мені тұтқынмен қорқыта алмайсыңдар, көрер өмірді көріп өткізгемін. Енді үйде өз төсегімде өлем бе, жоқ абақтының төсегінде өлем бе, оның бәрібір. Бірақ менің пікірлерім өшпейді. Өмір сүреді, шәкірттерім соны тереңдетіп ұлғайтады. Әрине, таласпаймын, әлгі кәрі большевик әйел, жауапты жақсы айтты... ашумен айтты... қатты ашулы еді. Мен шынымды айтқанда, көп нәрсе туралы едәуір ойланып қалдым. Баяндамадан кейін бір түн бойы ұйықтамай да шықтым, ылғи сол кемпір туралы ойладым. Жасы мен шамалы әйел. Бірақ екеуіміздің кәрілігіміз екі алуан, ұқсаспайды. Дүниені де екеуіміз екі түрлі көреміз. Мен

оған хат та жаза бастап едім, бітіре алмадым. Бірақ хатым жаман шыққан жоқ. Иә... бұдан 30 жыл бұрын маған барлық нәрсе әлдеқайда түсініктірек еді. Міне, жаңа бір газет сатып алдым. Мен туралы жазады. *(Тым-тырыс.)* Иә, енді бастасаңызшы сұрауыңызды *(Тергеуші тұрып, кейбір қағаздарын жиып алып, басқа бір есіктен шығып кетеді.)*

Б о р о д и н *(жалғыз)*. Солай... *(Үндемейді. Содан кейін өзімен ала келген газеттерінің біреуін жайып қарап.)* “Тап дұспаны мінберде” Бұлай деп мені айтады... солай *(Оқиды.)* Нығыз... нығыз айтылған *(Екінші газетті алып.)* “Бородин күйесінің күлметін ашайық”. Мақалалар, хаттар, резолюциялар... профессорлар, студенттер, темірші, тоқымашылар... бәрі де тұлан тұтады. Бұлары несі?.. *(Үшінші газетті алады.)* Ғылымға еңбекші лектерін батымдықпен кірістіру керек *(Қалтыраған Захаров ақырын ғана кіреді.)*

З а х а р о в. Иван Ильич.

Б о р о д и н. Мынаны қараңыз, Виссарион Захарыч, бұрын менде күтуші болған Настяның суреті. Қазірде ол тоқымашы. Белсенді. Суреттің астында ол жазған сөз де бар. Настя мен туралы сөз жазады, Настя жазады! Ол хатты да шала танушы еді-ау, адам дегенге не болып барады!?

З а х а р о в. Мен Настяны ойлайын деп тұрғам жоқ, Иван Ильич.

Б о р о д и н. Ан... иә... иә... *(Айнала қарап.)* Сіз қалайша мұнда келіп қалдыңыз?

З а х а р о в. Құдай білсін... тып-тыныш жұмыс істеуші едім. Ешкімге тимеуші едім, уһ, жаман қорқам, Иван Ильич!

Б о р о д и н. Болды, болды... Кришнядан жәрдем сұраңыз. Дәмін сезбейтін бол мұндайлардың... адамның қиқым таласынан жоғары өрлеп, асып кет...

З а х а р о в. Өрлеп, асып көріңіз... *(Тергеуші кіреді. Артынан Кембаев бірге кіріп.)*

К е м б а е в *(тергеушіге)*. Көрші, жолдас, міне. Бұл Захаровтың институтқа, физиология жолындағы адамдарға арнап алған кітаптарының аттары: “Сиқырлық зиян”, “Креспен пентаграм”, “Аруақпен сөйлеушіге жолбасшы”, “Қараңғы сенім дүниенің негізі”... Осы сияқты кітаптар тау болып жатыр онда... зиянкестік. Не айтасыз, жолдас?

Т е р г е у ш і ә й е л . Бұған сіз не айтасыз, Иван Ильич?

Б о р о д и н. Жоға, осыған сіз не айтасыз, Виссарион Захарыч?

З а х а р о в. Сикырлы, адам мінезі жайындағы ең тереңдеген ғылым. Біз енді адам мінезін зерттеп жатқан соң...

Б о р о д и н. Япыр-ау, сіз бір заманда профессор да болдыңыз-ау, Виссарион Захарыч!

Т е р г е у ш і (*Кембаевқа*). Сіздің енді жүре беруіңізге болады, жолдас! (*Кембаев қоштасып, шығып кетеді.*)

З а х а р о в. Мені, олай болғанда, кітап үшін екен ғой... Іріктеудің жамандығы үшін ғой... Бұл дұрыс... ал, басқа ештеңе жоқ... кетуге бола ма?

Т е р г е у ш і. Басқа ештеңе шын жоқ па?

З а х а р о в. Немене бар? Құдай біледі ештеңе... (Тым-тырыс.) Ештеңе... әлде “Барлық мәдениетті адам баласына” деп арнаған үндеу қағазға қол қойғаным ба? Бірақ құдай біледі бір тиын алған емеспін... Қол қойсам айыма жүз сомнан береміз деп уәде қылып еді, бірақ бір тиын да берген жоқ.

Т е р г е у ш і. Кім уәде қылды?

З а х а р о в (қатты сасып). А?.. Мына кісі... (Бородинды көрсетеді.)

Б о р о д и н. Мен бе?

З а х а р о в. Мен ол ақшаға дүрбі сатып алып, бақшаларда жұлдыздарды көрсетіп жүрейін деп едім... мен...

Т е р г е у ш і. Үндеуді кім жазды?

З а х а р о в. Мына кісі... (*Бородинді көрсетеді.*)

Т е р г е у ш і (*оқиды*). “Профессор Бородин абақтыға камалды”... Мұнысы жалғыз емес пе, Иван Ильич-ау?!

Б о р о д и н. Мен оған керек емес деп айтып едім.

Т е р г е у ш і. Кімге?

Б о р о д и н. А? Жоқ, Бұл солай... үндеуді жазған мен емес.

Т е р г е у ш і. Кім жазды?

Б о р о д и н. Білмеймін.

З а х а р о в. Осы... осы... осы кісі...

Т е р г е у ш і. Сіз барыңыз.

Захаров көткеншектің, сүріне шығып кетеді.

Б о р о д и н. Бұлай болғанда сіздің сөзіңіз баяндама туралы емес екен ғой?

Т е р г е у ш і. Оқып шығыңыз (*Қағаз береді, Бородин оқиды.*)

Б о р о д и н. Мен ешкімді де қыздырып, қоздырған емеспін... Төменнен көтерілгендермен алысу үшін де лаборатор ашқам жоқ... Мен үндеуді де жазғам жоқ. Ие, бір ғылыми партия деген партияны білмеймін (*Тергеуші кнопканы басады. Герман кіреді.*)

Б о р о д и н. Герман! Міне, міне, мына кісіге айтшы, сен, Герман... Бұл менің шәкіртім, менің куэм. Баяндаманы екеуміз бірге дайындадық. Осы бәрін біледі. Айтшы, Герман!

Г е р м а н. Мен бұрынғы жауабымды қайта айтуға керек пе? (*Тергеуші басын изейді.*) Жақсы мен қайта айтайын... Мені шекарада ұстап, осында алып келді. Маған бірнеше айып қойды, бірақ менің барлық қылмысыма айыпты кісі — профессор Бородин.

Б о р о д и н. Мен бе?

Г е р м а н. Бородин менің ұстазым, ақылгөйім болған. Мен бұл кісінің жүйесіне сендім. Біліміне бағындым. Мені беделімен де, иландыруымен де бағындырды. Профессор Бородин маған төменнен көтерілушілерді жек көруді үйретті. Ғылым олармен алысу керек деп үйретті... Бұрынғыңнан екі есе артық ізденіп, оқып, төменнен көтерілушілерді өзіңнен озғызба. Мемлекетті олар емес, біз билеуге керек екендігіне көздерін жеткіз деді. Барлық жерде жалғыз ғана қорқыныш, аштық, жындануды ғана көруге үйретті; иттің таласы мен жұмысшы көтерілісінің арасында ешбір айырма жоқ, онда да, мұнда да аштық... Екеуі де не сүйек, не нан үшін алысады. Тап тартысы деген — еріккен саясатшылардың ойлап шығарған нәрсесі деді... иә, Бородин жақсы саясатшы болатын. Ол үгіттеді, қыздырды. Бірақ өзі тартыстың сыртында қалып отырды. Мен немене, мен қолында ойыншық болдым. Жас едім. Шетке қағылған әділдікті жоқтадым. Мен қорқыныш жайындағы жүйе, төңкеріске қарсы шыққан саяси қозғалыстың туы болып кететінін біліп едім...

Б о р о д и н. Не деген сұмдық!

Герман. Иә, сұмдық. Бородин таза, сара ғалымның тонын киіп іс қылды. Мен қара жұмысына жүріп отырдым. Менің иығыма жасырын ұйымның салмағы түсті; неше түрлі қараңғы жұмыстар істелді. Мен қайтпас жолға, кірге малтықтым. Соның бәрін профессор жайымен, ғылыми баяндама дайындасын деп істедім. Бүгінгі күнде мен айыптымын. Бұл кісіні сіздердің менен он есе артық қылып соттауыңыз керек.

Тергеуші әйел. Үндеуді кім жазды?

Герман. Бородин... Мен көп уақыт жаздырмай жүрдім. Санасыз-ақ іс еді... Менің сыртқа документ... апарғым келмеді. Бірақ мені Бородин қорқытты, командировканы алып қойып, институттан шығарып тастаймын деді. Мен сенат мүшесінің баласымын... менімен ойына келгенін істей алады...

Тергеуші әйел. Осы рас па, профессор? (Бородин бекер дегендей қылып, басын шайқады.) Гражданин Кастальский, барыңыз (*Герман шығады. Тергеуші бөлме ішінде бір рет арлы-берлі жүріп келіп, кнопканы басады, Варгасов кіреді.*) Бородин туралы сіз не білесіз?

Варгасов. Мен бар істі осы кісінің бұйрығымен істедім. Үндеудің аяғына әркімнің қолын қойғыздым. Оны да осы кісі бұйырды. Содан кейін баяндаманы сыртқа жібер деп тапсырды. Бұл біздің ғылыми партиямыздың програмы, деді. Ол не, қандай программа, ішінде кім бар, не үшін керек — оның бәрін мен білмеймін, ар жағындағы сырларын айтқан жоқ.

Тергеуші әйел. Барыңыз.

Варгасов. Және менің бір қосайын дегенім бар еді. Профессор мені үй қоянындай қылып, ылғи қорқытып ұстаушы еді. Сондықтан уақытында білдірмедім. Қоркушы едім, бұл кісіден, қорықтым!

Тергеуші. Барыңыз (*Варгасов кетеді, тергеуші әйел бөлме ішінде тағзы біраз жүріп келіп, Бородинның алдына тоқтап, қолындағы стенограмманы оқиды.*) Біздің бәріміз де үй қоянымыз. Осындай болған соң жанданып іс істеуге бола ма? Әрине, болмайды!.. Жә! Иван Ильич, жаңағы адамдарыңыз кім? Бұлар үй қояны ма, айдаһар ма? Сізді қандай қылып орап алғанын көрдіңіз бе, а? Бұны да өмір үшін қорыққандық дейсіз

бе? Болар ма солай деуге? Төңкеріске қарсы шайкеге кірерде бұлар қорқынышты жеңіп кірмеді ме екен! Иван Ильич, тап тартысы қорғаныш атаулының барлығынан көрі күштірек-ау... Кәні... Бұлардың айыптауларына қарсы сіз не айтасыз енді?

Б о р о д и н. Мен еш нәрсе айта алмаймын. Барлығы да бұлай емес... басқаша... бұндай... сұмдық... емес...

Ш ы м ы л д ы қ

Тоғызыншы сурет

Екінші суреттің көрінісі. Еленаның пәтері. Ерте, таңертеңгі мезгіл. Терезе алдында Наташаның үстелінің үстінде жаңа істеле бастаған кішілеу мүсін. Соның жанында Валя жапсырып байқайды. Бөлме ішінде салқындық білінеді. Еленаның үстелінде кастрюлька, бұрышта Амалияның шүберек салған кәрзеңкесі. Қағаз сауыт, шыны сауыттар пайда болған. Үстел, орындықтар бұрынғы орындарынан ауыстырылып қойылған. Барлық көрініп тұрған нәрседе бір түрлі қаңырағандық, уақытша тұрғандық таңбасы бар сияқты. Амалия бір есіктен бір есікке ақырын жылжып кіріп, жылжып шығып жүр. Бір нәрселерді ала жүреді, бірдемені шайнап, күбірлеп сөйлейді. Валя саз балшықты тастай беріп, саусақтарын сүртіп, ойланып отырып қалады.

А м а л и я (*жақындап келіп сыбырлайды*). Коленька тұрып жатыр. Коленькаға тұқымнан құймақ керек. Сіз Коленьканы барыңызша жақсы көрмейсіз. Жиі ренжіте бересіз. Қамын да көп жемейсіз. Аһ, мұндай келін емес еді күткенім.

В а л я. Сіз қап тесер тышқансыз... Иә, иә... қаңыраған бос пәтердегі тышқанымыз, еденде жорғалап жүріп үстел-орындықты кеміресіз (*Қолында түйіншегі бар Наташа кіреді.*)

Н а т а ш а (*Амалияға*). Сіз кішкене бала емессіз, нәрсеңізді өзіңіз жиып жүруге керек. Ас үйді тіпті сенбілік жасамаса арылмайтын қылып қоқырсытыпсыз.

В а л я. Қоқсық... айнала қоқсық... әлдеқайдан темекінің сабағы да қаптап кетіпті (*Клара кіреді.*)

К л а р а (*өз бөлмесіне бара жатып*). Наталка, сен мені біржолата ұмыттың-ау. Үйге жатарда ғана бір-ақ келесің.

Н а т а ш а. Клара тәте, мен сенімен ақылдаспақшымын.

К л а р а. Кәне, кел, ақылдасайық.

Н а т а ш а. Менің әкем ішуден айықпайды. Кеше ұрысып та қалдық. Мен — ішкіш әкемен бірге тұрмаймын дедім. Ол: олай болса кет, жөнел, — деді. Мен енді нәрсемді жиямын да жөнелемін. Дядя Колянікінде біраз тұрғым келеді. Содан кейін отрядка барып, отрядпен бірге тұрамын.

В а л я. Мұнда қаңыраған бір қуыс. Өзі шаң, ешбір жан келмейді... Анау болса ылғи төсек тартып жатқаны. Өзінде тазалық жоқ. Мінезі бір түрлі қатты. Күні бойы ашуланып, сізді, мені, менің әкемді — барлығымызды ианаттайды... Мен біржолата есімнен айырылдым, Клавдия Васильевна!

Н а т а ш а. Бірге кетейік, Валя... Туған қызының тілін алмау қандайлық екенін байқасын. Сен нәрселерінді өзінмен бірге аласың ба? Алмайсың ба? Жарайды, керегі жоқ, менің бет орамалым бар.

К л а р а. Аһ, қыздарым, қыздарым, қайтсем екен сендерді? Бөлмеме апарып шай берем бе әлде? Шай ішіп отырып, бар жайды сөйлесеміз...

Н а т а ш а. Мен шәйнекті қайнатайын, кеңесейік (*Николай Цеховой кіреді.*)

Ц е х о в о й. Валентина, менің шешемді қап тесер тышқан дедің... тышқаннан тышқан туады... олай болғанда мен де тышқан ғой, солай ма? Сенің айтпағың сол ма?

В а л я. Мен сенің махаббатың өзімнің өзгеріп қайта туысуына күш береді деп іздедім-ау!

Ц е х о в о й. “Адамды қайта туғызу — тракторды қайта түзеу емес”, кім айтып еді осыны, есімде жоқ? Есімде еш нәрсе де қалмапты. Иә, есімде бар екен — мені партиядан шығарып, институттан қуып шықты. Бұл есімде. Мені партиядан мына кемпір шығарды. Сендерге бұнымен сөйлесуге рұқсат етпеймін мен... түсіндіңдер ме? Рұқсат етпеймін!

Н а т а ш а. Өзара сынды тыюға болмайды.

Ц е х о в о й. Токтат!

К л а р а (*Валя мен Наташаға*). Жүріңдер біздікіне!

Ц е х о в о й. Валентина, қайт бері! Наташа, бар өз бөлмеңе!

К л а р а. Жол бер бізге!

Ц е х о в о й. Жібермеймін!

К л а р а (*әмірлі, қатты дауыспен*). Босат шапшаң! (*Тура өзіне қарай жүреді. Елена кіреді.*)

Е л е н а. Кімді кім босатпайды?

Н а т а ш а. Лена келді. Ленушка! (*Ұмтылады.*)

К л а р а. Жеттің бе әйтеуір?! (*Шамадан ұстап, Кембаев кіреді, артынан Бобров кіреді.*)

К е м б а е в. Клара, қонақ келді, қымбатты қонақ келді (Шамаданды жерге қояды.)

Б о б р о в. Институттың жаңа директоры. Вокзалда ячейка хатшысы (*шығып бара жатқан Кембаевты көрсетіп*) және өзінің орынбасары (*өзін көрсетіп*) болып лайықты құрметпен қарсы алдық.

Н а т а ш а. Сен біржолата келдің бе?

Е л е н а. Біржолата келдім, қызым, біржолата. Есенсіз бе, Валентина Ивановна! Николай, сәлемет пе? Сақалы алынбаған... Шашы үрпиген... Жуынбаған ба, немене?

В а л я. Ол әшейін, пахмелденіп қана болған жоқ (*Шығып кетеді.*)

Н а т а ш а. Мен, әлде нәрселерімді саған алып шығармын.

Е л е н а. Алып шық, Наталка, бірге тұрамыз.

Н а т а ш а. Қазір шай ішеміз (*Клараның бөлмесіне жүріп кетеді.*)

К л а р а. Сен сәнді киінетін болғанбысың, жарықтығым-ау... Жаңа костюм алыпсың... (*Кембаев кіреді.*)

Е л е н а. Профессор емеспін бе? Николай айтқандай мәдениеттірек болып тұру бөгет қылмайды тегінде... ғажайып! Бірталай жаңа дағдылар да таптым. Салмақты музыканы бір түрлі сүйетін болдым. Талай уақытымды концертте кетіремін. Соны істеп жүрген мен екенімді қайтерсің (*Шәйнек алып Наташа кіреді.*)

К е м б а е в. Жалғыз барамысың, жоқ қасыңда біреу бола ма?

Е л е н а. Әзірше жалғызбын, Құсайын.

К е м б а е в. Бұның жақсы екен... қарашы, Клара... Өзі жас, сұлу, дені сау, өзі ақылды — қымбат қонақ емес пе, Елена? Суың қайда Наташа? (*Наташамен бірге шығады.*)

Б о б р о в. Ячейка хатшысы жаңа директордың ықпалына түсіп кетті ме деп қорқамын.

Е л е н а. Бір түрлі тамаша жігіт... Жол бойы барлық жаңалықтарды айтып шықты. Жә! Осы үйде былық көбейіп кеткені несі! Жап-жақсы бөлме шатырдағы үйшікке ұқсап кетіпті.

К л а р а. Бұл бөлме қазірде қан майданының ортасы сияқты. Цеховойдың маған қарсы ашқан граждан соғысы бар. Мен

оны партиядан шығарып едім, ол мені пәтерден шығармақшы. Сонымен аз-аздап соғысып тұрамыз.

Е л е н а. Сен ұялмаймысың, Николай (*Цеховой үндемейді. Кембаев, Наташа кіреді.*) Құсайын, кел, осы үйде тәртіп орнатсақ қайтеді?

К е м б а е в. Орнатайық. Елена! (*Наташа шәйнекті алып келеді. Елена мен Кембаев бөлмені реттеп жүреді.*)

Е л е н а. Жә, кемпірім, біздің жоспарымыз қандай десеңізші — үш бес жылдыққа тұтас жетеді.

Б о б р о в. Институт қатты ұлғайып келеді, Клавдия Васильевна.

К е м б а е в. Он сегіз жаңа аспиранты бар. Соның оны партия мүшесі. Мықты ячейка жасап алдық.

Б о б р о в. Институт адамның жаңа кейіпкерлерін зерттейтін болады.

Е л е н а. Клара! Бұл — балшықтан істелген “ғылымға басқан пролетар” емес, мұны өмірдің өзі туғызып отыр.

Б о б р о в. Адамның жаңа бір тұқымы жасалып келеді. Енді 15—20 жылдан соң біз өте ескіріп қалған бөтен жан боламыз.

Е л е н а. Қорықпаңыз, Николай Касьянович, сіз де өсіп келесіз. Дұрыс емес пе, Клара? Бородинға жақсы жауап берді ғой. Мен газеттерден оқығамын.

К л а р а. Рас, саяси сөз сөйлеп шықты. Айтуына қалыпты, жабайы сөз тапты. Иландыра сөйледі.

Е л е н а (*әзілмен*). Ғылым адамына саясатқа жабысу залал. Әсірлер маштабынан айырылып қаласыз.

Б о б р о в. Әсірлер масштабымен ой жүргізуді мына кісі сияқты тамаша әйелден үйреніңіз.

Е л е н а. Е, сібірдің шыныларын қайттік?

Б о б р о в. Елена Михайловна!

Е л е н а. Бірақ, “Фауст” шын тамаша нәрсе, Саратовта оқыдым... Мына шелекті ас үйге апарып, ішіндегі лай суды төгіп, өзін шайып, қайтадан таза су құйып әкеліндерші (Бобров шелекті алып кетеді.) Терезені ашшы, Құсайын! Көктем мезгілі, күн мынау, немене газ үйшігіне кіргендей айналаны бітеп алғансыңдар? (*Кембаев терезені ашады.*) Біздің жаңа үйіміздің маңдайына “Алмас қорының институты” деген сөз ойылып жазылады. Және соның төменгі жағынан: “Қызыл ту орденінің ерлері, колхоз коммунасының белсенділері, екпінді бригаданың қайраткерлері — адам баласының алмас қоры

сендерсіңдер” деген ұран жазылады. Тамаша емес пе? Осыны вагонда ойлап таптым.

К е м б а е в. Сенің өзің де алмассың, Елена! Оны да ұмытпау керек.

К л а р а . Құсайын, сенің басың біраз тұманданғаннан сау ма?

К е м б а е в. Кім біледі, кітапхананы тексеріп, Захаровтың күлметін ашқанда басым сау-ды. Бірақ осы Еленаны көргеннен бері айналыңқырап тұрғаны рас... Кәрзеңкені қайда апарайын, Елена? *(Амалия кіреді.)*

А м а л и я. Бұл менің кәрзеңкем, тимеңіздер бұған, Никола, айтшы мыналарға, Никола...

Ц е х о в о й. Аулақ.

К е м б а е в. Ал, кемпір, шығар бір жаққа! *(Амалия кәрзеңкені сүйретіп әкетеді.)*

К е м б а е в. Бір түрлі кемпір өзі.

Ц е х о в о й. Еһ... *(Есікке қарай жүреді.)*

Е л е н а. Николай!

К е м б а е в. Кете берсін, тіпті жаным ашымайды.

Е л е н а. Рас, менің де жаным ашымайды. Бір жұлып алып тастаған тіс сияқты.

К л а р а. Бұл тамырынан шіріген тіс *(Наташа кіреді.)*

Н а т а ш а. Оһ, ауаның жаңғырғанын қарашы! Мен әлдеқашан ашайын деп едім терезені, кемпір аштырмайды. Шай дайын болды, жолдастар, шай дайын!

Е л е н а. Біз қолымызды ғана жуып алайық, Наташа!

К л а р а. Кәні, Ленка, енді көрсетші маңдайыңды! *(Еленаны маңдайынан сүйіп.)* Мұндай маңдаймен ғылымға тырмысуға болмайды... әйел көйлегін киген Гамлет... *(Наташамен кетеді.)*

К е м б а е в *(ас үйге кетіп бара жатып).* Сен әлі менен ақылдырақсың, жоғары тұрсың. Бірақ қуып жетіп қатарласайын. Сонда екеуіміздің бір үлкен сөзіміз болады *(Шелекті алып Бобров кіреді.)*

К е м б а е в. Жүр, қол жуайық, Елена!

Е л е н а *(Бобровқа).* Николай Касьянович, шай әзір. *(Кембаевпен ас үйге кетеді. Бобров шелекті модель тұрған столдың қасына қояды. Қолында кішкене шамаданы бар Валя шығады. Ыңғайсыз тым-тырыс. Валя мүсінге жақындап келіп сорғышты алады да, мүсінді салып қалады, мүсін быт-шыт болады.)*

Б о б р о в. Неге бұлай қылдыңыз?

В а л я (*Кекетін*). Кемеңгер әйелдің еркелігі... “Ғылымға басқан пролетар”... Пролетар... мен әзір ешбір жаңа сөз айта алмаймын. Бірақ сүйтсе де мына жапсырманы аямай-ақ сындыра аламын. Жүрегің айнады. Құр қуыс... Оның есебіне сен... сіз қатты өзгеріпсіз, Николай Касьянович.

Б о б р о в. Солай ма? Сіз солай дейсіз бе? Бұныңыз шын... Біз ылғи өзімізді өмірдің ұстазы деп біліп, ылғи жұртты үгіттей беруші едік... Енді бір бастауыш кластан түсіп, барлықты қайтадан оқытып отырмаз. Сонда да ішіміздегі үйреткіштікті әлі жойып болғанымыз жоқ... Қиын екен. Бірақ қайтсем де, енді менің жолым айқын.

В а л я. Сен өзінді таныдың, таптың. Бірақ маған, міне, завод та жәрдем ете алмады (*Елена мен Кембаев кіреді.*)

Е л е н а (*шамаданды байқап*). Валентина Ивановна, мен мұнда азғантай-ақ тұрамын... Кету керек емес... мен бүгін-ақ...

В а л я. Мен біржолата кетіп барамын... Николайға енді қайтып оралмаймын.

К е м б а е в. Валя, шай ішерсіз әлде, сонан соң кетпейсіз бе? (*Валя үндемейді. Елена Кембаевты ақырын ертіп кетеді.*)

Б о б р о в. Сіз... сен кетіп барамысың?

В а л я. Көремісің мына едендегі қатқан балшық пен сұп-сұр тозанды? Менен де қалғаны осындай сұр тозаң ғана. Мені бүлдірген әкем... Иә, иә, иә... ол мені барлық дүниеден ықтиярсыз стимулды ізде деп үйретті. Мен Цеховойды жақсы көріп қалдым — махаббат ықтиярсыз стимул емес пе? Сол махаббат мені жаңа адам қылып шығаруға керек еді. Міне енді, мен барар ешкім жоқ, әншейін бір қуысқа кетіп бара жатқандаймын... әкем мені де быт-шыт қылды, өзі де бүлінді. Қазір мен талай ащы сөздер айтар едім әкеме... (*Бүкірейіп қартайған Бородин кіреді. Артынан көлеңкесіндей болып Амалия кіреді.*)

Б о р о д и н. Иә, кәні, айт.

В а л я. Әке!.. Сен келдің бе? Әке?

Б о б р о в. Иван Ильич!.. Отырыңыз, Иван Ильич.

Б о р о д и н. Айт, Валюша, барыңды.

В а л я. Жоқ, о не дегенің! Мен ақымақпын, әке! Өзімнің не болып бара жатқанымды білмеймін.

Б о р о д и н. Мен өзім де ескірген кетік аяқпын. Достарым да, шәкірттерім де, қызым да жоқ. Алжыған төбеттей жалғызбын.

В а л я. Мен естуге шыдай алмаймын... естігім келмейді... мен еңіреймін қазір... (*Жүгіріп шығып кетеді.*)

Б о б р о в. Валя, бұл не? (*Валяның артынан бір жүгіріп, одан Бородинға ұмтылып, артынан тағы Валя кеткен жаққа қозғалып.*) Иван Ильич, мен қазір (*Валяның артынан шығып кетеді. Клараның бөлмесінен Наташа шығады.*)

А м а л и я. Міне, көріңізші... келіп керек емес еді, керек емес...

Б о р о д и н. Маған соқтықпаңызшы, мен өз қызымның кім екенін де білмеймін. Бұдан отыз бес жыл бұрын маған барлық нәрсе түсініктірек еді.

А м а л и я. Есіңізде ме, Иван Ильич? Бұдан отыз бес жыл бұрын, Татьянаның күні еді, колонный залдың оттары, халық алдында жас студент...

Б о р о д и н. Кетіңіз, жоғалыңызшы сіз, жас студентіңізбен. Сіздің ішіңізде жас студенттен басқа сынық күрес бар ма екен. Кетіңіз, әйтпесе мен сізді сабаймын қазір... (*Амалия есік сыртына қашып шығады.*)

Б о р о д и н. Мен осы ескі күл сауытты да сүйдім-ау... өзімді-өзім түсінбеуге айналдым. Енді біржолата жалғызбын. Айналамда әуе де жоқ, бір қуыс.

Н а т а ш а. Мұнда әлі мен бармын, тұрмын ғой, міне!

Б о р о д и н. Е, сен, пионеркамысың?

Н а т а ш а. Бұл кемпір ұдайы кір-кір болып жүреді ғой. Және ертеден кара кешке бір нәрсені шайнайды да жүреді. Мен таң қалушы едім.

Б о р о д и н. Байқаған емес едім, рас шайнап жүреді-ау...

Н а т а ш а. Бұдан 35 жыл бұрын әкімшілік басында патша мен алпауыттар болған. Және городовойлар болған. Шын пионер сөзі, еңбекшінің терісін сойған олар, маған Сашка айтып еді. Оның әкесі тірі городовойды көріпті... шын пионер сөзі.

Б о р о д и н. Кеше мен институтқа бардым. Жай, көрейін деп едім. Коридорларда көп дауыс, дырду. Көп таныс емес адамдар, жас аспиранттар екен. Менің кабинетім бұрынғысынша жабық екен. Олар есік алдында дауласып тұр, қатты дауласады, біреуі — есікті сындырайық дейді. Оның ұсынысын қабыл алыспайды. Мен шкафтың артында тұрып, естіп тұрдым.

Н а т а ш а. Ашсаңыз етті.

Б о р о д и н (*Наташаға бір қарап, ойланып қалып*). Ашайын деп едім. Кейін... шкаф артынан шығып жүруді ұят көрдім.

Н а т а ш а. Ұят болса қайтеді? Мен бір күні мектепте терезені қиратып алып, үндемей қоя қойып едім. Кім сындырды деп сұрасады, мен үндемедім. Айтуға қатты ұялдым. Бірақ артынан айтып едім, өзіме бір түрлі жеңіл боп, жақсы боп қалды.

Б о р о д и н. Болса болар... болса болар... таласпаймын, пионерка, жалғызбын мен... мәслихат сұрар да кісім жоқ.

Н а т а ш а. Сізге мен айтайын, біздің отрядка келіңіз, әңгімелесуге. Ақылдасамыз.

Б о р о д и н. Кәрімін ғой, пионерка, кәрімін.

Н а т а ш а. Иә, бұл рас... 14 жасқа дейін ғана болады. Жә! Олай болса білдің бе, сіз әзір отыра тұрыңыз (*Клараның бөлмесіне кетеді.*)

Б о р о д и н (*Жалғыз. Қолындағы кішкентай суретке қарайды*). Көшеде қызғалдақ сатып жүр екен. Халық сатып жүр... күліседі... көп болды-ау, мен күлмегелі... көп болды. (*Елена, Кембаев кіреді.*)

Е л е н а. Есенсіз бе, Иван Ильич?

Б о р о д и н. Елена Михайловна, сіз, сіз бе... мен білдіңіз бе... өз кабинетімнің кілттерін әкелдім (*Кілттерді ұсынады.*) Алыңыз, ашыңыз және...

Е л е н а. Сіз өзіңіз ашып, жаңа аспиранттарды өзіңіз баулитын боларсыз. Біз сіздің қашан іске кірісетініңізді күтіп жүрміз, Иван Ильич.

Б о р о д и н (*Кембаевқа*). Білесіз бе, анда Захаров кітапхана қаражатын шашып жіберіпті. Жаңа аспиранттарға кітаптар керек... менің кітапханама жап-жақсы еді... сіз барып, бар керегін таңдап алыңыз... тілеуіңізді берсін, алыңыз... мен осыны көп сұраймын.

К е м б а е в. Профессор, көп сұрау қажет емес. Әдебиет керек, әрине. Мен мүмкін болса қазір-ақ барамын.

Е л е н а. Құсайын, тоқта, кейін де уақыт болады.

К е м б а е в. Дұрыс, уақыт өткізу керек емес қой деп едім. Тығыз керек кітаптар бар еді. Жолдас Бородин, қайта келіңіз енді, істейміз... бірге істейміз... ертең кабинетіңізге алдымен өзім келемін.

Б о р о д и н. Мен енді ғылымға да, сіздерге де керек емес боп қалдым, Елена Михайловна. Мен адамды да танымаппын. Қорытындымда да қатты адастым. Бұл каталардың басынан аттап өте алмаймын.

Е л е н а. Оныңыз бекер, Иван Ильич, аттап өтесіз. Шынымен соны ниет қылсаңыз түк емес.

Б о р о д и н. Ниет қылғым-ақ келеді.

Е л е н а. Сіз теңіздің жайын стақанға құйылған суға қарап зерттеген сияқты боп, өмірді де кабинетіңіздің терезесінен қарап зерттедіңіз. Бірақ стақаныңыздың ішінде астан-кестен толқын да, шайқалу да, дауыл да жоқ. Онда тұз қиыршығы мен жәндіктер ғана бар. Сіз сол теңіздің тасқынын жәндіктердің қызып тулауынан деп шештіңіз... осынымды ашық мойыныңызға алыңыз, Иван Ильич.

Б о р о д и н. Яғни?

Е л е н а. Көпшіліктің алдында өз баяндамаңызды өзіңіз сынап шығыңыз.

Б о р о д и н. Аһ, анау ма... жоқ... мен оған жарамаймын.

К е м б а е в. Өзіңіз жарамасаңыз, мен де болысам, жәрдемші болайын.

Б о р о д и н. Мен тәкаппармын, Елена Михайловна. Мені күдік басып жанышқаны рас. Мен бүгін қайыршыдаймын. Бірақ мен тәкаппармын; халық алдына шығып өзімді-өзім дүрелеу ме... оған менің шамам келмейді (*Есік шалқасынан ашылады. Цеховой кіреді.*)

Ц е х о в о й. Жүр, шеше, қорықпа! Жүр деймін саған. Бәрің де бері келіндер... бәрің де... (*Амалия кіреді. Өз бөлмесінен Клара, Наташа мен Бобров, Валямен шығады*). Міне, көрмегендерің бар ма? Көріңдер, міне. Бұл Николай Цеховойдың шешесі, станоктан шыққан пролетардың шешесі... жоқ, мағлұмыңыз шынын айтуды құп көреді — ол әскери прокурордың ұлы.

К л а р а. Бұны біз әлдеқашан білгіміз.

Ц е х о в о й. Маған білдіріңізші, осыны айтқан кім? Қай оңбаған білдірді? Бәріңнен сұраймын.

К е м б а е в. Оны сұрағанша ұйықтасаңшы барып.

Ц е х о в о й. Донос қылған қандай ит?

Б о б р о в. Сіздің өткен күніңізді айтқан мен.

Ц е х о в о й. А, сен... Валентинамен. Олай болса кетейік, шеше! Наташка, бері жүр! Бақшаға барып, қолымызды созып, қайыр сұраймыз. Шығарылғандарға рақым етіңіздер дейміз. Шешем, сен де шығарылғансың. Кімнің қызы екенін білген соң Наташканы да шығарады.

Н а т а ш а (*жұлқынып*). Сен ылғи жалған айтасың. Мені шығаратын себеп жоқ, себеп жоқ. Клара, себеп жоқ емес пе?

К л а р а. Тыңдама оның сөзін, Наталка!

Е л е н а. Адам ішіндегі қотырашысың-ау, Николай!

Ц е х о в о й. Оның есебіне сен пролетарсың, дүниенің тұтқасысың, директор. Әлде алдына бас июге бұйырамысың? Жүр, кемпір, жүр! Міне, балаң сені халық алдында қайта тапты; қуан (*Бородинға.*) Жүр, байғұс шал, бізбенен. Біз бір тұқымның адамымыз, тамаша компания болады. Тағдырды болжағыш, ескі тулақ, сен де енді еш нәрсеге жарамайсың (*Кетеді. Артыннан күбірлеп Амалия да кетеді.*)

Б о р о д и н. Жоқ... жоқ... қайда кетсем де бұлармен кетпеймін. Жоқ, айтсын, айта берсін. Бетіме келіп мазақ қылсын, күлсін — қорықты шал, айтқанынан қайтып жатыр десін?.. Мен үй қояны деп қорғап жүргенімнің айдаһар болып шыққанын айтамын... мен Макаровадан қорқушы едім. Ол кірмесін деп кабинетті жауып жүруші едім. Оны теріс жолмен жетелеп жүрдім. Германға есікті үнемі ашушы едім. Бұны да айтамын. Мен қорқыныштың қай белгісін көрсем де қуанушы едім. Сонда қорықпайтын ерліктің мысалдарын байқамай жүріппін. Мен Кембаевты бір кезде ғылым салмағын көтере алмай ауруға ұшырар деп, соған қуанушы едім. Сүйтіп жүріп, оның сана-сы артып, өскенін, тереңдегенін байқамаппын. Өмірдің өзін көрмей, елесін көріп жүріппін. Өз пәтерімде, кабинетімде қиялдың туғызған нәрсесін, өмір осы шығар деп адасыппын. Шын өмірді түсінбегемін. Түсінбегендерді өмір жазалайды екен, жалғыздыққа салады екен... Бұл да кек. Бірақ, басқа кектердің ішіндегі ең қорқыныштысы осы екен!.. Мен жылап та отырмын-ау деймін. Бірақ көз жасым үшін ұялмаймын. Мен кәрімін де әлсізбін. Кәріге жылауға болады ғой. Солай емес пе? Жә, енді мен барамын оларға... олар, өрлеп келе жатқан жастар, олар барлық кабинеттердің кілттерін бер деп өмір қылып жаттыр. Мен бойымдағы барлық кілттерімді беремін...

Иә, қайдасыз, әлгі жаңа директор, мен сіздің шарттарыңызды қабылдадым... орындаймын....

К е м б а е в. Аламыз кілттерді, бүкіл дүниенің неше алуан кілттерін аламыз, жолдастар!..

Ш ы м ы л д ы қ



Джек Лондон

Қ А С Қ Ы Р



— Қасқыр! Қасқыр! Кәһ! Кәһ! Қасқыр! — деп Медж итін шақырып тұр еді.

Ирвин екі саусағын аузына сұғып тұрып, қатты ысқырып жіберді.

Бұлар тұрған жерден аз жоғарыда шөп-шары қалың шыққан, бір жүндес төбешік бар еді. Соның жота жағында шөп судырлап, қурай сынғандай болды да, бір кезде төбе басында Қасқырдың басы мен кеудесі көріне қалды. Шығысымен бір кішкене тасты аяғымен түртіп домалатып жіберіп, сол Медждің алдына барып түскенше, құлағын тігіп тұрды. Содан соң Қасқыр өзінің иелеріне қарап, аузын ашып, жоғарыдан тұрып жымиғандай болды.

Мына екеуі де дауыстап:

— Әй, Қасқыр, Қасқыр, неткен жақсы Қасқырсың сен! — десті.

Бұл үндерді естігенде ит құлағын жымитып, басын төмен салды. Бір көзге көрінгісіз қолға өзін сылатып, сипатып тұрған тәрізді.

Қасқырдың бұлар келе жатқан соқпаққа түспек болып, қиялап кеткенін иелері көріп қалды. Бірер минуттан соң ол бір мүйістен сумаң етіп шыға келіп, жолға түсті. Сырғанай түскен ізінен ұсақ тас, топырақ қоса ағылған еді. Иелерінің еркегі мұны арқаға қағып, құлағының түбін қасығанда, әйелі одан ұзағырақ еркелетті. Аздан соң Қасқыр соқпаққа түсіп ап, алға қарай шауып жөнелді. Аяғы жерге тиер-тимес боп, ешбір күш салмай, нағыз қасқырша жүгірді.

Дене бітіміне, жүндестігіне қарағанда да бұл нағыз үлкен орман қасқырының езі еді. Ит дегізетін жалғыз-ақ жүнінің түсі. Қасқыр жүні бұл өңдес болмайды. Мұның сырты қара қоңырлау да, бауыры мен шап тұсы қызғылт жирендеу. Бүйірі шабдарлау еді. Мойны ақ мойнақтау болса да, онысы айқын емес. Көзі алтын іренденіп тұратын.

Әлгі еркек пен әйел бұл итті аса жақсы көрісетін. Тым жақсы көрулеріне бір жағынан, иттің бұларға тез үйір болмауы себеп болған сияқты. Қасқыр бұлардың таудағы үйіне әлдеқайдан, өздігінен келді. Ашығып, бұралып келісімен, бұлардың көзінше бір үй қоянын жеп қойды. Содан өзенге бұралып барып, бір қарақат түбірінің көлеңкесіне жатып қалды. Артынан Уолт Ирвин шақырусыз келген қонақтың жайын білейін деп барып еді, ырылдап маңайлатпады. Біраздан соң Уолттың әйелі Медж үлкен тегешті сүт пен нанға толтырып сыбаға апарып еді, оған да жаңағыдай ырылдады.

Қасқыр кісіге үйір болмайтын қияс төбет болып шықты. Еркелеткенің керек емес. Бір жерін сипайын десе, тісін ақситып, жүнін үрпите қоя береді. Бірақ сүйтсе де кеткен жоқ. Өзен жағасында жатады да ұйықтай береді. Әкеп қойған тамақтан түк қоймайды. Бірақ өзі жалғыз қалғанда ғана жейді. Бөгелгені қатты арығандықтан болу керек.

Сонымен біраз күн өтіп, әл жиып алған соң, жоқ боп кетті.

Осымен іс бітуге де мүмкін еді. Бірақ осы штаттың Терістік жағында Ирвиннің бір шаруасы боп, соған жолға шықты. Жолда Калифорния* мен Орегон арасындағы шойын жолдың бір станциясында терезеден қарап тұрса, өздерінің энеугі қонағы жол жағалап жортып келеді дейді. Қасқыр бітімдес қоңырқай ит. Өзі шаршаған, үстін шаң басып былғанған, бірақ қажу жоқ. Екі жүз шақырымдай жол жүріпті.

Келесі станцияда Ирвин поездан түсіп, қаланың шетіндегі қасапшыдан ет сатып алып, жаңағы қаңғыбасты ұстап апты. Қайта қайтқан сапарда Қасқыр багаж вагонына мініп қайтыпты.

Сонымен таудағы үйге Қасқыр қайта оралып келді.

Бұл жолы оны бір жұмадай шынжырлап қойысты. Ері мен әйелі кезек-кезек күтіп барынша құштар болды. Бірақ бұлар барынша жақсы көріп сөйлесе де, ол ылғи ырылдай қоя береді. Бөтенсіп бойына дарытпайды. Өзі еш уақытта үрмейді. Мыналар бірде-бір үрген дыбысын естімеді.

Оны бойға үйір қылу өте ауыр болды. Бірақ Ирвин осындай-мен арпалысуды жақсы көруші еді. Ол қарғы жасатып, соған: “Калифорния, Сонома өлкесі, Глин-Элендегі Уолт Ирвинге

* Калифорния, Орегон — Солтүстік Американың өлкелері

қайтарылсын” деген жазу жаздырып, иттің мойнына кигізді. Содан кейін шынжырдан босатып еді, ит сол **сәтте** жоқ болды. Арада бір күн өткен соң, Мендосино өлкесінен телеграмм келді. Жиырма сағат шамасында Қасқыр жүз шақырым жерге кетіпті. Беті ылғи Терістік. Жолда ұстап алмаса — кете беретін.

Оны жүк поезымен тағы қайта әкелді. Үш күндей шынжырда тұрып, төртінші күн босатқанда тағы қашты. Бұл жолы Орегонға жеткен жерден ұстап қайтарыпты. Келесі жолы қашқанда Бұл қаңғыбас Калифорнияның жарымын кесіп өтіп, Орегон штатынан асып, Вашингтон штатының да көп жерінен асқанда барып ұсталыпты. Жүрісінің жылдамдығы тіпті ғажап!

Тынығып, тамақтанып, әл жиып алған сайын шырқап жөнеледі. Қашатыны ылғи Терістік. Бірдеңе бастағандай, ұдайы солай тартады.

Ақыр аяғы бір жыл бойы қаша-қаша құтылмайтын болған соң, әйтеуір кеп көнді. Бір кезде терезенің түбіне кеп, асыранды қоянын жеген, таудағы үйді енді мекен етті. Сонда да еркелетуге көп заманнан соң барып көнді. Ирвин мен әйелі бұған жеткенде қатты қуанысты. Ұйткені бұлардан өзгені маңына дарытпайтын. Өзі кісіні талғайды. Бұл үйге кеп жүретін адамның бірдебіріне жылы ұшырамайды. Бөгде кісі маңайлайын десе, ырылдай қоя береді. Кейбіреулері ерленіп жабыса берсе, Қасқыр ернін ыржитып азу тісін көрсете бастайды. Гүрілдей бастайды. Бұдан көрші ферманың барлық иті қорқатын. Ұйткені олар жай иттің ырылдағанын естігені болмаса, Қасқырдың үнін естіген емес еді.

Ирвиндер Қасқырдың бұрынғы иесі кім екенін біле алған жоқ. Бұларға сүт әкеп тұратын көрші әйел миссис Джонсон бұл Клондайкадан* шыққан ит дей беретін.

Бірақ онымен бұл жөнінде дауласқан кісі де болған жоқ. Шынында Қасқырдың екі құлағының үші бір кезде қатты үсіген екен. Сол жарасы әлі күнге жазылған жоқ. Түсіне қарағанда да бұл газет-журналдарға суреті басылып жүретін Аляска иттеріне ұқсайды. Уолт пен Медж мұның Қиыр Терістікте өткен бұрынғы өмірін өздерінше әңгіме ететін. Иттің сол жақты сағынатынына бұлар күдіктенбеуші еді. Ұйткені ол кей түндерде ақырын жы-

* Клондайка — терістік Американың ең шеткі суық өлкесінің бірі.

лайтын да. Кейде теріскей жел соғып, күн суыта бастаса, мұның тынышы кетіп, үн салып, мұңайып ұли бастаушы еді. Бірақ ешбір уақытта үрмейтін.

Өздеріне үйір қыла жүріп Ирвин мен Медж Қасқыр бұлардың кіміне тиісті, кімін жақсы көреді деген жайда көп таласатын. Екеуі де өз жағын жақтап, Қасқырдың азғантай жылы ұшырағаны болса, соған мәз болып, айтысатын. Әуелде Ирвин жағы басым болды. Оның себебі — мұның еркектігі. Тегі Қасқыр өз өмірінде әйел күтімін көрмеген болу керек. Тіпті әйел дегенді түсінбейтін. Сондықтан Медждің ұзын көйлегі оған бір ырабайсыз нәрсе болып танылды. Оның судырының өзінен де қасқырдың жота жүні үрпиіп кететін. Ал желді күні Меджді тіпті маңайлатпайтын.

Бұған тамақты ылғи Медж береді. Медж асүйде жүрген сағаттарда Қасқыр есік алдында мұны ұдайы тосып тұрады. Сонымен келе-келе ұзын көйлекті жақтырмайтынын қойды. Осыны байқаған соң, Уолт өзі жазу жазып отырғанда, Қасқырды қасына жатқызып қоятын болды. Соған үйретем деп жұмысына бөгет тауып алса да, ол Қасқырды еркелетіп, оған тіл қатып та отыратын. Ақыр аяғында не болса да Уолт жеңді.

Бір күні Бұлар сейіл құрып, сокпақпен келе жатыр еді. Қалың түп тоғайдың арасымен бір жіп-жіңішке су ағып жатыр екен. Сол судың сокпақты кесіп өтіп жатқан жеріне бұлар жете бергенде, төмен жақтан бір дыбыс естілді.

Аяғын дүріс-дүріс басып келе жатқан жаяудың дыбысы екен. Анда-санда тас та салдырайды. Бір мүйістен кісінің өзі де көрінді. Тер басқан, жалаңбас. Бір қолына жаңа шляпісі мен ақ жағасын ұстап, бір қолымен бетін сүртіп келеді екен. Жағасын жаңа шешіп қолына алған сияқты. Денесі сұлу, кесек адам екен. Бұлшық еттерінің қайратты қозғалыстарынан жаңа костюмі тырсылдап айырылып кететін сияқтанады.

Уолт амандасу ретінде тіл қатып:

— Күн ыстық, — деді.

Жүргінші тоқтап, бас изеп:

— Мен ыстыққа үйренгенім жоқ, — деп, ақталайын деген кісіше — маған жайлысы аяз, — деді.

Уолт күліп:

— Бірақ біздің жерде аязды таба алмайсыз, — деді.

Жүргінші:

— Өзім де солай ойлаймын. Табам деп дәмеленіп тұрғам жоқ. Жалғыз-ақ қарындасымды тапсам болар еді. Оның қайда тұратынын әлде сіздер білмес пе екенсіз? Аты-жөні Джонсон, Уильям Джонсон деген әйел, — деді.

— Япыр-ау, сіз әлде оның Клондайкадағы ағасысыз ба? — деп, Медж бұған қадала қарап, — ол сіз туралы бізге көп әңгімелер айтып еді, — деді.

— Сол ағасы менмін, — деп жүргінші баяу ғана жауап катып, — менің атым Миллер, Скиф Миллер. Хабар-ошарсыз бір-ақ келіп қарындасымды таңғалдырмақ едім, — деді.

— Сіздің бетіңіз тура. Мынау жаяу соқпақ апарады, — деп Медж сайға нұсқап, — анау найзағай сындырған ағашты көрдіңіз бе? Соның қасынан жол оңға бұрылады. Қарындасыңыздың үйіне ең жақын жол сол. Адаспайсыз, — деді.

Ана кісі:

— Үлкен рақмет, ханым! — деп бұрылып енді жүрмекші болды да, бірақ қайтадан тоқтай қалды.

Медж:

— Біз сізден Клондайканың жайын естісек жақсы болар еді. Қарындасыңыздікіне біз бір күн баруға болар ма екен? Әлде, тіпті дұрысы, біздікіне түскі тамаққа келсеңіз қайтер еді? — деді.

— Үлкен рақмет, ханым! — деп, жүргінші қысылғандай боп, тағы алғыс айтып, артынан жедел, — бірақ мен көп тұрмаймын. Менің Терістікке қайтуым керек. Түнгі поезбен кетемін. Билетім де әзір, — деді.

Медж оныңыз жайсыз екен дегендей жауап қатқанда, ана кісі өз бетіне қарай жүре берді.

Бағанадан бері тоғай арасында жортып жүрген қасқыр дәл осы кезде көрінекке шыға кеп еді. Скиф Миллердің жүзі жарқ еткендей болды. Ол итке қадалып қарап қалғанда, барлық денесі бір нәрсеге қатты ғажаптанғанның белгісін білдіргендей еді. Жай, салмақты үнмен:

— Міне, ғажап! — деді.

Мұның үні шыққанда Қасқырдың екі құлағы жымып, езуі күлгенге ұқсап ыржия бастады. Ол жүргіншіге таман жүгіріңкіреп кеп, қолын иіскелеп, жалап алды.

Скиф Миллер иттің басын сипап қойып, тағы да жай салмақты үнмен:

— Міне ғажап! — деп тұрып, — ғафу етіңіз, ханым! Мен бек қайран болдым. Білдіңіз бе? — деді.

— Біз де аң-таңбыз, — деп Медж үн қатып, — біз Қасқырдың бөтен кісіге бүйткенін көріп тұрғанымыз осы! — деді.

— Сіздер мұны Қасқыр атандырғансыз ба? — деді Скиф Миллер.

— Иә, бірақ мен түсінбеймін, осы сізге неге еркелеп тұр? Әлде сіздің Клондайкадан келгеніңізден бе екен? Білесіз бе, мұның өзі де Клондайкадан шыққан ит.

Миллер салғырт қана:

— Иә, ханым, — деді де Қасқырдың алдыңғы бір аяғын қолына алып, табанын басып-басып қарап тұрып, — жұмсап кетіпті, көптен мұз баспағаны көрініп тұр, — деді.

— Бәтір-ау, Қасқырдың осыншаға ерік беріп тұрғаны несі? — деп Уолт таңғалды.

Скиф түрегелді. Жаңағы дөкірлік пішіннен із де қалмапты. Енді іскер адамша қысқа қайырып:

— Сіздерге қашан келді? — деді.

Дәл осы уақытта мұның аяғына сүйкенип тұрған ит тұмсығын көтеріп үріп қоя берді. Қуанып үрген тәрізді. Шолақ-шолақ қайырып, жат түрде үрсе де, мұнысы нағыз үру.

— Міне, мынауың бір жаңалық екен, — деді Скиф Миллер.

Уолт пен Медж біріне-бірі қарай қалды. Таңғажайып,

Қасқыр үріп тұр.

— Мұның ең алғаш үргені осы, — деді Медж.

— Рас, мен де үргенін естіген емен! — деді Миллер.

Медж күлді. Мынау адам қалжыңбас кісі екен, — деп ойлап кеп:

— Әрине, естімессіз! Сіздің ең алғаш көріп тұрғаныңызға бес-ақ минут болды ғой! — деді.

Скиф Миллер Меджге байқақтап бір қарап қойды да:

— А, мен сіздер ұққан шығар деп ем, — деп саспай ғана, мұның мені көрген жердегі мінезіне қарап, сіздерге түсіну керек еді. Ит менікі. Аты Қасқыр емес, Жирен! — деді.

— О, Уолт! — деп Медж қысылғанынан байына қарады. Уолт тікесінен омырауға салып:

— Бұл иттің сіздікі екенін қайдан білдіңіз? — деді.

— Менікі болған соң, менікі, сол? — деді анау.

Уолт катаң үнмен:

— Оны немен дәлелдейсіз? — деді.

Скиф Миллер бұған салмақпен көзін салып тұрып, Медж жаққа иек қағып:

— А, сіз мынау кісінің өз әйеліңіз екенін қайдан білесіз? “Өзімдікі болған соң өзімдікі сол” дейсіз. А, мен сізге: “дәлеліңіз не десем, қайтесіз?” Ит менікі. Өзім асырап өсіргем. Танымай қоям ба? Қазір, міне, көресіздер, — деді де:

— Жирен! — деп қалып еді, ит құлағын жымитып еркелегендей болды. Сонымен анау — ги! — дегенінде шыр айналып оңға қарап тұра қалды. — Енді тура тарт деп еді, ит басында қалт етіп тұра қап, артынан тұп-тура ағыза жөнелді. Содан иесі айқайлағанда бір-ақ тоқтады.

— Ысқырсам да сүйтеді, — деп Скиф нығыз сөйлеп, — ол менің жегін иттерімнің басшысы, — деді.

Медж дауысы қалтырап тұрып:

— Бірақ енді алып кетпейсіз ғой? — деп еді, анау болмайды дегендей қып басын шайқады.

— Сонау, сұмдық Клондайкаға шын әкетесіз бе? Ондағының бар көргені қорлық қой? .. — деді.

Миллер тағы да басын шайқап:

— Онда оншалық жаман емес. Мені көрсеңізші, мығым емеспін бе, ә? — деді.

— Бірақ иттің күні қандай? Ұдайы қиыншылық қой! Бейнет ауыр. Аштық, аяз... Мен кітаптан оқығам, білем.

— Болуын болады. Бір уақыт “Кіші балықты” деген өзеннің жағасында мен мұны жеп те қоя жаздадым, — деп түнеріп тұрып, Миллер, — бірақ мен сол күні бір тышқан ұстап алдым да, мынау аман қалды, — деді.

— Мен үйткенше өлер едім! — деді Медж.

— Мұндағы өмір басқа. Итті жеп не қыласыз? Бірақ, ана жерде, шегіне жеткенде, сөз басқа болады.

Медж барынша күйініп:

— Бәсе десеңізші. Калифорнияда ит желінбейді. Қалдырсаңыз неңіз кетеді? Мұнда жемі жеткілікті, оны білесіз. Аяздың да азабын шекпейді, жұмыс та істемейді. Бұнда жылы да майда. Адамы да, табиғаты да солай. Ешбір жан қол да тигізбейді. Күні рақат, қар да болмайды.

— Бірақ айыпқа бұйырмаңыз, жаздарыңыз тозақ, — деп Скиф Миллер күліп жіберді.

Медж жанын сала сөйлеп:

— Сіздің мұныңыз жауап емес. Терістікте сіз оған не жақсылық көрсетесіз? Не бересіз? — деді.

— Бар болғанда ас берем. Ас көбінесе болып тұрады.

— Болмағанда қайтесіз?

— Болмағанда — жоқ.

— Жұмысты қайтесіз?

— Жұмыста тыным жоқ, — деп Миллер шыдамсызданып, — Жирен маған ерсе тыным алмай жұмысты істейді, ашығады да, тонады да, басқа бейнетті де көреді. Бірақ ол сонысын сүйеді, үйренген. Оған сондай өмір жағады. Сонда туып, сонда өскен. Сіз онда болған жоқсыз, біздің тіршілікті білмейсіз. Ал, ол өз жеріне ырза дегенде, Уолт нық байлап: — Ит мұнда қалады. Таласатын сөз жоқ, — деді.

Миллер қып-қызыл болып кетіп, қабағын түйіп ап:

— О не деген сөз? — деді.

— Мен ит мұнда қалады деймін. Байлау сол. Бұл ит сіздікі дегенге мен сенбеймін. Болса бір жерде көргеніңіз бар болар. Әлде иесінен бір жолға жегінге де алған боларсыз. Сіздің даусыңызды тыңдағаны еш нәрсеге дәлел емес. Аляскада жұрттың бәрі солай дауыстайды. Ол жақтан келген иттің бәрі де ондай дауысқа бағынады. Тегі Қасқыр қымбат бағалы ит шығар да, сіздің текке алғыңыз кеп тұрған шығар. Иесі екендігіңізді анықтамай болмайды, — деді.

Скиф Миллер бойын тежеп кең ұстап, шытырайған ақынға сызданып бір қарап алды. Жалғыз-ақ қабағы бұрынғысынан да түйіле түсіп, беті де қызара берді. Қара пиджактің астынан бұлшық еттері ойнай сірескен сияқтанады.

Жүзіне жирене қарағанның белгісі шығып:

— Шынын айтқанда, осы итті қазір алып кетсем кім бөгейді? — деді.

Уолт қып-қызыл болып ап, жұдырығын түйе бстады. Бірақ Медж араға түсіп:

— Мүмкін, Миллер мырзаныкі дұрыс шығар, — деп бастап, — оныкі тіпті шын болу керек. Қасқыр оны танитын сияқты. “Жирен” деген атқа шынымен елең етеді. Миллер мырзаға тоқталмай салып барды. Бүйткенін, өзің білесің, ешқашан көрген емеспіз. Үргенін қайтесің! Тіпті қуанғаннан есі шығып кетті. Неменеге қуанды? Тегі Миллер мырзаны көргеннен болу керек.

Уолт күдерін үзіп, қолын бір-ақ сілтеп:

— Сенікі рас, Медж, — Қасқыр Қасқыр емес, Жирен. Және Миллер мырзаға тиісті екені рас, — деді.

— Әлде Миллер мырза оны бізге сатар? Біз сатып алайық — деп Медж бір ұсыныс жасап еді, Скиф Миллер басын шайқады. Бірақ жауласқан кісі сияктанбай жұмсақ мінезге о да жұмсақтық істеп, жылы шыраймен белгі етіп:

— Менің бес итім бар еді. Жирен аш боп жүрді. Аляскадағы ең жақсы жегін менікі еді. Жарысқанның бәрі қалатын. 1898 жылы бес итіме бес мың сом берсе де сатқам жоқ. Рас, ол жылы ит тегі қымбат еді. Иттерімді өзім де жақсы көруші ем. Сол бес иттің ең жақсысы Жирен болатын. Соңғы қыста оның жеке-басына мың екі жүзді берісті, сатсам сонда сатар ем, ал қазір сатпаймын. Жиренді жақсы көруім ерекше. Іздегеніме үш жыл болды. Біреулер ұрлап әкетіпті дегенде, дертті бола жаздадым. Пұлы үшін емес, өзін жақсы көруім ерекше еді. Жаңа көргенде өз көзіме өзім сенбедім. Түсім сияктанды. Білесіз бе, асырап жетілткен өзім ғой. Кеш сайын төсегіне жатқызып, қымтап салатұғынмын. Шешесі ерте өліп қалған соң, сауытын екі сомға сатып алып, қою сүтпен асырап ем. Өзім кофені сүтсіз ішіп, осыған беруші ем. Шешесіндей болғамын. Ылғи саусағымды сорушы еді, мына саусағымды, — деп Скиф Миллер өзінің мұнды сөзін тоқтатып, сұқ қолын көтерді.

— Осы саусағымды, — деп зорға айтып, өзінің меншіктілік правосын және итке өзін жақсы көргізетін правосын даусыз етіп көрсетіп тұрғандай болды.

Медж сөйлей бастағанда да бұл сол саусағына қараумен тұр еді.

— Бірақ итті қайтесіз? Иттің қамын ойлаңызшы! — деді Медж.

Скиф Миллер бұған таңданып қарай қалғанда, ол тағы да:

— Оның да қамын ойлаңызшы,— деді. Миллер:

— Сіздің не айтқалы тұрғаныңызды түсінбедім! — деді.

Медж өз сөзін аяқтатпақ боп:

— Иттің де таңдайтын правосы бар емес пе? Оның да өзіне жайлысы, өз тілегі бар ғой. Сіз оның жайын ойламайсыз, оған таңдатпайсыз. Аляскадан Калифорнияны артық көрсе қайтесіз? Сіз өз қамыңызды ғана ойлап тұрсыз.

Ал оны бір қап картоптай, я бір құшақ шөптей ғана көресіз, — деді.

Бұл бір тың мәселе еді. Миллер ойланып қалды. Медж сол халмен пайдаланып:

— Егер сіз оны шын жақсы көрсеңіз, оған жайлы болғанды, өзіңізге де жайлы деп санар едіңіз, — деді.

Скиф Миллер өзімен-өзі алысқан адам сияктанып тоқырап қалды. Медж жеңген адам сияктанып күйеуіне қарағанда, күйеуі де мұны қостап бас изеді.

Сүйткенде Миллер кенеттен:

— Иә, ал несі бар? — деді.

Бұл жолы Медж қысылыңқырап қап:

— Не айтпақшы боласыз? — деді.

— Сіздің ойыңызша, оның Калифорнияда қалғысы келеді деп білесіз бе? — деді.

Медж басын изеп:

— Даусыз солай, - деді.

Скиф Миллер иттен көзін алмай ойланып тұрып:

— Қызметі қандай еді? Маған зор еңбек етті. Ақылы қандай! Қандай ақылды десеңізші! Жалғыз-ақ сөйлемегені болмаса, бар нәрсені ұғады. Қазір міне, көресіз бе? Осының жайын сөз ғып отырғанымызды түсініп жатыр, — деді.

Ит Скиф Миллердің қасында, тұмсығын алдыңғы аяқтарының үстіне салып қойып жатып, соәйлесіп тұрған адамдарға кезек-кезек қарайды.

Скиф Миллер бір-екі рет әлдебір нәрсе айтайын деп аузын ашса да, сөйлемей тоқтады. Ақырында бекінді білем:

— Енді былай болсын. Ханым, сіздің сөзіңіз тіпті дұрыс та шығар. Бұл иттің өз өмірінде көп қызмет қылғаны рас. Әлде ол да шынымен жұмсақ төсек тілейтін болар. Олай болса өзі тандасын. Өзі не тілесе, сол болсын. Сіз екеуіңіз осы арада отырып қалыңыз, мен қоштасып кетейін. Егер маған еріп кетсе, кеткені болсын. Бірақ мен шақырмаймын, сіздер де шақырмаңыздар, — деді де Меджге күдіктеніп қарап ап:

— Бірақ ойын таза болсын! — Мен кеткен соң мұны бірдеме деп айналдырмаңыздар, - деді.

Медж: — Біз де таза ойнайық. Мұныңызға рақмет, Миллер мырза, — деді. Оған Миллер:

— Маған несіне рақмет айтасыз? Әлі Жирен қалай шешеді... Сіздер маған ренжімеңіздер. Мен ақырын басып кетемін. Жүз кадам барған соң, қарам да көрінбейтін болады, — деді.

— Біз оны бөгемейік, мен соны сізге уәде қылайын! — деді Медж.

— Дұрыс. Ал, мен кеттім, — деді Скиф Миллер.

Осыны естігенде Қасқыр басын жұлып алды да Медж бен Миллердің қол алысып жатқанын көрісімен атып тұрды. Ол артқы екі аяғымен тұрып, алдыңғы аяқтарын Меджге тіреп тұрып, Скиф Миллердің қолын жалап алды. Еркектер қоштасып жатқанда тағы соны істеді.

Скиф Миллер бұрылып ап, соқпақпен жүре берді.

Қасқыр басында қайта оралар дегендей ғып оған қадала, дәмелене қарап еді, аздан соң ақырын ғана қыңсылап ап, тұра жөнелді. Барып қуып жетісімен, ананың қолын ернімен қысып, барынша жалынып, жабысып тоқтатқысы келді.

Онысы болмаған соң ағызып отырып мыналарға кеп, Уолт Ирвинді жеңінен тістеп, тартып Миллердің артынан жүргізбек болды.

Қасқырдың қысылуы ұлғая берді. Мұның бір уақытта екі жерде бірдей болғысы келеді. Бұрынғы иесін де, жаңа иесін де қимады. Ал, бұл екеуінің арасы болса, алыстап барады. Иттің тынышы кетіп аласұрды. Бекіне алмай қиналғаннан, біресе онысына, біресе мұнысына ұмтылды. Қайсысын тандарын білмегендіктен қыңсылап, өкпесін соқты. Ақырында шоқиып отыра ғап тұмсығын аспанға көтерді. Аузын бір ашып, бір жауып кеп, ақырында қылғынған сияқтанып аузын арандай ашты. Тамағының қарысуы күшейе берген сияқты еді. Артынан өте ащы үн естілді.

Адамның құлағын жарғандай ащы еді. Мұнысының бәрі ұлудың алдындағы әзірлік еді.

Бірақ Қасқыр сонда да ұлымады. Арандай ашылған аузын тез жаба қойып, кетіп бара жатқан адамға қадала қалды. Аздан соң Уолт жаққа бұрылып, оған да сондай қадалды. Тілегіне жауап болмады. Қасқыр өзін қалай ұстау туралы не бір сөз, не бір нұсқау, не бір белгі естімеді.

Бұрынғы иесіне бір қарап еді, мүйіске жақындап қапты. Қасқырдың қайтадан тынышы кетті. Қыңсылап атып тұрғанда, енді бір жаңа ой келді ғой дейім Меджге бұрылды. Бұл уақытқа дейін оны тіпті елең қылған жоқ еді. Енді екі бірдей иесі жәрдем қылмаған соң, жалғыз үміті Медж болды. Соның алдында келіп,

екі тізесінің арасына басын салып, тұмсығын қолдарының арасына тықты. Бұрын бір нәрсені сұрағысы келгенде осылай ете беруші еді. Аздан соң шетке таман жүгіріп барып секіріп, бұралып, ойнап кеп, алдыңғы екі аяғымен жер тырмалап, құлағын жымитып, құйрығын бұлғаңдатты. Қысқасы, барлық қалпымен өзінің тынышы кеткендігін білдірмек сияқты еді.

Аздан соң онысын да тастады. Бұрын еш уақытта мұндай салқын боп көрмеген адамдардың мынандай суықтығы оған қатты батты. Ешқайсысы үн қатпайды, жәрдем етпейді, тіпті елемейді. Өлі жандар сияқты.

Аз уақыт Бұларға сырт қарап тұрып, ескі иесіне қадалды. Скиф Миллер мүйіске жақындап қалыпты. Енді бір сәтте ол көзден ғайып болады. Бірақ солай болса да ол артына бір қарамастан, салмақпен жай басып кетіп барады. Артында не боп жатқанымен жұмысы жоқ сияқты.

Сүйтіп барып, мүйістен бұрылып кетті. Қасқыр тағы да көрінбес пе екен дегендей ғып бір минуттай күтіп тұрды. Үндемей, тапжылмай тастай қатып тұрып күтіп еді. Бір рет ақырын үріп қалып, тағы күтті. Сонан соң Уолт Ирвинге жетіп кеп, қолын иіскеледі де мүйістен көзін алмаған бойында, жанына жата қалды.

Майда тастың арасымен ағып жатқан жіңішке су енді қатты сарқырап аға бастағандай көрінді. Торғайдың сайрағанынан басқа тыныштық бұзған ешбір дыбыс жоқ, үлкен сары көбелектер үнсіз ұшып, күн көзінде жарқылдап барып, көлеңкеге батып жатыр. Медж күйеуіне қуана қарады.

Бірақ енді бір азда Қасқыр қайта тұрды. Барлық қозғалысында бекінгендік белгісі бар. Еркек пен әйелге көз де салмады. Барлық ықыласы соқпаққа ауған тәрізді. Ол бекінді. Мыналар да түсінді. Сынның енді басталғанын ұққан еді. Қасқыр жүгіре жөнелді. Медж үйреншікті ысқыруына салып қайтарып алмақ боп, ернін соза бастап еді. Бірақ ысқырмай тұрып байына көз салғанда, ол кіналай қарап тұр екен. Медж қатты күрсініп, отырып қалды.

Қасқыр басында жортақтап бара жатыр еді, енді шаба жөнелді. Артына бірде-бір қараған жоқ. Бұйығы қасқыр құйрықтанып созылып кетіпті. Мүйістен бір-ақ секіріп айналғанда, көзден ғайып болды.

Ғылыми түсініктемелер



“АБАЙ АҚЫНДЫҒЫНЫҢ АЙНАЛАСЫ”

Мақала 1934 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің 30 желтоқсанындағы санында, сондай-ақ “Әдебиет майданы” журналының сол жылғы 12-санында жарияланған. Кейіннен М. Әуезовтің Абай өмірбаяны мен шығармашылығына арналған “Абай Құнанбаев” (Алматы: Жазушы, 1967) атты кітабында жарық көрді. Соңғы нұсқа ұсынылып отыр.

Бұл еңбек кеңестік дәуірдің алғашқы кезеңінде басы дауда қалған Абай шығармашылығын шабуылдан қорғап қалу ғана емес, барынша негіздеп насихаттау, ақын өнерінің бастау-бұлағы мен мазмұн тереңдігін түбірлеп зерттеу мақсатымен жазылған. Мақала өз дәуірі үшін ғана емес, бүгінгі күнде де дәстүр мен жаңашылдық, поэзияның халықаралық байланысы мен типологиялық ерекшеліктерін зор білімділікпен ашу тұрғысынан әрі ерекше шабыт, шешендік үрдісте орындалуымен саналық қасиеттерге толы.

Кейінгі сан-салалы зерттеулерде әрі қарай дамытылатын ғылыми қағидалар осы еңбекте бастапқы тұжырымдамалық көрінісінің өзінде жинақтаушылық сипатымен дараланған. Әдетте, ғылыми стильде әркімдердің қолынан келе бермейтін тенеу, метафора нәрімен ой нақтылығын ұштастыратын бейнелі тіл орамдары М. Әуезов пікірлерін әлдеқайда ажарландыра түскен.

Зерттеуші Абай мұрасына әсер еткен ықпалды әдеби арналар деп Шығыс пен Батысты ғана атайды. Орыс әдебиетін Батыс ұғымының ішінде алады: *“Әрине, бұған қарап Абайдың өз пішіні — қазақ тұлғасы жоқ демейміз. Жаға — жаға да, арна — арна. Ұлы арнасы мен жол арнасының түп-түбімен шығып жатқан қайнар көздер — ақынның негізгі қазақтық тұлғасын құрайды”* дегенде ұлттық тамыр мен ділдің үстем болмысын жоққа шығармайды. М. Әуезов үшін Шығыстық арнаның балалық еліктеу дәуірі мен шығармашылығы кемелденген тұстағы өнер үрдісінен айнымас орын алғанына көңіл аударған. Әншейінде Ислам жолын саясат салдарынан жақтырмау әдетін көрсеткен тәрізденсе де, Абайдың сопышылдық поэзиямен байланысын саралағанда бұл төңіректегі жүйелі білім белгілері қыстыға көрініс тауып отырады. Ұлы ақынның дін жолын ту етудегі ерекшелігін ғалым былай түйіндейді: *“Бірақ, осының бәрімен қатар Абай фанатик те емес, мұсылманның көп молда, көп кітабы даттаған фанатик, схоластик дінді ұстанбайды. Шығыс жағасынан алған нәрдің бәрін Абай өз ақылымен, сынишы, ойшыл ақылымен, бірақ, әрине, санашылдық жолымен өзінше қорытып алады”*. Абайдың Будда дінімен таныстығы да осы жолы ескертіліп өтеді. Ал Пуш-

кин, Лермонтов лирикасымен табысу шақтарын талдағанда автор кейінгі еңбектеріндегідей көбіне Абайды шәкірт қалпына бейімдеп ұстаудан гөрі, қазақ ақынын Еуропаға мәлім тұлғалармен өнер жарыстырушы ретіндегі биік талантын жалынан сипап сөйлейді: *“Мұнысы Еуропадан ұстаздық іздей қоңсы қона келу емес, Дарвинге келген келісі сияқты ірге бермей, бөксесін қашық сала ұстасқаны сияқты”*. Әсіресе М. Ю. Лермонтов жырларымен сарындастық сыры жеке-дара туындылар және еркін аударма өнеріндегі шеберлік айшықтары һәм тағдырластың күйімен дәлел таба пайымдалады. Шығыс пен Батыс ықпалдарының тоғысу сәттерінен ұлттық өрнек бітімінің ұтымды жаңғырығын көретін М.Әуезов Абай өлеңдерінің құрылым жүйесі, уәзін, өлшем түрлерін, жанрлық келбетін де әрдайым сергек назарда ұстаған.

Автор Абай шығармашылығының өзіндік ерекшелігі әлі жете зерттелмегеніне тоқтала отырып, Абай ақындығының айналасын Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Шәкәрім есімдерімен сабақтастыра қарайды. Абайдың оларға тікелей өнері арқылы әсері тарихи деректер бойынша нақтылап көрсетіледі. Мақаланың болашақ күрделі, мол тынысты зерттеулерге бағдар ашып беретін ғылыми тұғырнамалық қасиеттері жеткілікті.

1. 5-бет. **“...жаңағыдай екі жағадан қатар нәр алу арқылы бір әдеби “Телғаралықпен” ерекшеленіп туған сияқтанады — ... “Абай жолы” романында көрініс алатын, Абай өмірбаяндарында жиі аталатын ұғым “ортақтық” деген мағынада, бейнелі түрде қолданылады.**

2. 6-бет. **“Сұлуды Шығыс поэзиясының салтымен мәдихтау” — “Мәдихтау” — мадақтау ретінде тұр.**

3. 7-бет. **“Жаңағы өлең қалыпты “рубағи” төрттік” — “рубағи” араб, парсы, кейіннен түркітілдес поэзияда орын алған, тиянақталған ойға құрылған, төрт жолдан тұратын “рубаи” мағынасын береді.**

4. 7-бет. **“нузи”, “көзи” деп майсандайды” — “Майсандау” “майса” сөзінен алынып, түрленде жасалған жұмсартпа, нәзік күй бере, ықыластана сөйлеу мағынасын білдіреді.**

5. 7-бет. **“Бұл өлеңнің бәйт ретімен...” — “Бәйт” — араб, парсы поэзиясындағы “бәйт” өлшемімен келетін жыр нұсқасы.**

6. 7-бет. **“... ғаруз уәзімінің” — “Уәзім” — әдеттегі “уәзін”, өлең өлшемі есебінде қолданылады.**

7. 8-бет. **“Арун Рәшид халифа заманы” — Бұдан бұрынғы томдардың түсінігін қараңыз.**

8. 11-бет. **“Абай имам Ғазалвдей сыншы мұсылман ұя бұзар діндарға ұқсай бастайды” — Бұрынғы томдардың түсінігін қараңыз.**

9. 11-бет. **“Діні әрі-беріден соң Ғайса дініне де жақындап, өзінше ақыл діні бола бастайды” — Абайдың Иса пайғамбардың қағидаларымен таныстығы, оның заңдылығы түйінделіп отыр.**

10,11. 12-бет. “Абай татардан шыққан Хайым Насыри алдындағы Шиһабиди Мәржаниді қостайды” — “Хайым Насыри” — Бұрынғы томдардың түсінігін қараңыз.

12. 12-бет. “Бұл екеуі мен Смағұл Ғаспиринскийдің алдында...” — Бұрынғы томдардың түсінігін қараңыз.

13. 12-бет. “Абай Будды жәйін оқи келе...” — “Будды” деп автор тұтас бір діннің негізін салушы Будданы қазақ ұғымына жатық тілмен атап отыр. Оны Шакьямуни немесе Сакиа Муни, Гаутама Будда деп те атайды. Л. Толстойдан аударған осы аттас әңгімесінде М. Әуезов Ғайса пайғамбардан 500 жыл бұрын дүниеге келген, Саки елінің Сүдхұдана патшасынан туған баланы Сейдхартга деп жазады. Абай Будданың шамамен б.д.б. 624—544 жылдары жаратушыдан алған “Хоосон чанар” (жалған қасиет) деп аталатын діни сенім негіздерінен хабар беретін еңбегімен таныс болуы мүмкін дейтін болжам бар.

Б. Майтанов

“ҚАЛМАҚАННАН НЕ ТІЛЕР ЕДІК?”

Мақала 1935 жылы “Социалды Қазақстан” газетінің 12 қыркүйектегі 211-санында және “Әдебиет майданы” журналының 9-санында (9-10-беттер) шыққан. Кейін жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томына (1969, 88-90-беттер) журналдық нұсқасы бойынша берілген. Осы нұсқа 20 томдық шығармалар жинағынан (1985, 17-том, 31—33-беттер) да орын алды. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған.

1935 жылы Қалмақан Әбдіқадыровтың шығармашылық қызметінің 10 жылдығы атап өтіліп, республиканың газет-журналдарында көптеген материалдар жарияланды. Жоғарыда келтірілген “Социалды Қазақстан” газетінің бір беті түгелдей осы он жылдыққа арналған. Қ. Әбдіқадыровтың 1925 жылы 10 тамызда “Еңбекші қазақ” газетінде жарияланған тұңғыш өлеңі “Сырдария” мен “Екпін” өлеңдер жинағынан алынған бір өлеңімен қатар Б. Майлиннің, І. Жансүгіровтың, Ө. Тұрманжановтың, М.Тиесұлының мақалалары берілген. Беттің үстіне “Кеңес ақыны Қалмақанның он жылдығы” деген ортақ тақырып қойылған. Аталған “Әдебиет майданы” журналында да Қ. Әбдіқадыровтың “Интернационал” атты көлемді өлең-толғауымен қатар Қуанышұлы деген автордың көлемді мақаласы бар. Сонымен қатар С. Сейфуллин, Б. Майлин, Ж. Саин, Құлымбетұлы, т.б. шағын көлемді құттықтау мақалалары берілген. Жазушышар ұжымы мен “Социалды Қазақстан” ұжымы, Оңтүстік өңір жазушылары атынан құттықтаулар бар. Осы материалдарға қарап отызыншы жылдары асқына етек алып келе жатқан әдебиетке таптық тұрғыдан қарау талаптарының әсерін айқын байқаймыз. Соған орай бұл он жылдықты науқанға айналдырып, аталған газет-журналдарға арнайы тапсырма берілгенге ұқсайды. Қ. Әбдіқадыровтың шығу тегінің кедей жалшы екенін, шығармалары тақырыптық, идеялық жағынан заман талаптарына сай екенін мақала авторларының бәрі дерлік атап өткен. Осы мақалалардың ішінде М. Әуезов мақаласында Қ. Әбдіқадыров шығармашылығына мүмкіндігінше көркемдік тұрғыдан талдау жасалған. Идеологиялық талаптар тұрғысынан айтқан аздаған жолдарын алып тастағанда, Әбдіқадыров өлеңдерінің табиғатын терең түсінген, артық-кемсіз дәл баға берген мақала.

Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағының бұл томына мақала газет пен журналдағы нұсқалары салыстырылып берілді. Кейбір тыныс белгілері қазіргі пунктуациялық ережелерге сай қойылды.

1. 21-б. **Қалмақан** — Қ. Әбдіқадыров (15.4.1903, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы — 30.4.1964, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы), қазақ ақыны, жазушы, аудармашы. 1928 жылдан коммунистік

партия мүшесі. 12 жасынан жалданып жұмыс істей бастаған. “Еңбекші казак” газетінде ат айдаушы, Жазушылар одағында қызметкер, халық ақыны Жамбылдың хатшысы болған. Ұлы Отан соғысы кезінде майдандық газеттерде тілші болған. Тұңғыш өлеңі 1925 жылы жарияланып, 1935 жылға дейін “Жалшы” (1928), “Екпін” (1932), “Шахтер” (1934) атты өлеңдер жинақтарын шығарған. Кейін проза жанрында жемісті еңбек еткен. Қажымұқан жайлы деректі романның авторы. Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Аударма саласында жемісті еңбек еткен. Бұл саладағы негізгі еңбегі — “Мың бір түннің” аудармасы.

2. 22-б. “**...бошалаң**” — малға қатысты айтылатын “бошалау” сөзінен.

Р. Әбдіғұлов

“СОЦИАЛДЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ” БАСҚАРМАСЫНА АШЫҚ ХАТ”

Хат “Социалды Қазақстан” газетінің 1935 жылғы 29 мамырдағы санында шыққан. Кейін М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 17-томында (27-28-беттер) газеттегі нұсқасы бойынша басылған. Қазақтың Мемлекеттік драма театрында қойылған (премьерасы 1935 жылы наурызда болды) Жұмат Шаниннің “Арқалық” пьесасының қойылымына орай “Социалды Қазақстан” газетінде (1935 жыл, 3 сәуір) Ғабит Мүсіреповтің “Арқалықтың” жаңа қойылымы туралы”, “Лениншіл жас” газетінде (1935 жыл, 11 мамыр) Қалибек Тұрғанбайұлының “Арқалықты сахнадан алу керек” атты мақалалары жарияланды. Ғабит Мүсірепов мақаласында: *“Хан Кене” мен “Арқалыққа” жұмсалған қаржы мен аударылған көңілді жаңа пьесалардың бірі де көрген жоқ*”, — дей келе, пьесадағы Арқалық батырдың соғысып жүргені дос ел Қытайдың еңбекші халқы деген сияқты сындар айтқан. Қ. Тұрғанбайұлы мақаласында М. Әуезовке тікелей идеологиялық солақай сын айтылып, жала жабылған. Тұрғанбаев мақаласының басында үкіметтің саяси-идеологиялық талаптары жайында айта келіп, қазақ драма театрының “зиянды” “Хан Кене” пьесасын қойып, Бұл пьесаның сахнадан алынғанын айтқан. Мақала авторы жалған жала жабұмен қатар тікелей өтірікке барғанын: *“...еңбекшіл жұртымыздың сансыз пікірінен кейін театрдың директоры Бекұлы жолдасты оқу комиссариаты орнынан алып, оның орнына жолдас Қадырбайұлын қойды да тынды... “Хан Кененің” авторы Мұқтар жолдасты “Сен режиссер бол” деп, бүкіл театр коллективін қолына тапсырды*”, — дегенінен көреміз (М. Әуезов 1932—37 жылдары Қазақ драма театрының әдеби бөлімінің меңгерушісі болған. Ешқашан режиссер болған емес). М. Әуезовтің 1930-32 жылдары НКВД қамауында болғанын, кешірім сұрағанын еске алып, түзелудің орнына *“Қайта ескіліктің сасық иісін мұңкітті...”* дейді. *“Бұл істеріңді топастық деуімізбен қабат барып тұрған саяси содырлық, кеңес жұртышылығының сенімін ақтай алмағандық. Ескі шіріген дәуірдің идеологиясын жақтаушы мещандар мен обывательдердің, қала берді тап жауының қылықтарын жақтағандық, үкімет қаржысын орынсыз шашқандық дейміз*”, — деп отызыншы жылдары жазушы өміріне аса қауіпті кінәлар тақты. Бұл айыптаулар Ғ. Мүсірепов мақаласында келтірілген Өлкелік партия комитетінің хатшысы Мирзоянның *“Егер радио, театр, киноларда неше түрлі қойыртпақтарды, мещандық, обывательдік нәрселерді өткізуге тырысатындар болса, біз ондай қылықтарға да, соған жол беріп отырған адамдарға да аямай соққы беруіміз керек”*, — деген пленумда айтқан сөзімен толық үндеседі. Екі мақалада да *“ескілікті аңсайды, халықтар достығына кесірін тигізеді, соғысқа шақырады”* деген сияқты солақай сын басым. М. Әуезов аталған хатында “Арқалық” пьесасы дайындалып жатқан кезде Мәскеуде іссапарда

болғанын, ешқашан режиссерлық қызмет атқармағанын, театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі ретіндегі міндеттерін анықтап түсіндірген. Бұл хаттың алдында М. Әуезов пен Қ. Тұрғанбайұлының мақаласында аталатын Кәдірбайұлымен бірге Ғ. Мүсірепов мақаласына жауап ретінде “Арқалық жөніндегі Ғабит сыны” деген мақала жазған (“Әуезов үйі” ҒМО архиві, 223-п.). Мақала жарияланбай қалған. Тұрғанбайұлының ұрда-жық солақай сынынан кейін амалсыздан жазған Әуезов хаты жарияланған “Социалды Қазақстан” газетінің сол номеріне газеттің бас редакторы Ғ. Мүсірепов те “Мұхтардың хаты туралы” мақаласын шығарды. Бұл түсінік хатында Ғ. Мүсірепов өзінің, әсіресе Тұрғанбайұлының М. Әуезов туралы жаман ұғым туғызып... *“оның тағдырын қатерге тігіп отырғандарын түсініп... театр мен Мұқтарға күйе жаққысы келіпті де, аузына не түссе соны... айтыпты...”* Мұқтарға, театрға күйе жағуға сол мақала мұрындық болған болса, оны мұрындық қылғысы келгендерге қарсы шығатынымды менің жариялап қоюым керек секілді”, — деп жазған. М. Әуезовтің ресми хатындағы *“жұртшылықты күдікке салмай анық, дұрыс мағлұмат берсе екен деймін”* деген өтінішіне жауап берген.

Жазушының 50 томдық шығармалар жинағының бұл томына 20 томдық шығармалар жинағындағы нұсқасы бойынша беріліп отыр.

1. 23-б. **“Жұматтың”** — Жұмат Шанин. Осы томдағы “Қыз Жібек қандай” мақаласының түсінігін қараңыз.

2. 23-б. **“...театрға, театр басқарушыларына бірнеше сындар жазылды”** — жоғарыда аталған Ғ. Мүсірепов пен Қ. Тұрғанбайұлының мақалаларымен қатар “Екпінді құрылыс” газетінде (1935, 18 желтоқсан) Қасым деп қол қойылған “Арқалық батыр” атты мақала шыққан.

3. 23-б. **“...суреттілік ісін басқарушы...”** — мұнда режиссер терминінің орнына қолданған.

4. 24-б. **Елубай** — Елубай Өмірзақов (1.1.1899, 21-ауыл, қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданы, — 2.4.1974, Алматы) — қазақ актері, әнші, киноактер, ұлттық актерлік мектептің негізін салушылардың бірі, Қазақ ССР халық артисі (1931). Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтында оқыған. Алғаш хат танытып (1914), өнер жолына түсуіне ықпал еткен Б. Майлин. Қазақ театры тарихындағы аса талантты және жемісті еңбек еткен актер. СССР (1952) және ҚазССР мемлекеттік сыйлықтарының иегері.

5. 24-б. **Насонов** — М. Насонов (1899, Москва — 1952, сонда) — режиссер, педагог, Қазақ ССР-ның еңбегі сіңген артисі (1935). Қазақстандағы профессионалдық театр өнерінің дамуына көп еңбек сіңірген. 1932—41 жылдары Алматыда Қазақ драма театрының қоюшы режиссері және көркемдік жетекшісі болды. “Еңлік— Кебек” (1933), “Тас түлек” (1935), “Шекарада” (1938), “Ақ кайық” (1938), т.б. пьесаларды қойған.

Р. Әбдіғұлов

“ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРКЕМӨНЕРІ”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1935 жылы “Социалды Қазақстан” газетінің 20 қазандағы “Қазақ әдебиеті” газетінің 24 қазандағы сандарында жарияланған. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 17-томына (Алматы, Жазушы, 1985. 33—38-беттер) аздаған өзгеріспен “Қазақ әдебиеті” газетіндегі нұсқа бойынша берілген.

Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. Мақала Қазақ автономиясының құрылғанына 15 жыл толуына орай жазылған. Сонымен бірге 1936 жылдың көктемінде өтуге тиісті Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі декадасының алдындағы Қазақстандағы театр, музыка өнерлерінің жай-күйі туралы есеп беру мақсаты да бар.

1932 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік драма театрының әдебиет бөлімінің жетекшілігі қызметінде болған М. Әуезов қазақ театрының барлық қыр-сырларымен етене таныс болған. Бұл мақалаға дейін театр өнер мәселелеріне арналған “Мемлекеттік театрдың міндеттері туралы” (Әдебиет майданы. 1933. №2), “Театр, музыка кадры” (Социалды Қазақстан. 1933. 2 маусым), “Жақсы пьеса — сапалы әдебиет белгісі” (Социалды Қазақстан. 1934. 28 сәуір), “Қыз Жібек” қандай? (Социалды Қазақстан. 1934. 24 қараша), “Казахская драматургия” (Литературная газета. 1933. 5 июля). “Современное состояние драматургии и ее задачи” (Казахстанская правда. 1934. 20 июня), т.б. Театр, драматургия, актерлік өнер, музыкаға қатысты мақалалар жазған. Бұл еңбегінде сол кездегі қалыптасқан идеологиялық талаптарға орай жазылған шағын кіріспеден кейін театр тарихына (Қазақ мемлекеттік драма театры, Қазақ музыка театры, облыстық театрлар) арналған қысқа, нақты деректер беріп, республика театрларына қажетті актер, режиссер, суретші кадрларын даярлаудың барысына тоқталған. Мақаланың бүкіл бөлігіндегі деректерді жоғарыда аталған “Театр, музыка кадры” атты мақаласындағы деректермен салыстырып қарағанда молырақ мәліметтер алуға болады. М. Әуезовтің бұл мақаласында көбірек тоқталғаны — ән-күй театры (қазіргі Абай атындағы Опера және балет театры). Ән-күй театрының туу, даму тарихына қысқаша тоқтап, “Айман—Шолпан”, “Қыз Жібек” операларының мысалында болашақта репертуарға тек қазақта бұрыннан бар әндердің негізінде жазылған опералармен ғана шектелмей, профессионалды, дара опералар жазу керектігін баса айтқан. Мақалада алғашқы ұлттық оркестрдің құрылуы жайында хабар беріп, өзінің ұсыныстарын айтқан. 1935 жылы “Советское искусство” газетінің 17 қаңтардағы санында “Искусство Казахстана” атты мақаласы шыққан. “Қазақстанның көркемөнері”

мақаласы мен “Искусство Казахстана” мақаласын салыстырғанда көтеретін мәселелері, тақырыптары бір болғанмен аударма емес екені анықталды. Мағыналық, көлемдік жағынан өзгешеліктері көп.

М. Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағының бұл томына мақаланың “Социалды Қазақстан”, “Қазақ әдебиетіндегі” нұсқаларын жазушының 20 томдық шығармалар жинағындағы нұсқамен салыстырып беріп отырмыз. 20 томдықтағы “Ленин партиясы өзінің дана, ұлы жолды ұлт саясаты арқылы кешегі отарын бүгін 15-ақ жыл ішінде мәдениетті, күшті республикаға айналдырды”, — деген сөйлемде газеттердегі нұсқада бар “отарын” сөзінің алдындағы “құлдық” сөзі берілмеген. “Әсіресе өлкеміздің басшылығы мәдениет жұмысына мейлінше көп көңіл бөлді”, — деген сөйлемде “басшылығы” сөзінің алдынан келетін “Мирзоян жолдас бастаған”, — деген тіркес берілмеген. Бұл басылымға газеттегі нұсқа толық қалпында алынды. Мақаланы томға дайындау барысында орфографиялық, пунктуациялық түзетулер жасалды.

1. 25-б. **“Қазақстанның көркемөнері”** — мақалада кездесетін актерлер, режиссер, суретшілерге қатысты түсінікті осы басылымның алдыңғы томдарында шыққан “Мемлекеттік театрдың міндеттері туралы”, “Театр, музыка кадры”, “Драматургияның бүгінгі жайы мен алдағы міндеттері”, “Жаксы пьеса – сапалы әдебиет белгісі”, “Қыз Жібек қандай”, “Мемлекет театрында “Астық” пьесасы” мақалаларының түсініктерінен қараңыз.

2. 25-б. **“...мемлекеттік драма театры бар...”** — мақаланың ішінде айтылатын драма, музыка, облыстық театрлары жайлы мәліметтерді “Қазақ театры тарихынан” (Алматы, “Ғылым”, 1975) қараңыз.

3. 25-б. **“...Мәскеу мен Ленинградтың жоғарғы дәрежелі өнерпаздар институттарының жанынан ашылған мастерскойларымыз...”** — М. Әуезовтің “Театр, музыка кадры” мақаласын және сол мақаланың түсінігін қараңыз. Қазақстан театрларына отызыншы жылдарда кадрлар дайындау жайлы толық мәліметтерді жоғарыда аталған “Қазақ театрының тарихынан” аласыз.

4. 26-б. **“Одаққа аты шыққан ірі адамдары: ірі композитор, ірі режиссер, ірі биші, суретшісі сияқтының барлығы да бізбен істесіп, Қазақстанның көркемөнер ісіне анықтап жегіліп отыр”** — Отызыншы жылдарда Қазақстан театрларына жұмысқа режиссерлер М. Г. Насонов, И. Г. Боров, суретші А. Ненашевтер келді. Ән-күй театрына (опера және балет театры) Е. Г. Брусиловский, Хамиди, В. В. Великановтар келген.

М. Ахем

“АБАЙ — КАЗАХСКИЙ КЛАССИК”

Бұл мақала “Литертурный Казахстан” журналының 1935 жылғы 2-санында жарық көрген. Одан бергі уақытта қайта жарияланбаған. Мақаланың қолжазбасы “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының мұрағат қорында (ЛММА КІР-1, N 239) сақтаулы тұр.

Мақала мен оның қолжазбасын салыстырып оқу барысында, мәтін жарияланар алдында стильдік тұрғыдан өңделіп, кейбір тұстары қысқартылғанын анықтадық. Стильдік өзгертулер мақаланың өне бойында көп кездесетіндіктен әрі мәтіннің мағынасына ықпал етпегендіктен, қолжазбада бар, жарияланған мәтінде жоқ төмендегідей үзінділерді ғана көрсетуді жөн көрдік:

Бірінші абзацтағы “*одного из казахских театров*” деген тіркес пен “*академическое издание полного собрания сочинений*” деген сөз тіркестерінің аралығындағы “*Гос. Пуб. Библиотеки*” деген сөз тіркесі алынып тасталған.

Екінші абзацтың соңындағы “*общественности*” деген сөзден кейін қолжазбада “*унаследовавшего в числе многих литер прошлого и творческое наследие Абая*” деген сөз тіркесі болған.

Үшінші абзацтағы “*темных фанатиков*” деген және “*к произведениям*” деген сөз тіркестерінің арасындағы “*своего окружения как к оазису*” деген сөздер түсіп қалған.

Келесі абзацтағы “*Гафизу*” деген атаудан кейін “*Науаи и Фзули*” деген сөздер алынып тасталған.

Келесі абзацтың соңындағы “*разлагавшейся*” деген сөзден кейін қолжазбада “*в силу внутреннего исторического процесса и в силу грубой ... нической колониальной пометки царизма*” деген сөз тіркесі бар.

Журналдағы: “*Все подобные случаи приводят его к частым столкновениям с царскими чиновниками различных ведомств*” деген сөйлемнен кейін қолжазбада: “*Бюрократически-чиновнический аппарат проявляет немало рогаток, хитросплетения внутреннего своего механизма, осложняя и углубляя многие процессы разжигаемой ими внутренней борьбы. А отдельные представители, старшины родов, в том числе и Абай, становятся то объектом заигрывания, то политической мистификации или же одурачивания колонизаторского аппарата царизма*”, — деген сөйлемдер бар.

Журналдағы: “*Этот период, т. е. последняя четверть XIX столетия, как известно, является периодом усиленного капиталистического развития царизма*” деген сөйлемнен кейін қолжазбада: “*А колониальне окраины империалистического государства являлись поставщиками различного рода сырья, для выкачивания каковых в этот*

период действовал уже активно торговый ... хищнический капитал в качестве агента промышленного капитала внутренней России” деген сөйлем кездеседі.

Журналдағы: “Процесс освоения значительной части Казахского края, как окончательно присоединенной колонии царизма, шел быстрыми темпами”, — деген сөйлем қолжазбада: “назначали города, утверждались казачьи волости, управлять краем, областями, районами становилось все умелее, гибче, чем прежнее управление через ханских юртиков-султанов. Согласно уставу о сибирских караулах, составленных в 1822 году еще Сметанским” деп жалғастырылған.

Қолжазбадағы: “Лермонтов, особенно сильно приковавший к себе влияние поэта, оказал заметное влияние на собственную лирику Абая”, — деген сөйлемнен кейін келетін: “лирики природы, любви и настроения. Певец скорби и желчного обличительного стиха, певец, такой по высоким идеалам” деген сөздер журналдық басылымға енген.

Қолжазбада: “Абай познакомился с учением Будды” — деген сөйлемнің алдында: “Абай одновременно переводил и Крылова”.

“Через русскую литературу” деген сөйлем мен сөз тіркесі болып, бірақ басылымға кірмеген.

Журналдағы “в осуждении и резком отрешении многих позорных институтов Востока” деген тіркестен кейін қолжазбада “как многоженство и неравный брак и т. д.” деген тіркес болған.

Журналға қолжазбада бар, “Крупнейший поэт, он одновременно был и композитором” деген сөйлемнен бұрын болған: “утвержденная им высокая насыщенная мыслью культура образца по справедливости присваивает ему имя классика и основоположника казахской подлинно художественной литературы. Помимо существовавших ранее различных видов казахского стиха он сам вводит 11 новых рифм и форм в поэзии” деген сөйлемдер кірмеген.

Журналда жоғарыда келтірілген сөйлемнен кейін келетін: “Для большинства своих новых стихов” деген тіркестен кейін қолжазбада: “чтобы сделать их удобоусвояемыми для своих мало искушенных читателей” деген сөз тіркесі болған.

Журналдағы: “Чем больше стремился Абай отойти, отдалиться от окружающей действительности” деген сөйлем мен: “Абай обращается к потомкам” деген сөйлемдердің арасында қолжазбада: “Личная практика и душевная неудовлетворенность своим положением при безысходности, скованности положения его самого углубляют двойственность в лени. Пройденный жизненный путь неудовлетворяет” деген сөйлемдер болған.

Журналға басылған: *“умирает, пережив сына только на 40 дней”* деген сөйлемнен кейін қолжазбада: *“Это был избранный им вид самоубийства”* деген сөйлем бар.

“Советская общественность Казахстана” деп басталатын сөйлем қолжазбада: *“и хорошо помнить об Абае”* деген сөз тіркесімен аяқталады.

Қолжазба: *“Но действительными наследниками творческой сокровищницы Абая являются только трудящиеся Казахстана”* деген сөйлемнен кейін келетін: *“и они определяют свое отношение к поэту, зафиксированным сегодня громадным вниманием своей партии и правительств”* деген сөйлеммен аяқталады.

Мақалада кездесетін бірқатар кісі аттары мен көркем шығарма аттары 50 томдықтың бұдан бұрынғы томдарында кездесіп, оларға сол томдарда түсінік берілген, сондықтан бұл түсінікте оларға тоқталған жоқпыз.

С. Сәкенов

“АҚ АЮ” ТУРАЛЫ

“Социалды Қазақстан” газетінің 1935 жылғы 11 маусым, 133-санында латын әрпінде жарияланып, тақырыбының астына “Мұхтар” деп қол қойылған мақала сол тұстағы (1935) орфографиялық ережелермен жазылған.

Одан кейін жазушының жиырма томдық (“Жазушы”, 1985, 17- том, 28—31-66.) шығармалар жинағына қазіргі грамматикалық ережеге сай қалыпқа түсіріліп, ішінара түзетулермен толық берілген. Бұл томға соңғы басылым бойынша тыныс белгілері, орфографиялық қателері түзетіліп, алғашқы түпнұсқамен салыстырылып барып ұсынылып отыр.

КСРО-ның Солтүстік мұзды мұхит теңіздерімен шектесіп жатқан Ақ теңіз, Дежнев бұғазы арқылы Тынық мұхитқа жету мақсатындағы “Челюскин” экспедициясын басқарған академик О. Ю. Шмидт ғылым үшін аса маңызды мағлұмат берді. Осы “Челюскин” экспедициясының басшысы мен мүшелерінің жорық кезіндегі ерлігін баяндайтын шығармаға арнап Қазақстан үкіметі 1935 жылы бәйге жариялады. Осыған жауап ретінде жазылған С. Мұқановтың “Ақ аю” поэмасы екінші жүлдеге ие болды. Осы поэмаға байланысты газеттерде бірнеше сын мақалалар жарық көрді, соның бірі — М.Әуезовтің осы мақаласы. Мақалада жорық оқиғасы жететиянақталмай, ондағы аңдардың әрекеттері ұзақ баяндалып, поэманың басы мен ортасындағы оқиғалар жеңіл суреттелетіні сыналды.

Жазылған мақаланың алғашқы нұсқасында — “пайезиямыздың”, “шыны мен”, “бір неше”, “салысы мен”, “мезгілі мен”, “Сол түстік”, “заңымен”, “ойлылық пен”, “бейнесі мен”, “көз бен”, “сайма сай”, “бір сытыра”, “пәлсәпә мен” болып — **мен, бен, пен** көмектес септігінің жалғаулары сөздің түбіріне қосылмай жазылып отырған. Осындағы *протокол — пуртакол, очерк — өшеркі, сол материалды — сол мәтериалды, құрғақ копиясын — құрғақ көпиесін, болмаған программамен — болмаған пурграммен, оның қадамы күресшең — оның қадамы күрессең, ескі сарынмен сипатталады — ескі сарынмен ыспатталады, сипаттап береді — ыспаттап береді* болып келетін сөздер қазіргі орфографиялық ережеге сай берілді.

1. 37-б. “...тілентіп” — шабыттандырып, қанаттандырып деген мағынада қолданып отырған сөз жиырма томдықта — *ірілентіп* деп қате басылған.

2. 38-б. “Челюскин” — алғашқы нұсқада — *Шелускин*. Челюскин Семен Иванович (шамамен 1700—1760 жылдар) — орыс теңізшісі, капитан, лейтенант. Ұлы солтүстік экспедициясына қатысқан. 1760 жылға дейін Балтық флотында қызмет атқарды.

“Челюскин” 1933—1934 жылдары маусымда Мурманскіден Владивостокқа жету мақсатын көздеп сапарға шыққан. Экспедицияға О. Ю. Шмидт басшылық етті. Беринг бұғазында кеме мұз құрсауында қалып, Чукот теңізіне қарай ыққан. 1934 жылы 13 ақпанда кеме апатқа ұшырап, ондағы адамдар мұз үстіне түсірілген. Бұлардың ең соңғы тобы 13 көкек айында құрлыққа Ванкарем мүйісіне ұшақпен жеткізілді.

3. 39-б. “Шмидт” — алғашқы нұсқада *Шмит* болып берілген. Шмидт Отто Юльевич (1891—1956) — кеңес ғалымы, математика және геофизика саласының көрнекті маманы. Арктиканы зерттеуші.

С. Майлыбай

“БАЙМҰҚАМБЕТҰЛЫ ЖОЛДАС”

Бұл мақала алғаш “Социалды Қазақстан” газетінде 1935 жылы 26 қазанда шыққан. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 8-томына (1981, 43-47-беттер) газеттегі нұсқасы бойынша берілген. 1935 жылы мамыр айының соңында Қазақстанға Леонид Соболев бастаған бір топ Ленинградтық жазушылар келген. Бұлар бірнеше топқа бөлініп, Қазақстанның облыстарын аралаған. Л. Соболев басқарған жазушылар бригадасы бір жарым ай шамасындай уақыт Шығыс Қазақстан өлкесінде болды. Осы сапар жайында Л. Соболев “Правда” газетінің 1935 жылғы 16 қазандағы санында “Риддер” очеркін жариялады. Осы газеттің 23 қазандағы санында М. Әуезовтің “Товарищ Жанай” атты мақаласы шықты. Бұл — “Баймұқамбетұлы жолдас” мақаласының ықшамдалған нұсқасы. Көлемі екі еседей кіші. Дәл аударма емес. “Әуезов” үйі ғылыми-мәдени орталығының мұрағатында жазушының осы сапарда жүргізген жолжазба-күнделіктері сақталған (ЛММА, 504-п.). Күнделіктің алғашқы датасы 7-маусым, соңғы датасы 18-шілде. Қалың дәптердегі 60 беттей қолжазба кирилица, латын, араб әріптерімен жазылған. Жолжазбада Баймұқамбетұлы Жанайдың өмірі мен жұмысына қатысты газеттегі шыққан мақаладағыдан анағұрлым көлемдірек деректер бар. Мақалада айтылатын кейіпкерлер тағдыры, өндіріс процестері, өлке табиғаты, халық тұрмысы, колхоздар, әскери заставалар т. б. жайында жан-жақты деректер келтірілген. Мақала — “Ақжал” руднигінің бастығы Жанай Баймұқамбетұлының тағдыры аясында Алтайдағы кен өндіру мен түсті металдар қорытудың тарихы мен технологиялық процестері, қазақ жұмысшы табының қалыптасуы мен жеке өкілдері, өмірдегі, тұрмыстағы жаңалықтар жайында жазған. Бұл мақала М. Әуезов пен Л. Соболевтің “Правда” газетінде жарияланған жоғарыда аталған мақалаларымен тақырыптық, идеялық жағынан толық үндеседі.

Жазушының толық шығармалар жинағының бұл томына 20 томдық шығармалар жинағы мен “Социалды Қазақстанда” шыққан алғашқы нұсқасы салыстырылып, текстологиялық жұмыстар жүргізіліп берілді. 20 томдық шығармалар жинағындағы “*сарынын*” сөзі “*зарын*”, “*өңгеріп*” сөзі “*өзгеріп*”, “*кешкендер*” сөзі “*кемірген*” болып берілді. Газеттегі нұсқа мен 20 томдықтағы “*аманел*” сөзі М. Әуезовтің “Правда” газетінде шыққан “Товарищ Жанай” мақаласындағы “*аммонол*” сөзімен алмастырылды. Біраз пунктуациялық, орфографиялық қателер түзетілді. Тыныс белгілерін қоюда қазіргі пунктуациялық ережелерге сүйендік.

1. 40-б. “*...шораяк...*” — аяқ буындарының сырқатынан болатын кемістік, ақсақ адам.

2. 40-б. “*...граф...*” — (немістің сөзінен) орта ғасырларда Батыс Еуропа елдеріндегі корольдік қызмет лауазымы. Бірте-бірте мұрагерлік атаққа

айналған. Феодалдық меншік, билік иесі, дворяндық, (ақсүйектік) дәреже болды. Ресейге 18-ғасырда 1-Петр патша енгізді. Қазір монархиялық билік сақталған елдерде ресми сақталған дәреже.

3. 40-б. “**...аммонал...**” — тау кен жыныстарын қопаруға пайдаланатын қуаты күшті жарылғыш зат.

4. 40-б. “**... перператорын...**” — перфератор. Тау-кен жыныстарын тесіп, бұзу үшін қолданылатын ұрмалы құрал.

5. 41-б. “**...Изотовы...**” — Н. А. Изотов (9.2.1902 — 14.1.1951). Донбастық шахтер. Жас жұмысшыларды тәжірибелі жұмысшыларға шәкірт етіп үйрету қозғалысының бастаушысы. Стаханов қозғалысының белді өкілі. Горловкадағы 1-шахтаның забойшигі. Оның 1932 жылғы 11 мамырда “Правда” газетінде шыққан мақаласынан кейін “Изотов қозғалысы” басталды. 1935, 1936 жылдары көмір қазудан одақтық және әлемдік рекордтар жасаған. 1937 жылдан басшылық жұмыстарға ауысқан. Екі рет “Ленин” орденімен т. б. орден-медальдармен марапатталған.

6. 41-б. “**...Бокин...**” — жазушының Шығыс Қазақстанға барған сапарының жолжазба-күнделігінде (ЛММА, 504-п.) Бокиннің өмірі, тұрмысы, жұмысы жайында деректер бар.

7. 41-б. “**...Нысанғали Қарауылұлы...**” — аталған жолжазбаның ішінде деректер бар.

8. 41-б. “**...кірауат...**” — орыстың “кровать” сөзінен — төсек.

9. 41-б. “**...Ырғызбайұлы Ахметжан...**” — аталған жолжазбада деректер бар.

10. 42-б. “**...Адайдан...**” — қазақ халқының ірі тайпасы. Кіші жүздің он екі ата Байұлы бөлімінен тарайды. Негізгі таралған аймағы Батыс Қазақстанның Маңғыстау өлкесі.

11. 42-б. “**...Амалгам...**” — “амальгама” сөзі қазақ тілі орфоэпиясына сәйкестендіріліп қолданылған. Компоненттерінің бірі сынап болатын қоспа. Қоспадағы сынап пен басқа компоненттердің мөлшеріне қарай сұйық, қою, қатты болады. Сұйық қоспаны рудадан (кен жыныстарынан) түсті металдарды бөліп алу үшін қолданады.

12. 42-б. “**...билдон...**” — түбінде диаметрі әртүрлі торкөз тесіктері бар үлкен айналмалы қазандар. Рудалы лай бұлардан өту барысында байытылып, бос жыныстан тазартылады.

13. 43-б. “**...зумпа...**” — “зумпф” сөзінен. Рудалы лай тұндырылатын, құрамында түсті металдары бар тұнбаларды жинайтын апан шұңқырлар.

14. 43-б. “**... Капитальный ремонт...**” — Л. С. Соболевтің “Капитальный ремонт” романы (1933). Өндіріс тақырыбы көтерілген шығарма. Бұл отызыншы жылдардағы әдебиет сыны мен ресми үкімет орындары тарапынан да, М. Горький мен А. Фадеевтен де жақсы бағасын алған шығарма.

Р. Әбдіғұлов

“ТОВАРИЩ ЖАНАЙ”

Бұл мақала 1935 жылы “Правда” газетінің 23 қаңтардағы санында шыққан. Газеттің Бұл номерінің бір бетіне түгелдей Қазақ ССР-нің 15 жылдығына арналған материалдар берілген. Мақала кейін еш жерде жарияланбаған. Жазушының 1972, 1984 жылдары шыққан библиографиялық көрсеткіштерінде берілмеген. 1935 жылы Қазақстанның 15 жылдығына бір топ Ленинградтық жазушылар Қазақстанға келген. Бірнеше топқа бөлініп, Республика облыстарын аралаған. Леонид Соболев бастаған жазушылар Шығыс Қазақстан өңіріне барды. Бұл топтың құрамында М. Әуезов болды. Жазушы мұражайының мұрағат қорында осы сапардың жолжазба-күнделігі сақталған (ЛММА, 504-п.). Осы сапар әсерлері негізінде Л. Соболев “Риддер” жолжазба-очеркін (“Правда”, 1935, 23 қазан) М. Әуезов “Баймұқамбетұлы жолдас” атты көдемді жолжазба-очеркін жазды (“Социалды Қазақстан”, 1935 ж. 26 қазан). “Товарищ Жанай” мақаласында аталған қазақша мақаладағы өңір, өндіріс, адамдар жайында айтылғанмен, дәл аударма емес. Көлемі екі еседей аз. Жергілікті жұмысшылар тұрмысына, өндіріс процесіне қатысты жерлер мұнда азырақ суреттелген. Мақаланың орыс оқырманына арналғаны байқалады. Қажетті түсініктерді осы томдағы “Баймұқамбетұлы жолдас” мақаласына берілген түсініктерден қараңыз. Мақала “Правда” газетіндегі нұсқа бойынша берілді.

Р. Әбдіғұлов

“ЦЕННЫЕ ПАМЯТНИКИ КИРГИЗСКОГО И КАЗАХСКОГО ФОЛЬКЛОРА”

Мақала “Труды Казахского института национальной культуры” жинағының 1-томында (Москва-Алма-Ата, Казкраиздат, 1935. С. 126-131.) шыққан. Содан кейін қайта жарияланбаған. Мақала екі бөлімнен тұрады. “Эпос у казахов” атты мақаланың екінші бөлімі осы басылымның алдыңғы томында шыққан “Виднейшие памятники казахского эпоса” мақаласымен (Литературный Казахстан, 1934 жыл, 14 маусым) бірдей. Бұл мақаланың соңында автордың: *“Исследовательские задачи, какие поставил перед собой казахский институт национальной культуры, безусловно, не ограничиваются одним эпосом. И я, как научный сотрудник этого института, в числе ближайших задач намечаю продолжение этой работы в отношении других видов фольклора и в особенности советского фольклора”*, — дегеніне қарағанда, М. Әуезовтің аталған жинақты шығарып отырған Қазақтың ұлттық мәдениеті институтының қызметкері екенін және қазақ фольклорымен қатар кеңес халықтары фольклорын зерттеуге де атсалысатынын көреміз. Томға кіріп отырған бұл мақаланың қырғыз фольклорына арналған бөлімі жоғарыда айтылған уәдеге байланысты жазылған болу керек.

Қырғыз фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялау, зерттеу жұмыстарында қазақ ғалымдарының еңбегі орасан зор. Қырғыз халқы өздерінің ұлы эпосы “Манастың” алғашқы зерттеушісі, жариялаушысы ретінде Шокан Уәлихановты атаса, Манастану ғылымының негізін салушы ретінде, “Манас” жырына елуінші жылдардың басында солақай идеологиялық айыптар тағылып, баспа бетін көруі неғайбыл болған уақытта өзінің мол білімінің арқасында, ақиқат алдындағы адалдығы арқасында үстем идеологияға қарсы шығып, ұлы жырды ақтап шыққан қорғаушы ретінде зор құрметпен М. Әуезовті атайды. Одан кейін Ә. Марғұлан т. б. қазақ ғалымдары “Манас” жырын зерттеуде көптеген еңбектер берді.

М. Әуезов “Манас” жырын зерттеумен негізінде 1928—30 жылдары Ташкендегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің аспиранты кезінде айналыса бастаған. Жазушы мұражайының мұрағатында сақталған құжатта 1930 жылы маусым айында Фрунзеге (Бішкек) іссапарға кетіп бара жатқан М. Әуезовке қатысты: *“Настоящее удостоверение выдано аспиранту Востфака САГУ тов. Ауэзову Мухта-*

ру, едущему в научную командировку в гор. Фрунзе для ознакомления с рукописными материалами по киргизскому эпосу, находящемуся в распоряжении Кирнаркомпроса. Управление САГУ просит Кирнаркомпрос оказать командируемому научному работнику т. Ауэзову необходимое содействие”, — деген өтініш айтылған. Бұл томға беріліп отырған “Ценные памятники киргизского и казахского фольклора” мақаласы М. Әуезовтің Манастану саласындағы баспа бетін көрген алғашқы мақаласы. Бұдан кейін де қазақ, орыс тілдерінде арнайы мақала, көлемді зерттеу еңбектер жариялаған М. Әуезовтің бірталай баспа бетін көрмеген зерттеу еңбектері мен жазып алған мәтіндері мұражайдың қорында сақтаулы. Бұл жазбалар жазушының 50 томдық академиялық басылымына түгелдей ұсынылып отыр.

Осы томға беріліп отырған мақала отызыншы жылдардың ауыр идеологиялық қысымы жанып тұрған кезде жарияланған. Бұл жайында осы басылымның өткен томында шыққан “Виднейшие памятники казахского эпоса” атты мақаланың түсінігінде айтылған. М. Әуезовтің отызыншы жылдар мен елуінші жылдар аралығында шыққан Манастануға қатысты еңбектерінде “Манас”, “Семетей” эпостарына қатысты идеялық тұрғыда берген бағаларында едәуір айырмашылықтар бар. “В числе ценнейших памятников киргизского устного творчества исключительное место занимает эпоса *“Манас” и продолжение ее “Семетей”*”, — дей келіп, мақаланың идеологиялық тұрғыдан талдауға қатысты бөлімінде “Но вместе с тем надо подчеркнуть, что “Манас” является продуктом чуждой, враждебной для пролетариата классовой среды”, дейді. Отызыншы жылдардың ортасында жарияланып отырған мақалада осы сипаттағы жолдар болмаса, ғылыми еңбектің, мақаланың баспа бетін көруге мүмкіншілігі жоқ болатын. Сонымен қатар бірер жыл ғана бұрын идеологиялық айыптармен НКВД абақтысына отырып шығуы, Қазақтың ұлттық мәдениеті институтының қызметкері ретіндегі “міндеті” де әсер еткен. Ал “Манастың”, “Семетейдің” құрылымдық, көркемдік, көлемдік ерекшеліктерін талдаудағы М. Әуезов ойлары кейінгі Манастану ғылымына негіз болды деп айтуға даусыз құқымыз бар. Мақаланың қырғыз фольклорына арналған бөлімінің соңында айтқан қырғыз фольклорының шағын жанрларына қатысты теориялық ойлары 1930 жылдар үшін өте маңызды тұжырымдар болатын.

Мақала бұл томға 1935 жылы шыққан жинақтағы нұсқа бойынша өзгеріссіз беріліп отыр.

1. 46-б. **Радлов** — В. П. Радлов алдыңғы томдардың түсініктерін қараңыз.

2, 3. 46-б. **“Манас”, “Семетей”** — Осы томдағы “Манас” — киргизская народная героическая поэма” мақаласының түсінігін қараңыз.

4. 46-б. **Сағымбай** — Сағымбай Оразбақов. Манасшылардың (жомоқшылардың) ең үздіктерінің бірі. Сағымбайдан “Манас” жырының ең көлемді, көркем нұсқаларының бірі жазып алынған.

5, 6. 47-б. — **“... певцы-аэды, рапсоды ...”** — Әдебиеттану сөздіктерінен қараңыз.

7–14. 47-б. — **“Илиада”, “Одиссея”, песнь о Роланде, Нибелунги, Шах-Намэ, Калевала, Гесэриада, Махабхарата** — Әдебиет энциклопедияларынан қараңыз.

15. 48-б. — **“... националистически-жадидская интеллигенция”** — Ұлтшылдық, отаншылдық бағыттағы жаңашыл көзқарастағы интеллигенция. Отызыншы жылдары бұлардың қатарына А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, т.б. қазақ халқының озық ағартушы қайраткерлерін жатқызған.

16. 48-б. **“гази”** - дің жолында ерекше қайраткерлік көрсеткен адам.

17. 48-б. **“... манапа — Ормана”** — Орман Ниязбеков. 19-ғасырдың ортасында өмір сүрген қырғыздың Сарбағыш тайпасының шоң манабы. Кенесары Қасымов қозғалысына қарсы күресті ұйымдастырушы.

18. 48-б. **“... Кирнаркомпрос”** — Қырғыз ағарту халық комиссиясы.

19. 49-б. **Ашықтық жырлары** — Ғашықтық жырлары.

20. 49-б. **Секетбай** — айтушысы белгілі махаббат тақырыбындағы өлең.

21. 49-б. **Күйген** — махаббат лирикасының трагедиялық мазмұндағы түрі.

22. 50-б. **Эпос у казахов** — “Виднейшие памятники казахского эпоса” мақаласының түсінігін қараңыз.

Р. Әбдіғұлов

“КАЗАХСКИЙ ЭПОС — НА СЛУЖБУ СОЦИАЛИСТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ”

Мақала 1935 жылы “Казахстанская правда” газетінің 5 қарашадағы санында шыққан. Кейін еш жерде қайта жарияланбаған. Мақаланың қолжазбасы жазушы мұражай қорында жоқ. Газеттің осы мақала шыққан бір беті түгелдей халық ауыз әдебиетіне арналған. Осы беттегі “Мощный источник расцвета культуры” атты бас мақалада (авторсыз) халық ауыз әдебиетіне, фольклорға таптық, идеологиялық тұрғыдан шолу жасап, зерттеушілерге таптық тұрғыдан қатаң талап қойылған. Осындай талаптар қойған мақалалар басқа газет-журналдарда да кездеседі. Осы уақытта Қазақтың ұлттық мәдениеті ғылыми-зерттеу институтында (“Виднейшие памятники казахского эпоса” мақаласының түсінігін қараңыз) ғылыми қызметкер болған Әуезов орыс тілінде бірнеше мақала жазған. Бұл мақаланың негізгі ойлары “Виднейшие памятники казахского эпоса” және “Ценные памятники киргизского и казахского фольклора” мақаласындағы ойлармен үндеседі. Мақалада талданатын шығармалар мен аталатын адам аттары да аталған екі мақалада бар. Мақала республикадағы негізгі орысша (партиялық) газетте басылып отырғандықтан ықшам, жинақы жазылған. Негізгі ойлары қазіргі ғылым тұрғысынан қарағанда да бағалы деп айтуға болады. Қазақ халқының эпостық мұрасын аудару жайлы құнды ұсыныстар айтқан. Мақалада кездесетін біраз таптық тұрғыдан келетін тұжырымдар болмаса ол кезде мақаланың баспа бетіне шығуына мүмкіндік жоқ болатын. Жазушының елу томдық толық жинағына аталған газеттегі нұсқасы беріліп отыр.

Мақалаға қажетті түсініктерді осы басылымның 4-томындағы “Әдебиет тарихы” оқулық кітабының және “Виднейшие памятники казахского эпоса” мақаласының түсініктерінен қараңыз.

Р. Әбдіғұлов

“ПУШКИНДІ ҚАЗАҚШАҒА АУДАРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ТУРАЛЫ”

Мақала 1936 жылы “Социалды Қазақстан” газетінің 22 қаңтардағы санында жарияланған. “Уақыт және әдебиет” (1962, 269 — 274-бб.) кітабында газеттегі нұсқасы бойынша басылды. Жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11 томына (1969, 95 — 100-бб.), 20 томдық шығармалар жинағының 14 томына енді (1983, 306 — 312-бб.). Мақаланың түпнұсқасы сақталмаған.

Жазушы шығармаларының 50 томдық толық жинағына аталған басылымдарды салыстырған соң беріп отырмыз.

Орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкиннің 1937 жылы қайтыс болуына 100 жыл толуын Кеңес Одағының барлық республикалары кеңінен атап өтті. Қазақстанда да үлкен әзірлік жасалып, ақынның мол мұрасын қазақ тіліне аудару шаралары қолға алынады, бұған қазақ ақын-жазушылары да белсене араласады. “Социалды Қазақстан” газеті қазақ ақындарына Пушкин өлеңдерін аударуды тапсырып, игі істің ұйымдастырушысы болды.

1936 жылдың 2 желтоқсанында Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төралқасының шешімімен М. Әуезов А. С. Пушкиннің қаза тапқанына 100 жыл толуына орай баяндама жасаушылардың бірі болып бекітілді. Сондағы автордың көздеген мақсаты қазақтың көркем аударма мәдениеті үшін үлкен бір белес болғалы тұрған тарихи кезеңді зерттеушілердің, танып білушілердің ойын аудару еді.

Мақалада жазушы Пушкин шығармаларын қазақшаға аударудың тарихына тоқталып өтеді. Абайдың Лермонтов пен Крыловтан тамаша аудармалар жасағанмен, Пушкин шығармаларын, оның ішінде, “Евгений Онегиндегі” тек хаттардан ғана үзінділер аударып, оның өзінде түпнұсқасынан алшақтаңқырап кеткенін көрсетті. Абайдың аудармада тым еркін кеткен жерлерін айта келіп, енді оның нақты, дәл жаңа аудармасын жасауға шақырады. Сонымен қатар Шәкәрім аудармасында да Пушкиннің көркемдігінен, үлгі-өрнегінен еш нәрсе сақталмағанын, ондағы қара сөзді әңгіме өлең боп құбылып түскені болмаса, аларлықтай үлгіге көтерілмегендігіне тоқталады.

Ә. Бөкейхановтың Л. Н. Толстой шығармаларын тәржімалағанда өз жандарынан сөз қосып, аудармашылықтан гөрі тілмаштыққа ойысып кеткенін, қазақшалаудың орнына қазақыландырғандарын да сынайды.

Пушкин шығармаларына аударма жасаған Ілияс Жансүгіров, Тайыр Жароков, Ғали Ормановтардың жаңа беталыстарын қолдайды. Бұл беталыс — әрбір автордың өз ерекшеліктерін сақтауға тырысу, қазақ тілінің икемділігі мен оралымдылығын, көріктілігін арттыру-

ды көздеген беталыс еді. Өуезов Пушкиннің жаңа аудармаларынан осындай-осындайлардың нышанын байқап, алдағы уақытта Пушкин өлеңдерінің ұйқасын, сөз байлығын, ой тереңдігін кеңейте, тереңдете түсіп, оның стиль ерекшеліктерін де дәл жеткізуді негізгі мақсаты етіп алуларын ұсынады. Бұл жалпы көркем аудармаға қойылатын талап. М. Өуезов — өзі де көркем аударманың теоретигі ретінде осы принципті берік ұстанды.

М. Өуезов 1937 жылы “Социалды Қазақстан” газетінің 8 қаңтардағы санындағы “Евгений Онегиннің” қазақшасы туралы” атты мақаласында да аудармашыларға қатал талап қоя білгіштігімен көрінеді.

1. 59-б. **“...Талайғы тағы тұңғыс, қырда қалмақ”** — бұл жолдар ақын Ғали Ормановтың Пушкиннен аударған “Ескерткіш” деген өлеңінен алынған үзінді. А.С. Пушкиннің 1949 жылы 150 жылдығына орай шыққан таңдамалы шығармалар жинағында өлең жолдары қайтадан өңделген:

Дабысым ұлы Ресейге кетер жалпақ,
Тіл біткен жүрер менің атымды атап.
Славян елдерінің ер ұрпағы,
Қазіргі тағы тұңғыс, қырда қалмақ.

2. 59-б. **“...ермен баспас”** — ермен — ащы жусан, жусан туысының бір түрі. Биіктігі 60—100 см тік, бір сабақты, қырлы, көбіне күрең күлгін, жоғарғы жағы тармақталған, түкті, көп жапырақты өсімдік. Қазақстанда орман мен орман шетінде, далада, шабындықта, өзен аңғарларында, тау беткейіндегі бұта арасында кездеседі. Қазақ “Ерменді жердің ері өлмес” деген.

3. 60-б. **“...жеке кітап шығармақшы”** — 1937 жылы Қазақ көркем әдебиет баспасынан С. Сейфуллиннің жауапты редакторлығымен Пушкиннің 3 томдық таңдамалы шығармалар жинағы қазақ жазушыларының күшімен аударылып басылды. 1-том — поэмалар, 2-том — Евгений Онегин, 3-том — прозалық туындылар. Мәтін латын әрпінде жазылған. Аударғандар: Ө.Тәжібаев, Т.Жароков.

4. 60-б. **“Татьянаның хаты”** — Абай “Евгений Онегин” романының осы үзіндісін 1889 жылы тәржімалады. “Татьянаның хаты” Абай шығарған әнмен айтылып, қазақ өңіріне кеңінен тарады.

5. 60-б. **“Ол Дубровскийді” және “Белкин” әңгімелерінің ішінен “Боранды” алған** — Шәкәрім “Дубровскийді” өлеңмен аударған. Ахат Құдайбердиевтің айтуына қарағанда, 1903—1909 жылдары тәржімаланған. 1924 жылы Семей қаласында жеке кітап болып басылған (Дубровский әңгімесі. “Степная правда” һәм “Қазақ тілі” баспасы. Семей, 1924. араб әрпінде). Бұдан тыс “Дубров хикаясы Б.Кенжебаев құрастырған А. С. Пушкиннің таңдамалы өлеңдер

жинағында да басылды (Қазақтың көркем әдебиет баспасы. 1935. 55—114-бб.).

“Боран” — Пушкиннің “Метель” атты әңгімесінің аудармасы. Өлеңмен аударылған. Бұл әңгіме шамамен 1909—1910 жылдары аударылған. “Боран” алғаш рет “Әдебиет майданы” журналының 1936 жылғы 2-санында (49—55-бб.) А. С. Пушкиннің 100 жылдық мерекесі қарсаңында жарық көрді.

6,7,8. 61-б. **“... Ілияс пен Тайыр және соңғы уақытта — Ғали”** — Ілияс Жансүгіров Пушкиннен — “Жебрайылнама” “(көлемді поэмасы 1936 жылы аударылған), “Чаадаевқа” (1935) “Сібірге хат” (1935), “Қара Бұлт” (1935) сияқты аудармалар жасаған. (Бұл өлеңдер І. Жансүгіровтің шығармалар жинағына енген. 1-том. Өлеңдер. 1960 ж.).

Тайыр Жароков — “Кавказ тұтқыны”, “Цыгандар” поэмаларын 1935 жылы жеке кітап болып шыққан, “Мыс салт атты” поэмасы (Петербург повесі) 1934—1936 жылдар шамасында аударған. (Тайыр Жароков. Шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар. 1958 жылы осы жинаққа енген).

Ғали Орманов — “Ескерткіш”, “Қабырымның қақпағында” өлеңдерін 1936 жылы аударған.

9. 61—62-бб. **“... Пушкиннің бұл шығармасы аударылды деп санамай, бастан-аяқ қайта аудару керек”** — Бұл жерде “Евгений Онегин” поэмасы жайлы айтылады. 1936 жылы түпнұсқаға жақын етіп, қайта аударған ақын І. Жансүгіров. Ақынның 150 жылдығына орай Қ. Шаңғытбаев осы поэманы қайта тәржімалаған (А. С. Пушкин. Танд. шығ. жин. 1949. 302—466-бб.).

10. 62-б. **“Бұл екі шығарма да қарасөзбен қайтадан аударылуға тиіс”** — А. С. Пушкиннің 150 жылдығына “Боран” әңгімесін 1949 жылы Құрманбек Сағындықов қара сөзбен аударса, “Дубровский” әңгімесін Омарғазы Оспанов аударған.

11. 62-б. **“Бөкейхановтың Ленин еңбектерін аударғанда... Толстойды аударған”** — Ә. Бөкейхановтың Ленин еңбектерінің аудармасы табылмады. Л. Толстойдан жасаған тұңғыш аудармасы “Сура́т кофейханасы” атты әңгіме. Бұл әңгіме “Дала уалайты” газетінің № 10, 11 сандарында 1900 жылы Омбы қаласында жарық көрді. Әңгіме қайта өңделіп “Дін таласы” деген атпен 1913 жылы “Қазақ” газетінің 1, 3, 4 сандарында қайта жарияланды.

“Қажымұрат” әңгімесін 1923 жылы аударған, 1925 жылы жеке кітап боп басылып шыққан. “Бір адамға қанша жер керек” әңгімесі “Жаңа мектеп” № 9, 10 сандарында 1926 жылы “Қыр баласы” деген бүркеншік лақап атпен басылды. Сонымен қатар “Кавказ тұтқыны” мен “Жеті қаракшыны” тәржімалаған.

А. Болсынбаева

ҚЫРҒЫЗ ДАСТАНЫ — “МАНАС”

Мақала “Қазақ әдебиеті” газетінің 1936 жылғы 30 қаңтардағы санында жарияланды. Елу томдық академиялық толық басылымға сол газеттегі жарияланым бойынша жіберілді.

Көлемі жағынан аса аумақты осы бір эпостық мұраны толық жариялау және оны ғылыми тұрғыдан зерттеп тексеруді қолға алу туралы үкімет тарапынан шешімдер қабылданған: сонда әрқайсысы жиырма бес баспа табақтан он том қырғыз тілінде, бес том мөлшерінде орыс тілінде бастырылып шығатын болып белгіленген. Бұл жырға Юдахин, Поливанов, Батмановтай белгілі ғалымдар көңіл бөлсе, аударуға Пенковский, Тарловский сияқты аудармашылар тартылды. Бұлардан басқа әртүрлі зерттеу, тексерулер жүргізу жайы да сөз болады; сонда алғашқы тәжірибе ретінде М. Әуезовтің еңбегі тұңғыш зерттеу, әрі керекке жарайтын еңбек деп танылып, оның да тез арада басылып шығуы қажеттігі айтылды. Партия мен үкімет ескі мұраларды жарыққа шығаруға келгенде салт-саналық, таптық мазмұнын жұртшылыққа түсіндіріп, ашып айта, тиісті бағасын бере отырып бастырудағы сақтық керектігі жөніндегі бағыты кейбіреулердің жыр бойынан байшылдық, ұлтшылдық, таптық сыпаттарды оп-оңай тауып ала қоюына мүмкіндік туғызды. Мұндай сақтық қолға алынған игі шаралардың әрі қарай өріс алуына тежеу салып, жарамсыз, зиянды дүние қатарына жатқызып шыға келді. Сол бір кесірлі, кеселді таным көзқарастар құрсауынан оны көп жыл өткенде, тек елуінші жылдардың басында ғана М. Әуезовтің айырып алуына тура келді.

Бұл мақаланы осы жырға қатысты сөйлеген сөздерінің, мақалалары мен зерттеулерінің ішіндегі қазақ тілінде жазылған жалғыз дүниесі десе де болады. Ал “Манастың” қазақ тіліндегі төрт томдық басылымының бірінші томында (1961. 5—20-бб), “Уақыт және әдебиет” (1962. 173—234-бб), он екі томдық шығармалар жинағының 2-томындағы (1969. 102—163-бб.) басылымдары Айқын Нұрқатовтың аударуы бойынша берілген. “Манас” эпосының халықтық нұсқасын жасау керек” (1952) дегенді де А. Нұрқатов аударған.

1,2,3. 65-б. **“Жиылысқа ғылым, мәдениет орындарының көрнекті бімпазы профессор Юдахин, профессор Поливанов, Батманов”** — Юдахин Константин Кузьмич (1890—1975) — көрнекті түрколог. Қырғызша-орысша сөздікті жасаған. Қырғыз тіліне қатысты оқулықтар мен оқу құралдарын, т. б. еңбектер жазған. Поливанов Евгений Дмитриевич (1891—1938) — түрколог, өзбек, қарақалпақ, жапон, қытай, дүнген тілдерінің дыбыстық жүйесін зерттеген. Батманов Игорь Алексеевич (1906—1969) — жалпы түркология мен қырғыз тілі ғылыми грамматикасының негізін салушылардың бірі.

4. 65-б. **“Қырғызстанның ірі, белгілі ғылым, мәдениет қызметкерлері Тыныстанов Қасым”** — Тыныстанов Қ. (1901—1938) ақын, ғалым, қоғам қайраткері. Ташкенттегі “Ақ жол” газеті мен “Жас қайрат”, “Сана” журналдарының редакциясында қызмет істеген. Қырғыз тіліндегі “Жаңы маданият жолунда” журналының редакторы, Қырғыз педагогикалық институтында профессор ретінде сабақ берген. Қырғыз орфографиясының негізгі принциптері жөніндегі еңбектері, оқулықтары, өлеңдер жинағы жарық көрген.

5. 66-б. **“Былтырғы жылдан бері қарай Қарақол қырғызының ішінен тағы бір ірі Манасшы жас жігіт Саяқпай Қаралаев деген ақын шығып”** — Қаралаев С. (1894—1971). Белгілі Манасшы. Оның айтуынан “Манас” жырының “Семетей”, “Сейтек”, “Алымсарық пен Құлымсарық”, “Манастың тууы”, “Көкетайдың асы”, “Ұлы жорық” бөлімдері жазып алынған. Бұларды ол атақты манасшы Чоюкеден үйренген.

Т. Әкім

“МАНАС” — КИРГИЗСКАЯ НАРОДНАЯ ГЕРОИЧЕСКАЯ ПОЭМА

Осы еңбектің алғашқы нұсқасы 1934 жылы жазылып бітті, одан кейін де үнемі толықтырылып, жетілдіріп отырғандығын 1937, 1940, 1944, 1948, 1954 деп жылдары қойылғандағы жазбаларынан көрінеді. Қазіргі ұсынып отырғанымыз 1937 жылы жазылған (178-папка, 1—110-беттер). “Қазақ әдебиеті” газетінің 1936 жылғы 30 қаңтардағы санында жарияланған “Қырғыз дастаны — “Манас” деп аталатын мақаласында: *“Мәжілістің тағы бір тоқтап өткен үлкен мәселесі Манастың басылуымен қатар алдын ала орыс тілінде бұл дастан жайында әртүрлі ғылыми зерттеу, тексерулер шығару жайы еді. Жиылыс осындай тексерудің бірінші тәжірибесі есебінде Мұхтар Әуезұлының еңбегімен танысты. Бұл кітапты мәжіліс тұңғыш зерттеу ретінде керекке жарайтын еңбек деп танығандықтан, тез уақытта басылып шығатын болды”,* — дейді. Ал, бұл 1934 жылғы нұсқасы негізге алынып, қайта толықтырылып, сол мәжіліс шешіміне арналып дайындалған қолжазбасы болатын, бірақ қабылданған шешімге қарамай еңбек сол кезде де, содан кейін де жарияланбады, эпос туралы көлемді монография жазуды ерте ойластырған, оның тезірек аяқталуына мүдделі қырғыздың ғылыми-зерттеу институты мынадай келісімшартқа да отырған:

Соглашение

29-го июня 1930 года, мы, нижеподписавшиеся, с одной стороны, Киргизский научно-исследовательский институт в лице Врид директора Абрамзона Саула Матвеевича и с другой — Ауэзов Мухтар заключили настоящее соглашение в нижеследующем:

1. Киргизский научно-исследовательский институт поручает, а тов. Ауэзов обязуется написать труд “Манас” (историко-литературный очерк) на русском языке.

2. Труд, указанный в параграфе 1, Ауэзов обязуется представит не позднее 1 ноября 1930 года.

3. Труд о Манасе не должен превышать восьми авторских печатных листов.

4. За указанную работу институт выплачивает т. Ауэзову по 100 руб. 1 печат.лист, всего 800 руб.

5. При заключении настоящего соглашения институт выдает т. Ауэзову аванс в размере 30 проц. от общей суммы гонорара.

6. Рукопись должна быть представлена в напечатанном виде. на одной стороне листа.

Адрес института: гор. Фрунзе, Краснооктябрьская, 29; Ауэзова — гор. Ташкент, улица Свердлова, 23, Казлестехникум (ЛММА. КПП — 1. П. № 273, 5 бет).

Осы келісімшарт өзінің белгіленген мерзімді кезі бірінші қарашаға жете бергенде үзіліп кетті. Өйткені қазан айының басында ОГПУ агенттері М. Әуезовті түрмеге жапқан болатын.

Бірнеше жырлардың басын біріктіретін эпос түгел жинақталып болғанда үш бөлімге бөлінді: біріншісі — “Манас”, екіншісі — “Семетей”, үшіншісі — “Сейтек”. М. Әуезовке дейін “Манасты” Шоқан Уәлиханов зерттеді. Ол өзінің 1856 жылы қырғыз жеріне жасаған саяхатында манасшылардан “Көкетай ханның асын” жазып алып, оны орыс тіліне аударып жариялайды. “Ыстықкөл сапары күнделігі” (1856), “Жоңғар очерктері” (1860), “Қырғыздар туралы жазбалар” (1860) атты еңбектерінде бұл жырға кең, мол тоқталып, өзінің бағасын да береді. Кейінірек эпосқа В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский, Г. Н. Потанин, Д. Алмаши сияқты ғалымдар да қатты көңіл аударады. Ал шын мәнінде таза ғылыми тұрғыдағы зерттеу М. Әуезовтен басталды. Қазіргі ұсынылып отырған нұсқасына қарағанда алғашқы 1934 жылы жазылғанының көлемі шағындау; ол бастапқы қарқынмен қағазға түскендегі түрі сияқты, оны қайта саралап шығармашылық екшеу, сұрыптаудан өткізу 1937 жылы басталды. Бұл жөніндегі көлемді сөз, салыстырулардан туған нақты деректі ой-байламдар келесі нұсқаның түсініктеріне қалдырылды.

Т. Әкім

“ТАС ТҮЛЕК”

Жазушының Бұл ешқайда жарияланбаған әңгімесі. Әңгіменің екі автографы бар: алғашқысы араб әрпіндегі (80-папка, 37—48-бб.), кейінгісі латын әрпіндегі қолжазба (50-папка, 1—39-бб.). Әңгіме қолжазбасының бас жағына “Ұзақ әңгіме”, соңына “Жалғасы бар” деп жазылған, бірақ жалғасы жоқ, тек әңгіме оқиғасының қалай дамидыны көрінетін бес беттік жоспарының соңғы бір беті ғана сақталып қалған. Әңгіме алдымен араб әрпінде жазылып, соңынан латын әрпіне көшірілген, өйткені мұнда араб әрпіндегідей түзеткен, өңделгендері аз, тек соңына: *“Аздан соң Жарқын қасындағыларға қарап: — Жә, болды. Босатыңдар. Осыдан басқа түк істерім жоқ. Жай әшейін көзіме көрінбей үйімнен кетсін дедім, — деп отыра кетті”*, — деген шағын қосымшаны ғана қосқан.

Бұл қаламгердің түрмеден босанысымен қолға алған шығармаларының бірі; мұндағы басты нәрсе әңгімені ашаршылыққа алып барар оқиғадан бастайтыны. Дәл осылай жазуға, осылай өрбітуге тыйым салынатынын қаламгер ол кезде қайдан білсін. Осының бәрі оның сол жеткен жерінде әрі қарай жылжымай тоқтап қалуына себеп болды. Жоспарының өзінің түгел сақталмауында да осындай сырдың жатуы әбден мүмкін, алдыңғы сегіз бөлігі (яғни, екі бетіне бірдей тығыз жазылған төрт парақ қағаз) жоқ, қалған соңғы беті мынау:

“... бай бар. Баяғы абақтыға өзі жаптыратын. Бірге жатып ұрсатын. Келінін комсомол алған. Абақтыда жатып қашып шығыпты, комсомолды өлтіріп кетті деген хабары бар. Сәтті ертіп, ауданнан тағы қуа шықты.

9

Сот жоғалды

Он шақты жолдасын Жарқын бөгде кісілерше киіндірген. Құм ішіндегі ауылда. Бұған жете сыбысты естіп, Сәт жалғыз жөнеледі. Болмай — кеткен. Содан Сәттен Жарқындар айырылды, түн күтті, күн күтті — болмады. Ауданға келе бұлар бөгде кісі боп, ылғи сауда кеңселеріне жиылып, союздерге кірісіп алды. Бірі кездемеші, шатовот. Жарқын ауданнан екі-үш шалғай-шалғай жатқан ауылдарға шығып, шолғын жасап қайтты. Содан соң 10-ауылға, қалың құм, алыс аудан ортасына қарай жөнелді. Көп бұлдары бар. Ылғи саудагер, көкейін Сәттің жоқтығы теседі.

Қимайды. Өлген сияқты шуленсиді. Сол кезде бір колхозшы Сәттің белгісін әкепті және өлді деген комсомол келеді, аяғы ақсақ. Бір ит қорлықты көріп барып және түзеліп шығып, хабарын бере алмапты. Сәт тұтқынға түскен, атпақ болған жерден қалған, Сұлтамұраттың інісі алып қалған, құрдас. Енді ай болды, сенімін алыпты.

Ертеңінде ойда жоқта 5 кісімен Сұлтамұрат сап ете түсті. Сәт белгі қылды, Жарқын бұлды жайып қойып, сауда қылғанда, Жарқын сол ауыл колхозшыларын алып кеп, үйді қамай тұрып, есігінен мылтықты ұсынды. Сөйткенше айнала қараса бар саудагердің мылтығын бұлардың өкпелеріне сап тұр екен. Ұсталып қайтарылды. Жарқын бөгетінен арылғандай келді де, оқуға кетті, 6 айлық колхоз бастығының оқуы.

33-жыл. Соқа келетінде келіп іске кірісті. Өзі колхоз бастығы. 75 үй, 25 үй атқөшнек. Сиқым ішінде комсомол, кем-кетік боп жазылған. Ол ақран бастығы, енді политотдел қолтығының астына алған. Келе пермі таратылды. Сиқым Бейсебай комсомолдарға сиыр бергізіп, ешкі әперіп, малы жоқты бардан ауыстырып, іске араласты. Егін біте былтыр салынбай тоқтап қалған мектепке кірісті. Өзі бастық боп, 40 күн дегенде мектеп, жатақхана, сталабай, монша, қамба, малқора — бәрін салдырып, бітіріп шықты.

Егін піскен. Аудан көпшілігі орып, бастырып бере бастаған. Сентябрьдің 5-і болар, әлі түк берген жоқ. Заседанияда политотдел ұрсып, содан орынбасар сайлатам деп шығарды. Жерлері биік, кешен піседі. 19 колхоздың эзір арты болар. Содан малателкеге Бейсебайдың қатынымен 26 кісі тұрды, 6 ғана еркек. Жеті күн ішінде екіншінің ғана арты болды. Көрші колхоз малы түскен. Олармен таласып, Жарқын жеңеді. Бұл кез жан ұшырған қайраткер. Қызыл, қара тақтай, сурет... мұғалім жәрдемі. Табілшіліктен алу... Бұның бәрі политотдел ісі, соның мәслихаты, сөздер өзгерген... Гүбанке, Бейсебай хаты. Жұмыс үстінде қатты ұрсып жібереді бұны.

Мектеп оқып жатыр. Сталабай ішінде, жатақхана жақын тұр. Жалғыз-ақ әйнек қинайды, үш жыл тұрғызды. Колхоз қамбасында үш мың бұт астық. Жарқын ауыл кеңес. Монша, радио, қызыл

кітапхана. Моншаға елдерді түсірді. Күздік егін, октябрь біткен, енді қалғаны сүдігер. Содан жері биік тоң, қатқақ, сондықтан политотдел босатқан. Әлі жетпегендіктен әйнекпен қыбын тауып, Әмірқұлмен келсе оның үйінде Сүтжан. Бұл есеп-қисаппен елді жейді. Колхоз, кеңес бастықтарын шақырып, шалыс бастырмақ болады. Ақырындап өз жағымен баталасып та қояды. Әмірқұл соған көнбеген. Енді бір қатынын айналдырған. Үстінен түседі. Әмірқұл мен Жарқын. Қатынды байы сабайды, кетір деп политотделге барады. Политотдел Серікпайдан сұрайды, түкіреді. Октябрге қарсы Жарқын Сүтжанды ұстатады. Октябрь күнгі ойындар...” (80-папка, 49-б.).

Демек, алдыңғы жоғалған, жойылған десе де болады, жоқ беттерінде ашаршылық көрінісі бар шындық болмысымен суреттелмек болған. Жазылған бөлігі сол кеңге тіреліп барып тоқтады. Ал енді сақталып қалғандағы жазылғандарына келсек, онда ашаршылық өткеннен кейінгі кезеңнің оқиғасы әңгіме арқауына айналмақ болғандығы анық сезіледі; күдік тудыратын, аяғы насырға шаптыратындай материалдар мен жазбалардан арылу, көзін жою жазушының әдетіне сол тұстарда-ақ енген еді, ал жоспардың тыйым салынған, ашаршылықты қозғайтын тұсын әдейі құртқан, өйткені соның алдында ғана тергеулердің неше алуан китұркы бұраландары болмашы нәрселердің өзінен ілік тауып, басты үлкен бөлеге шырмап тастайтынына әбден көзі жетті. Осы аттас “Тас түлек” пьесасында да сол бір қиын кезең оқиғасын көрсетуді ойластырғанымен, әлгідей себептер әңгімедегі секілді әуелгі ой ағынын мүлде басқа арнаға салып жібереді. Енді әңгіменің өзге қолжазбаларымен бірге түптелген жоспардың осы жалғыз бетінен де сол кездің әдебиетінде кең көрініс тапқан жау іздеушілік тенденциясының сарыны байқалады.

Т. Әкім

“ІЗДЕР”

Әңгіме жазушының Оңтүстік сапары материалдарына құрылған шығармаларының біріне жатады; бір топ очерктері мен “Білекке білек” сияқты 1933 жылы Жуалы, Түлкібас аудандары адамдарымен танысу барысында түйіп-түйгендері нәтижесінде жазылды. Бұл туынды алғаш рет 1933 жылы “Әдебиет майданы” журналының 8-санында, одан кейін орыс тіліне аударылып, “Литературный Казахстан” (1935. № 38—59-бб) журналында, “Қазақстан Кеңес жазушыларынан IX топқа тарту” (Қазақстан көркем әдебиет баспасы. А.: 1935. 13—67-бб), “Тас түлек” (ҚКӘБ. А.: 1935. 145—177-бб) жинақтарында басылды. Алдымен әңгіменің жоспарын жасаған, ол “6 ауыл жайындағы әңгімелер” деп аталады:

“Калинин колхозының бастығы Әлімбек. Жұмысшы, батрақ — 17-жыл. Бәрі партияда. Алғаш кірген 60 кісі едік, кейін бесеу ғана қалғамыз. Көпшілік: “О болады, бұ болады” деп шығып кетті. 25-жылдар болысполком бастығы болған. “Жаяу болыс” деп аталған екен. Бәрі де бес жылдай “Күйік” совхозының жұмысшысы болған, алған мақтау қағазы бар. Қазір колхоз ісіне барлық ынтасымен берілген. Колхоз мүлкін өзінікінен қымбат санайды. Түнде көліктерді, атқораларды қарауға жүріп кетіп, ел жатқаннан кейін келеді. Таңертең тағы ерте кетеді. Мал азайып қалған, ендігі арманы 25 биенің ішіндегі құлынын сақтау. Үй басы 20—30-дан тауық бар. Жаздай тұқымын саттық, о да майана екен дейді. Сөйлегенде екі қолы бірдей, тыным алмай сермеліп отырады. Иығын қозғалтып, денесімен де ырғалып, құнысып қояды. Ауыл кеңесі Жұматайды бұл таниды. Жаздыгүні анау бұл колхозды бүлдіре берген соң, бір күні ерегісіп қалған. Жұматай бұған “Сен белетті қалтаңа салып, апармай істеп жүрген арамсың” деген. “Мен саған колхозды бүлдіртпеймін, ана екі колхозды құртып боғасың” дейді. Анау бұны құртамын деп қорқытпақ болады. Содан кейін Әлімбек Жұматайды сабайды. “Колхоздың ішінде тұрма, басқа жаққа кет”, — деп айдап тастайды. Артынан анау жеңілген. Топтасады. Әлімбек бірақ әлі хат танымайды. Школ жұмысы күшті емес, жаңа үй салынбаған, көбі де күйсіз, бұған ауыл кеңес кінәлі. Әлімбек жалғыз. Шаруасының әрбір жайын айтқанда сөзі бітпейді, бар ойлайтыны сол. Өзі таз, бір беткей, колхоз дүниесіне қатты, сараң да. Аш болған күйлерден өзі шықты. Колхоз ісіне берік, барын салады. Бірнеше кісілер іріктеп алған.

Ат бағу үшін саңырау бала, ол өзі ударник бір тыным жоқ, бірде бір қаталаспайды. Күндіз-түн демей жанын сала істейді. Оның інісі алты жасар бала, шешесімен бірге кетіп, шешесі ол жақта байға тиіп, артынан өліп қалады. Мына кішкентай бала Ташкеннен осы колхозды

іздеп табады. Біреу Шақпаққа барса, қасына оралып қалмайды дейді бір бала. “Кімсің?” дегенде атын айтады Сонымен көтеріп алып келеді әлгі кісі. Саңырау ағасы сыйға бір сиыр алған. Содан бері қатын да алыпты, Бұл Әлімбектің үлкен сенімді көретін, жақсы көретін кедейі.

Бұл колхозда бұрын Ташкенде тұрып, көп заман сауда қылған бір адам бар. Ол бұрын осы жердің адамы. Жылан ашаршылық ауып кетіп, сол Ташкенде тұрып қалып, енді келген. Өзін кейбіреулер “жекеге алу керек, бай” деп сөз қылады екен. Осы ауыл кеңесі боп, басқалар боп тоқтатып жүрген көрінеді. Үйінде сеператоры бар, бір сиыр, бір қашары бар. Колхоз мүшелерінің сүтін тартып береді. Әрбір он күннің бір күнінің сүтін ақыға алады. Үйінде май бар, өзі мұрт, сақалды өзбекше алған, таза киінген. Өзі қара бешпент үстінен қара белбеу буынған. Арақ ішпейді, молдалау да болу керек. Іштей тығынған епті адам, өзі қаператіп бастығы, ауыл кеңесімен жемтіктес емес пе екен.

Бұл ауылда тұратын тағы бір адам ауыл кеңесі секретары. Ол Жұматайдың қайынысы ма, жиені ме, сондай бір жақыны. Пысық, сусылдап тұрған құйыршық. Егер құйыршық деген атты бұған кең қолданатын болсақ, онда ешкінің құйрығы деу керек. Әр алуан құйрық, құйыршықтар бар. Соның ішіндегі тынымсызы, көзге түскіші осы түрдегі құйыршық болуға лайық.

Әлімбекте балаларына, үй ішіне деген көңіл де колхоз жұмысының астында қалған сияқты. Ауру болған кісінің доктырға баруына бірден ат берем дейді. Бірақ өз қатыны ауру, безгек, баласы безгек, оларды апарып емдетуге уақыты да жоқ, атты да бере алмайды. Бірақ үй ішіне адамшылық жұмсақтықпен сөйлейді. Үлкен қызы бар, 9—10 жаста. Ауыртпалықтың бәрін сол істейді, оны жұмсай береді, кейде ол тілін алмай қояды. “Қойшы, бармайым, қорқам” деп, ондайда Әлімбектің өзі кетеді. Көліктерінің бас-арқасы бүтін, колхозшылардың көлік жөніндегі мінер өрісіне аямай қараса алады.

Жұматаймен ерегіскенде анау “партиядан шығару керек сендейді” десе керек. Сонда: “Мен өмір бойы кедеймін. Қайда барсам еңбегіммен күн көремін, маған байлық, ұлықтық дәнекер емес, белетсіз де кеңестің адамы бола аламын, мә, керек болса белетің” деп, белетін үстел үстіне лақтырып жіберіпті. Артынан КК-ның адамдары белетін өзіне апарып беріпті.

Ауыл кеңесі Жұматай жуан денелі, зор, мұрты тікірейген, шүйделі, көзі тасырайғандау. Шатақ іздегіш, өтірік күле береді. Бойына нығыздық біткен, жорғалай да біледі. Баяғыша кісілік іздеген, бұрын Еркөбектің делдалы, күстанашысы болған. Содан 31-жылдарға шейін қол үзбеген, бірақ партияға өтіп алған. Аудан қызметкерлерінен сүйеушісі бар, соны бел қылып, шатақ салады. Өзі жетінші ауылдікі. Ол ауыл бұны сабап, айдап тастаған екен, енді кеп алтыншы ауылға

араласқан. Алтыншы ауылдың үшінші колхозы жаңа ауыл. Сонда Көлбай деген 23 жастарда бір пәле жігіті бар, сонымен екеуі ұдайы партия. Көлбай колхоз қамын, кеңес тілегін ойлайтын адам емес. Бірақ пысық, ер, бұзық. дегенін істейді. Жұматай екеуінің алғаш араздығы. Көлбай завсклад боп тұрғанда көктемде бір рет арақ керек болады. Екеуі тұқым астыққа арақ алып келеді. Сонда жиырма пұт астықты үлеспекші болады. Көлбай Жұматайға сегіз пұт беріп, өзі он екі пұт алып қалады. Осыдан айтысып, араздасады да Жұматай Көлбайды абақтыға алғызады. Көлбай ол жерде ақталып шығып, кінәны мынаған жабады, бұл қамалады, аз күннен соң қайта шығады. Содан кейін екеуі келіспек боп, құда болысады. Баласы 6-7 жастарда. Бір жеу үстінде тағы да араздасады, содан әлі араз.

Соңғы уақытта жеті кісі боп астық ұрлайды. Оған Көлбай колхоз бастығы боп акт жасайды. Бірақ ауыл кеңеске олар білдірместен бұрын анау жетеді. Көлбайлар ұрлап жатыр деп қағаз түсіреді. Ауыл кеңесі келмей колхоз бастығы жанашырым деген баланы айдатып отыр... Ол жаздығүні Жұматайды бір түнде келіп сабаған. Оны Жұматай алдымнан шықтың деп құлаққа жазғызған. Қаңғып Бурныйға барған. Ол жерден ештеңе шығара алмай келе жатқанда жол бойында Жұматай қуып жетеді, мазақ етеді... Шырым түнде ауылға жетсе, Жұматай қырман басында жатады. Анау келіп, жатқан жерінде жатып сабайды, енді сол Шырымы бадырайтып отыр. Бірақ Жұматай өз халына сенімді емес. Енді аудан қызметкерлерінен сұранып жүр, басқа жерге ауыстырыңдар дейді. Сезіп қалдым, Көлбайлар ұзақ отыратын емес. Енді бірге тұра алмаспыз, мені басқа ауылға сайлау керек” дейді.

Жұматайдан көресіні көрушілердің бірі — Басқар. Қуаныштын әкесін құлаққа жазып, ол қаңғып кетіп өлген. Әшірбай комсомолды, Қуанышты, екеуін де құлақ баласы деп мінездеме беріп, қызыл әскерге алғызбай қойған. Қазір олардың жасы жетті. Жігіттер алынып жатыр, оларды трудармияға қалдырған сияқты. Кешіктіріп шақыртады Жұматай, онда да алдын ала хабарландырмай бір-ақ, күнде білдіріп, ертең таңертең барасың дейді. Балалар келе жатыр, жетімектердің қамын ойлап, мұнын айтады. Бірақ шақыртқаны бекер болды. Жұматай бұлардың біраз күйін кетіру үшін әдейі істеген. Шақырған емес, салпақтаушыларды алғызбайды. Қызыл әскер болса күшейіп кетеді дейді.

Көлбай басында жұрт шығарып қойған жерден қайта колхозға алғызып, завсклад қылған да өзі. Екеуінің туысы жақын боса керек. Жаңа ауыл ішінен жік шығарып, іріткі жасап, мүлкін ұрлатқан, мал шығыны, союы көп. Біреулер Көлбай сойыпты, сенен болды депті. Жұматай содан араздасыпты дейді Мұғалім мінезі. Колхозшылар арасын бір-бірімен араз қып, жік шығарды, содан пайдалану бар

Жұматайда. “Пәдәрі налет, Жұматай бөлем еді” деседі. Бұны Сапаров сүйейді, сонымен алады, ананы прокурор сүйейді.

“Красный восток”. П-ның әңгімесі. 29-жылғы хал. Ахмет болыс болған. Фермі бастығы Ахмет пен Нарымбайдың Мұғалім үшін тартысы. Бұнымен бірге шыққан екі жас жігіт, екі байдың жақыны. Мұғалімді солар екі жаққа тартады. Ахмет қатыны: “Мырзаға” деп, бұған наз қылады. Толымбек ренжиді деп қиналуы: ұлфаттар, жора, қыз алып қашу...

Кейінгі хал.

Суратов сүт фермісі, кой фермісі, жылқы фермісінің бастықтарына өз қайнын, жиенін, інісін қойған. Жабағылыда, Балықшыда болған. Әр жердегі сенімді достарын әкеп, осы колхозға кірістірген. Өзі колхоз ісін жақсы жүргізген. Тыным алмай, күндіз-түн жүріп, қызмет ететіні рас. Колхозшыға “аянбай істе, бірінді көріп, бірін қарап отырмайтын боласың” деп айдап салып, жұмыс істетуге шеберліктерді көп істейді. Ол барда ешбір кісі шет жайылған емес, бәрі соны қостайды, дегенін қылады. Бірақ колхозшыларды жұмыстан басқа еш нәрсеге үйретіп, көзін ашқан емес. Бірде бір рет лекбезде емес, мектепте нашар мұғалім бұл жердікі емес, өте бездейтельный. Өзі 30-жылдарға дейін намаз оқыған. Әйелдерінің бәрінде бұрынғыша келін-қайнағалық, еркектен имену жағы күшті болған.

Колхоз басында он шақты кісі мықты топ бар. Солардың ықпалынан бір де бір кісі шықпайды. Олар өздеріне керек азықты (май, ет, сүт болса) Толымбек керек қылады, я басқа бастық керек қылады. Оған қағаз жүзінде белгі, я есеп-қисап болмайды. Сол ретте кейбір кедейлерді де іліндіріп қояды. Аузы бір болған басшы топ, колхозшыны “жұмыс істемейсің” деп сабауға да қолданатын. Колхозшы да ондайда үн қатпайды. Көбі оны кінәлап, өзін айыпты қып шығарады. Онан соң әр кезде айтып, көпке миландырып отырады: “Ауданда пәлендер аман болса, бізге келер пәле жоқ” деген болады. Сырттан оларды иеленіп, ықпалының күшті екенін әрдайым сездірумен болады. Осы күнде де Толымбек келеді. Ертең сол келген соң сырым ашылып қалады деп қопалақтайды. Колхозшы Сейдалы ақсақ өгірік белсендінің бірі. Ол жұмыс қып жатқан бригадтарға тиісті азық (ұн, сүт, май, мата) сияқты кез болса, соны түгел қып бермей үстінен қымқырып жырып жейтін жігіт. Барлығы да ұсақ арамша, бірақ бір айғырды жоқ қып жіберген, биыл бір биеге құлын тастатқан. Бұ да бұрын бай болған адамның баласы. Қазір де шығарылып отырған 9 үйдің бәрі осындайлар. Олар енді біз кетсек артымызда колхозды тастаймыз деп жік шығаруға жүрген сияқты.

25 үй Шанышқылы Жабағылы косылған. Олар өзі жалқау топ екен. Кейін бұлармен келісіп, жұмыс істеп жүретін бопты. Тек әрбір

колхозшы еңбегіне алған азық, мал сияқтыны бәрін Толымбек берген қып түсінгендей. Әйелдері Садақ, Тұмар ылғи жақсы киініп, Высоко-еда ойын болса ұдайы қаптап кеп отырады... (80-папка, 67—71-бб).

Жиырма жылдай өтіп барып, қайта бастырудың алдында (Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. Таңдамалы шығармалар. 6 томдық, 6-том. А.: 1957, 113—142-бб.) біраз түзетулер мен өзгерістер енгізді, сөз-сөйлемдерді мағыналық, логикалық жағынан жетілдіруді ойлаған толықтырулар еді. *“Бұны өздеріне жәрдем етіп отырған совхоздың бірер сақпан қойы уақытша жайлауға рұқсат етіп берген болатын”* (“Қазақстан кеңес жазушыларынан IX топқа тарту”. ҚКӘБ, Алматы, 1935, 38-б.) — *“Бұны өздеріне жәрдем етіп отырған совхоздың бірер сақпан қойы уақытша жайылуға колхозшылар рұқсат етіп, совхозға берген болатын”* (ҚМКӘБ. А., 1957, 126-б.; *“Кейде нақ төбелерінен жарқ беріп, шарт еткенде дүрік беріп, жарылып та кетеді”* (ҚКӘБ. 1935, 154-б.) — *“Кейде нақ төбелерінен жарқ беріп, жарылып та кетеді”* (ҚМКӘБ, 1957, 130-б.). Өзгертулер осы алуандас болып келсе, *“Ескінің сызы өтіп қалған. Сүйеуді керек қылатын төл екен”* (“Тас түлек”). ҚКӘБ. А., 1935, 160-б., *“Бірақ, міне, бір жыл болды. Райком мұны колхозға бар деді”* (“Тас түлек”, 161-б.) деген сияқты бейнелеуден гөрі баяндалуы басым жолдарды автор 1957 жылғы басылымында өз қолымен сызып тастаған.

Бұрынғы басылуларындағы мағыналық, стильдік жағынан да жатық, жарасымды сөйлемдер 1957 жылғы “Таңдамалы шығармаларында” редакция тарапынан өзгертілген және жекелеген сөздер мен сөз тіркестері түсіп қалған. Жалған белсенді болып жүрген Жұматайдың *“Осы бәрінен де сен жақсысың. Аналар үкімет қадірін, кісі қадірін білмейтін, еңбегіңді бағаламайтын құнарсыз көрінеді. Тапқан-таянғанды сендерге салып бір сүйрейін”* (“Тас түлек”, 166—167-бб) *“Құнарсыз көрінеді. Тапқан-таянғанды”* деген сөз тіркестері 1957 жылғыда жоқ. Осы секілді *“есептің”* орнына *“әсіп”*, *“дүние қоңыздың”* орнына *“дүние қоныс”*, *“жаңаданың”* орнына *“және де”*, *“қысылмайды — қосылмайды”*, *“өтетін — ететін”*, *“Сызы — сазы”*, *“көп — кеп”*, *“ошағындай — босағандай”*, *“ала қойды — ана қойды”*, *“өре — ене”*, *“дос — қос”*, *“жығылған — жылаған”*, *“араз-дасып — арыздасып”*, *“жағынан — жақыннан”*, *“ініне — ішіне”*, *“мұңы — маңы”*, *“байсалды — байыстады”* болып басылған. Кейін бұлар сөйлем ішіндегі орны мен мағынасына қарай қайта жөнделді. Әр жылдардағы басылымдарын негізгі мәтінмен салыстыру кезінде осы сияқты алшақтықтардың кездесетініне көз жетті. Академиялық толық басылымға жіберер алдында бұлар тағы да салыстырылды.

Т. Әкім

“ҮШ КҮН”

Отызыншы жылдардың басындағы әңгімелерінің ішінде тақырыбы, оқиғасы жағынан алғанда да өзгешелеу қалыптанған әңгімесі “Үш күн” алдымен “Социалды Қазақстан” газетінің 1934 жылғы екі нөмірінде (7 қараша, № 258, 10 қараша, № 259) жарияланды. Негізінен, әңгіме оқиғасы өмірлік факторларға құрылған, өйткені мұндағы оқиғаға жазушының өзі тікелей араласқан. Ол жиырма төрт — жиырма бесінші жылдары Шыңғыстаудың күн батыс бөктеріндегі Баканас өзенінің бойында Ақшатау деген қонысқа өзі туып-өскен ортаның кедейлерінің басын құрап, отырықшы поселка салғызған. Соған қозғау салған да, түрткі болған да Әуезов, әңгіме арқауына айналдырғаны — солардың тірлік-тіршілігі.

Осындағы кейіпкерлер Көлбайдың да, Талпақ пен Сарыауыздың да өмірдегі прототиптері бар. Талпақ пен Сарыауыздың байға жағынам деп бірі мен бірінің ілінісе беретін, түкке тұрғысыз нәрсе үшін жағаласа кететін қылықтарына әбден ызаланған Көлбай оларды бірін-бірі көрсе мүйіз ала жүгіретін қошқардай сүзістіріп, қақтығыстырып барып жөнге, ақылға салады. Сол бір айладан ес жиған екі аусар жігіт өздерінің ғана сауаттарын ашумен шектеліп қалмай, бүкіл бригаданың сауаттануына мұрындық болады, екпінділердің алдыңғы қатарына қосылады. Әңгімедегі төбелес эпизодын автор кейін “Ақын аға” романына енгізді. Мұнда төбелес көрінісі сол қалпында берілді де, тек ұзын аяқ Мұса романда Қалдыбай деген атқа өзгертілді, оны Тәкежанның баласы Әзімбайдың үлгі тұтатын адамы ретінде көрсетті.

Әңгіме екінші рет “Тас түлек” жинағында (ҚКӘБ. Алматы, 1935, 235—248-бб.) басылды, содан кейін он екі томдықтың 1-томында (“Жазушы”, 1967. 337—348-бб.), жиырма томдықтың да 1-томында (“Жазушы”, 1979. 387—398-бб.) жарық көрді. Елу томдыққа осылар салыстырылып барып ұсынылды.

Т. Әкім

“ҚАСЕННІҢ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ”

Әңгіменің араб әрпімен жазылған нұсқасы жазушы мұражайында сақталған. Жазылған жылы көрсетілмеген. Ал машинкада басылған бір данасына қаламгер “Психологиялық очерк” дегенді сиямен жазған. Әңгіме алғаш рет Мәскеуде жарық көрген “Казахский сборник” атты кітапта 1934 жылы “Касен и его друзья” деген атпен жарияланады. Жинақтың құрастырушылары: Ғ. Тоғжанов пен І. Жансүгіров. Осыдан кейін “Тас түлек” (1935) жинағы: “Тандамалы шығармалар” (1956. 5-т); 12 томдық шығармалар жинағы (1979. 2-т.). Мәскеуде шыққан бес томдық шығармалар жинағының 1-томынан “Двуликий Хасен” деген атпен басылды.

Он екі томдығы мен жиырма томдығында жалпы, әртүрлі басылымдар мен түпнұсқа арасында үлкен айырмашылық жоқ.

Бүгінгі күн үшін сүйікті повесть саналатындай ұзақ әңгімедегі түрлі рухани тартыстардың суреттелу мәнері психологиялық проза талаптарына жауап береді. Бұл — ошақ басындағы кикілжің-кірбінді ғана емес, қоғамдық парадигмалардың ара-салмағын таразылайтын, дүниетаным қақтығыстарын әрекеттік аяда ішкі драматизммен суреттейтін туынды.

Уақыттың қаталдығына қарамастан, жазушы кейіпкері — Қасенді болашағы күмәнді, өмірі өткендей шынайы өткір сезім түйсігімен бейнелейді. Қасеннің қорқынышты түсімен басталатын әңгімеде тау бейнесі — шығарманың идеялық өзегі, тартыстық арнаның тарамдарын ашатын кілт болған. Қаласын, қаламасын таудың биіктігі сол кездегі социализм мұратының астам күшін пернелейді.

Қасенге бұл дүние жат, бақыт жауыққан, мансап жолы кесілген, құрмет-қошемет тыйылған. Өмір — “жалаңаш”. Ол жалғыз. Тұйыққа тірелу, қарману, өкініш, нала зиялы азамат көңілін дауыл боп шайқайды.

Табиғат тек идеялық нышан емес, реалистік дүние қабылдау нысаны да. Мысалы, “таусыз, бірыңғай жазық далалы жерде” өскен жігіттің Алатау сұлулығына сүйсіне алмауы заңды. Кейіпкердің туған еліне сағынышы байырғы алаңсыз тірлігін аңсау да, қазіргі әдемілікті жатырқауы психологиялық тұрғыда айналаға наразылық күйімен егіздес.

Тұрмыстық қатынастағы ұсақ нюанстарды, ері мен зайыбының “кемпір назындағы” астарды, аға мен інінің туыстықтан алыстап, ызғарлы сезімге ойыса бастауын, достардың түлкі-бұлаң қылықтарын бедерлеген тұстарда жіті назар, айрықша көрегендік аңғарылады. М. Әуезов қаһарманның жан дүниесін ашуда ішкі монологтік форманы екшеп қана қолданады. Кейіпкерді толғантқан жайларды өз атынан,

үшінші жақтан немесс қос үнді сөз арқылы беруге оңтайлы. Диалогтер ақпараттық қызмет атқарса, жазушы мегзеу ыңғайында сөздердің экспрессивті семантикасын ашуға тырысады.

Қаламгер өз тарапынан түсіндіру, адамның ішкі әлеміндегі іркіліс-қозғалыстарды нәзік пайымдау тәсілін ұстанады. М. Әуезов кейіпкері төңірегіндегі жанды-жансыз дүниені тірі қалыпта қабылдайды, олармен тілдеседі, үнсіз айтысады, бірақ сана сорабы сезім ауанын әрдайым билеп отырады. Қасенге Үлкен Алматы биігі ренжіген, тосылған шақтарында дәрменсіздігін, өмірінің қысқалығын білдіретіндей. Қасен көп шерленеді. “Өшейін жабайы көпті” місе тұтпайтын асқақ та берік тау қаймығу, үрей әсерлеріне жетелейді.

Шығарма соңында шығалаңға түскен Қасенге ай жарығында Үлкен Алматы биігі тағы да үстемдік көрсетіп, табалап қарайтындай. Адам тауды қозғай ала ма?! Жеке тұлға мен қоғам арасындағы қайшылық тағы да бір өткінші заманның жеңісімен аяқталуы реалистік шешім. Қаһарманның толқу, кобалжу, күрсінуге тынысы психологиялық нәзік топшылаулар арқылы дәл өрнектеледі. Пейзаж шартты түрде характер шыңдау барысында саналы түрдегі символ-таңба қызметін атқарады.

М. О. Әуезов шығармаларының 50 томдық басылымына ең алғашқы авторлық нұсқа ұсынылып отыр. Мәтінді араб әрпінен кириллицаға түсірген — филология ғылымдарының кандидаты Сейілбек Сәкенев.

Шығарманыңоқиғажелісіндекөпайырмашылықтарболмағанымен, жекелеген сөздер, сөйлемдер құрылымындағы өзгерістер жеткілікті. Мысалы, жиырма томдық басылымда төмендегідей мәтін бөліктері түсіп қалған:

1. 317-бетте: “Құрттың бізді де әбден!” — түпнұсқада: **“Құрттың ғой бізді де әбден!”**

2. 319-бетте: “Шаруа қылам деп басын ескі сұр шәлімен орап алады...” — түпнұсқада: **“Шаруа қылам деп басын тоқыма ескі сұр шәлімен де орап апты...”**

3. Осы бетте: “Көңілсіздеу жүріспен, тырп-тырп басқан аяқ даусы да естілді...” — түпнұсқада: “Келеңсіздеу жүріспен, кебіспен тырп-тырп басқан аяқ даусы да естілді...”

4. 320-бетте: “... немесе сирек...” — түпнұсқада: **“...немесе сирек-сирек...”**

5. Осы бетте “... Үлкен, берік алып бойымен бұны басатындай боп...” — түпнұсқада; **“Үлкен, берік, алып сұлу бойымен бұны басатындай боп...”**

6. 323-бетте: “...Үлкен, ашық көк көздерінде...” — түпнұсқада: **“...Үлкен, ашық қара көк көздерінде...”**

7. Осы бетте: “...Мен де өз нәрселерімнің талайын оқыс сындырып аламын да жүремін!” — түпнұсқада: **“...Мен де өз нәрселерімнің талайын өстіп сындырып аламын да жүрем!”**

8. 324-бетте: “Иә, Жәмила шіркіннің күйі кетіп тұр ма?” — түпнұсқада: **“Немене, Жәмила шіркіннен күй кетіп тұр ма?”**

9. 326-бетте: “...Нейманның да резалюциясын соқтырып ем...” — түпнұсқада: **“Нейманның да резалюциясын соқтырып алып ем...”**

10. 327-бетте: “...қағаздары алынбаған костюмнің...” — түпнұсқада: **“...қағаздары алынбаған қара қастюмнің...”**

11. Осы бетте: “Кім біледі, әлде түзелерміз. Ақтабан шұбырындыдан да оңалыпты ғой” — деп күрсінген болды” — түпнұсқада: **“Кім біледі, әлде түзелерміз. Ақтабан шұбырындыдан да оңалыпты ғой. Бет жақсы ғой, — деп күрсінген болды”.**

12. 329-бетте: “Іс басқарушыны білмейтін кісі қып, қаққылап та қояды” — түпнұсқада: **“Іс басқарушыны білмейтін кісі қып, бұрмалап, қаққылап та қояды”.**

13. Осы бетте: “Жұмыс істеп отырған бірі де болмайды” — түпнұсқада: **“Бәрін біліп отырам, жұмыс істеп отырған бірі де болмайды”.**

14. 330-бетте: “... қысқа тапсырумалар беріп” — түпнұсқада: **“...қысқа тапсырмалар істеп”.**

15. Осы бетте: “...осы облыстарда... нетпесек... Ылғи...” — түпнұсқада: **“...осы облыстарда... нетпесек...” Ісіміз қазақылату жағынан ақсап отыр. Ылғи...”**

16. Осы бетте: “...бүгін кіріп, ертең оқуға...” — түпнұсқада: **“...Бүгін түсіп, ертең оқуға...”**

17. 332-бетте: “...Қарқын табыңыз! — Телефонды ұстап: — подстанцияны! — деді” — түпнұсқада: **“...қарқын табыңыз! — деді де, телефонды ұстап: — подстанцияны беріңіз! — деді”.**

18. Осы бетте: “... осы арада шұғылынан өсе жөнелгендей” — түпнұсқада: **“шұғылынан өсе жөнелгендей болды”.**

19. Осы бетте: **“Мықты, нығыз ғой, бәтір-ау, — деп келеді”.**

20. 324-бетте: “Бірде-бір қазақ біріншіге кірмепті... Және мынау местком — барып тұрған шовинист” — түпнұсқада: **“Бірде-бір қазақ біріншіге кірмепті... Қара мыстанның осындай льготтің нанын орысқа босқа бергені үшін және мынау местком — барып тұрған шовинист”.**

21. 335-бетте: “Жас жігіт құр күле берді” — түпнұсқада: **“Жас жігіт құр күле беріп, көп түсінбеді”.**

22. Осы бетте: “Қол алысып отырғаннан кейін:” — түпнұсқада: **“Қол алысып отырғаннан кейін Қасен:”.**

23. Осы бетте: “Шаруа орнында істегем, көп істегем де...” — түпнұсқада: **“Істегем... шаруа орнында істегем, көп істегем де...”**

24. 336-бетте: “Онысын кейін айтармын, жығатын жер бар ма еді?” — түпнұсқада: **“Онысын кейін айтармын, жығатын орын бар ма еді?”**

25. Осы бетте: “Иә, іс қалай?” — түпнұсқада: **“Иә, іс қалай екен?”**

26. Осы бетте: “Қалай өзі?” — түпнұсқада: **“Қалай өзі, қалай?”**

27. Осы бетте: “...Аманбаймен бірге күліп:” — түпнұсқада: **“...Аманбаймен бірге қоса күліп ап:”**

28. 337-бетте: “...ііс-қоныс пәтеріндей емес”: түпнұсқада: **“...ііс-қоныс, бит араласқан пәтеріндей емес”**.

29. Осы бетте: “Соны сезген сайын барлық сыртқы әлемге ызалана, жауша қарады”. — түпнұсқада: **“Соны сезген сайын барлық сыртқы өзінен бөтен әлемге ызалана, жауша қарады”**.

30. 338-бетте: Тұра тұршы сен, Сәлменге хат жазайын” — түпнұсқада: **“— Тұра тұршы сен, Сәлменге хабар жазайын”**.

31. Сонда: “...елемей кеткен” — түпнұсқада: **“...елемей кетіп қап еді”**.

32. 339-бетте: “Өзіндей оқудағы жігіттер осы талай нәрсе табады”. — түпнұсқада: **“Өзіндей оқудағы жігіттер үйіне осы талай нәрсе табады”**.

Көп орын алмау мақсатымен, біз ендігі жерде алдымен 20 томдықтан үзінді бере отырып, жақша ішінде түпнұсқадағы қалып қойған сөзді береміз.

33. 339-бетте: Шамасы келсе күйеуін бүгін тәуір тамақпен ырза қылмақ ниетті (де) ойлап еді, бірақ ет жоқ.

34. Сол бет. “...көзімен ғана жортып (отыр) еді, қасына Семенов келді...

35. Сол бет. (Енді) Біз қазақтан шыққан кеңес қызметкері...

36. 340-бетте: “Жорт, жорта тұр (Қасен)!” дегендей.

37. 341-бетте: (мықты) ...іс болады. Бірақ осы жөнінде барымызды салып (барып) бірімізге-біріміз жәрдемдесіп, партияның тапсыруын орындаймыз”.

38. Сонда. Бірақ уақыт, уақыттың қалығы (қысқалығы), еңбек күннің шولاқтығы қажытады.

39. 343-бетте: Және (бұрынғы) ертерек кездегі балалық шағының естегілері де бұрынғы ескі ұясы сияқты болған (бір) орынға тартқанды.

40. Сонда. Бұл бір уақытта, өзіне есеп бермей бой ұра кеткен сезім (сияқты болатын).

41. 344-бетте: — Онан соң (бұрын) Маркс, Ленин жүйесін, диалектиканы оқып па?

42. 345-бетте: — Балуан күрестіріп отырғамыз жоқ, — деп (қағып) қойды...

43. 346-бетте: Екеуін екі бөлек (екі) жақ қып түсінуге болмайды.

44. 347-бетте: Көріп, жолығып кетпек боп, (сонда) тұрып қалды.

45. Сонда. Өзінде аяққа оралар бала жоқ. (“Шаруа, қызмет қап барады”, — деп аяйтын қымбат уақыт та жоқ.) Сондықтан, әр күні...

46. Сонда. Бар нәрсесі де есеп. (**Базардан саудагер қолынан көп ала алмайды.**) Жиынып-терініп кеп...

47. 349-бетте: — Ең болмаса Рахилаға алған сыбағаңыздың жарымын (**беріңіз қиып**), — деп қала берді.

48. 350-бетте: Зәулім биік сұлу (**серек**) теректерді өрлей бітіп, жамырап қаулаған уыз жапырақтар...

49. 351-бет. ...Сәлім мырс беріп, мысқылдай күлді; (соңғы сөздің орына түпнұсқада: **күліп**).

— Немене, Жәмила? Ауырлап (Бұл соңғы сөздің орнында түпнұсқада: — деп, — **жай салмақты ауырлап**) жүрсіндер, батып жүр, ә?

50. 352-бет. — Қой, олай деме, (**мен**) масыл емеспін саған!

51. Сонда. (**Білдім**,) Таныдым бәрін де!..

52. Сонда. "...енді есі кіріп (**артын ойлап**) қорғақтай бастағанда...

53. Сонда. "Өлсем де енді, бәлем-ай" дегендей (**қып**):

54. 353-бет. ...сол күні кешке (**жақын**) аға-жеңгені алып кетті.

55. 356-бет. (**Содан кейін**) Қасен бұның көбін қысыр кеңес көріп...

56. 357-бет. Ақыры бұған ішінкіреп алған Аманбай (**кеп**) қосылды...
Сонымен түн бола бергенде (**қора ішінде**) торы қасқа жығылды...

12 және 20 томдықтағы Қасымқан есімі түпнұсқада *Қасымхан* боп жазылған, "болсын" деген сөздер "босын", "қылсын — қысын" боп келеді. Орыс тілінен енген историзмдер де қазақша ауызекі айтылу мәнеріне қарай қолданылған. Мысалы: *Блюда* (318-бет) — *блюде*; *портфелін* (324-бет) — *портпелін*; *ботинканың* (326-бет) — *бәтеңкенің*; *костюмдік* (сонда) — *қастюмдік*; *коллегия* (328-бет) — *қаллегия*; *совещаниеге* (сонда) — *сәбещаниеге*; *бюрократ* (330-бет) — *бұйрақрат*; *рекомендовать* (сонда) — *реқамандауайт*; *кооперативте* (сонда) — *қапаратипте*; *коренизация* (сонда) — *қаренизация*; *процент* (331-бет) — *пурсент*; *стол* (332-бет) — *үстел*; *карточкасын* (333-бет) — *қартішкесін*; *үндістірлейікші*; *советтің* (334-бет) — *сәбеттің*; *совхозы* (335-бет) — *сабхозы*; *трикотаж* (338-бет) — *триқатаж*; *запискаға* (сонда) — *запискеге*; *сумкасын* (сонда) — *сөмкесін*; *комсомол* (339-бет) — *қамсамол*; *коридорда* (341-бет) — *қаридорда*; *пенжекті* (сонда) — *педжакты*; *столовойдан* (сонда) — *сталабайдан*; *колхоз* (343-бет) — *қалхоз*; *социализмді* (344-бет) — *саициализмді*; *поселкеде* (346-бет) — *пәселкеде*; *участогы* (сонда) — *ушастігі*; *большевик* (353-бет) — *бәлшебик*; *закускасы* (355-бет) — *закускесі*. Кейбір фразалар осы үлгіде қайталанып отырады.

Шығарманың алғашқы нұсқасымен салыстырғанда, кейінгі 12, 20 томдықтарда сөйлем құрылымы, тыныс белгілері, сөздің лексикалық, морфологиялық тұлғаларында өзгерістер, орын ауыстырулар немесе кейін қосылған сөз, сөз тіркестері, сан есімнің жазылу алшақтықтары көп. Мысалы: *Аяғын жылжыта алмайды*. Қалтырап тұрғандай. (317-бет). — *Аяғын жылжыта алмай*,

қалтырап тұрғандай; *Аржағы?* Қарай алмай көзін жұма берген сияқты (сонда). — *Ар жағы?!..* Қарай алмай көзін жұма берген сияқты; Қапсағай қара *мойнын* ашқан өлім бе?.. (сонда) — Қапсағай қара *қойнын* ашқан өлім бе?..

Осы тәрізді үзінділерді жоғарыдағыдай жақша ішінде түпнұсқадағы мәтінін көрсетіп ұсынамыз: “Шіркін, өкпе-бауыр (*бауыр-ақ*), жалың қапты-ау!” (318-бет). Блюда ма (*блюде ме*), энеукүнгі (энеүгі) төменгі базардан алған ба? (*алған ба?!*) (сонда); Алдында (*Алдына*) төсектің қырына келіп (*кеп*) отырған Жәмила... (319-бет); ...кәртең (*қартең*) үнмен ыңыранып... (сонда); ...үздік-үздік (*үзік-үзік*) көріністер өтті... (сонда); Не беріп едің дер ме едің? (*едің*) (сонда); Құдай кәне!.. (*қане!..*) (320-бет); Үлкен Алматы биігіне кез (*көзі*) тоқтады (сонда); Сондықтан ол мынадай (*мынандай*) аспан құшқан... (сонда); ...әлдеқандай өзі (өзге), алыс, өзі суық бір сұлулық (сонда); Болса аз-маз (аз-мұз) адыр ғана бар (сонда); ...немесе сирек (*сирек-сирек*), алабарқын тау... (сонда). Күйкі елсіз шатқаяқтаған (*шатқалақтаған*) жалғыздық ойына тағы бір көрініс (*көрініп*), тағы бір теңеу елес өтті (321-бет); қайратымен (*қайрақпен*) қажап... (сонда); Болмыс, ақиқат (*қақиқат*), айнала (сонда); Ай (*Әй*), жокпын-ау... (сонда); ...тітіркендіргендей (*тітіркенткендей*)... (сонда); флитедан (*флитеден*) (сонда); Болыс (*Болыр*) бір фәрдеден (*фердеден*) (сонда); Қатты тепкен (*тебілген*) кебіс... (328-бет); ...темір төсекке соқты... (*соқтықты*) (сонда); Аз да болса (*боса*) (сонда);... безобразие (*безабразие*) (сонда); Ашуланбай қайтіп келді! — дегенде, Сәлім киіне беріп (түпнұсқада: *Ашуланбай қайтіп келді!*)

Сәлім киіне беріп: (сонда); қызметіне (*қызметке*) баратын (сонда); Бірақ қате (ката) ғой (323-бет); ...тұрарын (*тұруын*) да (сонда); ...ебін (*бабын*) таба алмай... (сонда); Қасен есіте (*ести*) кетті... (сонда); ...жем қылсын (қысын)... (сонда); Ол баба (*бабай*) басқа... (324-бет); ...сол жоғары (жоғарғы) жақта (сонда); — Иә (*Немене*), Жәмила шіркіннің (*шіркіннен*) күйі (*күй*) кетіп тұр ма. (*тұра ма?*) (сонда); — Күлесің ғой — (*Күлесің-ау.*) (сонда); ...литровканы (*литропкені*) (326-бет); Қасымқан: — бәсе, “елдің тісін-тісіне қоятын” шағы болушы еді ғой... (түпнұсқада: — *Бәсе, елдің де тісін тісіне қоятын шағы болушы еді ғой*) (сонда); Кадрсың (*Қадрсың*) ғой (сонда); құлаққағыс қып (қылып) ем; Қазкрайсоюздың (*Казкрайсоюздың*) председателіне (*распределениясіне*) трикотаж кепті дейді (327-бет); өзіне-өзі (*өзінен өзі*) қанағаттана алмай (сонда); Осы күні (*күндері*) Қасенге (сонда); қарға адымындай-ақ (*адымдай-ақ*) боп қалған сияқты; Здорово (*здравствуйте*), Николай Петрович (328-бет); Портфельден (*Партпелден*) бір көп қағаз (*түпнұсқада: бір қағаз*) алды (сонда); Айыл-тұрманын тартып (*тартынып*) (сонда); Мынау әлгі строительство (*құрылыс*) туралы (сонда); бас бухгалтер (*бухгалтір*) — салмақты...

(сонда); — Жолдас Жарасбаев (*Жараспайыф*: (сонда); Қасенге ширет (*ширет*) тигізбей тұр (329-бет); ...бәрінен керек (*керекті*) “мамандық” ... (сонда); ...соңғы кезде (*кезінде*) ылғи... (сонда); ...тапсырмалар беріп (*іспен*)... (330-бет); Он (10) қазақ студенті... (331-бет); Отыз (30) процентке (*пурсентке*) жеткізіңіз... (сонда); Мынаумен (*Мынамен*) тіршілік ете алмаймын деп мен (“мен” *түпнұсқада жоқ*) айтқаным қайда? (333-бет); Құрсын сол месткомның шовинисі (*шовинистігі*) де (335-бет); Қол алысып отырғаннан кейін: (түпнұсқада: “*кейіннен*” соң “Қасен” және қос нүкте, бастапқы қос нүкте жоқ) (сонда); — Е, мен соны (*соның*) барып (*бәрін*) біліп жүр деймісің, Қасеке-ау? (сонда); Алғызсын (*Алғырсын*), әне (*Әне*) коренизация (*каренизация*) деп жүр ғой, түге... (сонда); — Дақ осы жылы (*жолы*) келгенде (*келгенде де*) мал совхозының (*сабхозының*) іс басқарушысы... (сонда); Қалай өзі? (*Өзі, қалай?*) (336-бет); Кеңседе қызмет қылатын әйелдерге Қасеннің (түпнұсқада “Қасеннің” сөзі ұшыраспайды) көзқарасы біржолата басқа болатын (337-бет); — Мен дүниеқор (*дүниеқоңыз*) емеспін дейді (339-бет); Ол партиячейка (*ұя*) хатшысы (сонда); “Жорт, жорта тұр!” (түпнұсқада: “*Жорт, жорта тұр, Қасен!*”) дегендей (340-бет); Төрем келді (*келеді*), — десіп, ауыл, ауданға мақтан ететін... (342-бет); Тақырып та (*Тақырыбы да*), сұрақтары да тіркелген (*тізілген*) (345-бет); Бұл екеуі менің ойымша диалектикалық бірлікте (*диалек- тическое единство*) (346-бет);... жалына тілек қылып (*тілеп*) (347-бет); ...табақтың сынғандарын (*сынықтарын*) алып шығып (348-бет); Міне (*Міні*), қыбы (*қиюы*) мынау (349-бет); Жәмила бұны ұйықтап жатқан кісі етіп (*қыт*) қойды (353-бет); ...енді шыға (*шынға*) келейін... (354-бет); Не қылатынын (*қылатыңды*) айтпадыңыз ғой? (355-бет); Осы жолы жолшыбай келе жатып со (сол) жерінен айтады (“*атты*” түпнұсқада жоқ) алдым да (356-бет); Ұрлыққа ұсап (*ұқсап*) жүрмесе? (357-бет); Содан басқа не бөгет бар деді де (*деп*), әңгімені тездетіп шешу жағына шықты (сонда); ...аяқтардың дыбысы (дыбысы) сарт-сұрт... (358-бет); ...үш-төрт әскери адам (“*адам*” түпнұсқаға кейін қосылған) кіріп келді (сонда); Қастарында манағы (*бағанағы*) Аманбай айтқан жұмысшы (сонда); — дей беріп еді, келгендер қараған жоқ (түпнұсқада: — *дей беріп еді, Қараған жоқ*) (сонда); УРОға (*УРО-ға*) қарай алып жөнелді (сонда).

М. Әуезов, көріп отырғанымыздай, ұзақ әңгіменің (немесе повестің) алғашқы нұсқасында заман тынысын байқатып сөздерге ерік берген, сол арқылы кейіпкерлерін де мінездей білген тарихи уақыт адамының көңіл күй әсері авторлық баяндауға тиісті мәтінде де анық сезілді. “Қасеннің құбылыстары” — қазақ әдебиетіндегі шындықты көру, қабылдау, жеткізу мәдениетін биік көтерген, “сана ағымына” көз салған үздік психологиялық проза үлгісі.

Б. Майтанов

“ШАТҚАЛАҢ”

“Шатқалаң” — 1935 жылы жазылған дүние. Әр мезгілдегі жарияланымдары төмендегідей: “Тас түлек” жинағы (1935); “Қазақстан” (Литературно-художественный сборник. 1935); “Әдебиет оқу кітабы” (А.Көшімбаев құрастырған бұл кітапта үзінді ретінде 1941, 1942, 1943, 1944, 1946 жылдары басылды); 6 томдық шығармалар жинағының 6-томы (1957); 20 томдық шығармалар жинағының 1-томы (1979). Орыс тіліндегі басылымдары: “Крутизна”, “Қазақстан” деп аталатын әдеби жинақта (М., Алматы. Казахское краевое изд-во, 1935. С. 60-89), аударған Л. Соболев, “Крутизна” (М., “Советский писатель”, 1965. С. 152—183), М. Ауэзов. Избранное. (Алматы, “Жазушы”, 1967. С. 166—199), М. Ауэзов. Собрание сочинений. (М., “Художественная литература”, 1973. С. 442—472), аударған Л. Бать.

Шығарма оқиғасын алдын ала қиялда топшылауға арналған қаламгер жоспары сақталған:

ПЛАН

I. Айша қолын босатысымен көптен бері сипалануда еді. Астыға түсті, үстіге шықты. Тағы түсті. Қарғанды. Әкесін қарғайды. Бір кезде аяғына ілінді. Тапты. Қолына нағанды алып, енді жоғары шығып, енді есікті аша бергенде, дабырлап жау кеп қалды. Қараңғы түн. Алдыңғы біреудің тымағы дұспандікі сияқты. “Енді өлтіріп аласың!” деп атып-атып жіберді. Қарсы атты. Атыс... Біреулер айғайлайды. Токта дейді. Жаудың дауысы. Жұрт кіріп келді. Шашы үрпиген Айша бұрышқа тығылып зорға сүйеніп тұр. Қасен сол қолынан қан аққан. Түсі қуарған. Қабағын қарс түйіп, тісін басып: “Ә, жүзіқара. Менің қатыным десем? Әлі жаудың қатыны ма едің...” — Тап береді. Айша көзі шарасынан шығып қарсы ұмтыла берді: “Жарығым, кеш... Жаздым...” — деп құлап түсті. Қасен пышағын суырған күйде қона түсті. Құлашын керіп, пышағын сермеп ұра бергенде, қолынан Самат ұстай алды.

“Токта... Мен бар... Кінә менен...” — деді.

II. Бұл уақиға отыз үшінші жылы июньнің 23-күні кешкі сағат тоғыз шамасында “Талдыөзек” колхозының қой пермесінің бірінде болған еді. Құрт сақтайтын баздың бірі. Қой отарлап көшіп кеткен. Күзетші шал Шәлтіктің таң алдында көзі ілініп барады екен. Баздың ішінде салдыр есітті. Қорқақтау басып ұры ма, жын ба? — деп терезеге келе берді. Екі қасқыр жүр... Есікті сыртынан жауып қалқозға жүгірді. Қайтадан кісі ертіп келсе, қасқыр терезені сындырып шығып кетіпті. Күні бойы Шәлтік әңгімесін айтып бітіре алмай, аяғын

өзінен-өзі сөз қып отырғанда, кешке жақы қызы Айша келді. Құрт қайнатушының үлкені еді. Қыз баз ішінде, ымырт жабылды. Ат дүбірі естілді. Шал көлеңкеде жатыр еді... Айша бері шыға бергенде, жалт беріп қайта бұрылды. Қораның бұрышынан үш атты шыға берді. Біреуі Айшаның көзіне оттай басылды. Беттерін орамалмен таңып алыпты. Мылтықтары бар. “Уа, кімсің, кімсің?” — деп шал апалақтап тұра бергенде, Құлайғыр алып ұрып кеудесіне мініп алды. Қолында жалаңдаған пышақ, өлтірем дейді. Шал енді: “Ала бер... Бәрібір менде тамақ та, киім де жоқ. Түнде қасқыр белімнен аттап, шойырылып жатырмын. Е... жабатын лыпа да жоқ”, — дей берді.

— Сүгір, біздің әшейін, — деп мүсәпірсіп, Қатпаға хабар айт... Мұнда ешкім бар ма? — деп сұрайды. Шал бұйырмасын дей береді. Шалды Қатпаға жібермек болады. Өздері бөлініп кейін кетеді. Ақылдасады. Шал сырғып базға кіреді. Артынан қараңғыда бас-бағып Сүгір ереді. Шал базға кіре бере сүріне-қабына жығылып, жасырынып тұрған Айшаны қағып жығады. Айшаның қолынан қаруы ұшып түседі. Шал жау дей береді...

— Тәңір алсын, әке. Жау ғана дейсің...

— Уа, кім, сығыр-ау? Қатпаға хабар айт деді ғой?.. — Айшаның есі шығып кеткендей болды. “Ойпыр-ай, не деген сұмдық. Дұспандық па еді?” Сіренте шырт етті. Алдында тұрған Сүгір. Сүгірдің алдында — Айша. Сүгір:

— Мені тосқаның ғой?

— Тоссын деп кетіп пе ең қашқын болғанда?

— Жоқ тосқаның болмаса, бүгін мұнда неге келіп ең?

— Мен тіршілігін адалдан тілегендермен біріккем... Кетерінде шешілген-ді арамыз. — Шал Айшаны желкеден түйіп қалды.

— Мен берген байың осы! — дейді. Сүгір шалды тысқа алып шығып, колқозға қарай жөнелтеді.

Белім қасқыр аттап шойырылып қап еді, — деп шал кипақтайды. Ат бермейді. Кетерде бұдан көп нәрсе сұрайды: туысқан жәйі, мал түрі, түйе жәйі туралы. Шал жөнеледі. Колқозға беттеп шығып, ойға түседі. “Жоқ, осы әлсіздің досы Самат еді. Соған ақылдасайын”, — деп солай бұрылады. Айша мен Сүгір біраз айналысты. Аяғында есікті жауып, жалғыз шықты. Атына мініп кетті.

ІІІ. Бәрі де бей-берекет. Түнде бірнеше қошқар шойырылып шыққан, қырық саулық пен ешкінің желіні тілінген. Перме іші деседі... Қасенді қаралауға беттеген. Самат қорғайды. Қалқоз бастық Қатпа келген. Қорғайсың. Бірсің, — деп екеуін көрсеткелі ауданға, сотқа, следовательге шапқан. Тағы босып кеттің ғой, қор быт-шыт. Атқошевкеден келген үйлер зарлайды. Берді, Сатай, Аяжан, Дәметкен, Үлбосын зар еңірейді. Тәңір дұспанды қолға берсе-ау, болдық қой деп ел ботадай боздайды. Қайран колқозым... Көзімді ашқаным деп

дауыс айтқандай болады. Самат ауданға тілдескен. Бұған: орнынан тапжылма. Тағы бір-екі күн тос. Күзетті мықта деген. Түнде дабырлап Шәлтік жетеді. Самат жұрттан бөліп өзі тыңдайды... Сүгір... өзге сөзді тыңдамайды. Анау қасқыр аттады. Айша деп, бірдеме деп жатады. Телефонға ұмтылады. Паншин: Айтқаның рас, келді. Бізді ториды. Жұртқа: Дұспан табылады. Қасен ереді. Әйелдер: Аяжан, Дәметкен, күлшынып мылтықты өздері салып алады.

Қолқоздан аяған жанды ит жесін. Бір еркектен кем болсақ, бетімізге түкір, десіп ере шабады... Түйе жоқ... түйе жоқ... Сатай, Берді бір топты алып жоқ іздеуге кіріседі... Күзетті қатындар алады. Бұл соңғы бұйрық Саматтікі. Әбігерді басып, Қасенді, екі- үш қатынды ертіп шабады. Қораға, базға келеді. Жоғарғы уақиға.

IV. Айша мен Сүгір бағана сөйлескен. Өлсем де жоқпын деген. Сүгір әкетемін деп байлап тастаған. Түн бойы жалғыз. Айша арпалыса, арпалыса жаңа босаған. Аналар тыста деп есептеген. Байласқаны өлім. Колқозы, малы көз алдына. Хат танып қалғаным. Дабыр келгендегі қайраты.

V. Сотта Қатпа... Айшаны Қасеннің алуы. Самат откочевтік байларды алды. Перма жауы... Қаскөйлік, қаттату... Пермеге келу. Жау деп жариялау... Жұрт дағдарыста... тағы қуғын, тағы сорлаймыз. Қатпа тағы шулатты деу... Қатпа үш милиция тергеушімен қуа келді. Базда кездесу. Саматты, Қасенді, Айшаны ареске... Мылтық дауыстары.

VI. Қатпа: Бұ не? Самат. Ол жаумен атысу... Ол — Сүгір. Қатпа шошиды. Қатпа жылжымақ... Самат: — жоқ, кетпе... Ерегес... Самат жібермейді. Қатпа: — Сендер осы арада мені жауға ұстатпақсыңдар. Мынау Сүгірдің қатыны. Осы арада байын тосқан деп байбаламдайды. Шал жүріп жетеді. Мылтық дауысы басылған. Отряд келеді. Паншин... Сүгір, Құлайғыр ұсталған. Самат. Мен жабыламын. Мына Қатпа... Қатпаға Паншин Сүгірді итермелейді. Қатпа сырт айнала береді. Шал: “Сүгір, міне, Қатпаң. Бағана мені жіберіп ең, міне”... Айша: “Мені осында қолды-аяққа тұрғызбай сен жібертпеп пе ең? Сүгір: “Қатпа, аман ба?” — Паншин ордер ұсынады. Жұрт, қатындар жан-жағынан: “не қылмап ең?... Қаңғыртып ең, тоз-тоз ғып ең”. Айша Қасеннің қолын құшақтап, жылап Сүгірді көрсетіп: “Ол менің де жауым еді, сенің жолыңды сүймесем” деп жылайды.

VII. Екі күн өткенде границада... Атты байлап қойып отыр еді. Екеудің қарасы көрінеді. Бұл тапжылмады. Тура келеді. Сезді. Жалтарды. Алдына түсті... Қайта бұрылды. Тағы түсті. Жасырына түсті. Кезеңге шыға бергенде бүйірден қосылды. Біреуін оққа ұшырды. Екіншісін қоян-қолтық кеп өлтірем деді. Тоқтап, қолын көтерді. Судья Садырын (ЛММА. КПП-45. 15—19-беттер).

Араб әрпімен жазылған қолжазба соңында “Алматы, 1935 жыл, июль деген жолдар бар. Повестің мазмұнында түпнұсқадан

айырмашылық болмағанмен, кейбір қалып қойған, редакторлық өңдеуге ұшыраған, корректорлық қате ретінде есептелетін сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер ұшырасады. Біз оларды көрсету үшін 20 томдықтың 1-томындағы шығарма мәтінінен үзінділер келтіре отырып, жақша ішінде бастапқы нұсқадағы жазылымдарды беріп отырмыз, қысқарту орфографияға, тыныс белгілеріндегі айырмашылықтарға да назар аудартамыз.

1. 381-бет. Түпсіз тұңғыық қараңғылықтың ішінде біртүрлі бір, (**бір түрлі бір**) жабысқан дымқыл салқын түн сызымен бірге, әлденеше (әлденелердің) көгеріп бозданған шірік ісі де білінеді.

2. 381-бет. Өзіне өзі (**өзінің**) жаны ашып бір сәт көзінен жас (жасы) ыршып босаңси бастайды.

3. 382-бет. ... ешбірін танымайды. (**Қолы бірденкеге тиді. Бір қолына оюлы кірпішін қақтығады...**). Одан әрі...

4. 382-бет. ... өзі шошып: Келді-ау, (**— Келді-ау,**) кесел...

5. 382-бет. Енді осы отырған орнынан (**үш**) қадамдай жерде сол иығының тұсында есік болуы керек.

6. 382-бет. — Бар болғыр, қор бишара, әке болып игілік көрсеткен күнің бар ма еді? (**Қақтыққан сорлы дейім-ау. Өл де маған. Нең бар еді?**) — деп сол орнында...

7. 382-бет. — Сүйретіліп нең бер еді бишара (**бейшара**), екі нардың ортасында...

8. 383-бет. ... өз ықтиярымен өзі қозғалуға жарайтын күйге (қолы) жеткенде... оның аржағы (**ар жағы**) шынымен көр еді.

9. 383-бет. ... жанбасымен (**жамбасымен**); ... секундта (**секөнтте**); ... жанбасының (**жамбасының**); алты атар (**алтыатар**); ... Қайда кеттің? — деп тұтқадан ұстап сол иығымен нық итеріп... (**... Қайда кеттің?— деп сол иығымен нық итеріп, тұтқадан ұстап...**); — Жабығы (**Берігі**); колхоз (**қалхоз**); енді міне (**міні**) мынадай (**мынандай**).

10. 384-бет. ... шұбатылып бетіне түсе береді (**беріп**). Және (және) тың тыңдауға...; Тыстағылардың (**Тыстағылар**) тықыры...; есіктің саңлауына (**саңылауына**); дүние азан-қазан (азан-қазан) боп...; Алты атардың (**Алтыатарының**) дауысын...; Қараңғы үйдің (үй) іші ...; ... атылып-атылып кетті (**жіберді**) ...

11. 385-бет. — Тағы (**тағы да**) басып қалды...; Атжағы (**ат жағы**) тістенген...; — Жарығы... (**— Жарығым**) ... жаздым ...; Сол секундта (**секөнтте**)...

12. 386-бет. ... ұстап тұр екен (**екен Қасен**). — Жіберші! — деп Қасен (**деп**) бұлқына бергенде...; ... “Талдыөзек” колхозының (**қалхозының**) қой фермасы (**пермесі**) жайлаған өлкеде ...; ... ың-жың (**ың-шың**), у-шу...? Аңғарса шулап-улап (**шулап-ұлып**) жүрген қасқыр екен...; ... көңі кеуіп қалса да (**қиса да**) ...

13. 387-бет. ... қасқырдың шулағаны (**шуылдағы**) тағы естілді; Көзін тырналап (**шырмалап**)...; ... ешбірінің бойы көрінбеді (**көрінбейді**)...; — Осы көпірден (**көпірден**) құлап ...; — Қораның төбесіне (**мүйісіне**)...; — Әй (**ой**), тұқымың құрғыр, омай өнесі (**өнесі**) екен...; ... өрмекшінің артындай боп дөңкиіп тұрған (**дүңкиіп көпсіп тұрған**)...; Сары адырға (**Сарыадырға**)...; ... бауын ағытып алып (**ап**)...; ... жерге қайта түсіп (**жерге түсіп**)...; ... қалғып кетіпті (**тағы қалғып кетіпті**) ...; ... Шәлтікті сен жер ме екенсің, сені Шәлтік (**Шәлтікті сен жер ме екенсің, жоқ, сені Шәлтік**) жер ме екен?..

14. 388-бет... екінші кішкене (**екінші жағындағы**) кішкене...; ... жалпылдап қала берді (**жалпылдап қала беріп еді**) ... колхозшы тұрғызып ертіп келді (**қалхозшыны тұрғызып ертіп алды**); ... сырық тауып (**тауып ап**)...; ол (**өзі**) баздың төбесіне...; Ешбір дыбыр (**дабыр**) да жоқ.

15. 389-бет. ... сезгені ме (**сезгені ме, әйтеуір**) белін басып...; Қураған (**Қуарған**) тәңір...; — мынаны (мынаның) ішіне...; Аналық (**Аналар!**) — жіберейік (**Жібертейік**), айтайық ...; бүктісіп (**бүк түсіп**); ... қамап (**Қамап**) кеттім...; керіп (**кәпір**) құзғын; ... даусыз (**даусыз**) нәрседей...

16. 390-бет. ... шошыған ба (**шошынған ба**), немене...; ... оны байқа (**оны байқа, деп, ...**); ... түзу біткен мұрын мұның (**түзу біткен мұрны бұның**) ...; ... жаны ашыған ғой (**жаны ашыған екен ғой**); Мынауың адам екен ғой (**Мынауың адам екен ғой өзі**); ... азын-аулақ шай, қант, оны-мұнысын (**... азын-аулақ шай, қант, нан, оны-мұнысын**)...

17. 391-бет. ... не де болса қыларлық (**не де болса қылар**) айла жоқ...; ... алдынан жалтылдатып (**алдынан жалтылдатып-жалтылдатып ап**) ...; ... Құлайғыр мұның (**Құлайғыр бұның**)...; ... тыпыр-тыпыр (**тапыр-тұпыр**) етіп...; — ой, жөн сұрамайсыңдар ма? (**— Әке сұрамай ма?**).

18. 392-бет. — Мен Көбігіппін ... (**Көбігіппін...**); — таң қалды (**таң болды**); тапшылық (**таршылық**); Жалғы осы болмай (**жалғыз осы бұл болмай**), міне (**енді мына**) бөлеміне (**бәлемін**)...; ... Иван (**Ибан**)...

19. 393-бет. ...тапжыла алмай отырмын (**... тапжыла алмай отырым**) ...

20. 394-бет... сүрініп (**сүрініп кеп**) ...; Бірақ тығыз (**Бірақ жер тығыз**); ... бетін шар таңып алыпты (**бетін шарт таңып апты**) ...; ... сұрланып (**сызданып**) алды...; ... даусы дірілдеп (**даусы зілденіп**)...

21. 395-бет. ... ақырын түртіп еді (**ақырын түртіп көріп еді**); Айшаның (**Айжаны**) желкесінен...; — Көзің құрғыр (**— Көзің ағарғыр**)...; Артымнан (**Артымның**) бәрі жау...

22. 396-бет. ... Дәметкенге бұрылып (**Дәметкенге бұрыла**), қарап... ; жөп шендіден (**жөпшендіден**); ... қанжығаға ұрып байлармыз (**... қапжығаға ұрып байланармыз**); Жел де жоқ (**Күн желсіз тынық. Жел де жоқ**).

23. 397-бет. ... бірдеме (**бірдемені**); әншейін (**әшейін**); басын (**бас**) изесті; мұндайда (**бұндайда**); Мұны (**Бұны**).

24. 398-бет. Панасын кеп едік (**Панасына кеп ек**).

25. 399-бет... Қалың қойдың ішінен қаракөл, ленкөл — (**қалың қойдың ішінен қаракөл, ленкөл**)... ; бірінен-бірі (бірден-бірі).

26. 400-бет. Охран бастығы (**Ахран бастығы**); бригадалары (**бригадтары**); ...тұр еді. (... тұр еді. Осында оқып, өсіп, жақсы тәрбие алып келе жатқан әйелдердің бір бастысы сол Айша еді); қақ жарылып (қақ айрылып).

27. 401-бет. ... жиырма (**20**) шақты; көк қошқарын (көк қошқарына).

28. 402-бет... жүрісінен (**жүресінен**); Оқиға (Уақиға); дұшпанды (**дұспанды**). Аткеншектен (**Аткеншектен**).

29. 403-бет. ...Самат кеп қалғанда (**Самат келе бергенде**)...

30. 404-бет. Бай-құлақтың (**Бай-құлақтың**); ... осындай істің топқа (**... осындай істің тұсында топқа**)... ; Көппен бірге (**өзгелермен бірге**).

31. 405-бет. ... бұл сағаттың ішінде ешкімді де (**... бұл сағатта ешкімді де**) ...

32. 406-бет. ...откочевник (**... откөшебнік**) ...; ... телефонның труб-касын (**телепонның трубкасын**)...

33. 407. ... игі еді (**не етті**); ... маған (**маған да**) талай айтты.

34. 408-бет... пәле іздеп келген (**пәле іздеп келген адам**) әлпетті.

35. 409-бет. ... құлағы үздік-үздік (**құлағы аса, үздік-үздік**) еститіні...

36. 410-бет. ... күзетке қалыңдар (**күзетке сақайдындар**) ... ; ... ап келші (**әкеші**) бермен... ; винтовканың (**беніпкенің**); қанат жарып (**қанат жазып**); — Мынау (— **Мынада**) не жаудың...

37. 411-бет. ... фонарын (**панарын**); қатнас (**қатынас**); Сыры маған мәлім, әлі күнге Сүгір десе (**Сыры маған мәлім. — әлі күнге Сүгір десе**)...

38. 412 -бет. ... машықты сұрактар (**машықты жалпы сұрактар**)...; протокол (**пүртәкөл**); ... бөгелуге (**бөселенде**)... ; Қатпа да сенімен (**Мына Қатпа сенімен**)... ; ... екінші боз қайдасын деп салған еді (**... екінші баз қайдасын деп олар да салған еді**).

39. 413-бет. ... қылығының бәрін (**қылығының мәнін**); — Енді не болса да осыған (— **Енді не өлейін. Немесе осыған**) бой ұсынбай... ; ... жоңын тізерлеп (**... жоңын тізесімен тізерлеп**)... ; Қазір бір айдан соң (**Қазір бір айналып**)...

40. 414-бет ... шиедей (**шиеттей**)... ; ... атып кеп (**... атқып кеп**)...;
.. сөйлесіп тұрғанда (**... сөйлесіп жатқанда**)...

41. 415-бет ... үш милиция (**... үш мелитсия**)...

42. 416-бет... нағанын жалаңдатып (**нағанын жалаңаштап**)... ; ...
мынандай тұрысына (**мынандай жат тұрысына**) ...; ...тыста қарулары
(**... тыста көп аттының қарулары**) — сатырлап кеп көп аттының (**са-
тырлап кеп**)...

43. 417-бет ... мойнын бұрып (**мойнын иіп**)...

44. 418-бет.... түнделетіп айдап жіберген (**айдағандай боп
түнделетіп жіберген**)... ; ... милицияларға да белгі жасап (**мелитси-
елерге де сыртты нұсқап**)... ; Қасен мейрімді түспен (**Қасен мейірі
түсіп**)...

44. 419-бет... адам желдіртіп (**адам да желдіртіп**)... ; Садыровсіз
бе (**Садырыпсыз ба**)? .. ; ... Тарбағатай тауы еді (**... Тарбағатай
еді**); ... кері жүрейік (**қайта жүрейік**)... ; ... Қасен, Саматқа жауыздық
жасау (**Қасен, Саматтың өздерінің қарасы әзірлену**) — барлығы да
біріккен ақылдың ісі екен.

Б. Майтанов

“ҚОРҚЫНЫШ”

Аударма алғаш рет латын әрпімен 1934 жылы “Қазақстан” басынынан жеке кітап болып басылып шықты. Кітаптың ішкі бетінде “А.Афиногенов. Қорқыныш. 8 суретті пьеса. Өзгертіп аударған Әуезұлы Мұхтар” деп, сыртқы соңғы бетіне: “А. Афиногенов. Страх. Пьеса в 8 картинах. Перевод и переработка Ауэзова М. На казахском языке” деп орысша жазылған. Осылайша кітаптың ішкі, сыртқы бетінде де 8 суретті деп көрсетілгенімен, негізгі мәтіннің орысшасында да, қазақшасында да 9 суретті. Аударманың сол жеке басылымынан кейінгі жарық көргені — жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 13-томында (“Жазушы”. А, 1983, 373—445-беттер) болды.

Бұл отызыншы жылдардың бірінші жартысындағы көркем дүниеден жасаған бірден-бір аудармасы болып табылады. А. А. Афиногеновтың (1904—1941) пролеткульт әсерінде жазылған (тұңғышы “Әпенде” 1929 жылы) алғашқы пьесаларының бірі “Әпенде” мен “Қорқынышта” (1930 ж.) социалистік құрылыс жағдайындағы интеллигенция санасы көрсетіледі. Жаңа заман, жаңа қоғам тақырыбында шығармалар жазып жүргенде, мына шығарманың мазмұны да, ой ағымы да сол тұстағы қозғап жүрген мәселелеріне сәйкес келгендіктен, аударуға бекінген және өзімен замандас орыс драматургінің пьесасын таңдауында осындай сыр жатты. Ал көзі тірі автордың туындысын оның келісімінсіз өзгертіп аудару жүзеге аспайтыны белгілі. Сондағы орысшасы мен қазақшасын салыстырып қарағанда, өзгертіп аударғаны мына алуандас болып келеді, жетінші суреттің соңындағы Кембаевтың: *“Профессор Бородин! Сіз ғылым саясатты қағып шығаратын сағат соқты деуіңіз жалғыз-ақ соныңыздың өзімен ғылымды тастап, саясатқа аттап кеткеніңізді түсіне ме екенсіз. Жүйеңіздің өн бойында ғылым бар деп білмеймін мен, үй қоянынан әрі асқан жерде сіз ғылым негізінен, ғылым қалпынан кеткенсіз, жүйеңізде ғылымдық пішін жоқ”* деп басталатын көлемді сөйлемдер, 6-суреттің соңындағы: *“К е м б а е в . — Былжырама енді, оңбаған. Бобров біздің кісі. Ол дұрыс ұстаздық қылады. Дұрыс жолмен келе жатқан осы. Басқа әлдекімдей сандырақтамайды бұл. Сол себепті бұл өзгеңнен бағалырақ, қымбатты да бізге. Біліп қойыңдар мұны”, 9-суреттегі: “К е м б а е в . — Аламыз кілттерді”, “бүкіл дүниенің неше алуан кілттерін аламыз, жолдастар!”* деген сияқтылар орысшасында жоқ.

Аударманың түпнұсқасы сақталмағандықтан, оны басылымдармен салыстырып қараудың мүмкіндігі болмады. 1934 жылғы басылымдағы: *“Валентина — Бэлентина”, “Бобров — Бабров”, “Не керек сізге — мен керек сізге”, “Кришна — кри-не”* (9-б.), *“Лознгрин — лаэнгрин”* (53-б.), *“Морис Шевалие —*

Мэрис Шевалие” (61-б.), *“Қорқыныш — қорғаныш”*, *“Уотсон — Уатсын”*, *“Лешли — Лесли”* (69—70-бб.), *“Болотников — Болотин”*, *“Инквизиция — инкверия”*, *“Вентура Гарсия — Вентора Горсия”* (85—87-беттер), *“Өмірдің — өзіміздің”*, *“пролетар — пурьлтар”* (89-90-беттер) деген сөздер, атаулар түзелді. Елу томдықта осындай түзетумен кейінгі нұсқасы негізге алынды.

1. 315-б. **“Францияны Генрих пен Людовиктер билегенін білем”** — Генрих IV (1553—1610) Француз королі, сонымен қатар Навар королі. Бурбондар әулетінің тұңғышы. Ол католиктер шіркеуін мемлекетке тәуелді етіп, дворяндарға әскер ұстауға тыйым салған. Губернаторлардың билігін, қаланың өзін-өзі басқару тәртібін жойған. Католик-фанатик Равальяктың қолынан қаза тапқан.

2. 329-б. **“Философ Дарума ұйықтамайым деп кірпігін кесіп тастапты”** — Анықтаудың мүмкіндігі болмады.

3. 331-б. **“Бір кезде рахымшылық құдайы Кибаннон болған.”** — Грек аңыздарында күн, ай, аспан, жел, от теңіз т. б. құдайлары сияқты рахымшылықпен байланыстырылып айтылатын құдай да болған.

4. 335-б. **“З а х а р о в. Пентаграм”** — Гректің бес және сызық деген сөзі. Қабырғаларының биіктіктері бірдей тең бүйірлі үшбұрыштар салынған бесбұрыш.

5. 344-б. **“Афродитадан мін таба алмағандығынан”** — Афродита ежелгі грек мифологиясындағы махаббат пен сұлулық пірі, Зевстің қызы.

6. 351-б. **“Вентура Гарсия Кальдерон болса, орындығыңыз да көшірілер еді”** — Гарсия Кальдерон Вентура (1886—1959) Перуан жазушысы. Бүкіл өмірі Еуропада, Парижде өткен. Әңгіме жанрының шебері. Еуропада жүрсе де Перуан халқының өмір тіршілігін суреттеген.

7. 362-б. **“Горндаик, Уотсон, Лэшли тағы басқалардың кітаптары бойынша”** — Уотсон Джон Бродес (1878—1958) Американи психологі Бихевиоризмнің негізін салған ғалым. Горндаик пен Лэшлиді анықтаудың мүмкіндігі болмады.

Т. Әкім

“ҚАСҚЫР”

М. Әуезовтің Джек Лондоннан аударған әңгімесі. Д. Лондон шығармаларының орыс тіліндегі жинақтарындағы бұл әңгіменің аты “Бурый волк”. Әлем әдебиетіндегі өзіне ғана тән стилімен, шығармаларының тосын тақырыптарымен ерекшеленетін американ жазушысы Д. Лондонның көптеген шығармаларында жабайы табиғат, жануарлар өмірі, әсіресе қасқырлар мен иттер көп суреттелген. Ол бұл тақырыпта әлем әдебиеті тарихында өте танымал “Зов предков”, “Белый клык” повестерімен қатар (шығарма аттары мен басқа да деректерді Д. Лондонның 13 томдық орыс тіліндегі шығармалар жинағы бойынша беріп отырмыз. “Правда” баспасы, Москва) жануарлар өмірін тақырып етіп алған көптеген әңгімелер жазған. М. Әуезов аударған “Қасқыр” әңгімесі Д. Лондонның көпшілікке арналған таңдамалы жинақтарына көбіне кірмегендіктен жазушының “Белый клык” повесі сияқты аса танымал шығармасы қатарынан емес. Д. Лондон шығармаларын арнайы, жан-жақты зерттеген ғылыми еңбектерде ғана қарастырылатын бұл әңгіме жанр талаптарына сай өте көркем жазылған, мінсіз дерлік шығарма. Ол алғаш Д. Лондонның 1907 жылы “Макмиллан” баспасынан шыққан “Любовь к жизни” атты әңгімелер жинағында басылған. Бұл жинақ жазушының “солтүстік” тақырыбына арналған шығармалар жинақтарының соңғыларының бірі. Д. Лондон 1904 жылы өзінің кітаптарын шығарып жүрген баспагерге: *“Менде келесі жылдың алғашқы жартысында жазушыға тиісті келесі кітаптың идеясы бар. Бұл “Зов предковтің” жалғасы емес, оны толықтыратын кітап болады. Мен кері процесті көрсетуді мақсат етпекпін. Иттердің жабайыланып, өзгеріп кетуінің орнына иттердің үйге үйреніп, иесіне деген берілгендік, жақсы көру, бағыну сияқты жақсы қасиеттерінің даму эволюциясын көрсетемін”,* — деп хабар берген. М. Әуезов аударған “Қасқыр” әңгімесі осы жобадағы шығармалардың бірі.

Әуезов аударған әңгіме алғаш 1936 жылы жеке кітап болып шықты (Қазақ көркем әдебиет баспасы, Алматы, 1936. 32 бет). Кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 14-томында басылды (“Жазушы”. Алматы, 1983. 192—204-беттер). Бұл басылымға 1936 жылғы кітаптағы нұсқа берілген. М. Әуезов аудармасын Д. Лондонның 13 томдық шығармалар жинағының 3-томындағы (215—232-бб.) “Бурый волк” әңгімесімен салыстырғанда (орыс тіліне аударған М. Богословская) аудару барысында қысқартулар жасалғаны анықталды. 1936 жылы шыққан “Қасқыр” кітапшасы балаларға арналған “кітап соңынан кітап” сериясымен шыққан. Шағын пішімді кітаптың әріптері (латын алфавитінде) жас балаларға арналып ірі етіп берілген. Әуезов аудармасында қалдырылып кеткен мәтін бөліктері мен жеке жолдар, ең алдымен, әңгіме фабуласына, оқиға желісіне

ешкандай нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Жас балалар ұғымына ауырлық келтіретін, әңгіме динамикасына әсер етпейтін жерлер. Аударма нұсқада орыс тіліндегі нұсқаның басындағы *“Мне помнится, я видел, как он погнался за кроликом”*, — деген диалог сөзге дейінгі мәтін бөлігі алынбаған. Әңгіменің орта бөлігіндегі Әуезов аудармасындағы *“Ақыр аяғында не болса да Вот жеңді”*, — дейтін сөйлемнен кейін келуге тиісті *“... Медж уверяла, что если бы он употребил всю свою энергию на писание стихов и оставил бы Волка в покое, им жилось бы лучше и денег водилось бы больше”*, — деген сөйлемнен бастап *“В то время как Уолт вполголоса читал свое произведение, внизу, в чаще, слышался какой то шум”*, — деген сөйлемге дейінгі Уолттың ақындық шығармашылығына қатысты жарты бет шамасындағы мәтін бөлігі де аударылмаған. Ересектер үшін әңгіме кейіпкерлерінің образын тануға қажетті бұл суреттеулер жас бала ұғымына түсініксіздеу болар еді. Бұлармен қатар *“Волк был весьма сдержан в проявлении своих чувств”*, *“Ирвин не любил долго раздумывать”*, — деген сияқты жеке жолдар да аударылмаған. Қасқырдың түр-түсін суреттеген, табиғатты суреттеген мәтін бөліктері де аздап ықшамдалып, айқындалып, қазақ баласының ұғымына лайықталып аударылған. Аударма негізінде әңгіме фабуласын, сюжетін дәл, толық беріп отырғанмен, жалпы аударма еркін жасалған. Оның бір себебі — аударма балалар әдебиетінің талаптарына сәйкестендірілсе, екінші — кейбір ұғымдарды, образдарды әлі де Еуропалық, орыстық дүниетаным мен көркемдік, стильдік құрылымды қабылдай қоймаған қазақ оқырманының көркем шығармалық қабылдау ерекшеліктеріне қарай аударылған. Аудармаға кірмеген мәтін бөліктері Д. Лондон шығармасына көркемдік жағынан да, сюжеттік, фабулалық жағынан да ешкандай нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Аударма түпнұсқаның барлық қасиеттерін сақтаған. Стильдік тұрғыдан келгенде аударма еркін аудармаға келеді. Мысалға орысша нұсқада *“Я больше привык к температуре градусов около тридцати”*, — деген жерді Әуезов *“Маған жайлысы аяз”*, — деп ықшамдап еркін аударған. Осындай мысалдар әңгіменің өне бойында кездесіп отырады.

Аударманы М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 14 томына дайындағанда 1936 жылы шыққан латын әріпті нұсқадан алып, кейіпкерлер аттары мен географиялық атауларды *Ирбин, Вот, Мендошина, Вильям, Скайф* деп беріпті. Бұл басылымға кейіпкерлер атын латын әріпті нұсқаны қайта қарап, орыс тіліндегі нұсқамен салыстыра келіп, ағылшын тілінің орфоэпиялық, орфографиялық ерекшеліктеріне сәйкес *Ирвин, Уолт, Мендосина, Уильям, Скиф* деп беріліп отыр. Аударманы томға дайындау барысында біраз орфографиялық, пунктуациялық түзетулер жасалды.

Р. Әбдіғұлов

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛДАР, ОЧЕРКТЕР	3
Абай ақындығының айналасы	5
Қалмақаннан не тілер едік?	21
“Социалды Қазақстанның” басқармасына ашық хат	23
Қазақстанның көркемөнері	25
Абай — казахский классик	30
“Ақ аю” туралы	37
Баймұқамбетұлы жолдас	40
Товарищ Жанай	44
Ценные памятники киргизского и казахского фольклора	46
Казахский эпос — на службу социалистической культуре	55
Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы	59
Қырғыз дастаны — “Манас”	65
“Манас” — киргизская народная героическая поэма	69
II. ӘНГІМЕЛЕР	161
Тас түлек	163
Іздер	183
Үш күн	213
Қасеннің құбылыстары	225
Шатқалаң	267
III. АУДАРМАЛАР	307
Қорқыныш. <i>А. Афиногенов</i>	309
Қасқыр. <i>Д. Лондон</i>	383
IV. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	397

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

10-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*
Көркемдеуші редакторы *Л. Өтебаева*
Техникалық редакторы *И. Селиванова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$, Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 23,9.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1254.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-152-4



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 5 2 4